

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдері!

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ ПРЕЗИДИУМЫ
ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ



ҚАЗАҚ ССР ЗАҢДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ

5-ТОМ

АЛМАТЫ

ҚАЗАҚ ССР ЗАҢДАРЫ
ЖИНАҒЫН БАСЫП ШЫҒАРУ
ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ

Досполов Д. (председатель),
Қадырова З. Ж., Изюмников В. К.,
Елемесов Ғ. Б., Айтмұқанбетов Т. Қ.,
Бацула А. Е., Қасымқанов Ә. Қ.,
Карбовский Э. С., Ахметов З. А.

II БӨЛІМ

**ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ МЕН
МӘДЕНИЕТ ТУРАЛЫ ЗАҢДАР.
АЗАМАТТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПРАВОЛАРЫ**

§ 1. ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕР

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ ТУРАЛЫ¹

**ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ
1979 жылғы 14 декабрьдегі
ЗАҢЫ**

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

12-статья

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ПРОГРЕСС МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ КОМНССИЯСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1979 жылғы 21 марттағы № 121
ҚАУЛЫСЫ**

(Қазақ ССР ҚЖ, 1979 ж., № 8, 22-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:
Қазақ ССР Министрлер Советі Президиумының Ғылыми-техникалық
прогресс мәселелері жөніндегі комиссиясы туралы осыған қосылған Ере-
же бекітілсін.

¹-том, 145-бетті қараңыз.

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТИ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ПРОГРЕСС МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Қазақ ССР Министрлер Советі Президиумының Ғылыми-техникалық прогресс мәселелері жөніндегі комиссиясы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1978 жылғы 27 шіңдегі № 274 қаулысына (Қазақ ССР ҚЖ. 1978 ж., № 15, 58-ст.) сәйкес Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарының ғылым мен техниканы дамыту жөніндегі жұмысын басқаруды жақсарту және оған бақылауды күшейту үшін құрылды.

2. Қазақ ССР Министрлер Советі Президиумының Ғылыми-техникалық прогресс мәселелері жөніндегі комиссиясы өз қызметінде СССР мен Қазақ ССР-інің заңдарын, СССР Жоғарғы Советінің Президиумы мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының указдарын, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтарын, осы Ережені, сондай-ақ басқа да нормативтік актілерді басшылыққа алады.

3. Қазақ ССР Министрлер Советі Президиумының Ғылыми-техникалық прогресс мәселелері жөніндегі комиссиясы:

— республикада ғылым мен техниканы дамыту және олардың жетістіктерін өндірісте пайдалану мәселелерін қарайды;

— Қазақ ССР-інің экономикалық және әлеуметтік дамуының ғылым мен техника жөніндегі мемлекеттік жоспарларын республиканың министрліктері мен ведомстволарының орындау барысын бақылауды жүзеге асырады;

— Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің ғылыми-техникалық прогресс мәселелері жөніндегі аса маңызды шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етуге шаралар қабылдайды, сондай-ақ Комиссия қабылдаған шешімдердің орындалуын тексереді;

— Қазақ ССР Министрлер Советі Президиумының тапсырулары бойынша республика Үкіметінің шешімдерінің жекелеген жобаларын әзірлейді;

— салааралық және республикааралық ғылыми-техникалық ірі проблемаларды шешу жөніндегі, сондай-ақ жаңа ғылыми мекемелер құру туралы ұсыныстарды Қазақ ССР Министрлер Советіне енгізеді;

— Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары басшыларының халық шаруашылығы салаларындағы өндірістің техникалық дәрежесінің жайы және оны арттыру жөніндегі шаралар туралы есебін тыңдайды және ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге бағытталған тиісті шешімдер қабылдайды.

4. Қазақ ССР Министрлер Советі Президиумының Ғылыми-техникалық прогресс мәселелері жөніндегі комиссиясының шешімдері мен ұсыныстары Қазақ ССР-інің барлық министрліктері мен ведомстволарының орындауы үшін міндетті болып табылады.

Қазақ ССР Министрлер Советі Президиумының Ғылыми-техникалық прогресс мәселелері жөніндегі комиссиясының Қазақ ССР Министрлер

Советінің қаулыларымен немесе жарлықтарымен белгіленген тәртіп бойынша ресімделуге тиіс шешімдерінен басқа шешімдері тиісті ұйымдарға Комиссия мәжілісінің протоколынан көшірме түрінде жіберіледі.

5. Қазақ ССР Министрлер Советі Президиумының Ғылыми-техникалық прогресс мәселелері жөніндегі комиссиясы өз мәжілістерін қажеттілігіне қарай, әдетте әр тоқсан сайын Комиссияның мәжілістерінде бекітілетін жоспар бойынша өткізеді.

Комиссия мүшелері Комиссияның мәжілістеріне өздерін алмастыру правосынсыз қатысады. Комиссия мәжілістеріне — мүдделі министрліктер мен ведомстволардың басшылары, ал олар жоқ болғанда олардың орынбасарлары қатысады.

**КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР
СОВЕТІНІҢ «ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА
ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ПРОГРЕСТІ ТЕЗДЕТУ ЖӨНІНДЕГІ
ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1983 ЖЫЛҒЫ 18 АВГУСТАҒЫ № 814
ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ**

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ
МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1983 жылғы 11 октябрьдегі № 406
ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Халық шаруашылығында ғылыми-техникалық прогресті тездету жөніндегі шаралар туралы» 1983 жылғы 18 августағы № 814 қаулысы басшылыққа алынып, мүлтіксіз орындалсын.

Аталған қаулыны орындау жөніндегі шаралар бекітілсін.

2. Ғылыми-техникалық прогресті тездету жөніндегі барлық жұмысты түбірінен жақсарту Қазақстан Компартиясы облыстық комитеттерінің, облыстық атқару комитеттерінің және Алматы қалалық атқару комитетінің, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарының, жергілікті партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының аса маңызды міндеті деп саналсын. Ғылыми зерттеулерді одан әрі дамыту, ғылым мен өндірісті интеграциялауды тереңдету практикаға ғылымның, техниканың және озат тәжірибенің жетістіктерін кеңінен және жедел енгізу негізінде еңбек өнімділігін арттырудың кең ауқымды мәселелері жөніндегі партияның XXVI съезінің, КПСС Орталық Комитетінің ноябрь (1982 ж.) және июнь (1983 ж.) Пленумдарының, Қазақстан Компартиясының XV съезінің шешімдері қатаң басшылыққа алынсын.

3. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитеті және Қазақ ССР Ғылым академиясы осы қаулының орындалу барысы туралы Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советіне жыл сайын 25 апрельге дейін баяндап отыратын болсын.

РЕСПУБЛИКА ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ПРОГРЕСТІ ТЕЗДЕТУ ЖӨНІНДЕГІ Ш А Р А Л А Р

Шаралардың мазмұны	Жауапты орындаушылар, орындалу мерзімі
1	2
<p>I. Ұйымдастырушылық-экономикалық шаралар</p> <p>1. Ғылыми-техникалық прогресті басқарудың ұйымдастырушылық формаларын жоспарлау мен жетілдіруді жақсарту және осының негізінде халық шаруашылығының барлық салаларында еңбек өнімділігін арттыру мақсатында:</p> <p>а) ғылым мен техниканы дамытуға программалық-мақсаттық жоспарлауды қолдану кеңейтілсін. Қазақ ССР-інің экономикалық және әлеуметтік дамуының жылдық және бесжылдық мемлекеттік жоспарларына ғылым мен техниканың аса маңызды проблемаларын шешуді, сондай-ақ Қазақ ССР Ғылым академиясы мен Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінің ғылыми әзірлемелерінің нәтижелерін енгізуді көздейтін жалпы одақтық, республикалық (республика аралық), салалық (сала аралық), аймақтық ғылыми-техникалық программалар мен территориялық-өндірістік программалардың тапсырмасы енгізілсін. Төмендегі ғылыми-техникалық программалардың бірінші кезекте әзірленуі қамтамасыз етілсін:</p> <p>«Қазақ ССР ғылыми-техникалық прогресінің 1986—2000 жылдарға арнаған (бесжылдық бойынша) комплексті программасы»</p> <p>«Қазақстанның минералдық ресурстарын комплексі пайдалану»</p> <p>«Қазақстанның түсті металдар кен орындарының көп компонентті рудаларын комплексті пайдалану»</p> <p>«Екібастұз көмірлерінің күлдері мен шлактарын комплексті пайдалану»</p>	<p>Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақ ССР Ғылым академиясы ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөлімшесі</p> <p>Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары</p> <p>Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті Қазақ ССР Ғылым академиясы Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі 1984—1985 жылдарда Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті Қазақ ССР Ғылым академиясы Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары 1984—1985 жылдар Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігі 1984 жыл Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігі Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігі Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігі Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі</p>

«Қазақстанның сортаңды жерлерін игеру»

«Қазақ ССР Халық шаруашылығында қол еңбегін қысқартудың 1986—1990 жылдарға және 2000 жылғы кезеңге дейінгі комплексті программасы»

6) Қазақ ССР-інің экономикалық және әлеуметтік дамуының мемлекеттік жоспарларында мыналар көзделінсін:

— машиналардың, жабдықтардың, приборлар мен материалдардың жаңа түрлерін дер кезінде өндіріске даярлауды және оларды шығаруды игеру үшін, соның ішінде жабдықтар жұмысының сменалық коэффициентін арттыру есебінен өндірістік қуаттардың резервтерін жасау.

— ғылыми-техникалық программалардың тапсырмаларын орындау үшін қажетті финанс, еңбек және материалдық-техникалық ресурстар, сондай-ақ жобалау-ізвестіру жұмыстарының, күрделі қаржылар мен мердігерлік құрылыс-монтаж жұмыстарының лимиттерін бірінші кезекте бөлу

2. Ғылым мен техниканы дамыту жөніндегі жоспарлар мен міндеттемелердің орындалу көрсеткіштерінің маңыздыларының қатарына қосылсын, ең алдымен осы көрсеткіштер бойынша өндірістік бірлестіктердің (кәсіпорындардың) шаруашылық қызметінің нәтижелері бағаланады, сондай-ақ социалистік жарысының қорытындысы шығарылады

3. Кәсіпорындардың, бірлестіктер мен құрылыс, транспорт, байланыс, геология, ауыл шаруашылығы және материалдық-техникалық жабдықтау ұйымдарының жаңа техниканы жасау, игеру және енгізу жұмыстарын ұйымдастыруды шаруашылық есепке көшіру жөніндегі ұйымдастырушылық-дайындық жұмыстары жүзеге асырылсын

4. Халықаралық келісімдер мен шетелден са-тып алынатын лицензиялар негізінде жүзеге асырылатын кәсіпорындарды белгіленген мерзімде салуды, техникалық жағынан қайта жарақтандыру мен қайта құруды, сондай-ақ Экономикалық

Қазақ ССР Ғылым академиясы 1984—1985 жылдар

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі

Қазақ ССР жеміс-жидек және овощ шаруашылығы министрлігі

Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі

ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөлімшесі

Қазақ ССР Ғылым академиясы 1984—1985 жылдар

Қазақ ССР Еңбек және жалақы жөніндегі мемлекеттік комитеті

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті

Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары

Облыстық атқару комитеттері

Алматы қалалық атқару комитеті

1983—1985 жылдар

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті

Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары

1984 жылдан бастап

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті

Қазақ ССР Мемлекеттік жабдықтау комитеті

Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары

Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары

1984 жылдан бастап

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті

Қазақ ССР Финанс министрлігі

Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитеті

Қазақ ССР Мемлекеттік жабдықтау комитеті

ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөлімшесі

Қазақ ССР-інің тиісті министрліктері мен ведомстволары

1984 жылы

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті

Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі Мемлекеттік комитеті

Өзара Көмек Советіне мүше елдердің ғылым мен техника саласындағы жетістіктерін пайдалану жөніндегі жұмысты түбірінен жақсарту қамтамасыз етілсін

5. Өнертапқыштық, патент-лицензия және рационализаторлық жұмыстың тиімділігін арттыру үшін жылдық және бесжылдық жоспарларда аса маңызды жаңалықтарды пайдалану жөнінде нақты тапсырмалар көзделісін және оларды халық шаруашылығына жедел де кеңінен енгізуге қажетті шаралар қолданылсын

6. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1983 жылғы 18 августағы № 814 қаулысымен белгіленген тәртіп бойынша Қазақ ССР Министрлер Советінің бір жолғы сыйлығының саны мен мөлшері жөнінде ұсыныс әзірленіп енгізілсін

7. Шығарылатын өнімнің сапасын одан әрі жақсарту үшін:

— өнеркәсіп өніміне екі жоғары және бірінші сапа категориясы бойынша аттестация жүргізілсін және осыған байланысты қажетті нормативтік-техникалық документация қайта жасалынсын

— өндіріс тиімділігі мен жұмыс сапасын арттырудың комплексті жүйелерін енгізу тездетілсін және осыған байланысты шығарылатын өнімнің техникалық дәрежесі мен сапасы елеулі түрде арттырылсын, өнімді Мемлекеттік Сапа белгісімен өндіру көлемі айтарлықтай ұлғайтылсын

— халық шаруашылығының барлық салаларындағы өндірісті метрологиялық жағынан қамтамасыз етуді түбірінен жақсарту жөнінде шаралар комплексін жүзеге асырсын

8. Ғылыми-техникалық программаларды жасаушыларды және жаңа техника мен технологияны әзірлеушілерді информациямен қамтамасыз етуді республикалық автоматтандырылған жүйесі жасалып, пайдалануға қосылсын

II. Ғылымның өндіріспен байланысын нығайту

1. Ғылыми мекемелер, жоғары оқу орындары, өндірістік бірлестіктер (кәсіпорындар), конструкторлық, жобалау және технологиялық ұйымдар коллективтерінің күш-жігері халық шаруашылығын дамытудың өзекті міндеттерін шешуге, материалдық, еңбек пен шикізат ресурстарын ұтымды пайдалануды және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін техниканың, технологияның принципті жаңа түрлерін жасау мен енгізуге жұмылдырылсын, ол үшін:

— ғылыми-өндірістік бірлестіктерді дамыту, ғылыми бөлімшелердің жүйесін тәртіптеу және қажет болған жағдайда оларды қосу немесе тарту жөніндегі шаралар жүзеге асырылсын

— Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми мекемелері мен Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне аяқталған ғылыми зерттеулерге тәжірибелік және тәжірибе-өнер-

Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары
1983—1990 жылдар

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті

Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитеті
Кәсіподақтардың Қазақ республикалық советі

Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті

Қазақ ССР Финанс министрлігі

Қазақ ССР Еңбек жөніндегі мемлекеттік комитеті

Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитеті

Кәсіподақтардың Қазақ республикалық советі

1984 жылы

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті

Мемлекеттік стандарттың Қазақ республикалық басқармасы
Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары

1984 жылдан бастап
1983—1986 жылдар

1983—1990 жылдар

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті

1985 жылы

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті

Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитеті

Қазақ ССР Ғылым академиясы
ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөлімшесі

Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары

республиканың министрліктері мен ведомстволары, одақтық бағыныстағы кәсіпорындар

кәсіптік сынаулар жүргізу үшін базалық ретінде экспериментті цехтар, учаскелер мен өндірістер берілсін

— ғылыми зерттеулердің тақырыптары қайта қаралсын, перспективалы емес ғылыми бағыттар жоспарлардан алынып тасталсын, тақырыптың тар өрістілігіне және негізсіз қайталаушылыққа жол берілмесін, проблемалық ғылыми советтердің қызметі жандандырылсын

2. Республикада салааралық сипаттағы перспективалық ғылыми-техникалық проблемаларды шешу, жаңа техниканы, технологияны және материалдарды жасау мен игеру жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін уақытша коллективтер құру жөнінде ұсыныстар әзірленсін, бұл коллективтердің қызметіне ғылыми-методикалық басшылық ету Қазақ ССР Ғылым академиясына және Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарына жүктелсін.

3. Қазақ ССР-інің 1984—1990 жылдарға арналған экономикалық және әлеуметтік дамуының мемлекеттік жоспарларының жобасын әзірлеу кезінде тәжірибелік және эксперименттік базалар мен өндірістерді құрудағы және оларды техникамен жаратандырудағы артта қалушылықты жоюға бағытталған шаралар комплексі көзделісін. Бесжылдық және жылдық жоспарлар тәжірибелік және эксперименттік заводтарды, өндірістерді, цехтарды, учаскелерді, қондырғыларды, стендтер мен базаларды салу (қайта құру) және іске қосу жөнінде тапсырмалар кіргізілсін

4. Ұзақ мерзімдік шаруашылық шарттары (наряд-заказдар), творчестволық ынтымақ жөніндегі шарттар, бірлескен зерттеулер жүргізу және ғылым мен техниканың жетістіктерін өндіріске енгізу жоспарларын жасау негізінде ғылыми-зерттеу, конструкторлық және жобалау-конструкторлық ұйымдардың, сондай-ақ республиканың жоғары оқу орындарының өндірістік бірлестіктерімен (кәсіпорындармен) творчестволық байланысы нығайтылсын

III. Ғылыми-техникалық прогрестің халық шаруашылығындағы негізгі бағыттары

Қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыру, республика экономикасын интенсивтік даму жолына көшіру жөніндегі міндеттерді ойдағыдай шешу үшін:

түсті металлургияда

— шағын көлемді жоғары өнімді өздігінен жүретін жерасты жабдықтарын сериямен шығару игеріліп, пайдаланылу ауқымы ұлғайтылсын, осының негізінде забой жұмысшысының еңбек өнімділігі 1,5—2 есеге арттырылсын.

— сталеполимерлік бекіткішті қолданып, кен қазбаларын бекітудің прогрестік технологиясы енгізілсін, оны пайдалану көлемі кемінде 5 есе ұлғайтылсын, ол үшін жылдық қуаты 3 миллион ампул цехты пайдалануға қосу қамтамасыз етілсін

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті
Қазақ ССР Ғылым академиясы

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті
Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитеті
Қазақ ССР Ғылым академиясы
Қазақ ССР Мемлекеттік жабдықтау комитеті
Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары
1984—1990 жылдар

Қазақ ССР Ғылым академиясы
Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі
Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары

Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігі
1984—1990 жылдар

Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігі
Қазақ ССР Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігі
«Востокмашзавод» өндірістік бірлестігі
1985—1988 жылдар

— кенді күрделі кен-геологиялық жағдайында өндіру кезінде тасу жұмыстарын қолдану едәуір кеңейтілсін

— жаңа процестерді іздестіру мен талдап жасау, флотореагенттері мен жеке қуаттылығы үлкен жоғары өнімді флотация жабдықтарын пайдалануды кеңейту есебінен түсті металдар кенін байыту технологиясын жетілдіру жөніндегі жұмыс тездетілсін. Ауыр орталарда алдын-ала кен байыту көлемі кемінде 20 процентке ұлғайтылсын

— жаңа автогондік технологиялық процестерді, соның ішінде Ертіс полиметалл комбинатында кивцетті, Балқаш кен-металлургия комбинатында — сұйық ваннада балқыту және Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында концентратты оттекті факелді балқыту технологияларын енгізу көлемі кемінде 3 есе кеңейтілсін

— 1985 жылы Лениногор полиметалл комбинатында веллкомплекстің ІІ кезегін пайдалануға беру және 1984 жылы Қарсақпай металлургия заводын қайта құрудың І кезегін аяқтау есебінен шлақты қайта өңдеу көлемі 2 есе арттырылсын

Қара металлургияда

— жоғары сапалы ақ қаңылтыр алу технологиясын мейлінше жедел игеру және болатты үздіксіз құю, ыстық және салқын прокаттың «1700» станын қайта құру, балқыту процесін интенсивтендіру жолымен домна пештері мен конверторлардың еңбек өнімділігін арттыру қамтамасыз етілсін

— фосфорлы шлактарды минералдық тыңайтқыштар ретінде қолдану жөніндегі тәжірибе-өнеркәсіптік және агрохимиялық сынаулар жүргізілсін

— Лисаковск кен орнының жоғары фосфорлы кенінен күйдірілмеген офлюсовандық түйіршік кендер жасау аяқталсын және оны өндіру технологиясы енгізілсін

— металлургия, химия өнеркәсіптері және халық шаруашылығының басқа да салалары үшін электрмен балқытылатын алюмосиликаттық отқа төзімді бұйымдар мен материалдарды шығарудың жаңа технологиясы игерілсін

Отын өнеркәсібінде

— техникалық дәрежесі жоғары механикаландырылған бекіткіштер мен кен проходкалау комплекстерін, қабаттарды жасаудың прогресті технологиялық жүйелерін, көмірді адамсыз арудың осы заманғы құралдарын, сондай-ақ өндірісті бақылау мен басқарудың автоматтандырылған жүйелерін кенінен енгізу негізінде жерасты кен өндіру жұмыстарының технологиясын жетілдіру мен комплексті механикаландыру жөніндегі жұмыс кеңейтілсін

Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігі

1984—1990 жылдар

Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігі

1984—1990 жылдар

Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігі

1985—1990 жылдар

Қазақ ССР Түсті металлургия министрлігі

1985—1990 жылдар

Қарағанды металлургия комбинаты

1983—1990 жылдар

Қазақ ССР Ғылым академиясы

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі

Қарағанды металлургия комбинаты

1984—1987 жылдар

Лисаковск кен-байыту комбинаты

Қазақ ССР Ғылым академиясы

Қарағанды металлургия комбинаты

1983—1986 жылдар

«Қазогнеупор» заводы

Қазақ ССР Ғылым академиясы

Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі

1983—1988 жылдар

«Қарағандауголь» өндірістік бірлестігі

Қарағанды ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық

көмір институты

Гипроуглегормаш НИИ шығыс бөлімшесі

1983—1990 жылдар

— жеке қуаттылығы жоғары роторлық экскаваторларды, жоғары өнімді ленталық конвейерлерді және «Восточный» разрезінде аралық комплекстерді қолдана отырып, көмірді ашық әдіспен өндірудің жаңа технологиясы игерілсін

— химияландыру, қабаттарға бу мен ыстық су айдау, қабат ішінде ылғалды жану әдістерін қолдану есебінен қабаттардың мұнай бергіштігін арттыру қамтамасыз етілсін

— мұнай өндірудің күкірт қышқылы және басқа зиянды қоспалары көп газды қайта өңдеудің технологиясы игерілсін. Хауіпті орталарда жұмыс істейтін мұнай кәсіпшілігі жабдықтарының коррозиялық-механикалық беріктігі мен ұзақ мерзімді пайдаланылуын арттыру жөніндегі комплексті шаралар жүзеге асырылсын

Энергетикада

— энергоблоктардың жеке қуаттылығы арттырылсын, ескірген қазандарды, турбиналарды, электр станцияларын қайта құру мен жаңғырту, халық шаруашылығын энергиямен жабдықтаудың одан әрі орталықтандырылуы мен сенімділігін және бірлескен энергетика жүйесін дамыту, Қазақстанның энергетикалық аймақтарын басқарудың автоматтандырылған жүйелерін жасау қамтамасыз етілсін

— жаңа жылу дайындағышы, жаңа қондырғылары бар жеке қуаттылығы жоғары энергоблоктардың (500 мың кВт және бұдан да жоғары) неғұрлым жетілдірілген қазандық агрегаттары және екібастұз көмірінің жану тиімділігін қамтамасыз ететін ошақ конструкциялары енгізілсін

— елдің бірінші электр жүйесімен тұрақты байланысты қамтамасыз ету үшін кернеуі 500—1500 кВт жаңа магистралды аса қуатты электр энергиясын беру желілері игерілсін

— селолық бөлу электр жүйелерін, оларды пайдалануға қызмет көрсетудің прогресті формаларын енгізе отырып, комплексті автоматтандыру мен телесигналдандыру жүзеге асырылсын

Химия өнеркәсібінде

— Қаратау кен орнының фосфорит кендерін суспензелік жолмен байытудың жоғары тиімді технологиясы енгізілсін

— сары фосфор өндіруді дайын шикізаттың жаңа прогресті түрі— жоғары температурасы фосфор түйіршектерін шығаруға көшіру жүзеге асырылсын

— тәжірибе-өнеркәсіптік сынаулар жүргізілсін, Қаратау фосфоритінен кальцийдің төмен температуралы полифосфатын және фосфор өндірісінің қалдықтарын «РҚ» типті күрделі фосфор-ка-

«Экибастузуголь» өндірістік бірлестігі
«Қарағандагипрошахт» институты

1985—1987 жылдар
«Мангышлакнефть», «Эмба-нефть», «Актюбинскнефть» өндірістік бірлестіктері

1983—1990 жылдар
— «Актюбинскнефть», «Эмба-нефть» өндірістік бірлестіктері
1984—1990 жылдар

Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігі
1983—1990 жылдар

Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігі
Қазақ Энергетика ғылыми-зерттеу институты
1987—1995 жылдар

Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігі
«Энергосетьпроект» институтының Қазақ бөлімшесі
Қазақстанның бірлескен диспетчерлік басқармасы
1983—1990 жылдар

Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігі
Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі
Алматы «Спецэнергоавтоматика» кәсіпорны
1985—1995 жылдар

«Қаратау» өндірістік бірлестігі
1986—1990 жылдар

ВПО «Союзфосфор», «КазНИИ-гипрофосфор» институты
Жамбыл «Химпром» өндірістік бірлестігі

Шымкент «Фосфор» өндірістік бірлестігі
1985—1990 жылдар

ВПО «Союзфосфор»
Қазақ ССР Ғылым академиясы
1984—1990 жылдар

лий тыңайтқышын алудың технологиясы жасалып, енгізілсін

— фосфор өндірісінің пеш газдарын тазарту үшін жаңғыртылған жоғары температуралы электр сүзгіштер жасалынып, енгізілсін

— астық жинайтын жетілдірілген «Дон» комбайндері үшін жылына мөлшері 30,5—32 жаңа конструкциялы 100 мың шин шығаратын қуаттар құрылып, игерілсін

— жоғары толымды материалдарды шығару үшін этиленді, пропилен мен басқа да мономерлерді сұйық фазалық полимерлеу процесі жасалынып, енгізілсін

Машина жасауда

— Қазақ ССР-інің экономикалық және әлеуметтік дамуының мемлекеттік жоспарларында машиналардың жабдықтары мен приборлардың жаңа түрлерін шығаруды және жұмыс істеп тұрғандарын жаңартуды талдап жасау, игеру, даярлау жөнінде, тапсырмалар, машина жасаудың ескірімеген өнімін, оны жаңарту (жаңғырту) мерзімдерінің дифференциалдық нормативтері негізінде өндірістен алып тастау жөнінде тапсырмалар көзделінсін

— ауыл шаруашылығына арналған машиналар мен жабдықтардың техникалық дәрежесін, сенімділігін, ұзақ мерзімділігі мен сапасын арттыру жөніндегі комплексті программалар, солардың ішінде: каркас кабиналы тракторларды, топырақ қорғау үшін өндіруге арналған машиналар мен поршень комплекстерін шығаруды игеру жүзеге асырылсын

— өнімділікті 2,5—3 есе арттыратын гидравликалық экскаваторлар шығару технологиясын, техникалық сипаттамасы жақсартылған 16 Д20 модельді жаңа токарлық-винт жону станогін, күші 100 тоннаға дейінгі координатты-револьверлік өңдеу орталықтарын шығару, ұнтақ металлургия үшін автоматтандырылған агрегаттарды және металл прокатын пішетін комплекстерді, түсті және қара металдан сым мен құбырлар шығаруға арналған стандалар мен машиналардың жаңа типтерін шығару игерілсін, машина бөлшектерін шығару мен шындауға арналған кемінде 60 стан дайындалсын

— жаңа техника мен технологияны пайдалана отырып, жүйелер мен бөлшектерді барынша жетілдіру негізінде машина жасау өндірісінде саларалық мамандандыру мен кооперациялауды одан әрі кеңейтіп, терендетудің 1984—1990 жылдарға және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған негізгі бағыттардың жобасы әзірленсін

— республикада шығарылатын және халық шаруашылығында аса маңызы бар машина жасау

ВПО «Союзфосфор»
«КазНИИгипрофосфор» институты

Жамбыл «Химпром» өндірістік бірлестігі

Шымкент «Фосфор» өндірістік бірлестігі

1985—1990 жылдар

«Чимкентшина» бірлестігі

Қазақ ССР Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігі

Қазақ ССР Монтаждау және арнаулы құрылыс министрлігі

1986—1989 жылдар

Гурьев химия заводы

1985—1987 жылдар

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті

Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары

1986 жылдан бастап

Павлодар трактор заводы
«Целиноградсельмаш», «Казтрактордеталь» өндірістік бірлестіктері

1984—1986 жылдар

Кентау экскаватор заводы, Алматы «XX лет Октября» станок жасау заводы

Ұста-пресс жабдықтарын шығару жөніндегі Шымкент өндірістік бірлестігі, Алматы ауыр машина жасау заводы

1983—1990 жылдар

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті

Қазақ ССР Мемлекеттік жабдықтау комитеті

Мемлекеттік стандарттың Қазақ республикалық басқармасы

Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары

1984 жыл

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті

өнімі түрлерінің тізбесі әзірленсін, қажеттігіне қарай одан әрі нақтыланып отырылсын және Қазақ ССР-інің экономикалық және әлеуметтік дамуының мемлекеттік жоспарларын жасау кезінде есепке алынсын

— халық шаруашылығында аса маңызы бар өнім түрлерінің тізбесіне енбеген машина жасау өнімін өндірудің жетілдіру мен мамандандырудың 1986—1990 жылдарға және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған программасы жасалып, бекітілсін

— машина жасау өнімін шығаруды жетілдіру мен мамандандырудың республикалық программасын даярлау тәртібі мен салааралық, салалық және заводтық жетілдіру жөніндегі жұмыс тәртібін белгілейтін республикалық стандарты жасалып, бекітілсін

— машина жасау өнімінің заказшыларымен (негізгі тұтынушылармен) бірлесе отырып, машина жасау өнімін жаңартудың (жаңғырту) мерзімдерінің дифференциалды нормативтері жасалынсын:

маңызды түрлер тізбесі бойынша
машина жасау өнімінің қалған түрлері бойынша

Геологияда

— Геология ғылымының жетістіктерін пайдалануды жақсарту және жаңа техника мен озат технологияны енгізуді тездету негізінде геологиялық барлау өндірісінің тиімділігі арттырылсын. Бұрғылау тереңдігін 3-ке көбейтуге және оның жылдамдығын 1,5 есе арттыруға мүмкіндік беретін керн гидротранспорты бар скважиналарды бұрғылау үшін техникалық құралдар комплексін, каротаждық, кен және аналитикалық жұмыстарды жүргізген кезде ядролық-физикалық зерттеу әдістерін, герметикалық тіректерді қолданып, қашаудың механикалық жылдамдығы мен орташа проходқалауын 1,2 есе арттыруды қамтамасыз ете отырып, мұнай мен газге терең барлау скважиналарын бұрғылауды енгізу кеңейтілсін

— мұнай мен газге терең бұрғылау жүргізген жағдайда скважиналарды бұрғылау мен сынаудың технологиялық регламенттерін енгізу қамтамасыз етілсін

— пайдалы қазбалар кен орындарын болжаудың автоматтандырылған жүйесі және геологиялық барлау жұмыстарының барлық түрлерінің информациясын өңдеудің автоматтандырылған процесі енгізілсін

Жеңіл өнеркәсіпте

— мақта-мата өнеркәсібі орындарында ескірген жабдықтарды жоғары өнімді пневматикалық, пневморепірлі және микробақалақты тоқу станоктарымен толық алмастыру есебінен тоқыма өндірісінде механикаландыру мен автоматтандыру одан әрі жүзеге асырылсын және еңбек жағдайы жақсартылсын

Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары
1985 жылдан бастап

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті
Мемлекеттік стандарттың
Қазақ республикалық басқармасы

Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары

1985 жылдың II тоқсаны
Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті

Мемлекеттік стандарттың Қазақ республикалық басқармасы

Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары

1984 жылдың II тоқсаны
Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары

1984 жылдың III тоқсаны

1985 жылдың II тоқсаны

Қазақ ССР Геология министрлігі

1983—1990 жылдар

1984—1990 жылдар

Қазақ ССР Геология министрлігі

1984—1990 жылдар

Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі

1983—1990 жылдар

1	2
<p>— Талдықорған, Петропавл, Қостанай тігін фабрикалары, Өскемен «Рассвет» тігін бірлестігі, Алматы мақта-мата комбинатының иіру-току фабрикасы, Петропавл былғары заводы, Лениногор сыртқы киімдер тоқыма фабрикасы комплексті механикаландырылсын</p>	<p>1985—1990 жылдар</p>
<p>— тігін бұйымдары өндіріске 60-тан астам жоғары өнімді комплексті-механикаландырылған линиялар енгізілсін</p>	<p>1983—1990 жылдар</p>
<p>— өнеркәсіптің жүн саласында ширату-төгу өндірістерін техникалық жағынан жарақтандыру жүзеге асырылсын, еңбек өнімділігін екі есе арттыратын екіден ширату машиналары енгізілсін</p>	<p>1983—1987 жылдар</p>
<p>— жеңіл өнеркәсіп салаларында технологиялық процесстерді бақылау мен басқару, сондай-ақ жеңіл өнеркәсіп АСУП-ның стандарттандырылмаған радиоизотоптық және басқа құралдарының арнаулы конструкторлық-технологиялық бюросын кеңейту есебінен өлшеу жұмыс құралдарын жөндеуді орталықтандыру жүйесі жасалынып, енгізілсін</p>	<p>Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі 1985—1986 жылдар</p>
<p>Жергілікті өнеркәсіпте</p>	
<p>— жаңа прогресті технологиялық процесстер мен жабдықтарды өндіріске енгізу тездетілсін, халық тұтынатын товарлар шығаруда өндіріс қалдықтарының, қайталама ресурстарымен жергілікті шикізаттарды пайдаланудың үлес салмағы 1985 жылғы дәрежесіне қарағанда 1990 жылы кемінде 1,5 есеге көтерілсін</p>	<p>Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі 1983—1990 жылдар</p>
<p>— титан нитридом асхана жабдықтарының вакуумдық жапқыларын өндіріске енгізу, жартылай көбіктенген полистироланы қайта өңдеу және оны осы заманғы бұйымдарға (ағашты, мраморды, гранитті әрлеу) пайдалану, тоттанбайтын болаттан термостар шығару кезінде Дьюардың металл түтікшілерін вакуумдеу, жоғары өнімді кептіру — өлшеу және көп кіндікті жабдықтарды қолдана отырып, киіз дайындау есебінен бұйымдардың ассортименттері кеңейтіліп, сапасы арттырылсын</p>	<p>1984—1990 жылдар</p>
<p>Құрылыста</p>	
<p>— үйлер мен ғимараттарды заводта толық дайындалған блоктардан, жүйелерден және бөлшектерден жинау мен монтаждаудың механикаландырылған негізінде құрылыс өндірісін одан әрі индустрияландыру мен механикаландыру тездетілсін. Құрылыс алаңдарында еңбек шығындарын, бұйымдардың материал сипіргіштігін қысқартуды қамтамасыз ететін прогресті жаңа құрылыс материалдары мен конструкциялары енгізілсін</p>	<p>Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақ ССР құрылыс министрліктері мен ведомстволары Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігі</p>
<p>— полимер шикізатын пайдалану негізінде жұмыстар мен пайдалану өндірісінің жоғары талаптарына жауап беретін құрылыс материалдарының прогресті түрлерін шығару ұлғайтылсын. Ауыл шаруашылығы өндірістік және тұрғын үйлердің сыртқы қабырғаларын жасау үшін, гипс байланыстырғыш, гипс бетонбұйымдары мен конструкцияларын, сондай-ақ индустриялық қалқалар, әрлеу жапқылары мен аспалы үй төбелерін дайындау үшін гипс картонды және гипс талшықты табақша материалдар мен панелдер шығару ұйымдастырылсын</p>	<p>Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігі Қазақ ССР Ауыл индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігі Главривсовхозстрой Казмежколхозстрой Қазақ ССР Селолық құрылыс министрлігі ВПО «Союзфосфор» 1984—1988 жылдар</p>

— іргелі ұй құрылысын дамыту жөніндегі республикалық программа жасалынсын және жоспарларда оны жүзеге асыру жөнінде тапсырмалар көзделісін

Транспортта

— жол тасымалы қауырт темір жол линияларының электрлендіру, екінші жолдар мен екі жолдық коспалар салу, барлық магистральдық бағыттарды автоблокировкамен және диспетчерлік орталықтандырумен жаратқандыру қарқыны тездетілісін, барлық дәрежедегі транспортқа автоматтандырылған басқару жүйелері жасалып, енгізілісін

— кәсіпорындардың, құрылыстар мен ұйымдардың кірме жолдарында тиеу-түсіру жұмыстарын комплексті механикаландыру дәрежесі артырылсын, контейнерлерде (әсіресе ірі тоннажды), пакеттерде және ыдыстарда жүктерді механикаландырылған өңдеуден өткізе отырып, тасымалдаудың прогресті технологиясын қолданып, жүк тасымалдауды ұйымдастыру жетілдірілісін

— халық шаруашылығы жүктерін тасымалдауға автотіркемелерді шығару мен оларды қолдану саласын кеңейту және автомобильдердің жүк көтергіштік мүмкіндіктерін толық пайдалануды қамтамасыз ету есебінен автопоездармен орындалатын жүк айналымының үлес салмағын 1985 жылы транспорт жұмыстарының жалпы көлемінің 65 процентіне дейін жеткізілісін

— магистральды автомобиль жолдарының тірек жүйелерін құру аяқталсын, барлық елді пункттерде жолдар құрылысын тездету үшін жергілікті ресурстар, соның ішінде битумды кирлер, жоғары октанды ауыр мұнай және өндіріс қалдықтары толық пайдаланылсын, оларды ұстап-тұтынуды түбірінен жақсартуға қол жеткізілісін

Аграрлық-өнеркәсіптік комплексте

— мыналар жасалып, енгізілісін:

— әр түрлі климат жағдайы үшін ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудің энергия сақтағыш индустриялық технологиясы

— бір гектар суармалы жерден 8—10 мың және тәлім жерден 4—5 мың азық өлшемін алу үшін, сондай-ақ нәрлі заттардың кемінде 90 процентін сақтауға мүмкіндік беретін көк азықты консервілеу үшін табиғи шөптер өсетін және айдалған жерлерде жоғары сапалы азық өндіру технологиясы

Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитеті
Қазақ ССР Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігі
Алматы Құрылыс бас басқармасы

1984 жыл

Алматы, Тын, Батыс Қазақстан темір жол басқармалары
1984—1990 жылдар

Қазақ ССР Автомобиль транспорты министрлігі
Қазақ ССР Өзен флоты бас басқармасы

Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары
1984—1990 жылдар

Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігі
1983—1985 жылдар

Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігі
1983—1990 жылдар

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі
Қазақ ССР Жеміс-жидек және овощ шаруашылығы министрлігі
ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөлімшесі

Қазақ ССР Ғылым академиясы
Главрессовхозстрой
Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі
Қазақ ССР Госкомсельхозтехникасы

1986—1990 жылдар

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі
Қазақ ССР Жеміс-жидек және овощ шаруашылығы министрлігі
ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөлімшесі

Қазақ ССР Ғылым академиясы
Главрессовхозстрой

— шипалы биологиялық және химиялық-терапевтикалық препараттар арқылы мал ауруының алдын алудың және емдеудің неғұрлым жетілдірілген әдістері мен құралдарын және препараттар шығару технологиясын

— екпіндете жетілдіруді жасанды газдың ортада реттелетін салқындатқышты пайдалана отырып, ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтаудың жаңа технологиясы

— дәнді және басқа ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудің топырақтың жел эрозиясына ұшырау процесінің алдын-алуын, органикалық және минералдық тыңайтқыштарды және басқа да ауыл шаруашылығын химияландыру құралдарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін топырақ қорғау технологиясының неғұрлым жетілдірілген әдістерін

— қой шаруашылығын комплексті механикаландыру дәрежесі арттырылсын және бұл жұмыстар негізінен ірі мал фермаларында, комплекстерде және құс фабрикаларында аяқталсын

— белоктық препараттардың жаңа түрлерін шығару ұйымдастырылсын, ол үшін құрғақ бактериялы ашытқылар шығаратын завод салу қамтамасыз етілсін және азықтық ашытқыны өсу технологиясын неғұрлым кеңейтілсін

— ет пен ет өнімдерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін тағамдық пленканы сіңіру технологиясын жетілдіріп, енгізілсін

— картопты, овошты, жеміс-жидекті өсіру мен өңдеуді комплексті механикаландыру жөніндегі жұмыс тездетілсін

— өндірістік процестерді тездететін және азық өнімдерінің сақталу мерзімін ұзартатын биопрепараттар, ферменттер, асептикалық қоспалар пайдалану технологиясын қолдану негізінде азық өнімдерінің сапасы арттырылсын

Қайталама ресурстарды, аз қалдықты және қалдықсыз технологияны қолдану жөнінде

— аз қалдықты және қалдықсыз технологиялық процестерді қолдану негізінде өндірістік қалдықтары, қайталама ресурстар мен жергілікті шикізатты барынша пайдалану мақсатында:

Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі
Қазақ ССР Госкомсельхозтехникасы

1986—1990 жылдар

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі

Қазақ ССР Жеміс-жидек және овош шаруашылығы министрлігі

ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөлімшесі

Қазақ ССР Ғылым академиясы

1986—1990 жылдар

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі

Қазақ ССР Жеміс-жидек және овош шаруашылығы министрлігі

ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөлімшесі

Қазақ ССР Ғылым академиясы

1986—1990 жылдар

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі

ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөлімшесі

Қазақ ССР Ғылым академиясы

1983—1990 жылдар

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі

Қазақ ССР Госкомсельхозтехникасы

ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөлімшесі

1984—1990 жылдар

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті

Қазақ ССР Ғылым академиясы

1988 жыл

Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі

1984—1985 жылдар

Қазақ ССР Жеміс-жидек және овош шаруашылығы министрлігі

1984—1990 жылдар

Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі

1984—1990 жылдар

— 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған қайталама материалдық ресурстар мен өндіріс қалдықтарын пайдалану жөніндегі республикалық комплексті программа жасалынсын

— материалдық және шикізат ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыратын аз қалдықты, қалдықсыз, энергия сақтағыш технологияны қолдану жөнінде нақты ұсыныстар жасалынсын, оларды енгізу жылдық және бесжылдық жоспарларда көзделсін

— салаларда аз қалдықты және қалдықсыз технология мен жабдықтарды дайындау, жедел енгізу және жетілдіру жөніндегі базалық кәсіпорындар айқындалсын. Аз қалдықты және қалдықсыз технологиялық процестерді жедел игеру жөніндегі салалық кәсіпорындар туралы селолық ережелер жасалынып, қабылдансын

— конструктивтік жылу, дыбыс өткізбейтін және байланыстырғыш материалдарды қолдана отырып, өнеркәсіп қалдықтары мен қайталама шикізат түрлерін қолдану, шикізаттардың әеру түрлерін алмастыру және ұзаққа тасымалдау компоненттерінің тасымал көлемін қысқарту есебінен құрылыс материалдарының ресурстар сақтау технологиясы енгізілсін. Құрылыс материалдарын шығаруға 1985 жылы — 2 миллион тонна, 1990 жылы 3 миллион тоннадан астам күлшлак қалдықтары пайдаланылсын

Есептеу техникасы мен робот техникасы жүйесінің саласы

— есептеу техникасын жасау мен пайдалану, коллективтік пайдалану орталықтарын құру, программалық құралдарды талдап жасау мен игеру саласында зерттеулер жүргізу қамтамасыз етілсін

— микропроцессорлар мен микро-ЭВМ негізінде әр түрлі дәрежедегі және мақсаттағы автоматтандырылған жүйелерді одан әрі дамытып, интеграциялау жүзеге асырылсын

— автоматтандырылған икемді өндірістерді, сондай-ақ олармен жарақтандырылған жабдықтар комплекстерін жасау үшін, халық шаруашылығы салаларында техникалық процестерді автоматтандыру, көтеру-транспорт, тнеу-түсіру және қойма жұмыстарын механикаландыру үшін программамен басқарылатын автоматтандырылған манипуляторларды (өнеркәсіптік роботтарды) жасаудың көлемі ұлғайтылып, енгізілсін

Қазақ ССР Мемлекеттік жабдықтау комитеті

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті

Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары

1984—1985 жылдар

Қазақ ССР Ғылым академиясы

Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары

бесжылдық жоспарлардың жобасын әзірлеу мерзімінде

Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары

1983—1984 жылдар

Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігі

1984—1990 жылдар

Қазақ ССР Ғылым академиясы

Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі

Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары

Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары

1983—1990 жылдар

Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігі

Түсті металлургия министрлігі

Қазақ ССР Дайындау министрлігі, Қазақ ССР Женіл өнеркәсіп министрлігі

Орман шаруашылығы министрлігі

Монтаждау және арнаулы құрылыс жұмыстары министрлігі

Ет және сүт өнеркәсібі министрлігі

Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігі

Селолық құрылыс министрлігі

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігі

Сауда министрлігі

Автомобиль транспорты министрлігі

— автоматтандырылған икемді өндірістерді құру мен оларға қызмет көрсету саласында жоғары оқу орындарында, техникумдар мен кәсіптік-техникалық училищелерде кадрлар даярлау жөнінде шаралар жүзеге асырылсын. Республикалық ғылыми-техникалық орталықта мамандарды робот техникасы бойынша қайта даярлау үшін көрсету залы жасалсын және ол автоматтандырылған манипуляторлардың (өнеркәсіп роботтарының) осы заманғы үлгілермен жарақтандырылсын

— республикада он екінші бесжылдықта комплексі қызмет көрсету, өнеркәсіптік роботтарды және олар жарақтандырылған жабдықтар комплексін монтаждау мен реттеу жөніндегі территориялық орталық құру туралы мәселе қаралсын

IV. Ұйымдастырушылық-көпшілік жұмыс

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1983 жылғы 18 августағы № 814 қаулысы және оны орындау жөніндегі міндеттер облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттерінде, бастауыш партия ұйымдарында, бірлестіктердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың еңбек коллективтерінде, министрліктер, ведомстволар аппараттарының кеңейтілген коллегиялары мен партия жиналыстарында, кәсіподақтың республикалық салалық комитеттерінің пленумдарында, Қазақ ССР Ғылым академиясының, ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөлімшесінің сессияларында талқылансын.

Ғылым мен техника жетістіктерін енгізу ісінің жайы жан-жақты талдансын, техникалық прогресті ұйымдастыру мен оған басшылық жасауды жақсарту, жоспарларды жақсарту, күш пен қаржыны халық шаруашылығының өзекті міндеттерін шешуге жұмылдыру, шығарылатын өнімнің техникалық дәрежесі мен сапасын арттыру жөнінде нақты шаралар жасалынсын. Талқылаудың қорытындысы бойынша Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советіне тиісті информация берілсін

2. Министрліктер мен ведомстволардың, кәсіпорындардың, бірлестіктер мен ұйымдардың партия ұйымдарының техникалық прогресті тездету, ғылым мен техниканың жетістіктерін дер кезінде пайдалану, өндірістің техникалық дәрежесін арттыру және еңбек өнімділігін өсіру мәселелерін комплексі шешу жөніндегі жұмысына талдау жасалынсын. Әрбір коллективте творчестволық ізденіс, жаңа техника жөніндегі жоспарлар мен тапсырмаларды дер кезінде орындау жоғары ұйымшылдық пен жауапкершілік жағдайының қалыптасуына қол жеткізілсін. Коллективтерді ғылым-техникалық прогресс қарқындарын тездету жөніндегі міндетті шешуге жұмылдырудағы ұйымдастырушылық және саяси жұмыс жақсартылсын. Министрліктерде, ведомстволарда, кәсіпорындарда және ұйымдарда қаулының орындалуына ұдайы бақылау жасалып отырсын

Жергілікті өнеркәсіп министрлігі

Госкомсельхозтехникасы
1983—1990 жылдар

Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі

Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім беру жөніндегі мемлекеттік комитеті

Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары

Робот техникасы жөніндегі республикалық ғылыми-методикалық совет

1984—1990 жылдар

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті

Робот техникасы жөніндегі республикалық ғылыми-методикалық совет

1985 жылы

Облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттері

Кәсіподақтардың республикалық советі

Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары

1983 жылдың IV тоқсаны

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бөлімдері, облыстық, қалалық партия комитеттері

Қазақ ССР Министрлер Советінің Іс Басқармасының бөлімдері

3. Қазақ ССР Министрлер Советі Президиумының Ғылыми-техникалық мәселе жөніндегі Комиссиясының жұмыс тиімділігі арттырылсын, ол үшін:

— Ғылым мен техниканың жетістіктерін енгізу және жаңа өнім түрлерін игеру жөніндегі тапсырмалардың орындалуын тоқсан сайын қарап отыру қамтамасыз етілсін

— аз қалдықты, қалдықсыз және энергия сақтайтын технологияларды жасап, өндіріске енгізуге, қайталама ресурстар мен өндіріс қалдықтарын, жоғары өнімді жабдықтардың қуатын толық пайдалануға, шығарылатын өнімнің техникалық дәрежесі мен сапасын арттыруға пәрменді бақылау жасау жүзеге асырылсын

4. Газеттердің, журналдардың, баспалардың, телевизия мен радионың редакциялары қаулы белгілеген шаралардың маңыздылығын кеңінен түсіндіруді ұйымдастыратын болсын және оның орындалуы туралы ұдайы жариялап отырсын. Ғылым мен техника жетістіктерін насихаттау күшейтілсін, оқтын-оқтын көрмелер, байқаулар, конкурстар өткізілсін, мұнда ғылыми жаңалықтар мен жоғары тиімді өнер табыстарын, ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің нәтижелерін өндіріске енгізу тәжірибесін көрсетуге айрықша көңіл бөлінсін

5. Республиканың халық шаруашылығы салаларында қаулының орындалу барысы жыл сайын қаралып отырсын

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің насихат және үгіт бөлімі, облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттері

Қазақ ССР Телевизия және радио хабар жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті

Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесі
1983—1990 жылдар

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бөлімдері, Қазақ ССР Министрлер Советі

ҒЫЛЫМИ ҰЙЫМДАР ЖҰМЫСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНИКАНЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІН РЕСПУБЛИКАНЫҢ ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ПАЙДАЛАНУДЫ ТЕЗДЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ¹

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН
ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1969 жылғы 17 февральдағы № 101
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1969 ж., № 4, 21-ст.)

Ғылым ұйымдардың жұмысын жақсарту, ғылым мен техниканың жетістіктерін республиканың халық шаруашылығында пайдалануды тездету мақсатымен және КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Ғылыми ұйымдар жұмысының тиімділігін арттыру және ғылым мен техниканың жетістіктерін халық шаруашылығында пайдалануды тездету шаралары туралы» 1968 жылғы 24 сентябрьдегі № 760 қаулысына сәйкес Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

¹ 5-пункт Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1985 ж. 25 марттағы № 110 қаулысымен күшін жойды деп танылды.

1, 2-пункттер, 3-пункттің бірінші — үшінші абзаңтары, 13-пункт, 16-пункттің «а» тармағы және «б» тармағының бірінші абзаңы, 18 және 20-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

19-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1968 ж. 24 сентябрьдегі № 760 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

3. (Төртінші абзац) Аса маңызды проблемалар бойынша ғылыми-техникалық болжаулар мен республиканың халық шаруашылығын техникалық, экономикалық жағынан өркендету жөніндегі болжауларға сүйене отырып, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына кәсіпорындар мен өндірістердің ұзақ перспективаға (10—15 жыл) арналған жобаларын (техникалық-экономикалық баяндамалар көлемінде) жасауды ұйымдастыру, сондай-ақ келешектегі машиналар мен жабдықтардың модельдерін жасау тапсырылсын; сонда қазіргі кездегімен салыстырғанда еңбек өнімділігі бірнеше есе артатын жаңа технологиялық процестерге көшу үшін ғылыми және техникалық артықшылық (шикізаттың, құрал-сайманның қажетті мөлшерден артық болуы) қамтамасыз етілетін болсын. Мұндай жобалардың техникалық-экономикалық көрсеткіштері жобалау, зерттеу, конструкторлық және технологиялық жұмыстарға негіз болуға тиіс.

4. Ғылым мен техниканың жетістіктерін халық шаруашылығында неғұрлым толығырақ пайдалану, өнеркәсіп өндірісінің дәрежесін одан әрі арттыру мақсатымен Қазақ ССР Мемлекеттік құрылыс комитетіне, Қазақ ССР Ғылым академиясына, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына жобалау, ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық және технологиялық ұйымдардың жұмысын жаңадан жобаланатын кәсіпорындар оларды пайдалануға беретін кезде өздерінің техникалық-экономикалық көрсеткіштері, жасап шығаратын өнімінің техникалық дәрежесі жағынан қазір жұмыс істеп тұрған отандық ұқсас кәсіпорындардан, сондай-ақ шетелдердегі осыған ұқсас кәсіпорындардан едәуір асып түсетіндей бағытта қайта құруды қамтамасыз ету тапсырылсын. Жаңа кәсіпорындардың жобаларында өндіріс процестерін техникалық жетілдіруді және өнімнің сапасын арттыруды қамтамасыз ететін шаралардың комплексі көзделуге тиіс.

6. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Қазақ ССР Финанс министрлігіне Қазақ ССР халық шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарларының және Қазақ ССР Мемлекеттік бюджетінің жобаларын жасағанда негізгі ғылыми-техникалық проблемаларды шешу жөніндегі ғылыми зерттеулердің жекелеген бағытын күшейту үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарына бөлінген жалпы шығын көлемінің шегінде Қазақ ССР Министрлер Советіне бөлінген бюджет қаражатының 2 проценті мөлшерінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін бөлінбейтін қор қалдырып отыруды көздеу тапсырылсын.

7. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Қазақ ССР Мемлекеттік құрылыс комитетіне, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына халық шаруашылығында жаңа технологиялық процестерді, жоғары өнім беретін машиналар мен жабдықтарды, өндіріс пен еңбекті ұйымдастыру әдістерін, жаңа және неғұрлым унемді материалдарды жасап, игеру жөнінде жоспарларда нақты шаралар көздеу, сондай-ақ КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1968 жылғы 24 сентябрьдегі № 760 қаулысына сәйкес халық шаруашылығы үшін маңызы зор, аяқталған ғылыми-зерттеу жұмыстарын халық шаруашылығында пайдалану туралы СССР Министрлер Советінің Ғылым мен техника жөніндегі мемлекеттік комитеті жасаған ұсыныстарды есептей отырып, өндірісті механикаландыру және автоматтандыру туралы тапсырмалар белгілеу, сондай-ақ министрліктер мен ведомстволардың институттары мен конструкторлық бюроларында, СССР Ғылым академиясы мекемелерінің, одақтас республикалар академияларының, салалық Ғылым академияларының, жоғары оқу орындарының неғұрлым перспективті күрделі зерттеулері негізінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу тапсырылсын.

8. Ғылыми-техникалық талдаулар жасағанда жарысты кеңінен өрістету, аса маңызды ғылыми-техникалық проблемаларды шешкенде монополияның болып кетуіне жол бермеу және ол проблемаларды ойдағыдай шешу үшін неғұрлым тиімді жолдар табу мақсатымен, Қазақ ССР Ғылым академиясы, Қазақ ССР Мемлекеттік құрылыс комитеті, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары қажет болған жағдайда барлау, ғылыми-зерттеу жұмыстарын, сондай-ақ конструкторлық және технологиялық талдауларды, зерттеулер мен конструкторлық-технологиялық талдаулар жасаудың алғашқы сатыларында (аванжоба, эскиз жобасы) ғылыми, техникалық, экономикалық шешімдердің ең таңдаулыларын іріктеп алу мақсатымен жұмысты әр түрлі жолмен жүргізетін бірнеше ұйымға тапсыратын болсын. Аса зор маңызы бар ғылыми-техникалық мәселелерді шешкенде, бірімен-бірін салыстырып, ең таңдаулыларын іріктеп алып, өндірісте игеру үшін бұл жұмыстар тәжірибелік үлгілер әзірлеу сатысына жеткізілсін.¹

9. Қазақ ССР Мемлекеттік құрылыс комитетіне, Қазақ ССР Ғылым академиясына, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына мыналар тапсырылсын:

а) ғылыми-техникалық талдауларды жүзеге асырғанда қажетті сабақтастықты қамтамасыз ету үшін және талдаудың нәтижесін өндірісте пайдалану дәрежесіне жеткенге дейін жұмыстың үздіксіз жүргізілуі үшін жалпы ғылыми бағыттағы ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындары жүргізетін аса маңызды ғылыми-жұмыстарға салалық ғылыми-зерттеу, жобалау, жобалау-конструкторлық, технологиялық ұйымдар мен кәсіпорындарды (қосымша автор правосымен) қатыстыру практикаға кеңінен енгізілсін:

б) кәсіпорындар мен құрылыс ұйымдары ғылыми-зерттеу, жобалау, жобалау-конструкторлық және технологиялық ұйымдарымен (қосымша автор правосымен) бірлесе отырып, мезгілінде техникалық документация жасау үшін және жаңа техниканы игеруге әзірлеу үшін аса маңызды ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстардың нәтижесі қолданылатын кәсіпорындар, сондай-ақ республиканың құрылыстары (СССР Мемлекеттік құрылыс комитетінің келісімі бойынша) күні бұрын белгіленетін болсын.

Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарының басшыларына өнімнің жаңа үлгілерін шығару және жаңа технологиялық процестер жасау жөнінде кәсіпорындардың, ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық ұйымдардың жауапкерлігін арттыру тапсырылсын.

10. Өнеркәсіп бұйымдарының жаңа түрлеріне және технологиялық процестерге шетелдерден лицензиялар немесе техникалық документация алған жағдайда, сондай-ақ совет ұйымдарының заказы бойынша немесе ғылыми-техникалық ынтымақ ретінде ғылыми-техникалық жұмыстарды шетелдік ұйымдар орындаған жағдайда мұндай жұмыстарды жүргізуге жол бермеу немесе өз қарамақтарындағы ғылыми-техникалық, жобалау-конструкторлық, технологиялық ұйымдар мен кәсіпорындарда тоқтату Қазақ ССР Ғылым академиясына, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына тапсырылсын. Шетелдерден алынатын лицензиялар мен техникалық документация тиісті бұйымдардың, материалдардың, технологиялық процестердің техникалық дәрежесін онан әрі арттыра түсуге бағытталған ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстарды жүзеге асырудың негізі болуға тиіс.

¹ 8-пунктке Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1983 ж. 27 сентябрьдегі № 392 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1983 ж., № 19, 65-ст.).

11. Қазақ ССР Мемлекеттік құрылыс комитетіне, Қазақ ССР Ғылым академиясына, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына өз қарамақтарындағы ғылым-зерттеу, жобалау, жобалау-конструкторлық және технологиялық ұйымдар мен жоғары оқу орындарының ғылым-зерттеу бөлімдері жұмысының негізгі ғылыми-техникалық бағытын белгілеп, Қазақ ССР Министрлер Советіне, көшірмесін Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне табыс ету міндеттелсін.

Бұл ретте мынадай шарттар есте болсын:

жалпы профильдегі ғылым-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындары (ғылым-зерттеу институттары мен проблемалық лабораториялар) өздеріне бекітілген ғылым саласының бағыты мен өркендеу дәрежесі үшін, өздері жүргізген зерттеулердің ғылыми-техникалық дәрежесі үшін және жұмыс нәтижесін халық шаруашылығында пайдаланудың қорытындысы үшін жауап беруге тиіс;

салалық профильдегі ғылым-зерттеу, жобалау, жобалау-конструкторлық және технологиялық ұйымдар, соның ішінде ғылым-зерттеу институттары (лабораториялар), кәсіпорындардың конструкторлық, технологиялық бюролары, жоғары оқу орындарының ғылым-зерттеу секторлары (бөлімдері) және салалық лабораториялары, тәжірибе станциялары республиканың тиісті өндіріс саласында техникалық прогрестің шапшаңдауы үшін, өздері жүргізген ғылыми зерттеулердің дәрежесі мен нәтижесі үшін, жобалау, конструкторлық, технологиялық талдаулардың нәтижесі үшін, олардың халық шаруашылығында пайдаланылуы үшін жауап беруге тиіс.

Ғылым-зерттеу, жобалау, жобалау-конструкторлық және технологиялық ұйымдар өздері орындаған жұмыстарында шарттар мен зақаздарда көрсетілген техникалық-экономикалық кенілді параметрлер мен көрсеткіштерді қамтамасыз етпеген жағдайда, заказшының талап етуі бойынша өз есебінен, өзінің қаражатымен заказшымен келісілген техникалық жағынан мүмкін қысқа мерзім ішінде қажетті түзетулер енгізуге міндетті.

12. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Қазақ ССР Мемлекеттік құрылыс комитетіне, Қазақ ССР Ғылым академиясына, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына кем дегенде үш жылда бір рет өз қарамақтарындағы ғылым-зерттеу, жобалау, жобалау-конструкторлық және технологиялық ұйымдардың, соның ішінде жоғары оқу орындары бөлімдерінің ұзақ мерзімдегі (3—4 жылғы) жұмысын бағалау тапсырылсын. Олардың жұмысын бағалағанда, өздерінің профильдеріне қарай мынадай көрсеткіштер басшылыққа алынсын:

ұсынылған, іске асырылған ғылыми-техникалық ұсыныстардың сонылығы, перспективтілігі, саны, соның ішінде жарыстар мен конкурстар нәтижесінде мақұлданғандары;

аяқталған және іске асырылған жұмыстарды пайдалану нәтижесінде халық шаруашылығына қосылған жалпы экономикалық тиімділік және жүргізіліп жатқан зерттеулер мен ғылыми-техникалық жұмыстардан күтілетін тиімділік;

ұсынылған және өндірісте игерілген жаңа технологиялық процестердің, жабдықтардың жаңа түрлерінің, материалдардың, азық-түліктің бұл саладағы отандық және шетелдік көрсеткіштермен салыстырғанда техникалық-экономикалық артықшылығы;

эксперименттік жұмыстарды жетілдіру үшін зерттеудің ең жаңа әдістерін қолдану және прогрессивтік приборлар мен аппараттар жасау;

ұйымның жалпы шығынымен салыстырғанда (мұндай есеп мүмкін болса — салыстыру, ұйымның жұмсаған бір сом шығынына шаққанда халық шаруашылығына түскен үнем — сом есебімен) кәсіпорынның өзі-

не бекітілген саласы бойынша немесе өндіріс саласы бойынша техникалық дәреже мен техникалық-экономикалық көрсеткіштерді арттыруға қосылған практикалық үлес;

Ұйымдар немесе олардың жекелеген қызметкерлері ұсынған, СССР-де пайдаланылып жүрген жаңа өнер табыстары мен шетелдерге сатылған лицензиялардың саны мен маңызы, бұл өнер табыстарын қолдану, жүзеге, асыру нәтижесінде халық шаруашылығына тигізген экономикалық тиімділік;

Экономикалық Өзара Көмек Советінің мүшелері елдерінің ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық ұйымдарымен ынтымақ жөніндегі міндеттемелерді орындау және бұл ынтымақтың нәтижелерін пайдалану;

жұмысты орындау мерзімі (жұмыс сапасының жоғары болуымен бірге тапсырмаларды мерзімінен бұрын орындау), ұйымның финанс жағдайы, қаражатты және материалдық ресурстарды үнемдеу, ғылыми кадрлар даярлау.

Көп тақырыптылыққа жол бермеу үшін институттар мен ұйымдардың өздеріне бекітілмеген бағытта орындаған жұмыстары нәтижесі жағынан ерекше тиімді табыстар қатарына жатқызылған жағдайда ғана олардың қызметін бағалағанда еске алынады деп белгіленген.

Институттар мен ұйымдардың жұмыс нәтижесін бағалау қорытындысы бойынша (өздеріне жүктелген міндеттерді ойдағыдай орындаған жағдайда) ол жұмысты онан әрі дамыта беру, коллективтерді министрліктер мен ведомстволардың орталықтандырылған бәйге қоры есебінен қосымша материалдық көтермелеу жөнінде шешімдер қабылдануға тиіс. Жоғарыда көрсетілген институттар мен ұйымдар өздеріне жүктелген міндеттерді орындамаған жағдайда олардың жұмыс бағытын өзгерту туралы, ал кейбір жағдайда — институттың басшылығын нығайту, белгіленген тәртіп бойынша институтты ұйымдастыру немесе жабу туралы шешім қабылданады.

14. Өнеркәсіп өнімінің жаңа түрлерін өндіруге әзірлік мерзімін қысқартуға қажетті жағдайлар жасау мақсатымен Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына халық шаруашылығы жоспарларында технологиялық құрал-жабдықтар, прессформалар, штамптар, кескіш және өлшеуіш құралдар мен стандартта жоқ жабдықтар жасап шығаратын арнаулы қуаттарды шапшаң өркендетуді көздеу тапсырылсын.

15. Ғылыми-зерттеулер мен жобалау-конструкторлық жұмыстарды тікелей өндірістерде кеңінен дамыту мақсатымен Қазақ ССР өнеркәсіп министрліктері мен ведомстволарының басшыларына кәсіпорындарда бұйымның жаңа түрлерін, материалдарды, технологиялық процестерді өздігінен жасай алатын конструкторлық, технологиялық қызметті, зерттеу лабораторияларын нығайтуға, ал қажет болған жағдайда оларды жаңадан құруға шұғыл шаралар қолдану тапсырылсын.

16. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Қазақ ССР Ғылым академиясына, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына мыналар міндеттелсін:

б) (Екінші абзац) Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына өндіріс жоспарларында өнеркәсіп өнімдерін тәжірибелік құралдар арқылы шығаруды көздемеу тапсырылсын;

в) тәжірибелік-өнеркәсіптік және эксперименттік базалар мен құралдардың сметалық құны 0,5 млн. сом болса, оларды салып бітіру, жабдықтау мерзімі 12-айға дейін, сметалық құны 1 млн. сомға дейін болса — 18 айға дейін, сметалық құны 1 млн. сомнан асса — 24 айға дейін, ал

объектінің сметалық құны 2 млн. сомнан асса, оның салыну, монтаждау мерзімі жабдықтың күрделілігіне байланысты белгіленеді;

г) жаңа өнеркәсіп орындарының жобалары құрамында жаңадан жасалатын бұйымдарды зерттеуге, өңдеуге, жан-жақты сынауға қажетті эксперименттік лабораториялар, тәжірибелік цехтар мен стендтер салып, бірінші кезекте пайдалануға беруді көздеу.

Жылдық жоспарлардың орындалу қорытындыларымен бірге жыл сайын Қазақ ССР Министрлер Советіне істелген жұмыс туралы баяндап отырылсын.

17. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Қазақ ССР Министрлер Советінің Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі бас басқармасына, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына жылдық жоспарларда ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін өз алдына, жаңа технологияны игеру, өндіріс процестерін механикаландыру және автоматтандыру шаралары үшін өз алдына, ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық, технологиялық жұмыстарды орындауға және кәсіпорындардың, ғылыми мекемелердің, жоғары оқу орындарының лабораториялары мен эксперименттік базаларын жабдықтау үшін қажетті мөлшерде материалдық-техникалық жабдықтар бөліп отыруды көздеу тапсырылсын.

ҚАЗАҚ ССР МЕМЛЕКЕТТІК ЖОСПАРЛАУ КОМИТЕТІ ТУРАЛЫ Е Р Е Ж Е ¹

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1982 жылғы 4 октябрьдегі № 409
ҚАУЛЫСЫМЕН БЕКІТІЛГЕН
(Қазақ ССР ҚЖ, 1982 ж., № 21, 89-ст.)**

2-пункттің екінші абзацы, 6-пункттің бесінші және алтыншы абзацтары, 7-пункттің «б», «г», «к», «н», «у» тармақтары, 8-пункттің «р» тармағы, 9-пункттің бесінші абзацы, 11-пункттің «а» тармағы

ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚОҒАМДАРДЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫ МЕН ҰСЫНЫМДАРЫН ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ПАЙДАЛАНУДЫ ЖАҚСARTУ ТУРАЛЫ

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1962 жылғы 29 декабрьдегі № 957
ҚАУЛЫСЫ**

Ғылым-техникалық қоғамдардың ұсынымдары мен ұсыныстарын халық шаруашылығында пайдалануды жақсарту мен ғылым және ғылым-техникалық жұртшылықтың творчестволық инициативасын одан әрі дамыту үшін жағдайлар жасау мақсатымен Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Қазақ ССР Министрлер Советінің Ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне ², Қазақ ССР Министрлер Советінің Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитетіне, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына, кәсіпорындарының, құрылыстардың, ғылыми-зерттеу, жобалау және конструкторлық ұйымдарының басшыларына мыналар міндеттелсін:

а) ғылыми-техникалық қоғамдарды ғылыми-зерттеу жұмыстары мен ғылым жетістіктерін халық шаруашылығына енгізудің жылдық жә-

¹ 8-том, 18-бетті қараңыз.

² Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 1965 ж. 15 октябрьдегі Заңымен күшін жойды. (Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Үкіметінің Ведомостары, 1965 ж., № 43).

не перспективалық жоспарлары мен ұйымдастыру-техникалық шаралар жоспарларының жобаларын жасауға және талқылауға, сондай-ақ осы жоспарларда көзделген шараларды орындауға қатыстыруға;

б) ғылыми-техникалық қоғамдардың, сондай-ақ қоғамдық негізде жұмыс істейтін конструкторлық және технологиялық бюролардың, ғылыми-зерттеу институттары мен лабораториялардың, экономикалық талдау бюролары мен топтарының ойдағыдай қызмет істеуі үшін қажетті жағдайлар жасауға, оларды үйлермен, жабдықпен, құрал-сайманмен, приборлармен, техникалық және анықтама әдебиетпен қамтамасыз етуге;

в) еңбек өнімділігін арттыруға, өнім сапасын жақсартуға және өзіндік құнды кемітуге, сондай-ақ еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін қабылданған және енгізілген ұсыныстары үшін ғылыми-техникалық қоғамдардың белсенді мүшелерін белгіленген тәртіп бойынша ынталандыру міндеттелсін.

2. Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары ғылыми-техникалық қоғамдардың ұсыныстарын мына төмендегідей тәртіп бойынша қарайтын болсын:

а) Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Министрлер Советінің Ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру жөніндегі мемлекеттік комитеті¹ мен Қазақ ССР Министрлер Советінің Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақ ғылыми-техникалық қоғамдарының советі беретін ұсыныстар бойынша, сондай-ақ тиісті министрліктерімен және ведомстволарымен келісілген ғылыми-техникалық қоғамдардың республикалық басқармалары беретін жалпы республикалық маңызы бар ұсыныстар бойынша екі айлық мерзім ішінде тиісті шешімді қарап, қабылдайды;

б) Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары жергілікті және салалық ғылыми-техникалық проблемалар бойынша ғылыми-техникалық қоғамдар ұсыныстарын қарап, бір ай мерзімде тиісті шешімдер қабылдайды.

**ҚПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР
СОВЕТІНІҢ «СССР-ДІҢ МИНИСТРЛІКТЕРІ МЕН
ВЕДОМСТВОЛАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАРАУЫНДАҒЫ
КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҰЙЫМДАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-
ТЕХНИКАЛЫҚ ЖЕТІСТІКТЕРДІ ӨЗАРА ПАЙДАЛАНУЫ
ТУРАЛЫ» 1970 ЖЫЛҒЫ 3 СЕНТЯБРЬДЕГІ № 743 ҚАУЛЫСЫН
ОРЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ²**

ҚАЗАҚСТАН ҚП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ
МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1970 жылғы 3 ноябрьдегі № 676
ҚАУЛЫСЫ

Өнеркәсіп салалары мен құрылыстағы ғылыми-техникалық жетістіктердің өзара пайдалануын жақсарту, техникалық прогресс қарқынын күшейту мақсатында және ҚПСС Орталық Комитеті мен СССР Ми-

¹ Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 1965 ж. 15 октябрьдегі Заңымен күшін жойды (Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен Үкіметінің Ведомостары, 1965 ж., № 43).

² 2-пунктің «а» және «в» тармақтары Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

3-пункт ҚПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1970 ж. 3 сентябрьдегі № 743 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

индустрия Советінің 1970 жылғы 3 сентябрьдегі № 743 қаулысына сәйкес Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Қазақ ССР-інің өнеркәсіп және құрылыс министрліктері мен ведомстволарына салааралық өзара ғылыми-техникалық информация алысу дәрежесін көтеру және халық шаруашылығының басқа салаларындағы ғылыми-техникалық жетістіктерді пайдалану және өз жетістіктерін осы салаларға беруді түбегейлі жақсарту жөнінде шаралар қолдану міндеттелсін, бұл үшін мыналар қамтамасыз етілсін:

а) өз қарауындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда өнеркәсіп пен құрылыстың басқа салаларындағы ғылыми-техникалық жетістіктер туралы информациялық материалдарды үнемі зерттеу және информация түскеннен кейін үш ай мерзімнен кешіктірмей неғұрлым прогресті жетістіктерді енгізу туралы шешім қабылдау;

б) өз қарауындағы кәсіпорындар мен ұйымдардағы халық шаруашылығының басқа салалары үшін мәнi бар ғылыми-техникалық жетістіктер туралы информацияны іріктеп алу және оны енгізу үшін қажет болатын техникалық документацияны белгіленген тәртіп бойынша беру, сондай-ақ үйренетін озық тәжірибені мецгеруде көмек көрсету, соның ішінде үлгілерін жасау және бірлескен жұмыстар жүргізу;

в) экономикалық және әлеуметтік дамудың мемлекеттік жоспарларының жобаларына, тиісті ғылыми-техникалық программалардың жобаларына және салалық жоспарларға, кәсіпорындар мен ұйымдардың жоспарларына өнеркәсіп пен құрылыстың басқа салаларындағы озық жетістіктерге негізделген ғылыми-зерттеулердің, конструкторлық және технологиялық жұмыстардың неғұрлым маңызды нәтижелерін пайдалану жөнінде шаралар енгізу;¹

г) ғылыми-техникалық жетістіктерді беру мен пайдалану жөнінде жыл сайын есеп беру және қатаң бақылау жасау.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті жанындағы Қазақ ғылыми-техникалық информация мен техникалық-экономикалық зерттеулер ғылыми-зерттеу институты мен Қазақ ССР Құрылыс істері Мемлекеттік комитетінің ғылыми-техникалық информация органына (құрылыс пен құрылыс материалдары өнеркәсібі бойынша) салааралық алмасу үшін іріктеліп алынған ғылыми-техникалық жетістіктер туралы үнемі информация жіберіп отыру, сондай-ақ пайдаланылған озық тәжірибені тарату және қолдану жөнінде жыл сайын мәліметтер жіберіп отыру.

2. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитетіне мыналар міндеттелсін:

б) басқа салаларға беру үшін іріктеліп алынған ғылыми-техникалық жетістіктер туралы информацияны зерттеу, салааралық оперативтік информацияны ұйымдастыру және атқарылған жұмысқа талдау жасай отырып, жылма-жыл шолулар жасау қамтамасыз етілсін.

Салааралық ғылыми-техникалық жетістіктердің Қазақ ССР халық шаруашылығында пайдаланылуы туралы жыл сайынғы есептер 15 мартқа дейін Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советіне тапсырылатын болсын.

¹ 1-пунктің «в» тармағына Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1985 ж. 25 марттағы № 110 қаулысымен өзгерістер енгізілген.

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТИ ТУРАЛЫ¹

ҚАЗАҚ ССР-інің 1980 жылғы 13 ноябрьдегі ЗАҢЫ
(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 48, 185-ст.)

24-статьяның 9 -пункті

РЕСПУБЛИКАНЫҢ САЛАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ КОНСТРУКТОРЛЫҚ ҰЙЫМДАРЫН ШАРУАШЫЛЫҚ ЕСЕПКЕ КӨШІРУ ТУРАЛЫ²

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТИНІҢ
1961 жылғы июньдегі № 401
ҚАУЛЫСЫ

СССР Министрлер Советінің «Салалық ғылыми-зерттеу және конструкторлық ұйымдарын шаруашылық есепке көшіру туралы» 1961 жылғы 1 апрельдегі № 282 қаулысына сәйкес Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Қазақ ССР Ғылым академиясының, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігінің, Қазақ ССР Оқу министрлігінің, Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау Комитетінің және Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Заң комиссиясының ғылыми-зерттеу ұйымдарын қоспағанда, Қазақ ССР-інің экономикалық әкімшілік аудандарының халық шаруашылығы советтерінің, министрліктері мен ведомстволарының ғылыми-зерттеу және конструкторлық ұйымдары шаруашылық есепке көшірілсін. Заказ берушілердің шаруашылық есепке көшірілген ғылыми-зерттеу және жобалау ұйымдарымен өзара қарым-қатынасы шарттар негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

2. Ғылыми-зерттеу конструкторлық ұйымдардың шарттар бойынша орындайтын жұмыстарын заказ берушілер (министрліктер, ведомстволар, халық шаруашылығы советтері), олардың бас басқармалары (басқармалары), сондай-ақ кәсіпорындар мен ұйымдар, кірістер мен шығыстар балансында (финанс жоспарларында) осы мақсатқа көзделген қаржылар есебінен төлеуге тиіс деп белгіленсін.

3. Халық шаруашылығы советтері, министрліктер, ведомстволар, сондай-ақ Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Финанс министрлігі 1962 жылдан бастап кірістер мен шығыстар баланстарында (финанс жоспарларында), өнімнің өзіндік құны, құрылыс-монтаж жұмыстарының, жүк тасымалдау жоспарларында, пайдалану шығындары жоспарларында және сауда, жабдықтау, өткізу және дайындау ұйымдарының айналым шығындары бойынша жоспарларда, сондай-ақ құрылысқа сметаларда (объектіні салу жобасында ғылыми-зерттеу жұмыстары көзделген жағдайларда) Қазақ ССР Министрлер Советінің Мемлекеттік ғылыми-техникалық комитетімен келісім бойынша бұл жұмыстардың жоспарларын орындауды қамтамасыз ететіндей көлемде ғылыми-зерттеу және конструкторлық жұмыстарға қаржылар көзделсін.

¹ 1-том, 163-бетті қараңыз.

² Мыналар күштері жойылды деп танылды: 10-пункт Қазақ ССР Министрлер Советінің 1973 ж. 16 марттағы № 138 қаулысымен, 13-пункт Қазақ ССР Министрлер Советінің 1981 ж. 16 декабрьдегі № 516 қаулысымен (Қазақ ССР КЖ, 1982 ж., № 3, 10-ст.).

1-пункттің екінші және үшінші абзацтары, 14-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

15-пункт СССР Министрлер Советінің 1961 ж., 1 апрельдегі № 282 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

4. Министрліктерге, ведомстволарға, халық шаруашылығы советтеріне, олардың бас басқармаларына (басқармаларына) бірсыпыра кәсіпорындарға, немесе бүкіл салаға маңызы бар ғылыми-зерттеу және конструкторлық жұмыстарды төлеу үшін қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың жоспарларында көзделген ғылыми-зерттеу және конструкторлық жұмыстарға жұмсалатын қаржыларды орталықтандыруға право берілсін.

5. Шаруашылық есепке көшірілген ғылыми-зерттеу ұйымдарының тақырыптық жоспарларына сәйкес орындалатын теориялық сипаттағы ғылыми-зерттеу жұмыстары мен жалпы мемлекеттік маңызы бар жұмыстарды қаржыландыру тиісінше одақтық немесе республикалық бюджеттерден бөлінетін қаржылар есебінен жүргізілсін.

6. Ғылыми-зерттеу және конструкторлық жұмыстарды теориялық сипаттағы жұмыстарға және жалпы мемлекеттік маңызы бар жұмыстарға жатқызу, сондай-ақ тақырыбын өзгерту мен қаржыларды жыл бойына қайта бөлу бұл жұмыстарды тек Қазақ ССР Министрлер Советінің Мемлекеттік ғылыми-техникалық комитетінің келісімімен ғана, ал құрылыс саласындағы жұмыстарды Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің келісімімен орындайтын қарамағында ғылыми-зерттеу және конструкторлық ұйымдары бар министрліктер, ведомстволар, халық шаруашылығы советтері жүзеге асырады.

Теориялық сипаттағы ғылыми-зерттеу және конструкторлық жұмыстар мен жалпы мемлекеттік маңызы бар жұмыстарды төлеу үшін бюджеттік қаржы бөлудің мөлшері жыл сайын мемлекеттік бюджетті жасаған кезде белгіленсін.

7. Ауыл шаруашылығы бойынша ғылыми-зерттеу ұйымдары Қазақ ССР Министрлер Советінің «СССР Министрлер Советінің «Ауыл шаруашылығы бойынша ғылыми-зерттеу мекемелерін қаржыландыру тәртібі туралы» 1959 жылғы 28 ноябрьдегі № 1303 қаулысын орындау шаралары туралы» 1960 жылғы 7 майдағы № 435 қаулысына сәйкес қаржыландырылсын.

8. Қазақ ССР Геология және жер қойнауы министрлігі жүзеге асыратын ғылыми-зерттеу жұмыстарының шығындары геологиялық барлау жұмыстарының көлеміне кіргізілсін.

Көрсетілген жұмыстар геологиялық барлау мен топографиялық — геодезиялық жұмыстарын қаржыландыру үшін белгіленген тәртіппен операциялық шығындарға жұмсалатын қаражат есебінен қаржыландырылсын.

9. Ғылыми-зерттеу және конструкторлық ұйымдар орындаған жұмыстарға төлемдер, сондай-ақ бірсыпыра кәсіпорындарға немесе бүкіл салаға маңызы бар ғылыми-зерттеу және конструкторлық жұмыстарды төлеу үшін орталықтандырылған қаржыларды аудару есеп айырысатын және ағымдағы счеттардан немесе СССР халық шаруашылығындағы есеп айырысу туралы Негізгі ережелермен бекітілген екінші топ кезектегі айналым қаржысын қайта бөлу бойынша есеп айырысу счеттарынан жүргізіледі.¹

11. Шаруашылық есепке көшірілген ғылыми-зерттеу және конструкторлық ұйымдар шаруашылық есепте тұратын басқа ұйымдармен жалпы негізде банкілік кредитпен пайдаланады деп белгіленсін.

12. Қазақ ССР Финанс министрлігіне бюджет жобаларында, 1962 жылдан бастап, шаруашылық есепке көшірілетін ғылыми-зерттеу және конструкторлық ұйымдар үшін қажетті айналым қаржысын көздеу міндеттелсін.

¹ 9-пунктке Қазақ ССР Министрлер Советінің 1983 ж. 21 октябрьдегі № 415 қаулысымен өзгерістер енгізілген.

§ 2. ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫН ҚҰРУ ТУРАЛЫ ¹

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТИ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ,
ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТИНІҢ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН КП(б)
ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ
1946 жылғы 31 майдағы № 439
ҚАУЛЫСЫ

ССР Одағының Халық Комиссарлары Советінің 1945 жылғы 26 октябрьдегі қаулысына ² сәйкес Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы, Қазақ ССР Министрлер Советі және Қазақстан КП(б) Орталық Комитеті қаулы етеді:

1. Жұмыс істеп келген ССР Одағы Ғылым академиясы Филналының негізінде Қазақ ССР Ғылым академиясы құрылсын.

2. Қазақ ССР Ғылым академиясының құрылған күні 1946 жылғы 1 июнь болып белгіленсін.

3. Қазақ ССР Ғылым академиясы Президиумының тұрақты жері Алматы қаласы болып белгіленсін.

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ УСТАВЫ ТУРАЛЫ ³

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТИНІҢ
1977 жылғы 6 декабрьдегі № 548
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1978 ж., № 1, 3-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Қазақ ССР Ғылым академиясының Жалпы жиналысы қабылдаған, осыған қосылған Қазақ ССР Ғылым академиясының Уставы бекітілсін.

¹ 4-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

² СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз.

³ 2-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ УСТАВЫ

І. Жалпы ережелер

1. Қазақ ССР Ғылым академиясы Қазақ ССР-інің жоғары ғылыми мекемесі болып табылады және республиканың ғылымды өркендету ісіне ірі үлес қосушы мейлінше аса көрнекті ғалымдарын өз мүшесі ретінде біріктіреді.

Қазақ ССР Ғылым академиясы Қазақ ССР Министрлер Советіне бағынады, оған өз қызметі туралы есепті жыл сайын табыс етеді.

Қазақ ССР Ғылым академиясының қызметіне басшылықты сондай-ақ СССР Ғылым академиясының Президиумы да жүзеге асырады.

2. Қазақ ССР Ғылым академиясының мақсаты:

— жаратылыс тану, техникалық және қоғамдық ғылымдардың жетекші бағыттары бойынша түбегейлі зерттеулерді дамыту;

— техникалық прогрестің принциптік жаңа жолдарын іздестіру және халық шаруашылығында пайдалану үшін жаңа ғылыми ұсыныстар әзірлеу;

— экономиканың, мәдениеттің және ғылымның өзінің ойдағыдай дамуына ықпал жасайтын ғылыми-техникалық және әлеуметтік прогрестің аса маңызды проблемалары жөнінде перспективалық зерттеулерді жүзеге асыру;

— республиканың табиғи ресурстарын зерттеу, оларды халық шаруашылығында комплексті пайдалануға, қорғауға және ұдайы өсіруге жәрдемдесу;

— республиканың өндіргіш күштерін дамытуға, Қазақстанның халық шаруашылығының негізгі салаларының, экономикасының, мәдениеті мен өнерінің аса маңызды проблемаларына тікелей байланысты зерттеулерді жүргізу және осы зерттеулердің нәтижелерін практикаға енгізу.

3. Қазақ ССР Ғылым академиясы өз міндеттерін орындау үшін:

а) өзінің ғылыми-зерттеу мекемелерінде жаратылыс тану, техникалық және қоғамдық ғылымдар бойынша ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттары мен республиканың экономикалық және әлеуметтік дамуының мемлекеттік жоспарларына сәйкес жетекші ғылыми проблемаларды әзірлеуді жүзеге асырады;

б) республиканың ғылыми мекемелері мен жоғары оқу орындарында жаратылыс тану және қоғамдық ғылымдар саласында Қазақ ССР-інде орындалатын ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіруді жүзеге асырады;

в) ғылыми, ғылыми-техникалық және мәдени жетістіктерді коммунистік құрылыстың практикасында тиімді пайдалануға жәрдемдеседі;

ғ) Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми-зерттеу мекемелерінің жаратылыс тану және қоғамдық ғылымдар жөніндегі тақырыптық жоспарларын Қазақ ССР Министрлер Советі мен СССР Ғылым академиясы белгілейтін тәртіппен әзірлеп, бекітеді, ғылыми-техникалық проблемалар жөніндегі жоспарлардың жобаларын әзірлеп, бекітуге табыс етеді;

д) ғылымның өндіріспен байланысын үнемі нығайтады, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін халық шаруашылығына енгізеді;

е) ғылыми кадрларды даярлауды және Академияның ғылыми қызметкерлерінің мамандығын арттыру жөніндегі жұмысты жүзеге асырады;

ж) басшы органдардың ғылыми экспертизалар мен консультациялар жүргізу жөніндегі тапсырмаларын орындайды;

з) Академияның толық мүшелерінің, корреспондент мүшелері мен мекемелерінің, сондай-ақ Қазақ ССР Ғылым академиясына өз зерттеулерін табыс ететін басқа да ғалымдардың ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін жариялайды;

и) ғылым жетістіктерін насихаттауға және ғылыми білімдерді таратуға жәрдемдеседі.

4. Қазақ ССР Ғылым академиясы өзінің ғылыми-зерттеу жұмысын Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумы бекітетін жоспарлар, сондай-ақ ССР Министрлер Советінің Ғылым және техника жөніндегі мемлекеттік комитеті бекітетін ғылыми-техникалық программалар және Қазақ ССР-інің Экономикалық және әлеуметтік дамуының мемлекеттік жоспарының тапсырмалары бойынша жүргізеді.

5. Қазақ ССР Ғылым академиясының құрамында мынадай бөлімшелері болады:

I. Физика-математика ғылымдары бөлімшесі;

II. Жер туралы ғылымдар бөлімшесі;

III. Химия-технология ғылымдары бөлімшесі;

IV. Биология ғылымдары бөлімшесі;

V. Қоғамдық ғылымдар бөлімшесі;

VI. Қарағандыдағы ғылымдар бөлімшесі.

Бөлімшелер Қазақ ССР Ғылым академиясының мүшелерін ғылымдардың тиісті салалары мен бағыттары бойынша біріктіреді.¹

6. Қазақ ССР Ғылым академиясының құрамында ғылыми-зерттеу институттары, секторлары, обсерваториялары, станциялары, кітапханалары, ботаника бақтары, сондай-ақ қосалқы мекемелері, кәсіпорындары мен ұйымдары болады.

Қазақ ССР Ғылым академиясының жанында белгіленген тәртіп бойынша ұйымдастырылатын ғылыми қоғамдар, комиссиялар тұрады.

7. Қазақ ССР Ғылым академиясы жүргізіліп жатқан ғылыми зерттеулердің перспективалары мен нәтижелерін және ғылыми-зерттеу жұмысын үйлестіру мәселелерін талқылау үшін ғылыми сессиялар, конференциялар мен кеңестер шақырады.

8. Қазақ ССР Ғылым академиясы басқа ғылыми-зерттеу мекемелерімен, жоғары оқу орындарымен, ғылыми және ғылыми-техникалық қоғамдармен, министрліктермен және ведомстволармен, сондай-ақ кәсіпорындармен және ұйымдармен қажетті байланыстарды жүзеге асырады.

9. Қазақ ССР Ғылым академиясы белгіленген тәртіп бойынша шетелдердің ғылым академияларымен және басқа ғылыми мекемелерімен ғылыми байланыстарды дамытады, халықаралық ғылыми съездерге, симпозиумдарға, конференциялар мен кеңестерге қатысады.

10. Қазақ ССР Ғылым академиясы заңды ұйым правосымен пайдаланады. Қазақ ССР Ғылым академиясының сметасы Қазақ ССР-інің Мемлекеттік бюджетіне енгізіледі.

¹ 5-пунктке Қазақ ССР Министрлер Советінің 1982 ж. 7 июльдегі № 287 қаулысымен өзгерістер енгізілген.

II. Қазақ ССР Ғылым академиясының құрамы

11. Қазақ ССР Ғылым академиясының құрамына Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелері (академиктері) мен корреспондент мүшелері кіреді.

12. Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелері болып ғылымды бірінші дәрежелі ғылыми маңызы бар еңбектермен байытқан, жалпы жұртшылық таныған жана ғылыми және практикалық нәтижелері бар ғалымдар сайланады.

13. Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшелері болып ғылымды аса көрнекті еңбектермен байытқан ғалымдар, ірі проблемалар жөніндегі зерттеулердің жетекшілері сайланады.

14. Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелері (академиктері) мен корреспондент мүшелерінің жалпы санын Қазақ ССР Ғылым академиясының ұсынысы бойынша Қазақ ССР Министрлер Советі белгілейді.

III. Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелері (академиктері) мен корреспондент мүшелерін сайлау тәртібі

15. Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелері мен корреспондент мүшелерін сайлау СССР Ғылым академиясымен келісіп алынып жүргізіледі және оны Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумы былайша тағайындайды:

а) бар бос орындардың шегінде — Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумы белгілейтін мамандықтар бойынша;

б) Қазақ ССР Министрлер Советі жаңа бос орындарды белгілеген ретте — осыған байланысты пайда болған бос орындарға.

Сайлауды өткізу мерзімін Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумы белгілейді.

16. Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелері мен корреспондент мүшелерінің сайлауын өткізу туралы Қазақ ССР Ғылым академиясы Президиумының хабары СССР Ғылым академиясы Президиумының тиісті қаулысы қабылданғаннан кейін, сайлаудан екі ай бұрын республикалық баспасөзде қазақ және орыс тілдерінде жарияланады.¹

17. Ғылыми мекемелер мен жоғары оқу орындарының советтеріне, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарға, ғылым академияларының толық мүшелері мен корреспондент мүшелеріне жарияламада көрсетілген мамандықтар бойынша Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелігі мен корреспондент мүшелігіне кандидаттардың есімдерін хабар жарияланған күннен бастап бір ай ішінде Қазақ ССР Ғылым академиясына тиісінше негіздей отырып, жазбаша хабарлау правосы беріледі.

Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелігі мен корреспондент мүшелігіне ұсынылған және Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумы тіркеген кандидаттардың есімдері сайлауға дейін кемінде 15 күн бұрын республикалық баспасөзде жарияланады.

18. Қазақ ССР Ғылым академиясының Жалпы жиналысы, Президиумы және Қазақ ССР Ғылым академиясының тиісті бөлімшелерінің жалпы жиналыстары Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелігі мен корреспондент мүшелігіне ұсынылып, тіркелген кандидатура-

¹ 16-пунктке Қазақ ССР Министрлер Советінің 1980 ж. 26 майдағы № 217 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1980 ж., № 11, 34-ст.).

ларды талқылаған кезде олар жөнінде СССР Ғылым академиясының тиісті бөлімшелерінің Бюросы жасаған ұсыныстарды ескереді.¹

19. Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелері мен корреспондент мүшелерін бөлімшелердің жалпы жиналыстары сайлаған кандидаттардың ішінен Ғылым академиясының Жалпы жиналысы сайлайды.

Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелігіне ұсынылмаған мамандықтар бойынша сайлауды Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумы сайлаған кандидаттардың ішінен Қазақ ССР Ғылым академиясының Жалпы жиналысы өткізеді.

20. Бөлімшенің Жалпы жиналысында толық мүшелікке (академиктікке) кандидаттар сайлаған кезде Қазақ ССР Ғылым академиясының сол бөлімшесінде есепте тұратын толық мүшелерінің шешуші дауыс правосы болады.

Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшелігіне кандидаттарды сайлағанда бөлімшенің Жалпы жиналысында сондай-ақ Қазақ ССР Ғылым академиясының сол бөлімшесінде есепте тұратын корреспондент мүшелерінің де шешуші дауыс правосы болады.

21. Бөлімшенің Жалпы жиналысының Қазақ ССР Ғылым академиясының осы бөлімшеде тұратын толық мүшелерінің тізімдегі құрамының кемінде 2/3-сі болғанда Ғылым академиясының толық мүшелігіне кандидаттар сайлауды, ал Қазақ ССР Ғылым академиясының сол бөлімшесінде тұратын толық мүшелері мен корреспондент мүшелерінің тізімдегі құрамының кемінде 2/3-сі болғанда Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшелігіне кандидаттар сайлауды өткізуге праволы.

Қазақ ССР Ғылым академиясының сайлау кезінде шетелдерде командировкада жүрген толық мүшелері мен корреспондент мүшелері бөлімшенің тізімдегі құрамына енгізілмейді. Жекелеген реттерде Қазақ ССР Ғылым академиясы Президиумының арнаулы шешімімен Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелері мен корреспондент мүшелерінің тізімдегі құрамына сондай-ақ Қазақ ССР Ғылым академиясының денсаулық жайы немесе басқа ерекше жағдайлар олардың мәжілістер мен дауыс беруге қатысуына мүмкіндік бермейтін толық мүшелері мен корреспондент мүшелері енгізілмеуі мүмкін.

22. Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелігі мен корреспондент мүшелігіне кандидаттар сайлау бөлімшенің жалпы жиналыстарында жасырын дауыс беру арқылы жүргізіледі.

Ең көп дауыс алған, бірақ Қазақ ССР Ғылым академиясының сол бөлімшесіндегі толық мүшелерінің тізімдегі құрамының кемінде 2/3-сінің дауысын алған ғалымдар Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелігіне кандидаттар болып сайланған деп саналады.

Ең көп дауыс алған, бірақ Қазақ ССР Ғылым академиясының сол бөлімшесіндегі толық мүшелері мен корреспондент мүшелерінің тізімдегі құрамының кемінде 2/3-сінің дауысын алған ғалымдар Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшелігіне кандидаттар болып сайланды деп саналады.

Толық мүшелікке және корреспондент мүшелікке кандидаттарды сайлау Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумында (19-пункт) дауысты жасырын беру арқылы жүргізіледі.

Ең көп дауыс алған, бірақ Қазақ ССР Ғылым академиясы Президиумы мүшелерінің тізімдегі құрамының кемінде 2/3-сінің дауысын ал-

¹ 18-пунктке Қазақ ССР Министрлер Советінің 1980 ж. 26 майдағы № 217 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1980 ж., № 11, 34-ст.).

ған ғалымдар Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелігіне және корреспондент мүшелігіне кандидаттар болып сайланды деп саналады.

23. Қазақ ССР Ғылым академиясының Жалпы жиналысында Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелері мен корреспондент мүшелерін сайлауды өткізген кезде Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелерінің шешуші дауыс правосы болады.

Қазақ ССР Ғылым академиясының Жалпы жиналысы, егер онда Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелерінің тізімдегі құрамының кемінде $\frac{2}{3}$ -сі қатысса, сайлауды өткізуге праволы.

24. Қазақ ССР Ғылым академиясының Жалпы жиналысында Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелері мен корреспондент мүшелерін сайлау дауысты жасырын беру жолымен өткізіледі. Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелерінің тізімдегі құрамының кемінде $\frac{2}{3}$ -сінің дауысын алған ғалымдар сайланған деп саналады.

Қазақ ССР Ғылым академиясының сайлау кезінде шетелдерде командировкада жүрген толық мүшелері тізімдегі құрамға енгізілмейді. Ерекше реттерде Жалпы жиналыста толық мүшелердің тізімдегі құрамына Қазақ ССР Ғылым академиясы Президиумының арнаулы шешімімен сондай-ақ денсаулық жайы олардың дауыс беруге қатысуына мүмкіндік бермейтін Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелері де енгізілмеуі мүмкін.

25. Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелігі мен корреспондент мүшелігіне осы Уставқа сәйкес сайланған ғалымдар Қазақ ССР Ғылым академиясы мүшелерінің міндеттерін атқарады және сайланған күннен бастап олар өздеріне белгіленген праволармен пайдаланады.

IV. Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелері (академиктері) мен корреспондент мүшелерінің міндеттері мен праволары

26. Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшесі мен корреспондент мүшесінің негізгі міндеті: өзі жүзеге асыратын зерттеулер, жетекші ғылыми проблемаларды коллективтік түрде шешуді және бұл жұмысқа ғылыми басшылық етуді ұйымдастыру жолымен ғылымды жаңа жетістіктермен және жаңалықтармен байыту, өзі сайланған ғылым бағытының нәтижелілігі үшін жауап беру.

Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелері мен корреспондент мүшелері Қазақ ССР Ғылым академиясына жүктелген міндеттерді орындауға белсене қатысуға тиіс.

Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелері мен корреспондент мүшелерінің мынадай праволары бар: Қазақ ССР Ғылым академиясының тиісті бөлімшесі мен Президиумының шешімі бойынша олар өздері жүзеге асыратын ғылыми жұмыстарды жүргізу үшін оларға Қазақ ССР Ғылым академиясы Президиумының қажетті жағдайлар жасап беруін сұрауға; өздері құрамына кіретін Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумы мен бөлімше бюросының қарауына ғылыми және ғылыми-ұйымдастыру мәселелерін ұсынуға, сондай-ақ Академияның Президиумы мен бөлімшелердің бюролары арқылы мұндай мәселелерді Академияның Жалпы жиналысы мен бөлімшенің Жалпы жиналысының талқылауына енгізуге.

Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелері мен корреспондент мүшелерін ғылыми бөлімдердің (лабораториялардың) басшыларының бос қызмет орындарына тағайындау жекелеген жағдайларда

ерекшелік тәртіп ретінде Қазақ ССР Ғылым академиясы Президиумының шешімімен конкурстан өткізілмей-ақ жүргізіледі.

Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелері мен корреспондент мүшелері ғылыми зерттеулердің жоспарларын әзірлеп, жүзеге асыруға, ғылым жетістіктерін халық шаруашылығына енгізуге және оларды мәдени құрылыста пайдалануға белсене қатысады, ғылыми кадрларды даярлау мен олардың мамандығын көтеру жөнінде жұмыс жүргізеді.

Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелері мен корреспондент мүшелері Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумы мен тиісті бөлімшенің тапсырмаларын орындауға, сондай-ақ Ғылым академиясының Жалпы жиналысы мен тиісті бөлімшенің Жалпы жиналысының жұмысына қатысуға міндетті.

27. Қазақ ССР Ғылым академиясының әрбір толық мүшесі мен корреспондент мүшесі өзінің ғылыми мамандығына сәйкес Қазақ ССР Ғылым академиясы бөлімшелерінің бірінің мүшесі болып табылады.

Толық мүшелер мен корреспондент мүшелер басқа бөлімше мүшелерінің тізімдегі құрамының дауысты жасырын бергенде 2/3 дауысы бойынша келісімін алған ретте бір бөлімшеден екіншісіне ауыса алады.

Қазақ ССР Ғылым академиясының бір бөлімшеде есепте тұратын толық мүшелері мен корреспондент мүшелері басқа бөлімше мүшелерінің тізімдегі құрамы көпшілігінің дауысты жасырын беру арқылы білдірген келісімі бойынша оның жұмысына қатыса алады, олар Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелігі мен корреспондент мүшелігіне кандидаттарды және бөлімшенің академик-секретарын сайлауға қатысу правосынан басқа бөлімше мүшесінің барлық праволарымен пайдаланады.

28. Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелері мен корреспондент мүшелері Ғылым академиясының тиісті бөлімшесіне жыл сайын өз қызметі туралы есеп табыс етеді.

Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелері мен корреспондент мүшелерінің есептері бөлімшелер бюроларының мәжілістерінде және қажетті ретте, Қазақ ССР Ғылым академиясы Президиумының мәжілістерінде тыңдалады.

29. Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелері мен корреспондент мүшелері, егер олардың қызметі ССР Одағына зиян келтіруге бағытталса немесе совет ғалымының жоғары атағына кір келтіретін болса, Қазақ ССР Ғылым академиясы Жалпы жиналысының қаулысы бойынша өз атағынан айрылады.

Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшесін немесе корреспондент мүшесін шығарғанда дауыс берудің сайлау кезінде көзделген тәртібі қолданылады.

V. Қазақ ССР Ғылым академиясының Жалпы жиналысы

30. Жалпы жиналыс Қазақ ССР Ғылым академиясының жоғары органы болып табылады, ол Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелері мен корреспондент мүшелерінен тұрады.

31. Қазақ ССР Ғылым академиясының Жалпы жиналысы:

— республикада ғылымды дамыту мәселелерін қарайды, жаратылыс тану және қоғамдық ғылымдар саласындағы зерттеулердің негізгі бағыттарын белгілейді;

— аса маңызды ұйымдастыру мәселелерін шешеді және ғылыми, ғылыми-ұйымдастыру сипаты бар проблемаларды талқылайды;

— Қазақ ССР Ғылым академиясының қызметі туралы Президиум табыс ететін есептерді жыл сайын тыңдап, бекітеді;

— қажетті ретте, Қазақ ССР Ғылым академиясы бөлімшелерінің, ғылыми мекемелері мен мүшелерінің баяндамаларын тындайды;

— Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелерін, корреспондент мүшелерін, Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумын сайлайды;

— Академияның бөлімшелерінің академик-секретарьлары мен ғылыми-зерттеу мекемелерінің директорларын қызметке бекітеді.

32. Қазақ ССР Ғылым академиясы Жалпы жиналысының сессиялары керектігіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет шақырылады. Жалпы жиналыстың талқылауына қандай да бір мәселе қойғысы келген Академияның әрбір мүшесі бұл туралы Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумына жазбаша түрде алдын ала хабарлауға тиіс.

33. Жалпы жиналыста Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелері шешуші дауыс правосымен пайдаланады. Ғылым академиясының корреспондент мүшелері кеңесші дауыс правосымен пайдаланады.

34. Қазақ ССР Ғылым академиясының Жалпы жиналысында мәселелер осы Уставқа лайық шешім қабылдау үшін дауыстың кемінде 2/3-сі талап етілетін жағдайлардан басқа ретте Қазақ ССР Ғылым академиясының қатысып отырған толық мүшелерінің жай көпшілік дауысымен шешіледі.

VI. Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумы

35. Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумы Академияның президенті, вице-президенттері, Президиумының бас ғылыми секретары, бөлімшелердің академик-секретарьлары және Қазақ ССР Ғылым академиясының Жалпы жиналысы белгілейтін мөлшерде Президиумының басқа да мүшелері құрамында құрылады.

36. Қазақ ССР Ғылым академиясы Президиумының мүшелерін Ғылым академиясының Жалпы жиналысы Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелері мен ерекшелік ретінде, корреспондент мүшелері ішінен бес жыл мерзімге сайлайды.

37. Бөлімшелердің академик-секретарьларын бөлімшелердің жалпы жиналыстары олардың құрамына кіретін Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелері мен ерекшелік ретінде, корреспондент мүшелері ішінен жасырын дауыс беру арқылы жай көпшілік дауыспен бес жыл мерзімге сайлайды және оларды Қазақ ССР Ғылым академиясының Жалпы жиналысы бекітеді.

38. Қазақ ССР Ғылым академиясы Президиумының бас ғылым секретарын Президиум Ғылым академиясының мүшелері ішінен жасырын дауыс беру арқылы жай көпшілік дауыспен бес жыл мерзімге сайлайды.

39. Ғылым академиясының президентін, вице-президенттерін сайлау, бөлімшелердің академик-секретарьларын бекіту және Қазақ ССР Ғылым академиясы Президиумының басқа мүшелерін сайлау жасырын дауыс беру арқылы жай көпшілік дауыспен, бір мезгілде, бес жылда бір рет жүргізіледі.¹

40. Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумын сайлаған кезде оның құрамын үнемі жаңартып отыру мен басшылықтың сабақтастығы принципі сақталады.

41. Президент, вице-президенттер, бас ғылыми секретарь мен Академия Президиумының басқа мүшелері арасында міндеттерді бөлуді Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумы белгілеп береді.

¹ 36, 37, 38 және 39-пункттерге Қазақ ССР Министрлер Советінің 1980 ж. 26 майдағы № 217 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР КЖ, 1980 ж., № 11, 34-ст.).

42. Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумы Ғылым академиясының Жалпы жиналысының шешімдерін жүзеге асырады және Жалпы жиналыстың сессиялары аралығындағы кезеңде Академияның барлық қызметіне басшылық жасайды.

Ғылым академиясының Президиумы өзінің барлық қызметінде Академияның Жалпы жиналысына есеп беріп отырады. Президиум Жалпы жиналыстың сессиялары аралығындағы кезеңде өзі қабылдаған аса маңызды шешімдер туралы Жалпы жиналысқа баяндап отырады.

43. Қазақ ССР Ғылым академиясының Жалпы жиналысы Ғылым академиясы Президиумының жекелеген мүшелерін Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелерінің тізімдегі құрамының дауысты жасырын беру арқылы 2/3 көпшілік дауысымен мерзімінен бұрын босата алады және шығып қалғандардың орнына Академия Президиумының кезекті сайлауына дейінгі қалған мерзімге Президиумның жаңа мүшелерін Академияның осы Уставы белгілеген тәртіппен сайлай алады.

44. Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумы:

а) Ғылым академиясы Жалпы жиналысының сессияларын шақырады;

б) республикада жаратылыс тану және қоғамдық ғылымдар жөніндегі аса маңызды ғылыми-зерттеу жұмыстарының үйлестіру жоспарларын белгіленген тәртіп бойынша табыс етіп, бекітеді;

в) жаратылыс тану және қоғамдық ғылымдар саласында зерттеулердің дамуына бақылауды жүзеге асырады;

г) Ғылым академиясының өз міндеттерін орындауы үшін қажетті ғылыми-зерттеу және көмекші мекемелер мен кәсіпорындарды белгіленген тәртіп бойынша құрады, қайта құрады және жояды, осы мекемелер мен кәсіпорындар туралы ережені бекітеді;

д) жаратылыс тану және қоғамдық ғылымдардың аса маңызды проблемалары жөніндегі ғылыми советтердің құрамын, сондай-ақ ғылыми қоғамдар мен комиссиялардың құрамдарын бөлімшелердің ұсынуы бойынша бекітеді;

е) Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми мекемелерінің қызметіне кемінде 3 жылда бір рет баға береді және олардың жұмысының бағыты мен мамандығын белгілейді;

ж) ғылыми симпозиумдар, конференциялар мен кеңестер шақырады, ғылыми экспедициялар ұйымдастырады;

з) бөлімшелер мен ғылыми мекемелердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарларын, Қазақ ССР Ғылым академиясы басылымдарының жоспарларын бекітеді және осы жоспарлардың орындалуын бақылайды;

и) ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін халық шаруашылығына енгізуді және оларды мәдени құрылыста пайдалануды қамтамасыз ететін шаралар қабылдайды;

к) Қазақ ССР Ғылым академиясының қызметі туралы жылдық есептерді Ғылым академиясының Жалпы жиналысының талқылауы мен бекітуіне табыс етеді;

л) аса көрнекті ғылыми еңбектер, жаңалықтар мен өнертабыстары үшін аса көрнекті ғалымдар атындағы сыйлықтарды береді;

м) СССР Ғылым академиясына Қазақ ССР Ғылым академиясының халықаралық байланыстары туралы ұсыныстар енгізеді, шетелдердің ғылым академияларымен және басқа ғылыми мекемелерімен ғылыми байланыстарды белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырады;

н) ғылыми кадрларды даярлауға және Академияның ғылыми қызметкерлерінің мамандығын арттыруға басшылық жасайды.

45. Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумы ғылыми-зерт-

теу институттары директорларының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасарлары мен ғылыми секретарьларын, бөлімдері (лабораториялары) менгерушілерін қызметке бекітеді; «аға ғылыми қызметкер» ғылыми атағына ұсынады; ғылым мекемелердің ғылым советтері мен Академия журналдарының редакциялық коллегияларының нақты құрамын бекітеді.

46. Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумы Ғылым академиясының бас кредит несі болып табылады: Академияның жылдық сметасын бекітеді, республика Үкіметі бөлген қаржыны ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарына сәйкес Ғылым академиясының мекемелеріне бөліп береді, Академия мекемелерінің қаржыларды дұрыс жұмсауын бақылайды.

47. Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумы Академияның барлық мекемелері мен лауазымды адамдарының академияның Уставын сақтауына бақылауды жүзеге асырады.

48. Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумы жанында мыналар болады:

- а) Өндіргіш күштерді зерттеу жөніндегі совет;
- б) Редакциялық-баспа советі;
- в) Қазақ ССР Ғылым академиясының «Ғылым» баспасы;
- ғ) Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасы;
- д) ведомство аралық ғылыми советтер мен комссиялар;
- е) философия және шетел тілдері кафедралары;
- ж) шаруашылық есеп негізінде жұмыс істейтін кәсіпорындар мен ұйымдар.

49. Қазақ ССР Ғылым академиясы Президиумының Ғылым академиясының Президиумы бекітетін ережелер негізінде жұмыс істейтін қызмет аппараты болады.

VII. Қазақ ССР Ғылым академиясының бөлімшелері

50. Қазақ ССР Ғылым академиясының бөлімшесі Ғылым академиясына ғылымның бір немесе бірнеше салаларының ғалымдарын, ғылыми мекемелерін, ғылыми советтерін, ғылым қоғамдарын біріктіретін ғылыми және ғылым-ұйымдастыру орталығы болып табылады.

Қазақ ССР Ғылым академиясының бөлімшесі ғылымның тиісті саласында зерттеулерді дамыту мен үйлестіру үшін, сондай-ақ бөлімше біріктіріп отырған ғылым мекемелердің, советтер мен қоғамдар жұмысының жайы үшін Қазақ ССР Ғылым академиясының Жалпы жиналысы мен Президиумының алдында жауап береді және есеп береді.

51. Қазақ ССР Ғылым академиясының бөлімшесінің Жалпы жиналысы бөлімшенің жоғары органы болып табылады, ол Ғылым академиясының сол бөлімшедегі толық мүшелері мен корреспондент мүшелерінен тұрады.

Бөлімшенің Жалпы жиналысы:

а) ғылымның тиісті саласын дамыту мен жоспарлаудың, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін халық шаруашылығына енгізудің және оларды мәдени құрылыста пайдаланудың негізгі бағыттары мен принциптік мәселелерін қарайды;

б) ғылыми зерттеулердің нәтижелерін талқылайды, ғылымның тиісті саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарының жиынтық жоспарларын қарап, Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумына бекітуге табыс етеді;

в) ғылымның өз саласындағы жұмыстардың бағытын, жұмыс істеп тұрған ғылыми-зерттеу мекемелерінің мамандануын және жаңаларын

ұйымдастыру мәселелерін талқылайды және Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумына тиісті ұсыныстар енгізеді;

г) бөлімшелер жанынан ғылыми советтер, ғылыми қоғамдар мен комиссиялар ұйымдастырады, олардың құрамын Академия Президиумының бекітуіне табыс етеді;

д) бөлімшенің ғылыми мекемелерінде ғылыми жұмыс және кадрлар даярлау туралы, сондай-ақ аяқталған ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін халық шаруашылығына енгізу және оларды мәдени құрылыста пайдалану жөніндегі қызмет туралы есептерді тындайды;

е) бөлімшенің жұмысы туралы есепті тындап, бекітеді;

ж) бөлімшенің бюросын академик-секретарь, академик-секретарьдың орынбасарлары және бөлімше бюросының басқа да мүшелері құрамында сайлайды;

з) Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелігіне ұсынылған мамандықтар бойынша Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелігіне және корреспондент мүшелегіне кандидаттарды сайлайды;

и) Қазақ ССР Ғылым академиясының тиісті бөлімшесінің ғылыми-зерттеу мекемелерінің директорларын сайлайды;

к) әзірленетін ғылыми проблемалар және ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру мәселелері бойынша негізгі қорытындылар мен міндеттерді талқылау үшін ғылыми сессиялар, конференциялар мен кеңестер шақырады.

52. Бөлімшенің жалпы жиналыстарының аралығындағы кезеңде бөлімше жұмысына бөлімшенің бюросы басшылық жасайды, оны бөлімшенің академик-секретары басқарады.

Бөлімшенің академик-секретарын бөлімшенің Жалпы жиналысы осы Уставтың 37-пунктінде белгіленген тәртіппен сайлайды.

Академик-секретарьдың орынбасарлары мен Бөлімшенің Бюро мүшелерін тиісті Бөлімшенің Жалпы жиналысы Бөлімше мүшелерінің ішінен бес жылға сайлайды және оларды Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумы бекітеді.¹

Бөлімшенің академик-секретарының орынбасарлары мен бюро мүшелері дауысты жасырын беру арқылы жай көпшілік дауыспен сайланады.

Бөлімшенің басшыларын сайлаған кезде басшылықты үнемі жаңартып отыру және оның сабақтастығы принципі сақталады.

Бөлімшенің ғылыми секретарын ғылыми дәрежесі және ғылыми-ұйымдастыру жұмысында тәжірибесі бар мамандардың ішінен бөлімшенің академик-секретарының ұсынуы бойынша Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумы тағайындайды.

53. Бөлімшенің бюросы:

а) бөлімшенің Жалпы жиналысын шақырады;

б) бөлімшенің компетенциясына жатқызылған ғылыми және ғылыми-ұйымдастыру мәселелерін бөлімшенің Жалпы жиналысында қарауға әзірлеуді ұйымдастырады; Академияның, бөлімшенің жалпы жиналыстарының, сондай-ақ Қазақ ССР Ғылым академиясы Президиумының шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді; проблемалар жөніндегі ғылыми советтерге жалпы басшылықты жүзеге асырады, ғылыми әзірлемелердің нәтижелерін халық шаруашылығына енгізуді ұйымдастырады; бөлімше жанында тұратын ғылыми қоғамдардың, комиссиялар мен журналдардың қызметіне басшылық жасайды;

¹ 52-пункттің үшінші абзацына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1980 ж. 26 майдағы № 217 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР КЖ, 1980 ж., № 11, 34-ст.).

в) бөлімшенің компетенциясына жататып барлық мәселелерге оперативтік басшылықты жүзеге асырады;

г) қазіргі бар ғылыми мекемелердің жұмыс бағыты мен құрылымын өзгерту мәселелерін қарайды, Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумына тиісті ұсыныстар енгізеді;

д) ғылыми мекемелердің ұсынуы бойынша аға ғылыми қызметкерді қызметке бекітеді;

е) институт директорының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасарын, ғылыми секретарын, бөлім (лаборатория) меңгерушісін қызметке бекіту үшін кандидатураларды Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумына ұсынады.

54. Бөлімшенің академик-секретары бөлімшенің компетенциясына жатқызылған мәселелер жөнінде Қазақ ССР Ғылым академиясы Президиумының мәжілістерінде баяндамашы болып табылады, бөлімшенің Жалпы жиналысында председателдік етеді және бөлімшенің Жалпы жиналысы мен Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумына өз әрекеттері жайлы есеп беріп отырады.

55. Бөлімшенің жалпы жиналыстарында Қазақ ССР Ғылым академиясының осы бөлімшедегі толық мүшелері мен корреспондент мүшелерінің шешуші дауыс правосы бар.

Қазақ ССР Ғылым академиясының мүшелері емес институт директорлары бөлімшенің Жалпы жиналысына кеңесші дауыс правосымен қатысады.

56. Осы Уставқа сәйкес, шешімді қабылдау үшін кемінде 2/3 көпшілік дауыс талап етілетін реттерді қоспағанда, бөлімшенің жалпы жиналыстарында мәселелер шешуші дауыс правосымен қатысушылардың жай көпшілік дауысымен шешіледі.

57. Бөлімшенің жұмысы Қазақ ССР Ғылым академиясының бөлімшесі туралы Ережемен регламенттеледі.

VIII. Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми-зерттеу мекемелері

58. Ғылым академиясының ғылыми-зерттеу институттары мен дербес секторлары оның ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі орталықтары болып табылады. Институттың (сектордың) жұмысына бөлімшелер және олар арқылы Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумы басшылық етеді.

59. Институтты (секторды) директор (меңгеруші) басқарады, ол тиісті Бөлімшенің Жалпы жиналысында жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге сайланады және оны Қазақ ССР Ғылым академиясы Президиумының ұсынуы бойынша Қазақ ССР Ғылым академиясының Жалпы жиналысы бекітеді.¹

Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумы бөлімшенің Жалпы жиналысы сессияларының аралығындағы кезеңде институттың (сектордың) директорын (меңгерушісін) мерзімінен бұрын босатып, оның орнына кезекті сайлауға дейін қалған мерзімге жаңа директорын (меңгерушіні) тағайындай алады.

60. Ғылыми-зерттеу институттары мен дербес секторлар Қазақ ССР Ғылым академиясының Жалпы жиналысын бекітетін Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми-зерттеу институты туралы Ереже негізінде жұмыс істейді.

¹ 59-пунктің бірінші абзацына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1980 ж. 26 маыдағы № 217 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР КЖ, 1980 ж., № 11, 34-ст.).

IX. Проблемалар жөніндегі ғылыми советтер

61. Жаратылыс тану және қоғамдық ғылымдардың аса маңызды проблемалары жөніндегі комплексті ғылыми зерттеулерді үйлестіру үшін Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумы мен бөлімшелері жанынан ғылыми советтер (комиссиялар) құрылады.

Ғылыми советтер (комиссиялар) тиісті проблемалар жөніндегі зерттеулердің негізгі бағыттарын белгілейді, олардың әзірлемелерін үйлестіреді және жұмыс жоспарының орындалуына бақылауды жүзеге асырады.

62. Ғылыми советтің (комиссияның) пақты құрамын тиісті бөлімше бюросының ұсынуы бойынша Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумы бекітеді.

63. Ғылыми советтер (комиссиялар) Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумы бекітетін олар туралы Ереже негізінде жұмыс істейді.

X. Қазақ ССР Ғылым академиясының ерекше праволары

64. Қазақ ССР Ғылым академиясы ғалымдардың қолжазбаларын, сондай-ақ Ғылым академиясы мекемелерінің архив материалдарын және ғылым тарихы үшін маңызы бар басқа да материалдарды, оларды жалпы мемлекеттік архив қоймаларына өткізбей-ақ, сақтауға праволы.

65. Қазақ ССР Ғылым академиясы өзінің ғылыми басылымдарын белгіленген тәртіп бойынша айырбастауға және шетелдерге жіберуге және шетелдерден ғылыми сипаты бар түрлі кітаптар мен мерзімді басылымдарды алып тұруға праволы.

66. Қазақ ССР Ғылым академиясының Жалпы жиналысы мен Қазақ ССР Ғылым академиясы Президиумының Қазақ ССР Мемлекеттік гербі бейнеленген және біріншісінде «Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Ғылым академиясының Жалпы жиналысы», екіншісінде — «Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Ғылым академиясының Президиумы» деп қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

XI. Уставты өзгерту тәртібі

67. Қазақ ССР Ғылым академиясының Уставы Қазақ ССР Ғылым академиясының Жалпы жиналысының Қазақ ССР Ғылым академиясы толық мүшелерінің жалпы санының кемінде 2/3 көпшілік дауысымен қабылданған шешімі бойынша өзгертіледі және оны Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

**ТАБИҒАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҒЫЛЫМДАР
САЛАСЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ КОМПЛЕКСТІ
ПРОБЛЕМАЛАР ЖӨНІНДЕГІ ҒЫЛЫМИ
СОВЕТТЕР ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ
БЕКІТУ ТУРАЛЫ**

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТИНІҢ
1964 жылғы 25 ноябрьдегі № 809
ҚАУЛЫСЫ**

Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

Табиғат және қоғамдық ғылымдар саласындағы маңызды комплексті проблемалар жөніндегі ғылыми Советтер туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің
1964 жылғы 25 ноябрьдегі № 809
қаулысымен*

БЕКІТІЛГЕН

**ТАБИҒАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҒЫЛЫМДАР САЛАСЫНДАҒЫ
МАҢЫЗДЫ КОМПЛЕКСТІ ПРОБЛЕМАЛАР ЖӨНІНДЕГІ
ҒЫЛЫМИ СОВЕТТЕР ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ¹**

I. Жалпы ережелер

1. Табиғат және қоғамдық ғылымдардың маңызды комплексті проблемалары жөніндегі ғылыми советтер Қазақ ССР Ғылым академиясының Уставына сәйкес, Ғылым академиясы бөлімшелері жанынан ұйымдастырылады.

2. Комплексті проблемалар жөніндегі ғылыми советтер:

а) проблема бойынша ғылым зерттеулердің негізгі бағыттарын анықтайды, сондай-ақ маңызды зерттеулерді экономикалық және әлеуметтік дамудың мемлекеттік жоспарына енгізу туралы ұсыныстарды береді;

б) ғылыми зерттеулер жүргізу жоспарларын үйлестіреді, жұмыс жоспарының орындалуына бақылауды жүзеге асырады, аяқталған жұмыстарды енгізуге және олардың жариялануына көмектеседі.

3. Комплексті проблемалар жөніндегі ғылыми советтер құрамында осы проблеманы жасауға қатысатын мекемелердің жетекші ғалымдары мен мамандары болады.

Комплексті проблемалар жөніндегі ғылыми советтің қызметкер құрамын тиісті бөлімшелер Бюроларының ұсынуы бойынша Қазақ ССР Ғылым академиясының президиумы бекітеді.

4. Табиғат және қоғамдық ғылымдардың комплексті проблемалары жөніндегі ғылыми советтер тиісті бөлімшелердің басшылығымен жұмыс істейді.

¹ 1-пунктке ескерту және 4-пунктің екінші абзацы Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

II. Ғылыми советтің негізгі міндеттері

1. Проблема жөніндегі зерттеулердің қазіргі жайын талдау мен жинақтау, сондай-ақ оларды одан әрі дамытудың перспективалары мен жолдарын анықтау.

2. Қазақ ССР Ғылым академиясының, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары және жоғары оқу орындары мекемелерінің проблемалары жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарын қарау мен үйлестіру, олардың экономикалық және әлеуметтік дамудың мемлекеттік жоспары мен ғылымды дамытудың перспективалық жоспарларына сай келуін тексеру және проблема жөніндегі жиынтық жоспарды жасау. Проблема жөніндегі баспа жоспарларын талқылау мен келісу.

3. Тұтас алғанда проблема жөнінде немесе жекелеген тақырыптар мен бөлімдер бойынша перспективалық емес ғылыми-зерттеу жұмыстарын тоқтату туралы ұсыныстарды енгізу.

4. Проблема жөніндегі ғылыми конференцияларды, дискуссияларды, сессияларды, семинарларды және кеңестерді жоспарлау.

5. Ғылыми-зерттеу мекемелері, жоғары оқу орындары, жобалау ұйымдары мен кәсіпорындары арасындағы проблема бойынша ғылыми-зерттеу және конструкторлық жұмыстарды жүргізу процесінде туатын даулы мәселелер жөнінде ұсыныстар енгізу.

6. Проблема жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін жинақтау және оларды халық шаруашылығы мен мәдениетке енгізу үшін ұсыныстар жасау.

III. Ғылыми советтің праволары

1. Ғылыми советтің мынадай праволары бар:

а) Проблемаларды шешуге қатысатын мекемелер мен ұйымдар жұмыстарының жайымен танысуға және олардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының бекітілген жоспар-тапсырмаларын дер кезінде орындауын бақылауға;

б) белгілі бір ғылым саласындағы зерттеулердің жайы туралы және проблеманы шешетін мекемелерде проблема жөніндегі жоспарлы жұмыстарды орындаудың барысы туралы баяндамаларды тыңдауға, сондай-ақ қажетті ұсыныстар беруге;

в) мүдделі мекемелерді, ұйымдар мен ғылыми жұртшылықты қатыстыра отырып, жекелеген мәселелер бойынша конференциялар, ғылыми сессиялар мен кеңестер ұйымдастыруға, оларда жұмысты қорытындылауға және зерттеулердің кезектегі міндеттерін анықтауға, ғылымның белгілі бір саласын одан әрі дамыту жолдарын белгілеу мақсатымен даулы мәселелер бойынша творчестволық дискуссиялар жүргізуге;

г) проблема жөніндегі ғылыми зерттеулерді дамыту мен қамтамасыз ету және мекемелер арасындағы жұмыстарды бөлу жөніндегі ұсыныстарды жасауға;

д) проблема жөніндегі ғылыми жұмыстарды баспаға ұсынуға праволары бар.

2. Проблема жөніндегі ғылыми советтердің ұсыныстары Қазақ ССР Ғылым академиясының, министрліктерінің, ведомстволарының және жоғары оқу орындарының ғылыми мекемелері үшін міндетті болып табылады.

3. Ғылыми советтердің комплексті проблемалар жөніндегі шешімдері ғылыми советтердің мәжілісіне қатысқан мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады.

IV. Ғылыми советтің жұмысын ұйымдастыру

1. Комплексті проблемалар жөніндегі ғылыми советтердің мәжілістері тоқсан сайын кемінде бір рет шақырылады.

2. Комплексті проблемалар жөніндегі ғылыми советтің жұмысына ағымдағы басшылықты ғылыми советтің Бюросы жүзеге асырады.

3. Комплексті проблемалар жөніндегі ғылыми совет жеке мәселелер жөніндегі жұмысты қамтамасыз ету үшін Қазақ ССР Ғылым академиясының рұқсаты бойынша өзінің құрамында тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін комиссиялар мен секциялар құра алады.

4. Ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындары ғылыми советтерге бір жыл ішінде атқарылған тақырыптық жұмыстар туралы есеп береді.

5. Комплексті проблемалар жөніндегі ғылыми совет Қазақ ССР Ғылым академиясының тиісті бөлімшесінің Бюросына және ғылыми жұмыстарды үйлестіру жөніндегі советке өзінің жұмысы туралы жоспарлар мен есептер береді.

6. Комплексті проблемалар жөніндегі ғылыми советтердің финанс-шаруашылық қызметі (конференциялар, кеңестер және басқаларын ұйымдастыру), Қазақ ССР Ғылым академиясының тиісті институтына жүктеледі.

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ 1967 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ

1968 жылғы 15 майдағы № 274

ҚАУЛЫСЫ

(Үзінді)

2. Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін өндіріске енгізуді жеделдету үшін Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарына жартылай өнеркәсіптік сынаулар жүргізу үшін кәсіпорындар мен ұйымдардың тәжірибе-эксперименттік цехтары мен тәжірибе учаскелерін Қазақ ССР Ғылым академиясының қарауына беріп отыру міндеттелсін.

**§ 3. ҒЫЛЫМИ КАДРЛАР.
ҒЫЛЫМИ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУ
ЖӘНЕ АТТЕСТАЦИЯЛАУ**

**«ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНДА
«ҚҰРМЕТТІ АКАДЕМИК» ЖӘНЕ «АКАДЕМИК»
АТАҚТАРЫН БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ**

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТИНІҢ
1956 жылғы 29 мартағы № 179
ҚАУЛЫСЫ**

Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:
ССР Одағы Министрлер Советінің 1956 жылғы 20 февральдағы
№ 255 қаулысына¹ сәйкес Қазақ ССР Ғылым академиясында «Республика Ғылым академиясының құрметті және толық мүшесі» атақтары орнына «Құрметті академик» және «Академик» атақтары белгіленсін және бұдан былай олар Қазақ ССР Ғылым академиясының «Құрметті академигі» және «Академигі» деп аталатын болсын.

¹ СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз.

**КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ
МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТИНІҢ
«ҒЫЛЫМИ КАДРЛАРДЫ ІРІКТЕУ МЕН ДАЯРЛАУДЫ
ОДАН ӘРІ ЖАҚСARTУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ»
1962 ЖЫЛҒЫ 12 МАЙДАҒЫ № 441 ҚАУЛЫСЫН
ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ¹**

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН
ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТИНІҢ
1962 жылғы 15 сентябрьдегі № 688
ҚАУЛЫСЫ

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Ғылыми кадрларды іріктеу мен даярлауды одан әрі жақсарту жөніндегі шаралар туралы» 1962 жылғы 12 майдағы № 441 қаулысына² сәйкес Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

2. Ғылыми жұмыста пайдалану үшін аса қабілетті жас мамандарды іріктеуді жақсарту мақсатында Қазақ ССР Ғылым академиясына, ал басқа министрліктер мен ведомстволардың ірі ғылыми-зерттеу мекемелері және жоғары оқу орындарына Қазақ ССР Министрлер Советінің Ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру жөніндегі мемлекеттік комитетімен³ келісе отырып, өздерінің штаттарына еңбек жөніндегі бекітілген жоспар шегінде стажер-зерттеушілер қызметін енгізуге рұқсат етілсін.

3. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне жоғары оқу орындарын бітірушілердің жыл сайынғы ведомствоаралық бөлу жоспарларында Қазақ ССР Ғылым академиясына, министрліктер мен ведомстволардың стажер-зерттеушілер етіп алуы үшін жас мамандарға заявқаларын қанағаттандыруды көздеу тапсырылсын.

5. Ғылыми-зерттеу мекемелерінің, жоғары оқу орындарының және өндірістің ғылыми қызметкерлеріне диссертациялық жұмыстарды әзірлеу мен қорғауға қолайлы жағдайлар жасау үшін:

а) Қазақ ССР Министрлер Советінің Ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру жөніндегі Мемлекеттік комитетке, Қазақ ССР Ғылым академиясына, Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне, Қазақ ССР Денсаулық сақтау және Ауыл шаруашылығы министрліктеріне ізденушілер мен аспиранттардың олардың диссертациялық жұмыстарында ғылыми нәтижелер жөніндегі мақалаларын ғылыми, ғылыми-көпшілік журналдарға бастыруды қамтамасыз етуге шаралар алу тапсырылсын;

б) Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне қосымшаға сәйкес тақырыптық жинақтар (9 атау бойынша жылына жалпы көлемі 270 баспа табақ) шығаруға рұқсат етілсін;

в) аспиранттар мен ізденушілердің ғылыми жұмыстарын «Здравоохранение Казахстана» журналында жариялау мүмкіндіктерін жасау

¹ Мыналар күштерін жойды деп танылды: 1-пункт — Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1981 ж. 8 декабрьдегі № 504 қаулысымен, 7-пункт — Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1968 ж. 25 октябрьдегі № 653 қаулысымен (Қазақ ССР ҚЖ, 1968 ж., № 21, 136-ст.).

4. 8-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

² СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз.

³ 30-беттегі түсірмені қараңыз.

үшін Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігіне журнал көлемін 12 баспа табаққа дейін арттыруға рұқсат етілсін;

ғ) республиканың ғылыми-зерттеу мекемелерінің директорлары, жоғары оқу орындарының ректорлары және кәсіпорындардың басшылары өздерінің ғылыми мамандығын арттырумен айналысатын адамдарға жан-жақты көмек көрсетуге міндеттелсін.

6. Қазақ ССР Ғылым академиясына, Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі ірі өнеркәсіп орталықтары жанынан республиканың ғылыми-зерттеу мекемелері, жоғары оқу орындары мен кәсіпорындарының сырттан оқитын аспиранттары және ізденушілері үшін ірі ғалымдардың консультацияларын және кандидаттық минимумның емтихандарын қабылдауды ұйымдастыру міндеттелсін.

9. Республиканың ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындарының партия ұйымдарының ғылыми-педагогикалық кадрларын дайындауды ұйымдастыруға және ғылыми дәрежелерді тағайындау жөніндегі жұмысқа, диссертациялық жұмыстардың актуальдылығы мен сапасына айрықша назар бөле отырып, ықпалын күшейту міндеттелсін.

*Қазақстан КП Орталық Комитеті мен
Қазақ ССР Министрлер Советінің
1962 жылғы 15 сентябрьдегі № 688
қаулысына
ҚОСЫМША*

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ АРНАУЛЫ ОРТА БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ БАСЫП ШЫҒАРАТЫН ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖИНАҚТАР

Тақырыптық жинақтардың аттары	Басылым саны жыл ішінде	Бір басылым көлемі (баспа табақ)	Жылдық жалпы көлемі (баспа табақ)
Қоғамдық ғылымдар (тарих, философия, экономика)	4	15	60
Математика және физика	2	15	30
Биология және география	2	15	30
Филология және өнер тану	3	15	45
Педагогика және психология	3	15	45
Химия және химия технологиясы	1	15	15
Металлургия және байыту	1	15	15
Геология және кен ісі	1	15	15
Техникалық ғылымдар (энергетика, машина жасау және тағы басқалары)	1	15	15
Барлығы:	18	135	270

**КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ
МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
«ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
КАДРЛАР ДАЯРЛАУДЫ ЖАҚСARTУ ТУРАЛЫ»
1967 ЖЫЛҒЫ 16 НОЯБРЬДЕГІ №-1064 ҚАУЛЫСЫН
ОРЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРЛАР ТУРАЛЫ¹**

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН
ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1968 жылғы 4 январьдағы № 7
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1968 ж., № 1, 2-ст.)

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлауды жақсарту туралы» 1967 жылғы 16 ноябрьдегі № 1064 қаулысына сәйкес Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне, Қазақ ССР Ғылым академиясына, Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарына ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды ғылыми-зерттеу мекемелері мен жоғары оқу орындарында даярлауды жақсартуға пәрменді шаралар қолдану міндеттелсін. Диссертациялық жұмыстар жаратылыс және қоғамдық ғылымдардың, техниканың, республиканың экономнкасы мен мәдениетінің дамуы үшін аса ерекше маңызы бар ғылыми зерттеулердің логикалық қорытындысы болуға қол жететін болсын.

Ғылыми-зерттеу мекемелері мен жоғары оқу орындары жоғары оқу орнын бітірген, ғылыми жұмысқа ерекше қабілетті адамдарды, өндіріс мамандарын, стажерлер мен ғылыми қызметкерлерді аспирантураға мұқият іріктеп қабылдаудың жоспарын орындауды қамтамасыз етуге тиіс. Бұл іріктеуге аспирантураға ғылыми басшылық жасау жүктелген ғалымдар кеңірек қатыстырылсын.

2. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Қазақ ССР-інің жоғары оқу орындары бар министрліктерімен және ведомстволарымен бірлесе отырып, жас мамандарды жұмысқа жіберудің жоспарын жасағанда ғылыми жағынан ерекше қабілеті бар жас мамандарды ғылыми-педагогикалық жұмысқа дайындау үшін және аспирантураға қабылдау үшін қалдыруды көздеу тапсырылсын.

3. Ғылыми-зерттеу мекемелері мен жоғары оқу орындарының басшыларына мыналар жүктелсін:

— ғылыми жетекшілер мен аспиранттардың кандидаттық диссертацияларды дер кезінде әрі сапалы дайындау жөніндегі жауапкершілігін арттыру;

— аспирантураға қабылданғанда кандидаттық емтихандарды тапсырған мамандарға айырықша праволар беру;

— аспирантураға түсуші мамандар ғылыми жетекшілікке ұйғарылған кісілермен міндетті түрде әңгімелесуден өтетіндей тәртіп белгілеу.

Ғылыми-зерттеу мекемелері мен жоғары оқу орындарының ғылыми советтеріне кандидаттық диссертациялардың тақырыптарын мұқият қа-

¹ 6-пунктің екінші абзацы және 11-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

12-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1967 ж. 16 ноябрьдегі № 1064 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

рау және дер кезінде бекіту, сондай-ақ аспиранттарға ғылыми жетекшілерді тағайындау тапсырылсын. Аспиранттарға ғылыми басшылық жасауға академиктер, Ғылым академиясының мүше-корреспонденттері, ғылым докторлары мен профессорлар кеңінен қатыстырылсын.

Ғылыми-зерттеу мекемелері мен жоғары оқу орындарының ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды аттестациялау жөніндегі советтеріне кафедралардың, бөлімдер мен лабораториялардың жұмысын жақсарту және олардың ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау жөніндегі жұмысы туралы баяндамаларын советтерде тыңдауды практикаға айналдыру тапсырылсын. Диссертацияларды бағалауға зерттеулердің нәтижелеріне мүдделі кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар қатыстырылсын.

4. Ғылыми-зерттеу мекемелері мен жоғары оқу орындарының партия ұйымдарына ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлардың іскерлігі мен идеялық-саяси дәрежесін көтеруге баса назар аудару міндеттелсін. Аспирантураға мамандарды іріктеп алуға және қоғамдық ғылымдармен айналысатын аспиранттармен жұмыс істеуге ерекше назар аударылсын.

Мамандығы жөніндегі ғылымды зерттеумен қатар маркстік-лениндік философияны терең меңгеру, оны ғылыми зерттеулерде және қоғамдық өмір құбылыстарын талдауда қолдана білу — аспиранттардың аса маңызды міндеті болып саналсын.

5. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне мыналар тапсырылсын: Қазақ ССР Ғылым академиясымен, Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігімен, Қазақ ССР-інің министрліктерімен және ведомстволарымен бірлесе отырып, ғылым салалары бойынша бекітілген жоспарлар шегінде мамандықтар бойынша ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлаудың жылдық және перспективалық жоспарларын жасау; жоғары оқу орындары мен салалық ғылыми-зерттеу мекемелері үшін Қазақ ССР Ғылым академиясының аспирантурасы арқылы ғылыми-педагогикалық кадрларды белгілі мақсатпен даярлауды жоспарлау, аспирантураны бітірушілерді облыстардағы жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу мекемелерінің мұқтажын ескере отырып, оларға көбірек жіберу үшін ведомствоаралық бөлу ұйымдастырылсын.

6. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Қазақ ССР Ғылым академиясына, Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды арнаулы аспирантура арқылы және орталық ғылыми мекемелер мен еліміздің жоғары оқу орындарына командировкаға жіберу жолымен даярлауды кеңінен пайдалану міндеттелсін.

7. Республиканың ғылыми орталықтарынан алыс аудандарда орналасқан ғылыми-зерттеу мекемелері мен жоғары оқу орындарында ғылыми-зерттеулерді онан әрі өркендету, ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлауды жақсарту мақсатымен;

Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына республиканың ғылыми орталықтарынан алыс аудандарда орналасқан өз қарамақтарындағы ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындарының кафедраларына, бөлімдер мен лабораторияларына басшылықты нығайту үшін ғалымдарды өз келісімдерімен жіберуге шаралар қолдану міндеттелсін;

еңбекшілер депутаттары облыстық және Алматы қалалық Советтері атқару комитеттеріне қажет болған жағдайда көрсетілген адамдарға негізгі тұратын жерінде пәтерлерін бес жыл мерзімге дейін сақтау тапсырылсын.

8. Республиканың ғылыми-зерттеу мекемелерінің, жоғары оқу орындарының, кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларына мамандардың диссертациялар жазуы үшін өздігінен (аспирантурадан тыс) жұмыс істеуіне қажетті жағдай жасау және олардың бұл жұмысына жәрдем көрсету міндеттелсін.

Ғылыми-зерттеу мекемелері мен жоғары оқу орындарының басшыларына ғылыми дәреже алу үшін дайындалып жүргендерді тиісті кафедраларға, бөлімдер мен лабораторияларға бекіту, оларға маман ғылыми жетекшілер бөлу, сондай-ақ қажетті консультациялар ұйымдастыру тапсырылсын.

9. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне, Қазақ ССР Ғылым академиясына мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып, ғылыми-зерттеу мекемелері мен жоғары оқу орындарының аспиранттармен жүргізген жұмысының қорытындысын жыл сайын қарап отыру, аспирантура арқылы ғылыми кадрлар даярлау жұмысын ірі ғалымдары бар, қажетті лабораториялық-зерттеу базалары бар ғылыми-зерттеу мекемелері мен жоғары оқу орындарына топтастыру тапсырылсын.

10. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне өнер саласындағы орындаушылық және педагогтық мамандар бойынша маман кадрлар даярлау үшін осы мамандықтар жөніндегі аспирантураға қабылдаудың жалпы жоспары шегінде Қазақтың Құрманғазы атындағы мемлекеттік өнер институты жанынан ассистентура-стажировка ұйымдастыру тапсырылсын.

ӨНДІРІСТЕН ҚОЛ ҮЗІП ОҚЫП АСПИРАНТУРАНЫ БІТІРЕТІН АДАМДАРДЫ БӨЛУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ¹

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ

1969 жылғы 26 ноябрьдегі № 702

ҚАУЛЫСЫ

СССР Министрлер Советінің «Өндірістен қол үзіп оқитын аспирантураны бітіретін адамдарды бөлу туралы» 1969 жылғы 19 сентябрьдегі № 758 қаулысына сәйкес Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне өндірістен қол үзіп оқып аспирантураны бітіретін адамдарды республиканың министрліктері мен ведомстволарының ұсыныстары негізінде республика ішінде бөлудің жылдық және перспективалық жоспарларын жасау және бұл жоспарлардың орындалуына бақылау жасау тапсырылсын.

2. Республиканың министрліктері мен ведомстволарына СССР Министрлер Советінің Ғылым мен техника жөніндегі мемлекеттік комитеті 1969 жылғы 17 февральда «Ғылыми қызметкерлер мамандықтарының номенклатурасы туралы» № 43 қаулысында бекіткен номенклатура бойынша мамандығын көрсетіп, аспирантураны бітіретін мамандардың өздеріне қажетті мөлшеріне негізделген заявқаларды белгіленген мерзімде Қазақ ССР Министрлер Советіне және көшірмесін Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне (екі дана) жыл сайын тапсырып отыру міндеттелсін.

¹ 6-пункт СССР Министрлер Советінің 1969 ж. 19 сентябрьдегі № 758 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

3. Қазақ ССР Ғылым академиясына, Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігіне және Қазақ ССР Оқу министрлігіне өздеріне бағынатын ғылыми-зерттеу мекемелері мен жоғары оқу орындарында өндірістен қол үзіп оқып аспирантураны бітіретін адамдардың саны туралы Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне жыл сайын мәліметтер беріп отыру міндеттелсін (мамандықтар бойынша).

4. Өндірістен қол үзіп оқып аспирантураны бітіретін адамдарды бөлудің ішкі республикалық жоспары республика үкіметінің қаулысымен, ал бөлудің ішкі ведомстволық жоспарларын — әрбір министрлік пен ведомство үшін бекітілген жоспарлар шеңберіне министрліктер мен ведомстволар бекітетін болып белгіленсін.

5. Аспиранттар даярлайтын ғылыми-зерттеу мекемелері мен жоғары оқу орындарына өндірістен қол үзіп оқып аспирантураны бітіретін адамдарды оларды бөлудің бекітілген жоспарларына сәйкес жеке-жеке бөлу тапсырылсын.

Аспиранттарды жеке-жеке бөлу жоспарын ғылыми-зерттеу мекемесі немесе жоғары оқу орны қарауында болып отырған министрлік немесе ведомство бекітеді.

**§ 4. ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ
ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНИКАНЫҢ
ЖЕТІСТІКТЕРІН ХАЛЫҚ
ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖЕКЕ САЛАЛАРЫНДА
ПАЙДАЛАНУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ
МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
«БИОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫН ОДАН ӘРІ ДАМУ
ЖӘНЕ ОНЫҢ ПРАКТИКАМЕН БАЙЛАНЫСЫН НЫҒАЙТУ
ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ»
1963 ЖЫЛҒЫ 9 ЯНВАРЬДАҒЫ № 63
ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ¹**

**ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН
ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1963 жылғы 31 мамырдағы № 437
ҚАУЛЫСЫ**

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Қазақ ССР Ғылым академиясы, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі мен республиканың жоғары оқу орындары ғылыми мекемелері арасындағы байланысты биология, ауыл шаруашылығы және медицина ғылымдары саласындағы аса маңызды міндеттерді шешуге ғалымдардың күш-жігерін біріктіретіндей етіп жан-жақты нығайту қажет деп табылсын.

Қазақ ССР Ғылым академиясы табиғат ғылымдары саласындағы ғылыми үйлестірулер мен биологиялық зерттеулерге басшылықты ауыл шаруашылығының, денсаулық сақтаудың, тамақ және жеңіл өнеркәсіптің практикалық міндеттерін ойдағыдай шешуге мүмкіндік беретін ғылыми жұмыстардың нәтижелілігін арттыратындай етіп күшейтетін болсын.

¹ 2—7-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ОНАН ӘРІ ЖАҚСARTУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ¹

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН
ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1969 жылғы 4 февральдағы № 62
ҚАУЛЫСЫ
(Қазақ ССР ҚЖ, 1969 ж., № 3, 16-ст.)

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Ауыл шаруашылығы саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын онан әрі жақсарту жөніндегі шаралар туралы» 1968 жылғы 2 октябрьдегі № 786 қаулысының орындалуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Министрлер Советінің Республнкалық «Қазсельхозтехника» бірлестігіне ғылыми мекемелер жұмысының тиімділігін арттыруға, ауыл шаруашылығы ғылымын өркендетуді жоспарлау жұмысын жақсартуға, ғылыми мекемелер басшыларының өздеріне жүктелген міндеттерді ойдағыдай атқару жөніндегі жауапкершілігін күшейтуге, ауыл шаруашылығы өндірісінде теориялық зерттеулер мен ғылым жетістіктерін практикада пайдалану арасындағы алшақтықты қысқа мерзім ішінде жоюға шұғыл шаралар қолдану міндеттелсін.

2. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігіне мыналар міндеттелсін:

— ғылыми мекемелер жүйесін республиканың табиғи-экономикалық аймақтарына қарай тиімді орналастыру, ұсақ ғылыми-зерттеу мекемелерін ірілендіріп, тиімсіздерін тарату жұмысын одан әрі жүргізе беру.

3. (Екінші абзац) Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Көкшетау, Қарағанды, Целиноград облыстық, Рузаев, Қарабалық ауыл шаруашылығы тәжірибе станциялары мен топырақты эрозиядан қорғайтын Павлодар тәжірибе станциясына егін және астық шаруашылығы мәселелері жөнінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге методикалық көмек көрсету Бүкіл одақтық астық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтына (Шортанды поселкесі) жүктелсін.

5. Селекциялық-тұқым жұмысын ұйымдастыруды жақсарту және оны үйлестіру мақсатымен белгіленген тәртіп бойынша Қазақстанның солтүстік облыстары үшін Бүкіл одақтық астық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының (Шортанды поселкесі) жанынан, республиканың оңтүстік, оңтүстік-шығыс және батыс облыстары үшін Қазақтың В. Р. Вильямс атындағы егін шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты жанынан дәнді, бұршақ дәнді және жарма дақылдары селекциясының ғылыми орталықтарын жасау жөн деп саналсын.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне ғылыми орталықтарды ғылыми кадрлармен нығайту, бұл мекемелерге ғылыми-өндірістік

¹ 2-пункттің үшінші абзацы, 3-пункттің бірінші абзацы, 4 және 7-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

11-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1968 ж. 2 октябрьдегі № 786 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

үйлер салуды тездету, оларды қажетті лабораториялық жабдықпен, механикаландыру құралдарымен қамтамасыз ету шараларын қолдану міндеттелсін.

Аса маңызды ауыл шаруашылығы дақылдарының, ең алдымен дәнді дақылдардың жоғары өнім беретін жана сорттарын шығару үшін таяу жылдар ішінде ғылыми орталықтар жанынан жасанды климат (фитотрон) станциялары мен теплицалар салу қажет деп танылсын.

6. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне және Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігіне «Ауыл шаруашылығы» саласы үшін бөлінген қаражат шегінде 1969 жылдан бастап ғылыми-зерттеу мекемелерінің комплекстерін салуға және оларды ең жаңа лабораториялық жабдықтармен, машиналармен, аппаратуралармен құралдандыруға, сондай-ақ ауыл шаруашылық дақылдары селекциясының ғылыми орталықтары жанынан жасанды климат станциялары мен теплицалар салуға күрделі қаржыны арттыру міндеттелсін.

8. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігіне, Қазақ ССР Министрлер Советінің Орман шаруашылығы мемлекеттік комитетіне насихат, ғылыми-техникалық хабар алмасу, ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы өндірісіне ғылым мен техниканың жетістіктерін, сондай-ақ озық тәжірибені енгізу жұмыстарын ұйымдастыруды едәуір жақсарту тапсырылсын.

9. Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетіне Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің, Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігінің және Қазақ ССР Министрлер Советінің Орман шаруашылығы мемлекеттік комитетінің ауыл шаруашылығы туралы ғылыми-көпшілік әдебиетін басып шығаруды түбірінен жақсарту міндеттелсін. Бұл үшін оларға бөлінген қаражат шегінде ғылым, техника, озық әдіс жетістіктерін өндіріске енгізу жөніндегі ұсыныстарды, методикалық материалдарды, нұсқауларды, каталогтарды, листовкаларды, буклеттерді, плакаттарды, стендке қойылатын әдебиетті, мемлекеттік асыл тұқымды малдарды тіркеу кітаптарды тегін тарату үшін басып шығаруға рұқсат етілсін. Аталған жұмыстарды «Қайнар» баспасының жоспарына енгізіп, оларды полиграфиялық жағынан сапалы етіп дер кезінде шығаруды қамтамасыз ету міндеттелсін.

10. Қазақ ССР Министрлер Советінің Радио хабары және телевизия жөніндегі мемлекеттік комитетіне және оның жергілікті органдарына Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігімен, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігімен, Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігімен, Қазақ ССР Министрлер Советінің Орман шаруашылығы мемлекеттік комитетімен бірлесе отырып, ауыл, су және орман шаруашылықтарындағы ғылым, техника, озық тәжірибе жетістіктерін радио мен телевизия арқылы кеңінен насихаттау, ғалымдарды, өндіріс озаттары мен жаңашылдарды қатыстыра отырып, хабарлардың сапасын жақсарту, хабарлардың түрі мен мазмұны жағынан түрлендіру міндеттелсін.

**РЕСПУБЛИКАНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БОЙЫНША
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ЖҰМЫСЫН
ЖАҚСARTУ ЖӨНІНДЕГІ
ШАРАЛАР ТУРАЛЫ¹**

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН
ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1956 жылғы 21 августығы № 501
ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

II. Ғылыми-зерттеу мекемелерінің жүйесі туралы

8. *(Екінші абзац)* Мемлекеттік ауыл шаруашылығы тәжірибе станцияларының қажет болған жағдайда өзі жұмыс істейтін әр түрлі аймақтарды өзіне бағынатын тәжірибе танаптары мен тірек пункттері болуы мүмкін деп белгіленсін.

Мемлекеттік ауыл шаруашылығы тәжірибе станциялары облыстық ауыл шаруашылығы басқармаларына тікелей бағынады және республикалық бюджет бойынша қаржыландырылады деп белгіленсін.

Мемлекеттік ауыл шаруашылығы станцияларына жергілікті табиғи-климаттық жағдайға үйлестіре отырып, колхоздар мен совхоздарға агротехникалық және зоотехникалық шараларды ғылыми зерттеп, ұсыну, өндіріс жұмыскерлеріне өсімдік шаруашылығының, мал шаруашылығының, механикаландырудың және басқаның барлық мәселелері бойынша жоғары маманданған консультациямен қызмет көрсету, колхоздарда сорттық-тұқымдық және асыл тұқымдық жұмыстарды ұйымдастыру, тұқымдық-бақылау ісін және топырақтық-агротехникалық карталарды жасау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру, ауыл шаруашылық насихатын жүргізу және колхоздарда, МТС пен совхоздарда жұмыс істейтін ауыл шаруашылығы мамандарын ауыл шаруашылығы ғылымының барлық жетістіктерімен және озық тәжірибемен таныстыру жүктелсін.

Мемлекеттік ауыл шаруашылығы тәжірибе станцияларының шамамен жер көлемі өзі жұмыс істейтін аймағындағы орташа колхоздар мен совхоздардың жерлерінің көлеміне тең, техникамен жақсы жабдықтандырылған, қажетті құрылыстары бар тәжірибе шаруашылықтарының құру қаралсын. Бұл тәжірибе шаруашылықтары оның төңірегіндегі колхоздар мен совхоздар үшін 100 гектар пайдаланатын жерден ауыл шаруашылығы өнімін барынша көп өндіруді, еңбек өнімділігін арттырудың және өнімдердің өзіндік құнын кемітуді қамтамасыз ететін, егіншілік пен мал шаруашылығын жүргізудің үлгісін көрсетуге тиіс. Тәжірибе шаруашылықтары элита тұқымын өсіруі керек, тұқымдық малы болуға және элита тұқымдарымен, жүгерінің будандастырылған тұқымдарымен, ауыл шаруашылығы малдарының тұқымдық малдарымен колхоздар мен совхоздарды қамтамасыз етуге тиісті.

9. *(Екінші абзац)* Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен ВАСХНИЛ-дің Қазақ филиалына құрылыстарды салу жоспарына сәйкес институттарды бөлінген базаларына көшіру мерзімдерін белгілеу мін-

¹ 1—7-пункттер, 8-пункттің бірінші абзацы, 9-пункттің бірінші абзацы, 10—15-пункттер, 16-пункттің екінші абзацы, 17, 18, 20 және 21-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жиіағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

деттелсін. Институттардың қажетті өндірістік, тұрғын үй және мәдени-тұрмыстық үйлерімен қамтамасыз етілген, жақсы жабдықталған тәжірибе шаруашылықтары болуға тиіс деп белгіленген.

Институттарға ауыл шаруашылығының барлық саласын дамытудың маңызды мәселелерін ғылыми тұрғыдан шешу және тәжірибе жүйелеріне ғылыми-методикалық басшылық жасау жүктелсін.

III. Ғылыми-зерттеу мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту туралы

16. (Бірінші абзац) Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне ауыл шаруашылығы жөніндегі ғылыми-зерттеу мекемелерін халық шаруашылығы жоспары бойынша министрлікке бөлінетін қорлар есебінен бірінші кезекте тракторлармен, автомашиналармен, ауыл шаруашылығы машиналарымен, қорландыру жабдықтарымен, материалдарымен, минералдық тыңайтқыштармен, улы химикаттармен, отынмен, жағар маймен жабдықтауды қамтамасыз ету міндеттелсін.

19. Облыстық атқару комитеттеріне тәжірибе станцияларының құрылысы үшін кірпішті, известі, алебастрды және басқа құрылыс материалдарын бөлу міндеттелсін.

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН ОДАН ӘРІ АРТТЫРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨНДІРИСПЕН БАЙЛАНЫСЫН НЫҒАЙТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1976 ЖЫЛҒЫ 26 АВГУСТАҒЫ № 703 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ¹

**ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ
МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1976 жылғы 9 декабрьдегі № 543
ҚАУЛЫСЫ**

(Қазақ ССР ҚЖ, 1977 ж., № 2, 3-ст.)

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Меллиорация және су шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігіне, облыстық партия комитеттері мен облыстық атқару комитеттеріне ауыл шаруашылық ғылыми мекемелерінің және жоғары оқу орындары ғылыми-зерттеу бөлімшелерінің қызметіне басшылықты жақсарту, ауыл шаруашылығының негізгі міндеті — астық, ет, сүт, жүн және басқа өнім өндірудің одан әрі өсуі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету, егіншілік пен мал шаруашылығының тиімділігін, ауыл шаруашылық өнімінің сапасын барынша арттыру міндетін шешуде ғылымның ролін күшейту міндеттелсін.

Қазақ ССР Ғылым академиясы мен ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөлімшесі молекулярлық биология, генетика, физиология, биохимия және

¹ 3-пунктің бірінші абзацы, 4, 6, 8, 14—16-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

2 және 20-пункттер КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1976 ж. 26 августағы № 703 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

өсімдіктер мен малдың табиғаты туралы басқа да іргелі ғылымдар жөнінде, сондай-ақ табиғатты қорғау, жер және су ресурстарын ұтымды пайдалану, топырақтың құнарлылығын арттыру және оны эрозиядан сақтау жөнінде бірлескен зерттеулер программаларын жүзеге асыратын болсын.

3. (Екінші абзац) Партия, совет және ауыл шаруашылық органдары ауыл шаруашылығында ғылыми-техникалық прогрестің негізгі бағыттары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын ойдағыдай орындау ісінде ауыл шаруашылық ғылыми мекемелеріне күнбе-күн көмек көрсетіп отыратын болсын.

5. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігі мен ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөлімшесі ауыл шаруашылық өндірісінің тиісті салалары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлау мен үйлестіруді жақсартатын болсын.

Бұл мақсаттар үшін былай деп белгіленсін:

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігімен, Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігімен және ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөлімшесімен бірлесе отырып, ауыл шаруашылығы саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының үйлестірілген бесжылдық және жылдық жоспарларын, мемлекеттік және жалпы салалық тақырыптар бойынша ауыл шаруашылық өндірісінде ғылым мен техниканың жетістіктерін пайдалану жоспарларын белгіленген тәртіп бойынша әзірлеп, олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

ВАСХНИЛ-дың Шығыс бөлімшесі ауыл шаруашылық ғылыми мекемелері орындайтын зерттеу жұмыстарына ғылыми-методикалық басшылық жасауды жүзеге асырады және республикада осы жұмыстарды үйлестіруге жауап береді;

ғылыми-зерттеу институттары мен тәжірибе станциялары қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарын, әдетте, ауыл және су шаруашылық органдарының заказ-тапсырмалары бойынша орындайды; бұл заказ-тапсырмаларда күтілетін нәтижелердің нақты көрсеткіштері (параметрлері) көзделуге тиіс;

ғылыми зерттеулерді, негізінен, комплекссті топтар мүмкіндігінше қысқа мерзімде өндіріске енгізуге әзір болған талдамаларды ала отырып орындауға тиіс.

7. Былай деп белгіленсін:

ВАСХНИЛ-дың Шығыс бөлімшесін ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша қаржыландыру жеке жолмен Қазақ ССР-інің бюджеті есебінен, сондай-ақ ВАСХНИЛ-дың Шығыс бөлімшесі Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігімен және республиканың басқа да министрліктерімен, ведомстволарымен жасасатын шаруашылық шарттары бойынша алынатын қаржылар есебінен жүзеге асырылады;

ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөлімшесін материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету және оған құрылысқа арнап күрделі қаржы бөлу «Ауыл шаруашылығы» саласының есебінен жүзеге асырылады;

ВАСХНИЛ-дың Шығыс бөлімшесінің ғылыми-зерттеу институттарының тәжірибе шаруашылықтарын өркендетудің жылдық, бесжылдық жоспарларын Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті белгілейді.

9. ВАСХНИЛ-дың Шығыс бөлімшесі мен Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі өздерінің қарамағындағы ғылыми-зерттеу институттарының қызметіне тексерудің қорытындыларын Бөлімшенің Президи-

диумы мен Министрліктің Коллегиясының біріккен мәжілістерінде қарай отырып, баға береді.

10. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Казсельхозтехника» бірлестігі, облыстық және аудандық партия комитеттері, облыстық және аудандық атқару комитеттері, жергілікті ауыл және су шаруашылық органдары колхоздарда, совхоздар мен басқа да ауыл және су шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарында прогресті ғылыми-техникалық талдамаларды енгізу ісін барынша тездетуді қамтамасыз ете отырып, ғылымның, техниканың жетістіктері мен озық тәжірибені ауыл шаруашылық өндірісіне енгізуді ұйымдастыруды жақсартсын.

Осыған сүйене отырып, ғылымның, техниканың жетістіктері мен озық тәжірибені ауыл шаруашылық өндірісіне енгізу жөніндегі жұмыстарды жоспарлау, оларды материалдық-техникалық және финанс жағынан қамтамасыз ету жетілдірілсін, осы шаралардың жүзеге асырылуына бақылау күшейтілсін, ғылымның, техниканың жетістіктері мен озық тәжірибені ауыл шаруашылық өндірісіне енгізгені үшін озат коллективтер мен қызметкерлерді көтермелеу жүйесі жақсартылсын.

Ғылымның, техниканың жетістіктері мен озық тәжірибені ауыл шаруашылық өндірісіне енгізу жөніндегі жұмыстарды үйлестіру үшін Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің, облыстық атқару комитеттерінің ауыл шаруашылығы басқармалары мен облыстық совхоздардың өндірістік басқармаларының құрамында Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, облыстық атқару комитеттерінің ауыл шаруашылығы басқармалары мен облыстық совхоздар өндірістік басқармалары жанында тұратын ұйымдардың басқару аппаратын ұстауға арналған қызметкерлер саны мен қаржы шегінде арнаулы бөлімшелер құрылсын. Бұл бөлімшелерге сондай-ақ ғылымның, техниканың жетістіктері мен озық тәжірибені ауыл шаруашылық өндірісіне енгізу жөніндегі жұмыстарды атқаратын шаруашылық есептегі ұйымдарға басшылық ету де жүктелсін.

11. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен ВАСХНИЛдың Шығыс бөлімшесіне ауыл шаруашылық аймақтық, салалық технологиялық және жобалау-технологиялық институттарын аса маман ғылыми кадрлармен нығайту жөніндегі және оларда қажетті материалдық-техникалық база жасау жөніндегі шараларды жүзеге асыру міндеттелсін. Аталған институттарға негізгі міндеттері ретінде мыналарды әзірлеуді, сондай-ақ басқа ғылыми мекемелер әзірлеген төмендегілерді республиканың нақты табиғи-экономикалық аймақтарына лайықтап ғылыми-өндірістік тексеруден өткізуді (аяқтап шығаруды) жүктеу орынды деп саналсын:

а) колхоздар мен совхоздарға арнап неғұрлым ұтымды ауыспалы егістер, егіс көлемінің тиімді құрылымы, жерді, тыңайтқыштарды, техника мен өндірістік ғимараттарды жоғары өнімді пайдалану жөніндегі ұсыныстарды;

б) тиісті технологиялық карталар мен нормативтік материалдарды бере отырып, егіншілік пен мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің жоғары интенсивті ауыл шаруашылық өндірісінің талаптарына жауап беретін прогресті технологияларын;

в) ауыл шаруашылығының неғұрлым жетілдірілген машиналары мен жабдығын, өндірістік үйлер мен ғимараттардың жобаларын, машиналардың және олардың жұмыс органдарының принципалды жаңа жобаларын жасауға қажетті ғылыми негізделген талаптарды;

г) еңбекті ғылыми жолмен ұйымдастыру, ауыл шаруашылық өнді-

өсімдіктер мен малдың табиғаты туралы басқа да іргелі ғылымдар жөнінде, сондай-ақ табиғатты қорғау, жер және су ресурстарын ұтымды пайдалану, топырақтың құнарлылығын арттыру және оны эрозиядан сақтау жөнінде бірлескен зерттеулер программаларын жүзеге асыратын болсын.

3. (Екінші абзац) Партия, совет және ауыл шаруашылық органдары ауыл шаруашылығында ғылыми-техникалық прогрестің негізгі бағыттары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын ойдағыдай орындау ісінде ауыл шаруашылық ғылыми мекемелеріне күнбе-күн көмек көрсетіп отыратын болсын.

5. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігі мен ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөлімшесі ауыл шаруашылық өндірісінің тиісті салалары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлау мен үйлестіруді жақсартатын болсын.

Бұл мақсаттар үшін былай деп белгіленсін:

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігімен, Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігімен және ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөлімшесімен бірлесе отырып, ауыл шаруашылығы саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының үйлестірілген бесжылдық және жылдық жоспарларын, мемлекеттік және жалпы салалық тақырыптар бойынша ауыл шаруашылық өндірісінде ғылым мен техниканың жетістіктерін пайдалану жоспарларын белгіленген тәртіп бойынша әзірлеп, олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

ВАСХНИЛ-дың Шығыс бөлімшесі ауыл шаруашылық ғылыми мекемелері орындайтын зерттеу жұмыстарына ғылыми-методикалық басшылық жасауды жүзеге асырады және республикада осы жұмыстарды үйлестіруге жауап береді;

ғылыми-зерттеу институттары мен тәжірибе станциялары қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарын, әдетте, ауыл және су шаруашылық органдарының заказ-тапсырмалары бойынша орындайды; бұл заказ-тапсырмаларда күтілетін нәтижелердің нақты көрсеткіштері (параметрлері) көзделуге тиіс;

ғылыми зерттеулерді, негізінен, комплексті топтар мүмкіндігінше қысқа мерзімде өндіріске енгізуге әзір болған талдамаларды ала отырып орындауға тиіс.

7. Былай деп белгіленсін:

ВАСХНИЛ-дың Шығыс бөлімшесін ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша қаржыландыру жеке жолмен Қазақ ССР-інің бюджеті есебінен, сондай-ақ ВАСХНИЛ-дың Шығыс бөлімшесі Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігімен және республиканың басқа да министрліктерімен, ведомстволарымен жасасатын шаруашылық шарттары бойынша алынатын қаржылар есебінен жүзеге асырылады;

ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөлімшесін материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету және оған құрылысқа арнап күрделі қаржы бөлу «Ауыл шаруашылығы» саласының есебінен жүзеге асырылады;

ВАСХНИЛ-дың Шығыс бөлімшесінің ғылыми-зерттеу институттарының тәжірибе шаруашылықтарын өркендетудің жылдық, бесжылдық жоспарларын Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті белгілейді.

9. ВАСХНИЛ-дың Шығыс бөлімшесі мен Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі өздерінің қарамағындағы ғылыми-зерттеу институттарының қызметіне тексерудің қорытындыларын Бөлімшенің Президи-

днуы мен Министрліктің Коллегиясының біріккен мәжілістерінде қарай отырып, баға береді.

10. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігі, облыстық және аудандық партия комитеттері, облыстық және аудандық атқару комитеттері, жергілікті ауыл және су шаруашылық органдары колхоздарда, совхоздар мен басқа да ауыл және су шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарында прогресті ғылыми-техникалық талдамаларды енгізу ісін барынша тездетуді қамтамасыз ете отырып, ғылымның, техниканың жетістіктері мен озық тәжірибені ауыл шаруашылық өндірісіне енгізуді ұйымдастыруды жақсартсын.

Осыған сүйене отырып, ғылымның, техниканың жетістіктері мен озық тәжірибені ауыл шаруашылық өндірісіне енгізу жөніндегі жұмыстарды жоспарлау, оларды материалдық-техникалық және финанс жағынан қамтамасыз ету жетілдірілсін, осы шаралардың жүзеге асырылуына бақылау күшейтілсін, ғылымның, техниканың жетістіктері мен озық тәжірибені ауыл шаруашылық өндірісіне енгізгені үшін озат коллективтер мен қызметкерлерді көтермелеу жүйесі жақсартылсын.

Ғылымның, техниканың жетістіктері мен озық тәжірибені ауыл шаруашылық өндірісіне енгізу жөніндегі жұмыстарды үйлестіру үшін Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің, облыстық атқару комитеттерінің ауыл шаруашылығы басқармалары мен облыстық совхоздардың өндірістік басқармаларының құрамында Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, облыстық атқару комитеттерінің ауыл шаруашылығы басқармалары мен облыстық совхоздар өндірістік басқармалары жанында тұратын ұйымдардың басқару аппаратын ұстауға арналған қызметкерлер саны мен қаржы шегінде арнаулы бөлімшелер құрылсын. Бұл бөлімшелерге сондай-ақ ғылымның, техниканың жетістіктері мен озық тәжірибені ауыл шаруашылық өндірісіне енгізу жөніндегі жұмыстарды атқаратын шаруашылық есептегі ұйымдарға басшылық ету де жүктелсін.

11. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен ВАСХНИЛдың Шығыс бөлімшесіне ауыл шаруашылық аймақтық, салалық технологиялық және жобалау-технологиялық институттарын аса маман ғылыми кадрлармен нығайту жөніндегі және оларда қажетті материалдық-техникалық база жасау жөніндегі шараларды жүзеге асыру міндеттелсін. Аталған институттарға негізгі міндеттері ретінде мыналарды әзірлеуді, сондай-ақ басқа ғылыми мекемелер әзірлеген төмендегілерді республиканың нақты табиғи-экономикалық аймақтарына лайықтап ғылыми-өндірістік тексеруден өткізуді (аяқтап шығаруды) жүктеу орынды деп саналсын:

а) колхоздар мен совхоздарға арнап неғұрлым ұтымды ауыспалы егістер, егіс көлемінің тиімді құрылымы, жерді, тыңайтқыштарды, техника мен өндірістік ғимараттарды жоғары өнімді пайдалану жөніндегі ұсыныстарды;

б) тиісті технологиялық карталар мен нормативтік материалдарды бере отырып, егіншілік пен мал шаруашылығы енімдерін өндірудің жоғары интенсивті ауыл шаруашылық өндірісінің талаптарына жауап беретін прогресті технологияларын;

в) ауыл шаруашылығының неғұрлым жетілдірілген машиналары мен жабдығын, өндірістік үйлер мен ғимараттардың жобаларын, машиналардың және олардың жұмыс органдарының принципиалды жаңа жобаларын жасауға қажетті ғылыми негізделген талаптарды;

г) еңбекті ғылыми жолмен ұйымдастыру, ауыл шаруашылық өнді-

рісін ұйымдастыру мен басқаруды жетілдіру, шаруашылық аралық кооперациялау және аграрлық-өнеркәсіптік интеграциялау базасында ауыл шаруашылық өндірісін одан әрі мамандандыру мен шоғырландыру жөніндегі ұсыныстар мен жобаларды.

12. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, облыстық партия комитеттеріне, облыстық атқару комитеттеріне және жергілікті ауыл шаруашылық органдарына мемлекеттік ауыл шаруашылық тәжірибе станцияларының жұмысын өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің прогресті технологияларын тексеру (жергілікті жағдайларға лайықтап) мен енгізу ісіне, колхоздар мен совхоздарға арнап бастапқы тұқым шаруашылығын, аудандастырылған және перспективалық сорттардың элита және бірінші репродукциялы тұқымын өндіруді ұйымдастыруға, ауыл шаруашылық малдарының асыл тұқымды төлін өсіруге жұмылдыру жөніндегі шараларды жүзеге асыру міндеттелсін.

13. Ауыл шаруашылық өндірісінде ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге ғылымның неғұрлым пәрменді ықпал етуі, ғылымның өндіріспен байланысының жаңа формаларын енгізу мақсатында Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Мелниорация және су шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігі:

ғылыми-өндірістік бірлестіктер құру жөніндегі жұмыстарды күшейтсін, қажет болған ретте оларға ғылыми және өндірістік бөлімшелерді беруді, бұл бірлестіктерде жобалау және конструкторлық бюролар ұйымдастыруды белгіленген тәртіп бойынша қамтамасыз етсін;

шаруашылық аралық және аграрлық-өнеркәсіптік бірлестіктердің құрамында және солардың қаржысына ғылыми-өндірістік лабораториялар ұйымдастыруға жәрдемдессін. Мұндай лабораторияларға ғылыми-методикалық басшылық жасау ғылыми-зерттеу институттары мен мемлекеттік ауыл шаруашылық тәжірибе станцияларына жүктелсін.

17. Колхоздардың республикалық советіне Қазақ ССР Министрлер Советінің 1960 жылғы 7 майдағы № 435 қаулысының 5-пунктіне сәйкес колхоздар үшін шарттар бойынша ғылыми-зерттеу мекемелері атқаратын жұмыстардың ақысын бөлетін колхоздардың қаржысын (колхоздардың келісімімен) қажетті ретте орталықтандыруды жүзеге асыру ұсынылсын.

18. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Мелниорация және су шаруашылығы министрлігі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігі СССР Ауыл шаруашылығы министрлігімен, СССР Мелниорация және су шаруашылығы министрлігімен және «Союзсельхозтехникамен» келісіп алғаннан кейін ғылымның, техниканың жетістіктері мен озық тәжірибені ауыл шаруашылық өндірісіне енгізудің жалпы салалық жоспарларын үйлестіру жөніндегі республикалық және облыстық ведомство аралық советтер құру туралы ұсынысты Қазақ ССР Министрлер Советіне енгізетін болсын, бұл советтерді тиісінше Қазақ ССР Министрлер Советі Председателінің Орынбасары және облыстық атқару комитеттері председателдерінің орынбасарлары басқарады.

19. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Мелниорация және су шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігі, Қазақ ССР Министрлер Советінің Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Министрлер Советінің Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті

ауыл шаруашылығы саласында ғылымның, техниканың жетістіктері мен озық тәжірибені насихаттауды жақсартсын, ғылыми мекемелердің колхоздармен, совхоздармен және басқа ауыл шаруашылық кәсіпорындарымен байланысты нығайту жөніндегі тәжірибесін кеңінен көрсетіп болсын.

ҚАЗАҚ ССР ҚҰРЫЛЫС ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИТЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ¹

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТИНІҢ
1969 жылғы 23 январьдағы № 30
ҚАУЛЫСЫМЕН БЕКІТІЛГЕН
(Қазақ ССР ҚЖ, 1969 ж., № 2, 11-ст.)**

2-пунктің бесінші абзацы, 4-пунктің «г», «з», «н», «о» тармақтары, 5-пунктің «б», «в», «г» тармақтары және 11-пункт

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТИНІҢ «ҚҰРЫЛЫС, АРХИТЕКТУРА, ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫ, ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ ЖОЛ МАШИНАЛАРЫН ЖАСАУ САЛАСЫНДА ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС ПРАКТИКАСЫНА ҒЫЛЫМИ ЖЕТІСТІКТЕРДІ ЕНГІЗУДІ ТЕЗДЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1978 ЖЫЛҒЫ 29 ИЮЛЬДЕГІ № 677 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ²

**ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ
МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТИНІҢ
1978 жылғы 27 сентябрьдегі № 374
ҚАУЛЫСЫ**

(Қазақ ССР ҚЖ, 1978 ж., № 20, 73-ст.)

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Құрылыс, архитектура, құрылыс материалдары, құрылыс және жол машиналарын жасау саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарының тиімділігін арттыру және құрылыс практикасына ғылыми жетістіктерді енгізуді тездету жөніндегі шаралар туралы» 1978 жылғы 29 июльдегі № 677 қаулысы басшылыққа алынып, қалтқысыз орындалатын болсын.

2. Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитетіне құрылыс, архитектура, құрылыс материалдары, құрылыс және жол машиналарын жасау (жалпы құрылыс жұмыстарын орындауға және құрылыс индустриясы кәсіпорындарына арналған машиналарды, механизмдер мен жабдықты жасау жөнінде) саласында ғылымды дамытуға, ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыруға және республиканың ғылыми ұйымдары мен жоғары оқу орындары орындайтын ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіріп отыруға, құрылыс практикасына ғылыми жетістіктердің енгізілуін тездетуге жауапкершілік жүктелсін.

Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы министрлігі, Қазақ ССР

¹ 240-бетті қараңыз.

² 7-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1978 ж. 29 июльдегі № 677 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

Селолық құрылыс министрлігі, Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігі, Қазақ ССР Монтаждау және арнаулы құрылыс жұмыстары министрлігі, Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі, Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігі, «Главриссовхозстрой», «Қазмежколхозстрой», облыстық партия комитеттері мен облыстық атқару комитеттері құрылыс, архитектура, құрылыс материалдары, құрылыс және жол машиналарын жасау саласында жұмыс істейтін ғылыми мекемелер мен жоғары оқу орындарының ғылыми бөлімшелерінің ғылыми зерттеулерін ұйымдастыруды жақсартсын және олардың қызметінің тиімділігін арттырсын; күрделі құрылыс саласында КПСС XXV съезі алға қойған негізгі міндетті — құрылыс өндірісін жоспарлауды, жобалауды, ұйымдастыруды жақсарту, еңбек өнімділігін арттыру, құрылыстың құнын арзандатып, сапасын жақсарту есебінен күрделі құрылыстың тиімділігін одан әрі арттыруды, өндірістік жаңа қуаттарды мейлінше шұғыл іске қосуды және игеруді қамтамасыз ету міндетін шешуде ғылымның ролін арттырсын.

3. Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен бірлесе отырып, Қазақ ССР-інің экономикалық және әлеуметтік дамуының бес жылдық және жылдық мемлекеттік жоспарларының «Ғылым мен техниканы дамыту» бөлімі бойынша министрліктер мен ведомстволардың ұсыныстары негізінде құрылыс, архитектура, құрылыс материалдары, құрылыс және жол машиналарын жасау (жалпы құрылыс жұмыстарын орындауға және құрылыс индустриясы кәсіпорындарына арналған машиналарды, механизмдер мен жабдықты жасау жөнінде) саласындағы жиынтық ұсыныстарды, соның ішінде прогрестік технологияны енгізу, өндірістік процестерді механикаландыру мен автоматтандыру, эксперименттік құрылыс, өнеркәсіп өнімінің жаңа түрлерін игеру, қаржыландыру, ғылыми кадрларды даярлау жөніндегі ұсыныстарды әзірлейтін болсын.

Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары аталған мәселелер жөніндегі ұсыныстарды Қазақ ССР Министрлер Советіне, Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитетіне енгізіп отырсын.

Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақ ССР-інің экономикалық және әлеуметтік дамуының мемлекеттік жоспарларының аталған бөлім бойынша тапсырмаларын орындаудың барысына бақылау орнатсын және олардың орындалуын қамтамасыз етуге шаралар қабылдасын.

4. Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитеті республиканың министрліктерімен және ведомстволарымен бірлесе отырып, құрылыс, архитектура, құрылыс материалдары, сондай-ақ құрылыс және жол машиналарын жасау (жалпы құрылыс жұмыстарын орындауға және құрылыс индустриясы кәсіпорындарына арналған машиналарды, механизмдер мен жабдықты жасау жөнінде) саласында аса маңызды бағыттар бойынша ғылыми зерттеулердің одан әрі дамытылуын және Қазақ ССР-інің экономикалық және әлеуметтік дамуының мемлекеттік жоспарларында көзделетін мақсатты ғылыми-техникалық программалардың жүзеге асырылуын тездетуді қамтамасыз ететін болсын. Бұл программаларды әзірлеген кезде сейсмикалығы жоғары аймақтардағы құрылысқа айрықша көңіл бөле отырып, республиканың табиғат-климат жағдайлары әртүрлі аймақтарындағы құрылыстың ерекшеліктері ескеріліп отырсын.

5. Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен, Қазақ ССР-інің мүдделі министрліктерімен және ведомстволарымен келісіп алып, Қазақ ССР-інің экономикалық және әлеуметтік дамуының жылдық жоспарларын енгізу үшін өздерінде құрылыс пен архитектура саласындағы аса маңызды ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстардың нәтижелері жүзеге асырылуға тиіс эксперименттік құрылыстардың тізбелерін белгілейтін болсын; бұл тізбелерде техникалық документацияны жасауға және өндірісті жаңа техниканы игеруге әзірлеуге қатысатын ғылыми-зерттеу, жобалау, жобалау-конструкторлық және технологиялық ұйымдар мен эксперименттік объектілер құрылысының заказ берушілері мен мердігерлері көрсетілсін.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті республиканың министрліктері мен ведомстволарына эксперименттік объектілерді жобалау мен салу үшін олардың жоспарда белгіленген мерзімдерде салынуын қамтамасыз ететін көлемде күрделі қаржылар мен материалдық-техникалық ресурстарды (соның ішінде қоры белгіленетін материалдарды) белгілі мақсатқа арнап бөлуді көздейтін болсын.

Эксперименттік құрылыс жоспарының орындалуы орындаушы құрылыс министрліктері мен ведомстволарының, заказ беруші министрліктер мен ведомстволардың, эксперименттік құрылысқа қатысушы ғылыми-зерттеу, жобалау ұйымдары мен басқа да ұйымдардың өндірістік және ғылыми қызметінің қорытындыларын шығарған кезде, соның ішінде социалистік міндеттемелерді орындауына баға берген кезде олардың жұмысының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып саналсын.

6. Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің ғылыми-техникалық советі «Құрылыс» саласы бойынша техникалық дамудың неғұрлым күрделі проблемаларын қарау және шешу жөніндегі ведомствоаралық орган болып табылады деп белгіленсін.

Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитеті өзіне осы қаулымен жүктелген қосымша функцияларды ескере отырып, «Құрылыс» саласы бойынша ғылым мен техниканы дамытудың, өндірістің ұйымдастырылуы мен экономикасының салааралық мәселелерін шешуде ғылыми-техникалық советтің ролі мен жауапкершілігін арттыру жөнінде шаралар алсын, советтің ғылыми-техникалық прогресті тездетуге бағытталған ұсыныстарын әзірлеуге мамандардың, ғалымдардың, практикалық қызметкерлердің кеңінен және үнемі қатысуын қамтамасыз етсін.

ҚАЗАҚ ССР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ Е Р Е Ж Е ¹

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1969 жылғы 9 сентябрьдегі № 567
ҚАУЛЫСЫМЕН БЕКІТІЛГЕН
(Қазақ ССР ҚЖ, 1969 ж., № 18, 101-ст.)

1-пункттің үшінші абзацы, 2-пункттің тоғызыншы, оныншы абзацтары, 5-пункт, 7-пункттің алтыншы, оныншы, он бірінші абзацтары және 14-пункт

¹ 3-том, 292-бетті қараңыз.

ҚАЗАҚ ССР-ІНДЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ІСІН ОНАН ӘРІ ЖАҚСARTУ ЖӘНЕ МЕДИЦИНА ҒЫЛЫМЫН ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ ¹

**ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН
ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1968 жылғы 27 декабрьдегі № 758
ҚАУЛЫСЫ**

3-пункттің екінші абзацы, 33-пункттің үшінші абзацы, 34 және 49-пункттер

ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ ТУРАЛЫ ²

**ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ
1974 жылғы 27 декабрьдегі
ЗАҢЫ
(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1975 ж., № 2)**

59, 67-статьялар

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ АРНАУЛЫ ОРТА БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ ³

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1969 жылғы 21 марттағы № 181
ҚАУЛЫСЫМЕН БЕКІТІЛГЕН
(Қазақ ССР ҚЖ, 1969 ж., № 6, 28-ст.)**

2-пункттің алтыншы, жетінші абзацтары, 6-пункттің «з», «л», «м», «н», «о», «п», «р», «с», «т», «у» тармақтары және 12-пункт

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ҒЫЛЫМИ- ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ТУРАЛЫ» 1978 ЖЫЛҒЫ 6 АПРЕЛЬДЕГІ №271 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ ⁴

**ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ
МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1978 жылғы 27 июньдегі № 272
ҚАУЛЫСЫ
(Қазақ ССР ҚЖ, 1978 ж., № 15, 57-ст.)**

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Жо-

¹ 3-том, 322-бетті қараңыз.

² 4-том, 125-бетті қараңыз.

³ 4-том, 305-бетті қараңыз.

⁴ 2-пункттің үшінші абзацы, 3 және 4-пункттер, 6-пункттің бірінші абзацы, 7 және 8-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

11-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1978 ж. 6 апрельдегі № 271 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

ғары оқу орындарында ғылыми-зерттеу жұмысының тиімділігін арттыру туралы» 1978 жылғы 6 апрельдегі № 271 қаулысы басшылыққа алынып, қалтқысыз орындалатын болсын.

2. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Ғылым академиясы, Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі, Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары:

— республиканың жоғары білікті ғылыми-педагогика кадрлары бар жоғары оқу орындарын ғылым мен техниканы дамытудың мемлекеттік жоспарларына, негізгі ғылыми-техникалық проблемаларды жаратылыс тану және қоғамдық ғылымдар саласындағы проблемаларды шешу жөніндегі жұмыстар программаларына, ғылыми-зерттеу жұмыстарының және ғылым мен техника жетістіктерін өндірісте пайдаланудың салалық жоспарларына сәйкес ғылыми зерттеулер мен қолданбалы әзірлемелерді орындауға неғұрлым кең қатыстыруға қажетті шаралар алсын. Жоспарланатын жұмыстарды орындау үшін қажетті финанс және материалдық техникалық ресурстарды жоғары оқу орындарына бөлу жоспарлар мен программаларда көзделіп отырсын.

5. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Финанс министрлігі Қазақ ССР-інің экономикалық және әлеуметтік дамуының жылдық және бесжылдық мемлекеттік жоспарлары мен бюджеттерінің жобаларында Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігіне С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті мен В. И. Ленин атындағы Қазақ политехника институтында ғылыми-зерттеу жұмысын дамыту үшін қажетті приборлар мен жабдық алуға арналған қаражатты көздейтін болсын.¹

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Жабдықтау бас басқармасы Қазақ ССР-інің экономикалық және әлеуметтік дамуының жылдық және бесжылдық мемлекеттік жоспарларының жобаларын әзірлеген кезде осы жоғары оқу орындарында ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау үшін қажетті жабдыққа, приборларға, материалдар мен комплектеуші бұйымдарға арналған қорларды белгіленген тәртіп бойынша бөлуді көздейтін болсын.

6. (Екінші абзац) Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары ғылыми-зерттеу жұмыстарының және ғылым мен техника жетістіктерін өндірісте пайдаланудың жоспарларын әзірлеген кезде жоғары оқу орындарында салалық ғылыми-зерттеу лабораторияларын құру жолымен жоғары оқу орындарын шаруашылық шарттар негізінде перспективалық ірі жұмыстарды орындауға кеңінен тарта отырып, жоғары оқу орындарының актуалды ғылыми-техникалық проблемаларды шешудегі мүмкіндіктерін толығырақ ескеретін болсын. Сондай-ақ мұндай лабораториялар мен олардың бөлімдерін олардың қызмет істеуі үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ете отырып, кәсіпорындар мен бірлестіктердің базасында тікелей ұйымдастыру практикалансын.

9. Қарамағында жоғары оқу орындары бар Қазақ ССР-інің министрліктері өздері үшін жоғары оқу орындары кадрлар даярлайтын және ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындайтын министрліктермен және ведомстволармен келісілген, осы министрліктер мен ведомстволардың күрделі қаржысы есебінен 1979—1985 жылдары жоғары оқу орындары жанынан эксперименттік және тәжірибелік-конструкторлық базалар салу

¹ 5-пунктің бірінші абзацына Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1985 ж. 25 марттағы № 105 қаулысымен өзгерістер енгізілген. (Қазақ ССР КЖ, 1985 ж., № 10, 23-ст.)

туралы ұсыныстарды әзірлеп, 3 ай мерзім ішінде Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне енгізетін болсын.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті табыс етілген материалдарды қорытып, Қазақ ССР Министрлер Советіне тиісті ұсыныстар енгізсін.

10. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі осы Министрліктің ғылыми прибор жасайтын тәжірибелік-эксперименттік базасы мен арнаулы конструкторлық бюросын құру туралы ұсыныстарды 3 ай мерзім ішінде Қазақ ССР Министрлер Советіне енгізсін.

ҚАЗАҚ ССР ОҚУ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ Е Р Е Ж Е ¹

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТИНІҢ
1970 жылғы 9 февральдағы № 74
ҚАУЛЫСЫМЕН БЕКІТІЛГЕН
(Қазақ ССР ҚЖ, 1970 ж., № 3, 15-ст.)

1-пункттің үшінші абзацы, 2-пункттің сегізінші абзацы, 5-пункттің «л» тармағы және 11-пункт.

ҚАЗАҚ ССР КӘСІПТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ БІЛІМ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИТЕТІ ТУРАЛЫ Е Р Е Ж Е ²

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТИНІҢ
1969 жылғы 6 октябрьдегі № 623
ҚАУЛЫСЫМЕН БЕКІТІЛГЕН
(Қазақ ССР ҚЖ, 1969 ж., № 20, 110-ст.)

2-пункттің жетінші абзацы

¹ 4-том, 152-бетті қараңыз.

² 4-том, 276-бетті қараңыз.

**§ 5. ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ИНФОРМАЦИЯ
ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНИКАНЫҢ
ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ОЗАТ
ТӘЖІРИБЕНІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІН НАСИХАТТАУ**

СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТИНІҢ
«ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ИНФОРМАЦИЯНЫҢ ЖАЛПЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ»
1966 ЖЫЛҒЫ 29 НОЯБРЬДЕГІ № 916 ҚАУЛЫСЫН
ОРЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ¹

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТИНІҢ
1967 жылғы 3 марттағы № 145
ҚАУЛЫСЫ

Қазақ ССР-інде ғылыми-техникалық информацияның жүйесін онан әрі жақсарту мақсатында және СССР Министрлер Советінің 1966 жылғы 29 ноябрьдегі № 916 қаулысына сәйкес Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. (Екінші абзац) Ғылыми-техникалық информация органдарының жұмысындағы қосарлануды жою және олардың арасындағы міндеттерін нақты бөліп беру үшін мыналарға міндеттелсін:

— Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарын кәсіпорындардың, ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық және жобалау-технологиялық ұйымдардың ғылыми-техникалық және өндірістік жетістіктері жөніндегі документтік материалдарын жинақтауды және ғылыми өндеуді қамтамасыз ететін тиісті салалық ғылыми-техникалық информацияның жүйесін дамыту; белгіленген тәртіппен осы материалдар жөніндегі информацияны, сондай-ақ министрліктер мен ведомстволардың транспорт құралдарының, машиналарының, механизмдерінің, аппараттарының, приборларының, материалдарының және басқа бұйымдарының проспектілері мен каталогтарын дайындау және басып шығару; осы саланың және жеке кәсіпорындардың еңбек өнімділігін арттыруының, сондай-ақ өндірілетін өнімнің техникалық дәрежесінің қол жеткен межесі мен дамуының бағытын сипаттайтын материалдарының

¹ 14-пункт Қазақ ССР Министрлер Советінің 1967 ж. 18 ноябрьдегі № 762 қаулысымен күшін жойды деп танылды.

1-пункттің бірінші абзацы, 2, 5, 7, 8, 10—13 және 15-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

16-пункт СССР Министрлер Советінің 1966 ж. 29 ноябрьдегі № 916 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

(патент және стандарт жөніндегілерін де қоса) анықтамалық-информациялық қорларын комплектілеу; республикалық мекемелерге, кәсіпорындар мен ұйымдарға анықтамалық-информациялық және кітапханалық қызмет ету; ғылыми-техникалық насихатты және озат өндірістік-техникалық тәжірибемен алмасуды ұйымдастыру; кәсіпорындарда, құрылыстарда, ғылыми-зерттеу және жобалау-конструкторлық мекемелерде ғылыми-техникалық информация материалдарын пайдалану;

— Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне республиканың салааралық, территориялық информация органдарын (Орталық ғылыми-техникалық информация институтын, республикалық, облыстық, ғылыми техникалық кітапханаларды, сондай-ақ облыстық информациялық және насихаттық орталықтарды) дамыту; республикалық және жекелеген облыстардың экономикалық дамуының ерекшеліктерін ескерген анықтамалық — информациялық қорын жасау; республиканың территориясында орналасқан кәсіпорындар мен мекемелерге, олардың кімге бағынатынына қарамастан, анықтамалық-информациялық және кітапханалық қызмет ету; ғылымның, техниканың және озат тәжірибенің салааралық мәселелері жөніндегі ғылыми-техникалық насихаттауды ұйымдастыру және информациялық материалдарды белгіленген тәртіппен басып шығару; территориялық информация органдарын жұмыс процестерін механикаландыру мен автоматтандырудың қазіргі заманғы құралдарымен, сондай-ақ байланыс құралдарымен жабдықтау;

— Қазақ ССР Мәдениет министрлігіне — Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің қарамағындағы кітапханалардың, бірінші кезекте А. С. Пушкин атындағы Мемлекеттік республикалық кітапхананың, сондай-ақ облыстық кітапханалардың ғылыми-информациялық жұмысын жетілдіру, осы кітапханалардың қорларын жалпы республикалық анықтама-информациялық қызмет жүйесінде кеңінен қолдануды қамтамасыз етуді ескеру, олардың жұмыстарын ғылыми-техникалық информация органдарының жұмыстарымен үйлестіру, жаратылыс пен техника ғылымдары жөніндегі әдебиеттердің республикалық және регионалдық жиынтық каталогтарын даярлау және үнемі басып шығару; кітапханааралық қызмет ету жүйесін жан-жақты дамыту және аталған кітапханалардың жұмыс процестерін қазіргі механикаландыру және автоматтандыру құралдарымен сондай-ақ байланыс құралдарымен жарақтандыру.

3. Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары, Қазақ ССР Ғылым академиясы, 1968 жылдың 1 январынан бастап, қарамағындағы ғылыми-зерттеу ұйымдары орындайтын жұмыстарды жалпы одақтық ғылыми-техникалық информация орталығында міндетті түрде тіркеуді, сондай-ақ аталған орталыққа орындалатын және орындалып біткен жұмыстар жөніндегі есеп беруді тапсыруды қамтамасыз ететін болсын.

4. Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті қарамағындағы полиграфиялық кәсіпорындарында Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарының заяқалары бойынша бекітілген жоспарларға сәйкес басылуға тиісті информациялық материалдарды (библиографияларды, рефераттарды, шолуларды, каталогтарды, техникалық листоктерді, макеттерді) бір айлық мерзім ішінде, ал көлемі 10 баспа беттен асатын шолулар мен каталогтарды үш айлық мерзім ішінде басып шығаруды қамтамасыз ететін болсын.

6. Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарына, Қазақ ССР Ғылым академиясына халық шаруашылығын жоспарлау мен басқарудың есептеу орталықтары мен автоматтандырылған жүйелерін жобалау және салу кезінде ғылыми-техникалық информацияның автоматтанды-

рылған жүйелері үшін қажетті есептеу қуаттары мен өндірістік алаңдар жасалуын көздеп отыру міндеттелсін.

9. Республикалық министрліктердің, ведомстволардың және Қазақ ССР Ғылым академиясының салалық патенттік қорлары Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен келісім бойынша жасалады деп белгіленсін.

1971—1975 ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚ ССР-ІНДЕ ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ИНФОРМАЦИЯ ЖҮЙЕСІН ОНАН ӘРІ ЖЕТІЛДІРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ¹

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТИНІҢ
1971 жылғы 15 октябрьдегі № 594
ҚАУЛЫСЫ

Ғылым-техникалық информацияның республикалық жүйесінің тиімділігін елеулі арттыру және мүдделі салаларға, кәсіпорындар мен ұйымдарға ғылыми-техникалық жетістіктер мен озат тәжірибесі туралы қажетті информациямен қысқа мерзім ішінде жүйелі түрде қамтамасыз ету мақсатында және СССР Министрлер Советінің «1971-1975 жылдары ғылыми-техникалық информацияның мемлекеттік жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» 1971 жылғы 19 июльдегі № 496 қаулысын орындау үшін Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

2. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің жанындағы Қазақ ғылыми-техникалық информация және техникалық-экономикалық зерттеулер институты, Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарының ғылыми-техникалық, информация органдары, кәсіпорындар мен ұйымдардың ғылыми-техникалық информация бөлімдері (бюролары) жыл сайын халық шаруашылығын және оның жеке салаларын дамытудың жоспарларын жасағанда және қарағанда, сондай-ақ кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметтерін жоспарлаған кезде еске алынуға тиісті ғылымның, техниканың және өндірістің саласындағы неғұрлым маңызды отандық және шет елдік жетістіктер жөніндегі материалдарды тиісті жоспарлаушы органдарға, министрліктерге, ведомстволарға, кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларына тапсырып отыратын болсын.

4. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарының ғылыми-техникалық кітапханаларынан оқушылар сирек сұрайтын кітаптарды депозитарлық сақтауға қабылдауды қамтамасыз ететін болсын.

5. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі, республиканың министрліктері мен ведомстволары халық шаруашылығының ғылым мен техникалық информация бойынша мамандарын дайындау және олардың мамандығын арттыру жөніндегі жұмысты жақсартуға шаралар қолдансын.

6. Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары, Қазақ ССР Ғылым академиясы:

— 1973 жылдың 1 январынан бастап өздерінің қарамағындағы ұйымдарының жаңадан бастап ашық жүргізетін тәжірибе-конструкторлық жұмыстарын жалпы одақтық ғылыми-техникалық информация орталығында міндетті түрде тіркеуді, сондай-ақ жүргізіліп жатқан және

¹ 1 және 3-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

8-пункт СССР Министрлер Советінің 1971 ж. 19 июльдегі № 496 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

аяқталған жұмыстар туралы информацияны аталған орталыққа беруді ұйымдастыру;

— ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлағанда және жүргізгенде ғылыми-зерттеу, жобалау, конструкторлық және жобалау-технологиялық жұмыстардың патенттік қабілеттілігі мен патенттік тазалығын қамтамасыз ету тәртібі және оларды қаржыландыру тәртібі туралы уақытша нұсқауға сәйкес патенттік-информациялық зерттеулерді міндетті түрде жүргізуді қамтамасыз етсін;

— патенттік өнер табысының өндіріске бірінші кезекте енгізілуін қамтамасыз ете отырып, патенттік-лицензиялық жұмысты, өнер табыстары бойынша лицензияларды сату мақсатында шет елдерде патенттеу үшін оларды іріктеп алуды түбегейлі жақсартуға шаралар қолдансын.

7. Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволары, Қазақ ССР Министрлер Советінің Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Министрлер Советінің Телевизия және радио хабары жөніндегі мемлекеттік комитеті баспасөз, кино, радио және телевизия арқылы ғылымның, техниканың және озат өндірістік тәжірибенің жетістіктерін үнемі жариялап отыратын болсын.

РЕСПУБЛИКА ҮКІМЕТІНІҢ ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ КӨРМЕСІ ТУРАЛЫ ШЕШІМДЕРІН БІРІКТІРУ ТУРАЛЫ¹

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1983 жылғы 17 ноябрьдегі № 444
ҚАУЛЫСЫ
(Қазақ ССР ҚЖ, 1983 ж., № 23, 77-ст.)

Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесі туралы нормативтік актілердің көптілігін жою мақсатында және Қазақ ССР Заңдары жинағын басып шығаруға әзірлікке байланысты Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесі туралы осыған қосылған ереже бекітілсін.

2. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары, Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің дирекциясы:

— Көрменің павильондарында республика халық шаруашылығының, ғылымы мен мәдениетінің жетістіктерін және оларды дамыту перспективаларын жоғары идеялық-көркемдік дәрежеде ұдайы көрсету мен насихаттауды қамтамасыз етіп, озат кәсіпорындар мен ұйымдардың өндіріс тиімділігін арттырудағы, еңбек өнімділігін өсірудегі, жұмыс сапасын жақсартудағы, материалдық және еңбек ресурстарын үнемді әрі ұтымды пайдаланудағы тәжірибесін ашып беруге ерекше назар аударатын болсын;

— халық шаруашылығының жекелеген салаларының ғылыми-техникалық прогресс саласындағы, КПСС XXVI съезінің шешімдерінен, СССР-дің Азық-түлік және Энергетикалық программаларынан туындайтын міндеттерді жүзеге асырудағы жетістіктерінің тақырыптық көрмелері мен байқауларын өткізуді кеңінен қолданып, олардың базасында озық тәжірибені зерттеу мен алмасу және мамандарды үйрету жөнінде семинар-кеңестер ұйымдастырып отырсын;

¹ 5-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

— ғылыми-техникалық прогрестің актуалды мәселелері бойынша жылжымалы тақырыптық көрмелер ұйымдастыруды қолданатын болсын;

— Бүкілодақтық және Республикалық құрмет тақталарына жазылған кәсіпорындар мен ұйымдар коллективтерінің жұмыс тәжірибесін қорытып, белсене насихаттап отырсын.

3. Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарына, Қазақ ССР Ғылым академиясына халық шаруашылығының тиісті салаларының, ғылымның, техниканың және мәдениеттің жетістіктерін көрсетудің мазмұны және Көрмеде көрсетілетін жаңалық пен озат атаулының бәрі өндіріске енгізілуін қамтамасыз ету үшін жауапкершілік жүктелсін.

4. Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарына, Қазақ ССР Ғылым академиясына, Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесінде озық тәжірибе мен халық шаруашылығының тиісті салаларының, ғылымның, техниканың және мәдениеттің жетістіктерін көрсетуге қатысушы бірлестіктер мен кәсіпорындарға мыналарды қамтамасыз ету міндеттелсін:

Көрменің павильондары мен бөлімдерінде халық шаруашылығының тиісті салаларының, ғылымның, техниканың және мәдениеттің жетістіктерін көрсету тақырыбы туралы ұсыныстарды Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесімен бірлесе отырып әзірлеп, оларды Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесі Республикалық комитетінің бекітуіне табыс етуді және сала қызметкерлерін павильондардың негізгі экспозициялары, тақырыптық көрмелер, байқаулар мен озық тәжірибе мектептері базасында үйрету ісін ұйымдастыруды;

қажетті техникалық документтемесімен, сипаттамаларымен және иллюстрацияланған материалдарымен қоса натуралық экспонаттарды (дайын бұйымдарды, машиналарды, жабдықтарды, приборларды, материалдарды және т. б.), жұмыс істеп тұрған, озық тәжірибені ашып көрсететін электрлендірілген макеттер мен карталарды, техникалық схемаларды, турникеттер мен альбомдарды Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің Республикалық комитеті бекіткен тақырыптық жоспарларға сәйкес әзірлеп, оларды Көрмеде көрсету үшін табыс етуді, сондай-ақ жабдықтарды Көрме дирекциясымен келісілген мерзімдерде монтаждауды, реттеуді және іске қосуды;

Көрмедегі экспозициялардың жайын ұдайы қарап, қайтарып беруге жататын экспонаттарды уақтылы жаңартуды және оларды көрсету мерзімдерін Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің дирекциясымен бірлесіп белгілеуді;

тақырыптық жоспарларға сәйкес жоғары полиграфиялық деңгейде орындалған стенділік әдебиеттің жеткілікті мөлшердегі даналарын;

Көрмеде қатысу үшін кандидаттардың тізімін табыс етуді, кәсіпорындардың, құрылыстардың, колхоздардың, совхоздардың, ғылыми-зерттеу, жобалау, жобалау-конструкторлық және технологиялық мекемелердің мамандарын консультациялар өткізу үшін жіберуді, Көрме өткізетін шараларға мамандардың жоспарлы түрде келуін ұйымдастыруды;

Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің Республикалық комитеті тақырыптық жоспарларды қарағанда, негізгі экспозициялар, тақырыптық көрмелер мен байқаулар бойынша тақырыптық-экспозициялық жоспарлар әзірлегенде, Көрменің тиісті павильондары мен бөлімдерін безендіруде, ғылыми-техникалық конференциялардың, семинарлардың, өндіріс озаттары мен жаңашылдарының мектептері мен кездесулерінің программаларын және оларды өткізу жоспарларын

жасағанда өз өкілдерінің қатысуын, сондай-ақ аталған шараларды өткізуде белсене жәрдем көрсетуді;

жаңа техниканың, прогресті технологияның таңдаулы үлгілері мен озық тәжірибені өндіріске енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеуді және бұл ұсыныстарды жүзеге асыру үшін қажетті шаралар қолдануды;

жұмыс тәжірибесін алмасу және мамандарға өндірістің озық әдістерін үйрету жөніндегі шараларды өткізу үшін көрмеден тыс көрсетуге арналған объектілерді анықтап, оларды әзірлеуді.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің
1983 жылғы 17 ноябрьдегі № 444
қаулысымен*

БЕКІТІЛГЕН

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ КӨРМЕСІ ТУРАЛЫ Е Р Е Ж Е

1. Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесі өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, құрылыс, транспорт, байланыс, ғылым, техника және мәдениет жетістіктерінің бірыңғай, тұрақты жұмыс істейтін республикалық көрмесі ретінде ұйымдастырылған.

Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесі республикалық мекеме болып табылады және өз қызметін өндірістік-салалық принцип бойынша жүзеге асырады.

Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесі өз қызметінде СССР-дің заңдарын, СССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, Қазақ ССР-інің заңдарын, Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтарын, Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесі Республикалық комитетінің қаулыларын, Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің қаулылары мен бұйрықтарын және басқа нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

2. Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің негізгі міндеті ғылымның, техниканың, мәдениеттің ең соны жетістіктері мен озық тәжірибені белсене насихаттап, халық шаруашылығының барлық салаларының қызметкерлеріне өндірістің озық әдістерін үйрету болып табылады.

Осы мақсатпен Көрмеде республика халық шаруашылығы салаларының жетістіктері және оларды дамыту перспективалары, жаңа техниканың таңдаулы үлгілері демонстрацияланады, сондай-ақ еңбекшілердің материалдық әл-ауқатының өсуі мен мәдени дәрежесінің артуы кенінен көрсетіледі.

3. Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің жұмысындағы негізгі мәселе өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы өнімінің, мал тұқымдарының және халық тұтынатын товарлардың таңдаулы үлгілерінің тақырыптық көрмелерін, конкурстарын, байқауларын өткізу, олардың базасында ғылыми-техникалық семинарлар мен конференциялар, жұмыс тәжірибесін алмасу жөнінде өндіріс озаттары мен жаңашылдарының кездесулерін және өнеркәсіп, құрылыс, ауыл шаруашылығы мен транспорт қызметкерлерінің озық тәжірибе мектептерін ұйымдастыру болып табылады.

4. Республикада ғылымның, техниканың, мәдениеттің жетістіктері мен озық тәжірибені көрсетудің негізгі бағыттарын белгілеуді және Көр-

менің экспозициясын идеялық-көркемдік, тақырыптық безендіруге жалпы басшылықты Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің Республикалық комитеті жүзеге асырады, ол Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне қатысу шарттарын және Көрмеге қатысушыларды жаңа техника мен прогресті технологияны өндіріске енгізудегі, бұйымдардың сапасын жақсартудағы, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өнімінің таңдаулы үлгілерін жасаудағы ерекше табыстары үшін, ғылым мен техника саласындағы аса үздік жетістіктері үшін наградтау тәртібін бекітеді, сондай-ақ Көрмеге қатысушыларды бекітіп, оларды республиканың министрліктері мен ведомстволарының, облыстық атқару комитеттерінің және Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесі дирекциясының ұсынуы бойынша наградтайды.

Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесі Республикалық комитетінің құрамы белгіленген тәртіп бойынша бекітіледі.

5. Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің құрамында мыналар болады:

республиканың экономикасын дамытудағы табыстарды ғылым, білім беру, денсаулық сақтау ісінің жетістіктерін, социалстік мәдениеттің гүлденуін және халықтың материалдық әл-ауқатының артуын бейнелейтін бас павильон;

өнеркәсіп кәсіпорындарының, құрылыстардың, колхоздардың, совхоздардың, ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық ұйымдардың экономикалық және әлеуметтік дамуындағы жетістіктері мен озық тәжірибені, өндіріс озаттары мен жанашылдарының жаңа техниканы, прогресті технологияны, еңбекті және басқаруды ғылыми жолмен ұйымдастыруды игеру мен енгізудегі тәжірибесін, коллективтердің, жекелеген озаттардың социалстік жарысын және еңбекшілердің экономикалық оқуын ұйымдастырудың жаңа формаларын бейнелейтін салалық павильондар;

құрылыс, өнеркәсіп және ауыл шаруашылық техникасын, сондай-ақ құрылыс конструкциялары мен үйлердің фрагменттерін көрсетуге арналған ашық демонстрация алаңдары;

мал шаруашылығында еңбекті көп керек ететін процестерді комплексті механикаландыру мен автоматтандыру жөніндегі жаңа техниканы демонстрациялай отырып асыл тұқымды малдар, мал мен құсты күтіп ұстаудың прогресті әдістері оқтын-оқтын көрсетілетін мал қоралары;

өндірістік-көркемдік шеберхана мен қонақ үйі.

6. Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесі өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

а) республиканың министрліктері мен ведомстволарының, одақтық бағыныстағы бірлестіктер мен кәсіпорындардың тақырыптық және тақырыптық-экспозициялық жоспарларды әзірлеуіне, солардың базасында тақырыптық көрмелер, байқаулар мен семинарлар ұйымдастыруына қатысады;

б) тәжірибе алмасу және өндірістің озық әдістерін үйрену жөніндегі тақырыптық көрмелерді, байқауларды, семинарларды, өндіріс озаттары мен жанашылдарының кездесулерін жүйелі түрде өткізіп отырады, өнеркәсіп, құрылыс, транспорт, ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің озық тәжірибе мектептерін ұйымдастырады;

в) Көрмеге қатысушыларға кандидаттар және оларды наградтау туралы материалдарды облыстық атқару комитеттерімен, министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп қарап, бұл материалдарды Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесі Республикалық комитетінің бекітуіне табыс етеді;

г) Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесінде

өнеркәсіп, транспорт, құрылыс және ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің тәжірибе алмасуы, оларды өндірістің озық әдістеріне үйрету жөнінде республиканың министрліктері мен ведомстволары, одақтық бағыныстағы бірлестіктер мен кәсіпорындар өткізетін шараларға жалпы методикалық басшылықты қамтамасыз етеді, сондай-ақ оларды өткізу үшін үй-жайлар беріп, кинофильмдер көрсетілуін ұйымдастырады;

д) Көрме павильондарының негізгі экспозицияларын, оның территориясын және тақырыптық көрмелерді уақтылы әрі жоғары көркемдік дәрежеде безендіруді жүзеге асырады, экспозиция жасауға байланысты тнеу-түсіру, монтаждау және басқа жұмыстардың орындалуын Қазақ ССР-інің министрліктерімен және ведомстволарымен бірлесіп қамтамасыз етеді;

е) Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарының ғылыми-техникалық информация органдарымен бірлесіп өнеркәсіптің, транспорттың, құрылыстың және ауыл шаруашылығының жетістіктері мен озық тәжірибесін кеңінен таратуды қамтамасыз етеді, бұл үшін баспасөзді, радионы, киноны, телевизияны және насихаттың басқа да құралдарын пайдаланады;

ж) көрмеден тыс көрсету кәсіпорындары мен шаруашылықтарына экскурсия ұйымдастырады;

з) Көрменің дипломдарымен атап өтілетін өнеркәсіп және ауыл шаруашылық өнімінің таңдаулы үлгілерін анықтау үшін оның байқау-конкурстарын өткізеді;

и) экспозицияларды безендіруде осы заманғы ғылыми-техникалық құралдарды пайдалану мақсатымен СССР Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесінде, шетелдік көрмелер мен жәрмеңкелерде көрме ісінің ұйымдастырылуын және экспонаттарды көрсету әдістерін жүйелі түрде зерттейді;

к) облыстық көрмелерге методикалық көмек көрсетеді;

л) республиканың министрліктерімен және ведомстволарымен бірлесіп Көрмеде мәдени-бұқаралық жұмыс жүргізеді, келушілердің демалысын, өнер шеберлерінің, көркем өнерпаздар коллективтерінің, композиторлардың, жазушылардың, журналистердің өнер көрсетуін ұйымдастырады;

м) республиканың министрліктерімен және ведомстволарымен, бірлестіктермен және кәсіпорындармен бірлесіп Қазақ ССР-інің жетістіктерін шетелдердегі көрмелер мен жәрмеңкелерде көрсетуді ұйымдастыруға, сондай-ақ республикада жекелеген елдердің халықаралық, мамандандырылған шетелдік және ұлттық көрмелерін өткізуге қатысады.

7. Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесінде көрсетуге арналған экспонаттарды Көрме жауапты түрде сақтауға қабылдап алады және көрсету мерзімі аяқталған соң олар экспоненттерге қайтарылады немесе экспоненттердің тілегі бойынша сауда немесе дайындау ұйымдарына белгіленген шарттар негізінде беріледі.

Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің дирекциясы қайтаруға жататын экспонаттардың демонстрациялану мерзімін Қазақ ССР-інің министрліктерімен, ведомстволарымен және Ғылым академиясымен бірлесіп белгілейді, олардың саны мен құнын (белгіленген босату бағалары бойынша) есепке алады.

8. Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесін директор басқарады, оны Қазақ ССР Министрлер Советі тағайындайды және лауазым бойынша Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің Республикалық комитеті председателінің орынбасары болып табылады.

Директор Көрменің жұмысына оперативті басшылықты жүзеге асы-

рады, қолданылып жүрген заңдар негізінде және осы Ережеге сәйкес өз компетенциясы шеңберінде бұйрықтар мен нұсқаулар шығарып, олардың орындалуын тексеруді ұйымдастырады, шарттар жасасады, қосалқы бөлімшелерді (мамандандырылған цехтарды және т. б.) белгіленген тәртіп бойынша құрады және таратады, Көрменің бөлімдері, павильондары мен басқа да бөлімшелері туралы ережені бекітеді.

9. Көркемдік-безендіру жұмыстарын қабылдау және бағалау үшін Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесі жанында көркемдік совет құрылады.

Көркемдік советтің құрамы мен ол туралы ережені Көрменің директоры бекітеді.

10. Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне мынадай право бөлінеді;

а) республиканың министрліктері мен ведомстволарынан, облыстық атқару комитеттерінен, ғылыми және басқа мекемелерден ғылым, техника, мәдениет жетістіктері мен озық тәжірибені (халық шаруашылығының салалары бойынша) көрсетудің тақырыбы туралы ұсыныстарды, сондай-ақ Көрмеде демонстрацияланған ғылым мен техника, мәдениет жетістіктері мен озық тәжірибені өндіріске енгізудің жайы туралы информацияны сұратуға және алуға;

б) Қазақ ССР Орталық статистика басқармасы мен оның жергілікті органдарынан тұтас алғанда республиканың халық шаруашылығы туралы және оның жекелеген салалары бойынша статистикалық деректер мен басқа да материалдарды, басқа одақтас республикалар туралы статистикалық деректер алуға;

в) Көрменің тақырыптық жоспарының жекелеген бөлімдері бойынша консультация алу үшін, республиканың халық шаруашылығында озық тәжірибені насихаттау ісін жүргізу үшін, сондай-ақ Көрмеге ұсынылған экспонаттар ішінен таңдаулы үлгілерді іріктеп алып, оларды өндіріске енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін республиканың министрліктері мен ведомстволарының келісуі бойынша кәсіпорындардың, құрылыс ұйымдарының, совхоздардың, колхоздардың, ғылыми-зерттеу институттарының, жобалау-конструкторлық және көркемдік ұйымдардың мамандарын қатыстыруға;

г) кәсіпорындардың, құрылыс объектілерінің жобалау-конструкторлық және ғылыми-зерттеу ұйымдарының жұмысымен танысып, Көрменің экспозицияларын әзірлеуге арналған қажетті материалдар мен деректерді белгіленген тәртіп бойынша алу үшін оларға өз мамандарын жіберуге.

11. Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесі дербес баланста болады және республикалық бюджет бойынша бөлінетін қаржылар мен Көрменің қызметінен алынатын қаржылар есебінен ұсталады.

Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің қызметіне жалпы басшылықты Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті жүзеге асырады.

12. Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің дирекциясы аппаратының құрылымын Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті бекітеді.

13. Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің Қазақ ССР Мемлекеттік гербі бейнеленген, өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

8-тарау

МӘДЕНИЕТ

§ 1. ӨНЕР МЕН МӘДЕНИ-АҒАРТУ ЖҰМЫСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТИ ТУРАЛЫ ¹

ҚАЗАҚ ССР-інің
1979 жылғы 14 декабрьдегі
ЗАҢЫ
(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

8-статьяның 5-пункті

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТИ ТУРАЛЫ ²

ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ
1980 жылғы 13 ноябрьдегі
ЗАҢЫ
(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., № 48, 185-ст.)

25-статья

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ АУДАНДЫҚ СОВЕТИ ТУРАЛЫ ³

ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ
1971 жылғы 21 июльдегі
ЗАҢЫ
(1979 жылғы 14 декабрьдегі Заңының редакциясы бойынша — Қазақ ССР
Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

24-статья, 28-статьяның 4-пункті

¹ 1-том, 145-бетті қараңыз.

² 1-том, 163-бетті қараңыз.

³ 1-том, 191-бетті қараңыз.

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ҚАЛАЛЫҚ, ҚАЛАДАҒЫ АУДАНДЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ¹

ҚАЗАҚ ССР-інің
1971 жылғы 21 июльдегі
ЗАҢЫ

(1979 жылғы 14 декабрьдегі Заңының редакциясы бойынша — Қазақ ССР
Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

22-статьяның 1, 2, 3, 7-пункттері, 31-статьяның 10-пункті және
33-статьяның 2, 6, 8-пункттері

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ПОСЕЛКЕЛІК, СЕЛОЛЫҚ, АУЫЛДЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ²

ҚАЗАҚ ССР-інің
1968 жылғы 20 декабрьдегі
ЗАҢЫ

(1979 жылғы 14 декабрьдегі Заңының редакциясы бойынша — Қазақ ССР
Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 52)

21-статья, 26-статьяның бірінші бөлігі, 34-статьяның 13-пункті

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯЛАРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ³

ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ
1968 жылғы 19 июньдегі
ЗАҢЫМЕН БЕКІТІЛГЕН

(1979 жылғы 7 июньдегі Заңының редакциясы бойынша — Қазақ ССР Жоғарғы
Советінің Ведомостары, 1979 ж., № 25)

4, 38-статьялар

ҚАЗАҚ ССР МӘДЕНИЕТ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ⁴

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1970 жылғы 7 апрельдегі № 246
ҚАУЛЫСЫ
(Қазақ ССР ҚЖ, 1970 ж., № 8, 41-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі туралы осыған қосылған Ере-
же бекітілсін.

¹ 1-том, 221-бетті қараңыз.

² 1-том, 254-бетті қараңыз.

³ 1-том, 130-бетті қараңыз.

⁴ 2-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары бол-
мағандықтан келтірілмеді.

ҚАЗАҚ ССР МӘДЕНИЕТ МИНИСТРЛІГІ ТУРАЛЫ Е Р Е Ж Е

1. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі одақтық-республикалық министрлік болып табылады және өз қызметінде Қазақ ССР Министрлер Советі мен СССР Мәдениет министрлігіне бағына отырып, Қазақ ССР-інде театр, музыка, хореография, бейнелеу, колтанбалы-сәндік, эстрада өнерін және мәдени-ағарту жұмысын дамытуға жауап береді.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі өнердің бұл түрлерінің идеялық-көркемдік дәрежесінің жағдайына және оны одан әрі арттыруға, сондай-ақ совет адамдарына коммунистік тәрбие беру, олардың мәдени және эстетикалық талап-тілектерін неғұрлым толық қанағаттандыру мақсатында мәдени-ағарту жұмысын жетілдіруге жауап береді.

2. Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің басты міндеттері мыналар: Қазақ ССР-інде советтік өнерді партиялық пен халықтық, лениндік принциптерге негізделген социалистік реализм өнері ретінде одан әрі дамыту;

туысқан халықтардың мәдениетін интернационализм идеясы негізінде өзара байытуға және жақындастыруға барынша жәрдемдесу;

лениндік идеялардың ұлылығын ашатын және Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің қызметін, Қазақ ССР еңбекшілерінің жетістіктерін, социалистік шындықтың байлығы мен әр алуандығын көрсететін аса көркем шығармалар жасау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

дарынды жастарды табу және іріктеп алу; оларды мәдениет пен өнер оқу орындарына жіберу;

халыққа идеялық тәрбие беруде және оның мәдениетін көтеруде мәдени-ағарту мекемелерінің ролін арттыру;

мәдениет ескерткіштерін мемлекеттік қорғауды қамтамасыз ету;

мәдениет және өнер мекемелерінің материалдық базасын нығайту және дамыту, мемлекеттік жоспардың тапсырмаларын орындау және мемлекеттік тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз ету;

бірыңғай техникалық саясат жүргізу, ғылым мен техниканың және озық тәжірибенің ең жаңа жетістіктерін енгізу, Министрлік жүйесіндегі кәсіпорындарда өндірістің техникалық-экономикалық көрсеткіштерінің жоғары болуын қамтамасыз ету;

еңбек пен басқару ісін ғылыми ұйымдастыруды енгізу, Министрлік жүйесіндегі мекемелерді, ұйымдар мен кәсіпорындарды ысылған жетік кадрлармен қамтамасыз ету, қызметкерлердің білімі мен тәжірибесін барынша жақсы пайдалану үшін жағдайлар жасау, өзін жақсы жағынан көрсете білген жас мамандарды басшы жұмысқа жоғарылату;

күрделі қаржыларды ұтымды пайдалану және олардың тиімділігін арттыру, құрылыстың құнын арзандату және мерзімдерін қысқарту, салынып жатқан объектілерді дер кезінде іске қосу;

Министрлік жүйесіндегі мекемелердің, ұйымдар мен кәсіпорындардың қызметкерлерінің тұрғын үй және мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсарту, олар үшін еңбек қауіпсіздігі жағдайын жасау.

3. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі өнер мен мәдени-ағарту жұмысын дамытуға басшылықты, әдетте, халық депутаттары Советтері атқару комитеттерінің мәдениет басқармалары мен бөлімдері арқылы жүзеге асырады және республикаға бағынатын көркемөнер, театр-ойын-

сауық кәсіпорындарын және мәдени-ағарту мекемелерін тікелей басқарады.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі, халық депутаттары Советтері атқару комитеттерінің мәдениет басқармалары мен бөлімдері, олардың қарамағындағы театрлар, концерт ұйымдары, көркемөнер коллективтері, кітапханалар, музейлер, клубтар және оған қарасты басқа да мәдениет пен өнер мекемелері Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің жүйесін құрады.

4. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі және оның жергілікті жерлердегі органдары практикалық қызметін жазушылар, композиторлар, суретшілер, архитекторлар одақтарымен, Қазақ театр қоғамымен, сондай-ақ кәсіподақ, комсомол және басқа қоғамдық ұйымдармен тығыз ынтымақта жүзеге асырады.

5. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі өз қызметінде СССР және Қазақ ССР заңдарын, СССР Жоғарғы Советі Президиумы мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының указдарын, СССР Үкіметі мен Қазақ ССР Үкіметінің қаулылары мен жарлықтарын, СССР Мәдениет министрлігінің бұйрықтары мен нұсқауларын және басқа да нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады және қазір күшінде бар заңдардың Министрлік жүйесіндегі мекемелерде, ұйымдар мен кәсіпорындарда дұрыс қолдануын қамтамасыз етеді.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі өз компетенциясына жататын мәселелер жөніндегі заңдардың қолданылу практикасын қорытады, оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және бұл ұсыныстарды белгіленген тәртіп бойынша Қазақ ССР Министрлер Советінің қарауына енгізеді.

6. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі:

а) өнер шығармаларын жасауға арналған мемлекеттік заказдарды жүзеге асырады, идеясы мен көркемдігі жоғары драма, музыка, хореография, бейнелеу, қолданбалы-сәндік, эстрада және цирк өнері шығармаларын жасауды қамтамасыз ететін конкурстарды және басқа да шараларды белгіленген тәртіп бойынша өткізеді; республикада көпшілік алдында орындау мақсатында таңдаулы драмалық шығармаларды және музыкалық шығармалардың текстін басқа тілдерден аудару жөніндегі жұмысты белгіленген тәртіп бойынша ұйымдастырады;

б) театрлардың, концерт ұйымдары мен көркемөнер коллективтерінің репертуарының идеялық және көркемдік дәрежесін арттыруға бағытталған жұмыс жүргізеді, репертуарды қалыптастырудың тәртібін анықтайды және оның идеялық көркемдік дәрежесін бақылауды жүзеге асырады; театрлардың, музыка коллективтерінің және концерт ұйымдарының қай ведомствоға бағынатынына қарамастан, олардың ағымдағы репертуарын бақылайды;

в) театрлардың, музыка коллективтерінің, концерт ұйымдарының гастрольдық жұмысының бірыңғай жоспарларын СССР Мәдениет министрлігі бекіткен Ережеге сәйкес жасап, бекітеді; белгіленген тәртіп бойынша фестивальдар, кәсіптік және көркемөнерпаздық өнердің онкүндіктерін, көркемөнер коллективтерінің және орындаушылардың конкурстарын, мәдени-ағарту мекемелерінің байқауларын және республика мәдениеті мен өнерінің жетістіктерін көрсетуге байланысты басқа да шараларды өткізеді;

г) Қазақ ССР территориясындағы кәсіптік және халық театрларының, музыка коллективтерінің, цирктердің, ансамбльдердің, бригадалардың, топтардың және басқа творчестволық көркемөнер коллективтерінің қай ведомствоға бағынатынына қарамастан гастрольдер өткізуге правосы екеніне куәліктер беруді белгіленген тәртіппен ұйымдастырады;

д) театрлар мен көркемөнер коллективтерінің қай ведомствоға бағынатынына қарамастан, оларға «Академиялық» деген құрметті атақ беру туралы СССР Мәдениет министрлігіне ұсыныстар енгізеді;

е) бейнелеу, қолданбалы-сәндік өнерді дамытуға бағытталған шараларды жасап, жүзеге асырады, халық іскерлік кәсіпшіліктерін дамытуға көмектеседі, мемлекеттік музейлер мен галереялардың фондларынан толықтыру үшін көркемсурет шығармаларын сатып алады;

Көркемөнер, тарих немесе өзге де мәдени байлықтарын, сондай-ақ антиквар бұйымдарын сатып алу және сату жөніндегі жұмысты ұйымдастырып, оған бақылауды жүзеге асырады;¹

ж) республиканың барлық территориясында ескерткіштерді, монументтер мен бюсттерді жобалауды ұйымдастырады және олардың идеялық дәрежесі мен көркемдік сапасына бақылауды жүзеге асырады;

з) материалдық және рухани мәдениет тарихының ескерткіштерін есепке алу, қорғау, реставрациялау, пайдалану және насихаттау ісіне басшылықты жүзеге асырады; ескерткіштерді есепке алу, қорғау, реставрациялау және пайдалану мәселелері жөніндегі ережелерді, нұсқаларды, қағидалар мен нормаларды белгіленген тәртіп бойынша жасап, бекітеді, осы ережелердің сақталуын бақылайды, музейлердің, сурет галереяларының және көрмелердің қорларын толықтыру үшін бейнелеу, қолданбалы-сәндік өнері шығармаларын және басқа да экспонаттарды сатып алады;

и) өз қарамағындағы мәдени-ағарту мекемелерінің халыққа идеялық-саяси тәрбие беру және оның мәдени дәрежесін арттыру, бұқаралық көркем творчествоны дамыту жөніндегі жұмысын ұйымдастырады; басқа министрліктер мен ведомстволардың жүйесіндегі мәдени-ағарту мекемелеріне методикалық көмек көрсетеді; олардың қызметіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады; кітапханалардың қай ведомствоға бағынатынына қарамастан, олардың жұмысын белгіленген тәртіп бойынша үйлестіріп отырады;

к) мәдениет және демалыс парктерін, бақтарды, жасыл аймақтарды, ойын алаңдарын материалдық-техникалық жағынан жабдықтау жөніндегі жұмысты үйлестіріп отырады, көпшілік демалатын орындарда халыққа мәдени қызмет көрсетудің формаларын дамыту жөнінде шаралар алады;

л) мемлекеттік театр-ойын-сауық кәсіпорындарының, мәдени-ағарту мекемелерінің жүйесін дамытудың, республиканың мәдениет және өнер мекемелері үшін маман кадрларды қажет етуінің перспективалық және ағымдағы жоспарларының жобаларын белгіленген тәртіп бойынша жасайды;

м) Министрлік жүйесіндегі және басқа министрліктер мен ведомстволардағы театрлардың, концерт ұйымдарының, музыка коллективтерінің творчестволық қызметкерлерін тарифтеуді белгіленген тәртіп бойынша жүргізеді;

н) шетелдермен мәдени байланыстар жасау жоспарларының орындалуын ұйымдастырады және СССР Мәдениет министрлігіне мәдени байланыстар мәселелері жөнінде ұсыныстар енгізеді;

о) мәдениет пен өнердің айрықша танылған қызметкерлерін ССР Одағының, Қазақ ССР-інің құрметті атақтарын беруге, Совет Одағының ордендерімен және медальдарымен, СССР Мәдениет министрлігінің значоктарымен наградтауға белгіленген тәртіп бойынша ұсынады;

¹ 6-пункттің «е» тармағы Қазақ ССР Министрлер Советінің 1979 ж. 28 декабрьдегі № 481 қаулысымен екінші абзацпен толықтырылды.

п) мәдениет пен өнер саласында жоғары және арнаулы орта білімді мамандар мен ғылыми кадрларды еліміз бен республиканың жоғары және орта оқу орындары арқылы даярлауды белгіленген тәртіп бойынша ұйымдастырады; Министрлік жүйесіндегі мәдениет пен өнер қызметкерлерінің мамандығын арттыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

р) театр-ойын-сауық және мәдени-ағарту мекемелері бойынша сыйлық қорларын жасауға белгіленген тәртіп бойынша рұқсат етеді;

с) мәдениет пен өнер мекемелерінде социалистік меншікті қорғауды және оған ұқыпты қарауды қамтамасыз етеді;

т) Министрлік жүйесіндегі мәдениет пен өнер мекемелерін жабдықтаумен, шикізатпен және басқа материалдық ресурстармен жабдықтауды белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырады; мәдениет мекемелерінің мәдени инвентарьмен, музыка аспаптарымен және техникалық құралдармен белгіленген тәртіп бойынша бекітілген нормативтерге сәйкес жарақтандыру жөнінде шаралар алады;

у) Министрлік жүйесіндегі театр-ойын-сауық кәсіпорындарын және мәдени-ағарту мекемелерін қаржыландыруды белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырады, сондай-ақ дербес баланста тұрған шаруашылық есептегі кәсіпорындардың өндірістік және финанс қызметін басқарады. Министрліктің мәдениет пен өнер мекемелерінің шаруашылық және финанс қызметіне бақылау жасауды жүзеге асырады және Министрлік жүйесінде бақылау-тексеру жұмысын ұйымдастырады;

ф) Министрліктің театр-ойын-сауық кәсіпорындарының және мәдени-ағарту мекемелерінің штаттарын белгіленген тәртіп бойынша бекітеді;

х) республиканың театр-ойын-сауық кәсіпорындары мен мәдени-ағарту мекемелері үйлерінің күрделі құрылысына бақылауды жүзеге асырады.

7. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі азаматтардың хаттарын (арыздары мен шағымдарын) дер кезінде және ұқыпты қарауды ұйымдастыра отырып, бұл хаттарда қойылған мәселелердің дұрыс шешілуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ Министрлік жүйесіндегі мәдениет пен өнер мекемелерінің қызметіндегі азаматтар хаттарында айтылған кемшіліктерді жоюға шаралар алады.

8. Қазақ ССР Мәдениет министрлігін Министр басқарады, оны Қазақ ССР Конституциясына (Негізгі Заңына) сәйкес Қазақ ССР Жоғарғы Советі тағайындайды, ал сессиялар аралығында Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бекітуіне кейіннен ұсына отырып, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы тағайындайды.

Қазақ ССР Мәдениет министрінің Қазақ ССР Министрлер Советі тағайындайтын орынбасарлары болады. Министрдің орынбасарларының міндеттерін Қазақ ССР Мәдениет министрі бөліп береді.

9. Қазақ ССР Мәдениет министрлігінде коллегия құрылады, оның құрамында Министр (председатель) және Министрдің қызмет жөніндегі орынбасарлары, сондай-ақ Министрліктің басқа да қызметкерлері және мәдениет пен өнердің жекелеген қайраткерлері болады.

Министрлік коллегиясының мүшелерін Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

10. Қазақ ССР Мәдениет министрі министрлікке жүктелген тапсырмалар мен міндеттердің орындалуына жеке басы жауап береді, Министрдің орынбасарларының Министрліктің басқармалар, бөлімдер және басқа да бөлімшелер бастықтарының Министрліктің, сондай-ақ Министрлік жүйесіндегі мекемелер мен ұйымдардың қызметінің жекелеген салаларын басқару үшін жауапкершілік дәрежесін белгілейді.

11. Қазақ ССР Мәдениет министрі Министрліктің компетенциясы шегінде қазір қолданылып жүрген заңдар, сондай-ақ СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтары, СССР Мәдениет министрлігінің бұйрықтары мен нұсқаулары негізінде және оларды орындау үшін бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады және олардың орындалуын тексереді.

Қазақ ССР Мәдениет министрінің Министрліктің компетенциясына жататын өнер және мәдени-ағарту жұмысы мәселелері жөніндегі бұйрықтары мен нұсқаулары барлық театр-ойын-сауық кәсіпорындары мен мәдени-ағарту мекемелері үшін міндетті болып табылады.

Қазақ ССР Мәдениет министрі қажет болған жағдайда Қазақ ССР-інің басқа да министрліктерінің және ведомстволарының басшыларымен бірге бірлескен бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады.

12. Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің коллегиясы өзінің үнемі өткізіліп отыратын мәжілістерінде өнер мен мәдениет салаларын дамытудың негізгі мәселелерін және Министрліктің қызметінің басқа да мәселелерін қарайды, театр-ойын-сауық кәсіпорындарына, мәдени-ағарту мекемелеріне практикалық басшылық жасау, істің орындалуын тексеру, кадрларды іріктеп алу және пайдалану мәселелерін, аса маңызды бұйрықтар мен нұсқаулардың жобаларын талқылайды, Министрліктің басқармалары мен бөлімдерінің, халық депутаттары Советтері атқару комитеттерінің мәдениет басқармалары мен бөлімдерінің, Министрлік жүйесіндегі мекемелердің, ұйымдардың және кәсіпорындардың есептерін тыңдайды.

Коллегияның шешімдері, әдетте, Министрдің бұйрықтарымен жүзеге асырылады. Министр мен коллегия арасында келіспеушіліктер туған жағдайда Министр бұл келіспеушіліктер туралы Қазақ ССР Министрлер Советіне баяндай отырып, өз шешімін іске асыра береді, ал коллегия мүшелері өз пікірлерін Қазақ ССР Министрлер Советіне өздері тарапынан баяндай алады.

13. Өнерді, мәдени-ағарту жұмысын және бұқаралық көркем творчествоны дамытудың негізгі мәселелерін қарау үшін Қазақ ССР Мәдениет министрлігінде ысылған жетік мамандардан, творчество қызметкерлерінен, творчестволық одақтардың және басқа да ұйымдардың өкілдерінен көркемдік, ғылыми-методикалық, эксперттік және басқа советтер құрылады.

Аталған советтердің құрамын және олар туралы ережелерді Қазақ ССР Мәдениет министрі бекітеді.

14. Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің орталық аппаратының құрылымын және қызметкерлері санын СССР Мәдениет министрлігімен келісе отырып, Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

Министрліктің орталық аппаратының штат кестесін, сондай-ақ Министрліктің басқармалары, бөлімдері мен басқа да бөлімшелері туралы ережелерді Қазақ ССР Мәдениет министрі белгіленген тәртіп бойынша бекітеді.

15. Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің Қазақ ССР-інің Мемлекеттік гербі бейнеленген, өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ (АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ) СОВЕТІ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1983 жылғы 28 апрельдегі № 188
ҚАУЛЫСЫ
(Қазақ ССР ҚЖ, 1983 ж., № 10, 42-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:
Халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советі атқару комитетінің мәдениет басқармасы туралы осыған қосылған ереже бекітілсін.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің
1983 жылғы 28 апрельдегі № 188
қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН*

ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ (АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ) СОВЕТІ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советі атқару комитетінің мәдениет басқармасын¹ Совет Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес халық депутаттарының облыстық (Алматы қалалық) Советі құрады және ол өз қызметінде халық депутаттарының облыстық (Алматы қалалық) Советі мен оның атқару комитетіне де, Қазақ ССР Мәдениет министрлігіне де бағынады.

Мәдениет басқармасы мәдени-ағарту жұмысына, облыстық (Алматы қалалық) бағыныстағы мәдени-ағарту ұйымдары мен мекемелеріне, өнер ұйымдары мен мекемелеріне басшылықты жүзеге асырады, коммунистік тәрбие берудің аса маңызды құралдарының бірі ретінде мәдениет пен өнердің жайына және оларды одан әрі дамытуға жауап береді.

2. Мәдениет басқармасының негізгі міндеттері мыналар:

— мәдени-ағарту ұйымдары мен мекемелерінің, өнер ұйымдары мен мекемелерінің халыққа идеялық-саяси, еңбек, адамгершілік және эстетикалық тәрбие берудегі ролін арттыруды қамтамасыз ету, мәдени қызмет көрсету формаларын одан әрі жетілдіру;

— театр, музыка, хореография, бейнелеу өнері мен өнердің басқа да түрлерін, халық творчествосы мен көркемөнерпаздықты дамыту;

— тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау мен пайдалану саласында мемлекеттік басқару мен мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

— творчестволық одақтар мен ұйымдардың қызметіне жәрдемдесу;

— мәдени-ағарту ұйымдары мен мекемелерінің, өнер ұйымдары мен мекемелерінің материалдық-техникалық базасын және финанс жағдайын нығайту жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

— мемлекеттік жоспардың тапсырмаларын орындау және қарамағындағы барлық ұйымдар мен мекемелердің мемлекеттік тәртіпті сақтауын қамтамасыз ету;

— қарамағындағы ұйымдар мен мекемелердің кадрларын іріктеу,

¹ Бұдан былай текст бойынша — «Мәдениет басқармасы».

орналастыру және тәрбиелеу, оларды тұрақтандыру, қызметкерлердің білімі мен тәжірибесін неғұрлым жақсы пайдалану үшін қажетті жағдайлар жасау.

3. Мәдениет басқармасы өзіне жүктелген міндеттерді халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советі тұрақты комиссияларының, кәсіподақ органдарының, творчестволық одақтар мен басқа да қоғамдық ұйымдардың ұсыныстарын ескере отырып және солармен өзара бірлесіп шешеді.

4. Мәдениет басқармасы өз қызметінде СССР-дің заңдарын, СССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, Қазақ ССР-інің заңдарын, Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтарын, халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің шешімдерін, оның атқару комитетінің шешімдері мен жарлықтарын, СССР Мәдениет министрлігі мен Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің бұйрықтарын, нұсқаулары мен тапсырмаларын, басқа да нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

5. Мәдениет басқармасы өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

совет адамдарына моральдық және эстетикалық тәрбие беру, олардың мәдени дәрежесін көтеру үшін мәдени-ағарту ұйымдары мен мекемелерінің, өнер ұйымдары мен мекемелерінің рухани байлықтарды қорғау, молайта беру және кеңінен пайдалану жөнінде шаралар қолданады;

халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің тапсыруы бойынша бағынысына қарамастан клубтардың, кітапханалардың, музейлердің және мәдениет пен өнердің басқа да ұйымдары мен мекемелерінің қызметін үйлестіріп, бақылау жасайды, оларға методикалық көмек көрсетеді;

мәдениет пен өнер мекемелерінің жүйесін дамыту, оларды тиімді пайдалану, халыққа мәдени қызмет көрсету жүйесін жетілдіру, селолық мәдениет комплекстерін жасау жөнінде комплексті шаралар әзірлеп жүзеге асырады;

облыста (Алматы қаласында) халыққа кітапхана қызметін көрсетуді және музей ісін жақсартуды қамтамасыз етеді;

халыққа кино көрсету ісін жақсартуға жәрдемдеседі, Мәдениет үйлері мен сарайларының, клубтардың, мәдениет және демалыс парктарының кинофильмдер көрсету үшін үй-жайларды пайдалануға арнап кинофикация органдарымен шарттар жасасу жөніндегі жұмысын бақылайды;

театрлардың, концерт ұйымдарының, көркемөнер коллективтерінің репертуарын белгіленген тәртіп бойынша қалыптастырады және оның идеялық-көркемдік дәрежесін бақылауды жүзеге асырады;

театрлардың, көркемөнер коллективтері мен жекелеген орындаушылардың концерттік қызметін белгіленген тәртіп бойынша ұйымдастырады және олардың гастрольдерін өткізуге жәрдемдеседі;

халық творчасы мен көркемөнерпаздықты дамытуға шаралар қолданады, ынталы коллективтер репертуарының идеялық-көркемдік дәрежесін бақылауды жүзеге асырады;

балалар мен жас өспірімдердің музыкалық, көркемдік және хореографиялық білімін дамыту жөнінде жұмыс жүргізеді;

мәдениет пен өнер саласында фестивальдар, онкүндіктер, конкурстар, байқаулар, көрмелер және басқа да шаралар өткізілуін белгіленген тәртіп бойынша ұйымдастырады;

мәдениет және демалыс парктерін, ойын-сауық алаңдарын, зоопарктерді материалдық-техникалық жабдықтандыру жөніндегі жұмысты қамтамасыз етеді, бұқаралық демалыс орындарында халыққа мәдени қызмет көрсету формаларын дамытуға шаралар қолданады;

советтік дәстүрлерді, мерекелер мен салттарды тұрмысқа енгізу жөніндегі жұмысқа жәрдемдеседі;

тарих және мәдениет ескерткіштерін табу, есепке алу, қорғау, пайдалану, жаңғырту, насихаттау мен көпшілікке тарату жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

бағынысына қарамастан музейлердегі, көркемсурет галереяларындағы, сондай-ақ басқа арнаулы қоймалардағы көркемөнер, тарих немесе басқа да мәдени байлықтардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады және оларды сақтау жағдайларын жақсартуға шаралар қолданады;

ескерткіштер, монументтер, бюсттер жобалауды ұйымдастырады және орнатылатын ескерткіштердің, монументтер мен бюсттердің идеялық дәрежесі мен көркемдік сапасын бақылауды жүзеге асырады;

өз қарамағындағы кәсіпорындар орындайтын көрнекі үгіттің, елді мекендерді, кәсіпорындарды, мекемелер мен ұйымдарды мерекелік және үгіттік-көркемдік безендірудің жоғары көркемдік дәрежесін қамтамасыз етеді;

халықтық көркем кәсіпшілік пен қолөнер кәсібінің дамуына жәрдемдеседі;

қарамағындағы ұйымдар мен мекемелерде жоспарлау-финанс жұмысын ұйымдастырады, мәдениет пен өнер мекемелерінің жүйесін дамыудың перспективалы және жылдық жоспарларын жасайды, облыстық, қалалық және аудандық бюджеттерде тұратын ұйымдар мен мекемелердің штат кестелері мен сметаларын белгіленген тәртіп бойынша бекітіп, оларды қаржыландыруды жүзеге асырады;

қарамағындағы ұйымдар мен мекемелерде бастапқы есепті ұйымдастырады, белгіленген тәртіп бойынша статистикалық және бухгалтерлік есепті алады, жиынтық бухгалтерлік есептер мен баланстар жасайды, олардың тиісті органдарға уақтылы табыс етілуін қамтамасыз етеді;

қарамағындағы ұйымдар мен мекемелерге ұдайы тексерулер мен тексерістер жүргізеді, социалистік меншіктің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

күрделі қаржының тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді және күрделі құрылыс пен күрделі жөндеуге байланысты басқа да мәселелерді өз компетенциясы шеңберінде шешеді;

қарамағындағы ұйымдар мен мекемелердің материалдық-техникалық жабдықталуын ұйымдастырады, бөлінген қорлардың жүзеге асырылуын және олардың өз мақсатына тиімді пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады;

қарамағындағы ұйымдар мен мекемелерді қызметкерлердің білікті кадрларымен қамтамасыз етеді, оларды даярлауды және біліктілігін көтеруді жүзеге асырады, кадрларды еңбекке коммунистік көзқарас рухында тәрбиелеу, еңбек тәртібін сақтау және оларға еңбектің қауіпсіз жағдайларын жасау жөнінде жұмыс жүргізеді;

мәдени-ағарту ұйымдары мен мекемелері, өнер ұйымдары мен мекемелері қызметкерлерінің тұрғын үй және мәдени-тұрмыстық жағдайларын жақсартуға жәрдемдеседі;

мәдениет қызметкерлері кәсіподағының облыстық комитетімен бірлесіп социалистік жарыс ұйымдастырады, оның қорытындыларын шығарады және мәдени-ағарту ұйымдары мен мекемелерінің, өнер ұйымдары мен мекемелерінің озат қызметкерлерін белгіленген тәртіп бойын-

ша көтермелейді. Еңбектің озық әдістері мен озық тәжірибені зерттеуді, қорытуды және таратуды ұйымдастырады;

еңбекшілердің хаттары, арыздары мен шағымдары уақтылы және дұрыс қаралуын, азаматтардың қабылдануын ұйымдастырады, шағымдарды тудыратын себептерді жоюға шаралар қолданады;

карамағындағы мәдениет және өнер ұйымдары мен мекемелерінде праволық жұмысқа басшылық жасайды; өндірістік және еңбек тәртібін нығайту жөнінде шаралар қолданады;

мәдениет және өнер ұйымдары мен мекемелерінің халыққа неғұрлым қолайлы жұмыс режимін белгілеу туралы халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттеріне ұсыныстар енгізеді және оның сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

Мәдениет басқармасының осы Ережеде баяндалған праволармен қатар қолданылып жүрген заңдармен оған берілген басқа да праволары бар.

6. Облыстық (Алматы қалалық) мәдениет басқармасы өз жұмысы туралы халық депутаттарының облыстық (Алматы қалалық) Советі, оның атқару комитеті және Қазақ ССР Мәдениет министрлігі алдында, сондай-ақ еңбек коллективтерінің және азаматтардың тұрғылықты жері бойынша жиналыстарында есеп береді.

7. Мәдениет басқармасының қызметі дара басшылық пен коллегиялықты ұштастыру негізінде жүзеге асырылады.

8. Мәдениет басқармасын бастық басқарады, оны халық депутаттарының облыстық (Алматы қалалық) Советі бекітеді.

Мәдениет басқармасы бастығының орынбасарлары болады, оларды халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің атқару комитеті тағайындайды.

9. Мәдениет басқармасының бастығы:

басқарманың қызметіне басшылық жасайды және басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына дербес жауап береді;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес басқарманың қызметкерлерін жұмысқа қабылдап, жұмыстан босатады;

өз компетенциясы шеңберінде бұйрықтар шығарып, олардың орындалуын ұйымдастырады және тексереді. Қажет болған реттерде халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советі атқару комитетінің басқа бөлімдері мен басқармаларының басшыларымен бірлескен бұйрықтар шығарады;

бекітілген шығыс сметасы шеңберінде ақша қаражаттарына пелік етеді.

10. Мәдениет басқармасында коллегия құрылуы мүмкін. Коллегия құрамын халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің атқару комитеті бекітеді.

Мәдениет басқармасының коллегиясы өзінің ұдайы өткізіліп тұратын мәжілістерінде өнерді, мәдениетті дамытудың негізгі мәселелерін және басқарма қызметінің басқа да мәселелерін қарайды, қабылданған шешімдердің орындалуын тексеру, кадрларды іріктеу, орналастыру және тәрбиелеу мәселелерін, аса маңызды бұйрықтардың жобаларын, сондай-ақ басқарманың компетенциясына енетін басқа да мәселелерді талқылайды.

Коллегияның шешімдері, әдетте, басқарма бастығының бұйрықтарымен жүзеге асырылады. Бастық пен коллегия арасында келіспеушіліктер болған ретте бастық пайда болған келіспеушіліктер туралы халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің атқару комитетіне баяндай отырып, өз шешімін жүзеге асыра береді, ал кол-

легия мүшелері, өз кезегінде, өз пікірін халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің атқару комитетіне хабарлай алады.

11. Мәдениет басқармасы облыстық (Алматы қалалық) бюджетте тұрады.

Мәдениет басқармасының құрылымы мен штаттары белгіленген тәртіп бойынша бекітіледі.

12. Мәдениет басқармасы заңды ұйым болып табылады, оның Қазақ ССР Мемлекеттік гербі бейнеленген, өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ (АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ) СОВЕТІ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ КИНОФИКАЦИЯ БАСҚАРМАСЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ БӨЛІМІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕЛЕРДІ, ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ БАСПА, ПОЛИГРАФИЯ ЖӘНЕ КІТАП САУДАСЫ ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ БАСҚАРМАСЫ ТУРАЛЫ, ТЕЛЕВИЗИЯ ЖӘНЕ РАДИОХАБАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕЛЕРДІ, СОНДАЙ-АҚ ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ АУДАНДЫҚ, ҚАЛАЛЫҚ, ҚАЛАДАҒЫ АУДАНДЫҚ СОВЕТІ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ БӨЛІМІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1983 жылғы 19 декабрьдегі № 479
ҚАУЛЫСЫ**

(Қазақ ССР ҚЖ, 1984 ж., № 2, 4-ст.)

(Үзінді)

Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Осыған қосылған мына ережелер бекітілсін:

(екінші абзацы) халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советі атқару комитетінің кинофикация басқармасы туралы;
халық депутаттары облыстық Советі атқару комитетінің баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі басқармасы туралы;
халық депутаттары облыстық Советі атқару комитетінің телевизия және радиохабар жөніндегі комитеті туралы.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің
1983 жылғы 19 декабрьдегі № 479
қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН*

**ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ
(АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ) СОВЕТІ АТҚАРУ
КОМИТЕТІНІҢ КИНОФИКАЦИЯ БАСҚАРМАСЫ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

1. Халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советі атқару комитетінің кинофикация басқармасын¹ ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес халық депутаттарының облыстық (Алматы қалалық) Советі құрады және өз қызметінде ол облыстық (Алматы қалалық) Совет пен оның атқару комитетіне де, Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетіне де бағынады.

¹ Бұдан былай текст бойынша «кинофикация басқармасы».

Кинофикация басқармасы мемлекеттік кино жүйесінің, сондай-ақ оған қызмет көрсететін жергілікті бағыныстағы кәсіпорындар мен ұйымдардың жұмысына басшылықты жүзеге асырады және халыққа кино көрсету ісінің жайы мен оны одан әрі дамытуға жауап береді.

2. Кинофикация басқармасының негізгі міндеттері мыналар:

облыста (Алматы қаласында) кинофикация жүйесін одан әрі және жан-жақты дамыту, халыққа кино көрсету ісін барынша жақсартып, ұлғайту, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруде киноның ролін арттыру жөнінде Партия мен Үкіметтің директиваларын жүзеге асыру;

облыстың (Алматы қаласының) мемлекеттік кино-ойын-сауық кәсіпорындарына, жөндеу-өндірістік кәсіпорындар, кино билеті-материалдық базаға, методикалық кабинетке басшылық ету;

қарамағындағы барлық кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттік жоспардың тапсырмаларын орындауын және мемлекеттік тәртіпті сақтауын қамтамасыз ету;

еңбекті ғылыми жолмен ұйымдастыруды, жұмыстың озық формалары мен әдістерін енгізу, қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың жұмысшылары мен инженер-техник кадрларын даярлау және олардың біліктілігін арттыру.

3. Кинофикация басқармасы өз қызметінде СССР-дің заңдарын, СССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, Қазақ ССР-інің заңдарын, Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтарын, халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің шешімдерін, оның атқару комитетінің шешімдері мен жарлықтарын, СССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетінің бұйрықтарын, нұсқаулары мен тапсырмаларын, басқа да нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

4. Кинофикация басқармасы өзіне жүктелген міндеттерді халық депутаттарының облыстық (Алматы қалалық) Советі тұрақты комиссияларының, кәсіподақ органдары мен басқа да қоғамдық ұйымдардың ұсыныстарын ескеріп және солармен өзара байланыс жасай отырып шешеді.

5. Кинофикация басқармасы өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

облыс (Алматы қаласы) территориясында мемлекеттік кино жүйесінің күшімен қала мен село халқына ұдайы кино көрсетуді, кинотеатрлар мен басқа да киноқондырғылар салуды, қайта құруды және жөндеуді ұйымдастырады, барлық кино жүйесінің халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің атқару комитеті бекіткен бірыңғай жоспар бойынша дамуына басшылық етеді;

кинотеатрлар мен киноқондырғылардың ведомстволық бағынысына қарамастан оларды пайдаланудың техникалық нормалары мен ережелерінің сақталуын бақылайды, мемлекеттік кино жүйесінің жұмысына ең соны жетілдірулерді және ғылым мен техника жетістіктерін енгізеді, рационализаторлық пен өнертапқыштық жұмысқа жәрдемдеседі;

киноаппаратура мен жабдықтарға техникалық күтім жасауды және оларды жөндеуді ұйымдастырады, кино көрсету сапасын, кинотеатрлар мен киноқондырғылардың кинофильмдерді прокаттау ережелері мен фильм көшірмелерін техникалық пайдалану ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

репертуарлық комиссияның жұмысына қатысады, мемлекеттік кино

жүйесінің кинотеатрлары мен киноқондырғыларында кинорепертуарды бақылауды жүзеге асырады; советтік кино өнерін насихаттау жөніндегі жұмысты ұйымдастырып, бағыттап отырады; фильмдерді жарнамалауды, сеанс алдындағы жұмысты қамтамасыз етеді; кинофестивальдар, тақырыптық кинокөрсетулер, кино апталықтарын өткізеді, совет фильмдерінің премьераларын көрсетуді жүзеге асырады, киноуниверситеттер, кинолекторийлер, киноклубтар құрады;

оқу-тәрбие процесінде кинофильмдер пайдалануда оқу орындарына көмек көрсетеді, халық ағарту органдарымен бірлесіп мектеп киноқондырғылары жүйесін дамытуды жүзеге асырады;

халыққа кино көрсету ісін жетілдіріп, оның прогресті формаларын енгізеді, кино-ойын-сауық кәсіпорындарының кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар коллективтерімен мәдени ынтымақтастығы туралы шарттар жасасуға жәрдемдеседі;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарды материалдық-техникалық жабдықтауды ұйымдастырады, бөлінген қорлардың алынуын және олардың өз мақсаты бойынша тиімді пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады;

барлық ведомстволардың кинотеатрлары мен киноқондырғыларын ашуға және пайдалануға белгіленген тәртіп бойынша рұқсат береді, сондай-ақ пайдалану ережелері мен нормаларын бұзған ретте олардың қызметін тоқтата тұрады;

кино жүйесі қызметкерлерін даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру және оларды еңбекке коммунистік көзқарас рухында тәрбиелеу жөнінде шаралар әзірлеп, жүзеге асырады, киномеханиктерді және кино жүйесінің басқа да қызметкерлерін белгіленген тәртіп бойынша аттестациялайды;

мәденнет қызметкерлері кәсіподағының облыстық комитетімен бірлесіп социалистік жарыс ұйымдастырады, оның қорытындыларын шығарып, озат коллективтер мен жекелеген қызметкерлерді белгіленген тәртіп бойынша көтермелейді, озық тәжірибені зерттеуді, қорытуды және таратуды ұйымдастырады;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда жоспарлау-экономикалық жұмысты ұйымдастырады;

күрделі қаржыны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді, күрделі құрылыс пен күрделі жөндеуге байланысты мәселелерді өз компетенциясы шеңберінде шешеді;

кинотеатрлар мен киноқондырғылардың ведомстволық бағынысына қарамастан оларға белгіленген тәртіп бойынша разрядтар белгілейді;

Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті белгілеген лимиттер шеңберінде қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметкерлер санын, жалақы қорын, басқару аппаратын ұстауға арналған шекті қаржыларды, сондай-ақ Социалистік мемлекеттік өндірістік кәсіпорын туралы ереже қолданылмайтын кино ұйымдарының штат кестелері мен шығыс сметаларын бекітеді, бөлінген қаржылар мен лимиттердің үнемді және дұрыс жұмсалуды бақылайды;

қарамағындағы кино ұйымдарының бухгалтерлік, статистикалық есепке алу мен есеп беруді және олардың басқа да түрлерін жолға қоюын ұйымдастырып, бақылайды, баланстарын және есептің басқа да түрлерін қарайды, талдау жасайды, бекітеді, қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметі туралы мерзімдік және жылдық есептерді жасап, оларды тиісті органдарға табыс етеді;

қарамағындағы кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға тексе-

рулер мен тсксерістерді ұдайы жүргізіп отырады, социалістік меншіктің сақталуын қамтамасыз етеді;

қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда праволық жұмысты ұйымдастырады, өндірістік және еңбек тәртібін нығайтуға шаралар қолданады;

мәдениет қызметкерлері кәсіподағының облыстық комитетімен бірлесіп облыстың (Алматы қаласының) кинофикация жүйесіндегі кәсіпорындар мен ұйымдар қызметкерлерінің тұрғын үй және мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсартуды, сондай-ақ сауықтыру шараларын жүргізуді қамтамасыз етеді;

азаматтардың ұсыныстары, арыздары мен шағымдары уактылы қаралып, шешілуін ұйымдастырады, шағымдарды тудыратын себептерді жоюға шаралар қолданады.

6. Кинофикация басқармасы, мемлекеттік кино-ойын-сауық кәсіпорындары (кино жүйесі дирекциялары, біріккен кинотеатрлар мен киноқондырғылар дирекциялары, дербес кинотеатрлар), кино жөндеу-өндірістік кәсіпорын, кино билеті-материалдық база, методикалық кабинет облыстық (Алматы қалалық) кинофикация басқармасының жүйесін құрайды.

7. Облыстық (Алматы қалалық) кинофикация басқармасы өз жұмысы туралы халық депутаттарының облыстық (Алматы қалалық) Советі, оның атқару комитеті мен Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті алдында, сондай-ақ еңбек коллективтерінің және азаматтардың тұрғылықты жерлеріндегі жиналыстарында есеп береді.

8. Кинофикация басқармасының қызметі дара басшылық пен коллегиялықты ұштастыру негізінде жүзеге асырылады.

9. Кинофикация басқармасын бастық басқарады, ол «Қазақ ССР-і халық депутаттарының облыстық Советі туралы» Қазақ ССР Заңымен белгіленген тәртіп бойынша қызметке бекітіледі және қызметтен босатылады.

Кинофикация басқармасы бастығының орынбасарлары болады, оларды халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің атқару комитеті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

10. Кинофикация басқармасының бастығы:

басқарманың қызметіне басшылық етеді және басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуы үшін дербес жауап береді;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес басқарманың қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан шығарады;

халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің шешімдері, оның атқару комитетінің шешімдері мен жарлықтары, сондай-ақ мемлекеттік өкімет пен басқарудың жоғары тұрған органдарының актілері негізінде және оларды орындау үшін өз компетенциясы шеңберінде бұйрықтар шығарады, олардың орындалуын ұйымдастырады және тексереді;

қажет болған реттерде халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советі атқару комитетінің басқа да бөлімдері мен басқармаларының басшыларымен бірлескен бұйрықтар шығарады.

11. Кинофикация басқармасында коллегия құрылуы мүмкін, оның құрамында кинофикация басқармасының бастығы (председатель), бастықтың орынбасарлары, басқа да басшы қызметкерлері, кинофильмдер прокаты жөніндегі облыстық контордың директоры және мүдделі ұйымдардың өкілдері болады. Коллегияның құрамын халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің атқару комитеті бекітеді.

Басқарманың коллегиясы өзінің ұдайы өткізіліп тұратын мәжілістерінде халыққа кино көрсету, мемлекеттік жоспардың тапсырмаларын

орындау, кинофильмдерді пайдаланудың тиімділігін арттыру жөніндегі негізгі міндеттерді қарайды, істің орындалуын тексеру, кадрларды іріктеу, орналастыру және тәрбиелеу мәселелерін, аса маңызды бұйрықтар мен нұсқаулардың жобаларын, басқарманың компетенциясына енетін басқа да мәселелерді талқылайды, басқарманың құрылымдық бөлімшелері, сондай-ақ оған бағынысты кәсіпорындар мен ұйымдар басшыларының есептерін тыңдайды.

Коллегияның шешімдері, әдетте, басқарма бастығының бұйрықтарымен жүзеге асырылады. Басқарма бастығы мен коллегия арасында келіспеушіліктер болған ретте бастық пайда болған келіспеушіліктер туралы халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің атқару комитетіне баяндай отырып өз шешімін жүзеге асыра береді, ал коллегия мүшелері, өз кезегінде, өз пікірін атқару комитетіне хабарлай алады.

12. Кинофикация басқармасы шаруашылық есепте тұрады. Кинофикация басқармасының құрылымы мен штаттары белгіленген тәртіп бойынша бекітіледі.

13. Кинофикация басқармасы заңды ұйым праволарымен пайдаланады, оның Қазақ ССР Мемлекеттік гербі бейнеленген өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің
1983 жылғы 19 декабрьдегі № 479
қаулысымен*

БЕКІТІЛГЕН

ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ БАСПА, ПОЛИГРАФИЯ ЖӘНЕ КІТАП САУДАСЫ ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ БАСҚАРМАСЫ ТУРАЛЫ Е Р Е Ж Е

1. Халық депутаттары облыстық Советі атқару комитетінің баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі басқармасын¹ ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес халық депутаттарының облыстық Советі құрады және өз қызметінде ол Совет пен оның атқару комитетіне де, Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетіне де бағынады.

Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі басқарма облыстың баспа ісіне, полиграфия өндірісіне, кітап саудасының кәсіпорындары мен ұйымдарына басшылық етеді.

2. Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі басқарманың негізгі міндеттері мыналар:

облыс территориясына орналасқан кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың баспа өніміне деген қажеттерін белгіленген тәртіп бойынша қамтамасыз ету, басқарманың баспалық профнлімен көзделген заказдық бұйымдарды жоғары идеялық, көркемдік-техникалық және полиграфиялық дәрежеде басып шығару;

мемлекеттік жоспардың тапсырмаларын орындау және мемлекеттік тәртіпті сақтау;

газет редакциялары мен баспаханалардың материалдық-техникалық базасын нығайту;

¹ Бұдан былай текст бойынша «баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі басқарма».

облыста кітап саудасын ұйымдастыру, барлық кітап саудасы ұйымдарының жұмысын үйлестіру;

еңбекті ғылыми жолмен ұйымдастыруды енгізу, қарамағындағы кәсіпорындарды, мекемелер мен ұйымдарды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, қызметкерлердің білімі мен тәжірибесін жақсырақ пайдалану және кадрларды тұрақтандыру үшін жағдайлар жасау.

3. Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі басқарма өз қызметінде СССР-дің заңдарын, СССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, Қазақ ССР-інің заңдарын, Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтарын, халық депутаттары облыстық Советінің шешімдерін, оның атқару комитетінің шешімдері мен жарлықтарын, СССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің бұйрықтарын, нұсқаулары мен тапсырмаларын, басқа да нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

4. Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі басқарма өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

өзіне тікелей бағынысты облыстық, қалалық және аудандық баспаханалардың өндірістік-техникалық және финанс қызметіне басшылық етеді;

басылымдардың техникалық безендірілуі мен полиграфиялық орындалуының жоғары сапасын және олардың уақтылы басып шығарылуын, облыстық, қалалық және аудандық газеттерді қаржыландыруды, материалдық-техникалық жабдықтауды және шаруашылық қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді;

облыс баспаханаларының өндірістік қуаттарын арттыру, олардың қызметін үйлестіру, полиграфияға ғылым мен техниканың ең соны жетістіктерін енгізу жөнінде шаралар әзірлеп, жүзеге асырады;

баспаханалар ашудың немесе жабудың орындылығы туралы қорытындыларды Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетіне табыс етеді, қарамағындағы кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың өндіріс, күрделі құрылыс, материалдық-техникалық жабдықтау жоспарларының жобаларын әзірлеп, жоспарлардың аталған жобаларын бекітуге белгіленген тәртіп бойынша тапсырады және олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

басқармаға тікелей бағынысты кәсіпорындарды, мекемелер мен ұйымдарды қаржыландыруды қамтамасыз етеді, жоспарларды орындау үшін бөлінген финанс ресурстарының пайдаланылуын бақылайды, өзіне бағынысты кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың бухгалтерлік есептері мен баланстарын қарап, бекітеді, олардың қызметіне документтік тексерулер жүргізеді, баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі басқарманың өндірістік, финанс қызметінің барлық түрлері бойынша жынтық, мерзімдік және жылдық есептер мен баланстар жасап, оларды тиісті органдарға табыс етеді, социалистік меншіктің сақталуын қамтамасыз етеді;

жалақы қорлары мен көтермелеу қорларының жұмсалуды бақылауды жүзеге асырады;

қарамағындағы кәсіпорындардың баспа басылымдарының бақылау даналарын тиісті ұйымдарға уақтылы жөнелтуін тексереді;

баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі басқармаға тікелей бағынысты кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда еңбекті ғылыми жолмен ұйымдастыру, еңбек тәртібін нығайту, хауіпсіздік

техникасы мен еңбек қорғау ережелерін сақтау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

мәдениет қызметкерлері кәсіподағының облыстық комитетімен бірлесіп социалистік жарыс ұйымдастырады, коллективтік шарттар жасасу жөніндегі жұмысқа басшылық етеді және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі басқарманың қарамағындағы кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар қызметкерлерінің тұрғын үй және мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсартуды қамтамасыз етеді;

азаматтардың ұсыныстары, арыздары мен шағымдары уақтылы және дұрыс қаралуын ұйымдастырады, шағымдарды тудыратын себептерді жоюға шаралар қолданады.

5. Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі басқарма өз жұмысы туралы халық депутаттарының облыстық Советі, оның атқару комитеті мен Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті алдында, сондай-ақ еңбек коллективтерінің және азаматтардың тұрғылықты жерлеріндегі жиналыстарында есеп береді.

6. Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі басқарманың қызметі дара басшылық пен коллегиялықты ұштастыру негізінде жүзеге асырылады.

7. Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі басқарманы бастық басқарады, ол «Қазақ ССР-і халық депутаттарының облыстық Советі туралы» Қазақ ССР Заңымен белгіленген тәртіп бойынша қызметке бекітіледі және қызметтен босатылады.

Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі басқарма бастығының орынбасарлары болады, оларды халық депутаттары облыстық Советінің атқару комитеті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

8. Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі басқарманың бастығы:

баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі басқарманың қызметіне басшылық етеді және басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуы үшін дербес жауап береді;

баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі басқарманың қызметкерлерін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жұмысқа қабылдайды және жұмыстан шығарады;

халық депутаттары облыстық Советінің шешімдері, оның атқару комитетінің шешімдері мен жарлықтары, сондай-ақ мемлекеттік өкімет пен басқарудың жоғары тұрған органдарының актілері негізінде және оларды орындау үшін өз компетенциясы шеңберінде бұйрықтар шығарып, олардың орындалуын тексереді, қажет болған реттерде халық депутаттары облыстық Советі атқару комитетінің басқа да бөлімдері мен басқармаларының басшыларымен бірлескен бұйрықтар шығарады;

бекітілген шығыс сметасы шеңберінде ақша қаражаттарына иелік етеді.

9. Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі басқармада коллегия құрылуы мүмкін, оның құрамында басқарманың бастығы (председатель), бастықтың орынбасарлары, сондай-ақ басқа да басшы қызметкерлері болады. Коллегияның құрамын халық депутаттары облыстық Советінің атқару комитеті бекітеді.

Коллегия өзінің ұдайы өткізіліп тұратын мәжілістерінде баспа ісіне, полиграфия мен кітап саудасына басшылықтың негізгі мәселелерін, олардың даму перспективаларын қарайды, қабылданған шешімдердің

орындалуын тексеру, баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі басқарманың компетенциясына енетін кадрларды іріктеу, орналастыру және тәрбиелеу мәселелерін талқылайды.

Коллегияның шешімдері, әдетте, баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі басқарма бастығының бұйрықтарымен жүзеге асырылады. Бастық пен коллегия арасында келіспеушіліктер болған ретте бастық пайда болған келіспеушіліктер туралы халық депутаттары облыстық Советінің атқару комитетіне баяндай отырып өз шешімін жүзеге асыра береді, ал коллегия мүшелері, өз кезегінде, өз пікірін халық депутаттары облыстық Советінің атқару комитетіне хабарлай алады.

10. Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі басқарма шаруашылық есепте тұрады. Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі басқарманың құрылымы мен штаттары белгіленген тәртіп бойынша бекітіледі.

11. Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі басқарма заңды ұйым праволарымен пайдаланады, оның Қазақ ССР Мемлекеттік гербі бейнеленген, өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің
1983 жылғы 19 декабрьдегі № 479
қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН*

ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ТЕЛЕВИЗИЯ ЖӘНЕ РАДИОХАБАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІ ТУРАЛЫ Е Р Е Ж Е

1. Халық депутаттары облыстық Советі атқару комитетінің телевизия және радиохабар жөніндегі комитетін¹ ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес халық депутаттарының облыстық Советі құрады және өз қызметінде ол Совет пен оның атқару комитетіне де, Қазақ ССР Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитетіне де бағынады

Телевизия және радиохабар жөніндегі комитет облыстық телевизия және радиохабарына басшылықты жүзеге асырып, телевизия мен радио программаларының идеялық-саяси, көркемдік дәрежесі үшін жауап береді.

2. Телевизия және радиохабар жөніндегі комитеттің негізгі міндеттері мыналар:

марксизм-ленинизмді, КПСС съездері мен Қазақстан Компартиясы съездерінің шешімдерін, КПСС Орталық Комитетінің Пленумдары мен Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті Пленумдарының қаулыларын, СССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының, Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының, СССР Үкіметі мен Қазақ ССР Үкіметінің шешімдерін, Қазақстан Компартиясының облыстық комитеті пленумдарының қаулыларын, халық депутаттарының облыстық Советі мен оның атқару комитетінің шешімдерін насихаттау;

еңбекшілерді коммунистік құрылыс міндеттерін шешуге, экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларын ойдағыдай орындауға материалдық және еңбек ресурстарын ұқыпты әрі үнемді жұмсауға, ғылым-техникалық прогресс, өндірістің тиімділігі және оны интенсификациялау

¹ Бұдан былай текст бойынша «телевизия және радиохабар жөніндегі комитет».

жолындағы күреске жұмылдыру, сондай-ақ өнеркәсіпте, құрылыста, ауыл шаруашылығында және халық шаруашылығының басқа салаларында озық тәжірибені тарату;

совет адамдарын коммунистік идеялық пен мораль, еңбекке сапалы көзқарас, қоғамдық мүдделерге қамқорлық, заңдылықты және социалистік тұрмыс салты нормаларын сақтау рухында, советтік патриотизм мен пролетарлық интернационализм принциптері негізінде тәрбиелеу;

телевизия көрермендері мен радио тыңдаушыларға Совет Одағындағы, республикадағы, облыстағы және шетелдердегі оқиғалар туралы оперативті түрде хабарлап отыру;

КПСС пен Совет мемлекетінің ішкі және сыртқы саясатын, халықтар достығы және әлеуметтік-экономикалық құрылысы әр түрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүру саясатын жазып, совет халқының өмірін, оның коммунизм құрылысындағы табыстарын кеңінен көрсетіп отыру, социализм системасының капитализмнен артықшылығын ашып беру;

телевизия мен радиохабардың одан әрі дамытылуын қамтамасыз ету, телевизия және радиохабар саласында бірыңғай техникалық саясат жүргізіп, ғылым мен техниканың ең соны жетістіктерін және озық тәжірибені енгізу;

еңбекті және басқаруды ғылыми жолмен ұйымдастыруды енгізіп, радио мен телевизия қызметкерлерінің білімі мен тәжірибесін жақсырақ пайдалану үшін жағдайлар жасау.

3. Телевизия және радиохабар жөніндегі комитет өз қызметінде СССР-дің заңдарын, СССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, Қазақ ССР-інің заңдарын, Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтарын, халық депутаттары облыстық Советінің шешімдерін, оның атқару комитетінің шешімдері мен жарлықтарын, СССР Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақ ССР Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитетінің бұйрықтарын, нұсқаулары мен тапсырмаларын, басқа да нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

4. Телевизия және радиохабар жөніндегі комитет өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

облыс халқы үшін телевизия мен радио хабарын жүргізуді, Орталық және республикалық телевизия мен радио хабарларын ретрансляциялауды ұйымдастырады;

совет және прогресті шетел әдебиеті мен өнерінің таңдаулы шығармаларын, отандық және дүние жүзілік әдебиет пен өнердің классикалық шығармаларын, сондай-ақ халық творчествосын насихаттайды;

белгіленген тәртіп бойынша таңдаулы телевизия және радио хабарларына, телевизия мен радиоға арналған әдеби және музыкалық шығармаларға конкурстар ұйымдастырады;

телевизия мен радио хабарларының жоғары сапалы болуын, сондай-ақ Қазақ ССР Байланыс министрлігінің кәсіпорындары мен ұйымдарынан арендаға алынған телевизия және радиохабардың техникалық құралдары дұрыс пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етеді;

телевизия мен радиодан кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың хабарландыруларын береді;

өзіне бағынысты кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың қызметіне басшылық етіп, радиохабардың қалалық және аудандық редакцияларына ұйымдық-методикалық көмек көрсетеді;

телевизия және радиохабар жөніндегі комитеттің, өзіне бағынысты кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың өндірістік-финанс жоспарларын әзірлеп, Қазақ ССР Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитетінің бекітуіне тапсырады, олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

өзіне бағынысты кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың бухгалтерлік есептері мен баланстарын қарап, бекітеді, телевизия және радиохабар жөніндегі комитеттің өндірістік-финанс қызметінің барлық түрлері бойынша мерзімдік және жылдық есептер мен баланстар жасап, оларды тиісті органдарға тапсырады, социалистік меншіктің сақталуын қамтамасыз етеді;

жалақы қорлары мен көтермелеу қорларының жұмсалуды бақылауды жүзеге асырады;

күрделі құрылыс пен күрделі жөндеуге байланысты мәселелерді өз компетенциясы шеңберінде шешеді;

кадрларды іріктеу және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырып, кадрларды еңбекке коммунистік көзқарас рухында тәрбиелеу жөнінде жұмыс жүргізеді;

телевизия және радиохабар жөніндегі комитетке тікелей бағынысты кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда еңбекті ғылыми жолмен ұйымдастыру, хауіпсіздік техникасы мен еңбек қорғау ережелерін сақтау жөніндегі шараларды жүзеге асырады, мәдениет қызметкерлері кәсіподағы облыстық комитетімен бірлесіп социалистік жарыс ұйымдастырады;

телевизия және радиохабар жөніндегі комитеттің қарамағындағы кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар қызметкерлерінің тұрғын үй және мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсартуды қамтамасыз етеді;

азаматтардың ұсыныстары, арыздары мен шағымдары уақтылы және дұрыс қаралуын ұйымдастырып, шағымдарды тудыратын себептерді жоюға шаралар қолданады. Азаматтардың өтініштеріне талдау жасау және телевизия көрермендері мен радио тыңдаушылар арасындағы бұқаралық жұмыс негізінде телевизия мен радио хабары программаларының сапасын жақсарту мақсатымен қоғамдық пікірді зерттейді.

5. Телевизия және радиохабар жөніндегі комитет өз жұмысы туралы халық депутаттарының облыстық Советі, оның атқару комитеті мен Қазақ ССР Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитеті алдында, сондай-ақ еңбек коллективтерінің және азаматтардың тұрғылықты жерлеріндегі жиналыстарында есеп береді.

6. Телевизия және радиохабар жөніндегі комитеттің қызметі дара басшылық пен коллегиялықты ұштастыру негізінде жүзеге асырылады.

7. Телевизия және радиохабар жөніндегі комитетті председателі басқарады, ол «Қазақ ССР-і халық депутаттарының облыстық Советі туралы» Қазақ ССР Заңымен белгіленген тәртіп бойынша қызметке бекітіледі және қызметтен босатылады.

Телевизия және радиохабар жөніндегі комитет председателінің орынбасарлары болады, оларды халық депутаттары облыстық Советінің атқару комитеті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

8. Телевизия және радиохабар жөніндегі комитеттің председателі: телевизия және радиохабар жөніндегі комитеттің қызметіне басшылық етіп, комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы үшін дербес жауап береді;

телевизия және радиохабар жөніндегі комитеттің қызметкерлерін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жұмысқа қабылдайды және жұмыстан шығарады;

халық депутаттары облыстық Советінің шешімдері, оның атқару комитетінің шешімдері мен жарлықтары, сондай-ақ мемлекеттік өкімет пен басқарудың жоғары тұрған органдарының актілері негізінде және оларды орындау үшін өз компетенциясы шеңберінде бұйрықтар шығарып, олардың орындалуын тексереді, қажет болған реттерде халық депутаттары Советі атқару комитетінің басқа да бөлімдері мен басқармаларының басшыларымен бірлескен бұйрықтар шығарады;

бекітілген шығыс сметалары шеңберінде ақша қаражаттарына иелік етеді.

9. Телевизия және радиохабар жөніндегі комитетте коллегия құрылуы мүмкін, оның құрамында комитеттің председателі (коллегия председателі), председателдің лауазым бойынша орынбасарлары, сондай-ақ басқа да басшы қызметкерлері болады. Коллегияның құрамын халық депутаттары облыстық Советінің атқару комитеті бекітеді.

Коллегия өзінің ұдайы өткізіліп тұратын мәжілістерінде телевизия мен радио хабары программалары мазмұнының, оларды ұйымдастыру мен дамытудың, телевизия және радиохабар жөніндегі комитеттің кәсіпорындарына, мекемелері мен ұйымдарына практикалық басшылықтың негізгі мәселелерін қарайды, қабылданған шешімдердің орындалуын тексеру, телевизия және радиохабар жөніндегі комитеттің компетенциясына енетін кадрларды іріктеу, орналастыру және тәрбиелеу мәселелерін талқылайды.

Коллегияның шешімдері, әдетте, телевизия және радиохабар жөніндегі комитет председателінің бұйрықтарымен жүзеге асырылады. Председатель мен коллегия арасында келіспеушіліктер болған ретте председатель пайда болған келіспеушіліктер туралы халық депутаттары облыстық Советінің атқару комитетіне баяндай отырып өз шешімін жүзеге асыра береді, ал коллегия мүшелері, өз кезегінде, өз пікірін халық депутаттары облыстық Советінің атқару комитетіне баяндай алады.

10. Телевизия және радиохабар жөніндегі комитет республикалық бюджетте тұрады. Телевизия және радиохабар жөніндегі комитеттің құрылымы мен штаттары белгіленген тәртіп бойынша бекітіледі.

11. Телевизия және радиохабар жөніндегі комитет заңды ұйым праволарымен пайдаланады, оның Қазақ ССР Мемлекеттік гербі бейнеленген, өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТИНІҢ «ЕЛІМІЗДЕ ЫНТАЛЫ КӨРКЕМӨНЕРПАЗДЫҚ ТВОРЧЕСТВОНЫ ОДАН ӘРІ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1979 ЖЫЛҒЫ 23 МАРТТАҒЫ № 275 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ¹

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТИНІҢ
1979 жылғы 10 майдағы № 196
ҚАУЛЫСЫ
(Қазақ ССР ҚЖ, 1979 ж., № 12, 30-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. СССР Министрлер Советінің «Елімізде ынталы көркемөнерпаздық творчествоны одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы» 1979 жылғы 23 марттағы № 275 қаулысы қалтқысыз басшылыққа алынып, орындалатын болсын.

¹ 9-пункт СССР Министрлер Советінің 1979 ж. 23 марттағы № 275 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

2. Халық депутаттары облыстық Советтерінің атқару комитеттеріне кәсіподақтардың облыстық советтерімен бірлесіп Қазақ ССР Мәдениет министрлігімен және Кәсіподақтардың Қазақ республикалық советімен келісіп алғаннан кейін республиканың совхоздары мен колхоздарының территорияларында, орталық мекенде орналасқан Мәдениет үйі (клуб) бастаған, штаттары мен материалдық ресурстары ортақ, бірыңғай орталықтандырылған клубтық жүйелерді құру мақсатында, тиісті жағдайлар бар болғанда және бас Мәдениет үйінің (клубтың) бағыныштылығына байланысты клубтық мекемелерді мәдениет органдарының немесе кәсіподақтардың қарамағына беруді жүзеге асыру тапсырылсын.

3. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі мен оның жергілікті жерлердегі органдарына мыналар жүктелсін:

республикада мәдени-ағарту жұмысына және ынталы көркемөнерпаздық творчествоға ғылыми-методикалық басшылық жасау, барлық клубтық мекемелер мен өнерпаздар коллективтеріне, олардың ведомстволық бағыныштылығына қарамастан, күнделікті методикалық көмек көрсету;

ведомстволар мен ұйымдар мәдени-ағарту жұмысы саласында жүргізіп отырған ғылыми зерттеулерді үйлестіруді жүзеге асыру.

4. Барлық клубтық мекемелер мен көркемөнерпаздар коллективтеріне (олардың ведомстволық бағыныштылығына қарамастан) методикалық көмек көрсету үшін:

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі республикалық Халық творчествосы үйі мен мәдени-ағарту жұмысының республикалық методикалық кабинеті негізінде — Халық творчествосы мен мәдени-ағарту жұмысының республикалық ғылыми-методикалық орталығын;

облыстық атқару комитеттері Қазақ ССР Мәдениет министрлігімен келісіп алғаннан кейін облыстық халық творчествосы үйлері негізінде — халық творчествосы мен мәдени-ағарту жұмысының облыстық ғылыми-методикалық орталықтарын құратын болсын.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігінде көркемөнерпаздарға арналған репертуарды құрастыру және шығармаларды іріктеп алу үшін маман редакторлар, сондай-ақ жазушылар мен композиторлар қатарынан репертуарлық-редакциялық коллегия құрылсын.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен және Қазақ ССР Финанс министрлігімен келісіп алғаннан кейін, жаңадан құрылатын республикалық және облыстық ғылыми-методикалық орталықтар мен Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің репертуарлық-редакциялық коллегиясы үшін басқару аппаратын ұстауға арналған қосымша жалақы қоры, бюджеттен бөлінетін қаржылар және шекті қаржылар туралы ұсыныстарын Қазақ ССР Министрлер Советіне енгізісін.

5. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі курстарда және мәдениет қызметкерлерінің мамандығын арттыру институтында мәдени-ағарту мекемелерінің кадрларын даярлауды және қайта даярлауды одан әрі кеңейту және жетілдіру шараларын қабылдасын.

Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі, Қазақ ССР Оқу министрлігі, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі жоғары оқу орындарының қоғамдық кәсіптер факультеттерінің жұмысын, бұл факультеттерді бітірушілер маркстік-лениндік этика мен эстетиканың негіздерін жан-жақты біліп, көркемөнерпаздар коллективтерінде жұмысты білгірлікпен ұымдастыра алуын ескеріп жақсартсын.

Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі мен Қазақ ССР Мәдениет министрлігі көркемөнерпаздар үйірмелеріне қатысу-

шылардан дарынды жастарды өнер және мәдениет оқу орындарына іріктеп алу және жіберу жөніндегі жұмысты жақсартсын.

6. Халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері: мәдени-ағарту мекемелеріне, әсіресе селолық жерлерге жұмысқа жіберілетін жас мамандар үшін қажетті тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлар жасауға шаралар қабылдасын;

көркемөнерпаздар үйірмелеріне қатысушылар үшін бұл мақсатқа арнайы бөлінген халыққа тұрмыстық қызмет көрсететін кәсіпорындар арқылы костюмдер мен аяқкиімдерін тігуді белгіленген тәртіп бойынша ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

7. Қазақ ССР Женіл өнеркәсіп министрлігі көркемөнерпаздардың қажеттерін қамтамасыз ету үшін ұлттық ассортименттегі маталар мен былғары товарларының ассортиментін кеңейтуге және оларды өндіруді арттыруға шаралар қабылдасын.

Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі мен Қазақ соқырлар қоғамы бұл мақсат үшін кестеленіп тігілген бұйымдарды, көркем шапқатар мен басқа товарлар шығаруды арттырсын.

8. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті республиканың экономикалық және әлеуметтік дамуының 1980 және 1981—1985 жылдарға арналған жоспарларының жобаларында республиканың мамандандырылған кәсіпорындарында клубтар үшін белгіленген тәртіп бойынша мебель өндіруді, сондай-ақ Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігі мен Қазақ театр қоғамына, Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі мен Қазақ соқырлар қоғамына ынталы көркем өнерпаздық творчествоның мұқтаждары үшін бұйымдар істеп шығару мақсатына арналған маталар, былғары товарларын және басқа материалдық ресурстар бөлуді көздейтін болсын.

Қазақ ССР Сауда министрлігі мен Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы:

музыкалық аспаптарды (әсіресе үрмелі оркестрлер мен халық аспаптары оркестрлері үшін), микрофондарды, дыбыс күшейткіш аппаратураны, магнитофондарды жеткізіп тұруды кеңейтуге және көркемөнерпаздар коллективтерінің бұларға деген қажеттерін неғұрлым толық қанағаттандыруға шаралар қабылдасын;

осы мақсаттар үшін бөлшек сауда жүйесінен ақшасыз есеп айырысу бойынша мәдениет сарайлары мен үйлеріне, клубтарға, жоғары және арнаулы орта оқу орындарына, мектептерге, мектептен тыс мекемелер мен кәсіподақ комитеттеріне мәдени-тұрмыстық мақсатқа арналған товарларды белгіленген тәртіп бойынша сатуды қамтамасыз етсін.

РЕСПУБЛИКАНЫҢ МӘДЕНИ-АҒАРТУ МЕКЕМЕЛЕРІ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖАЙЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖАҚСARTY ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ ¹

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ
МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТИНІҢ
1955 жылғы 10 сәуірьдегі № 641
ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

6. Ауыл шаруашылығы министрлігіне Қазақ ССР Мәдениет министрлігімен бірлесе отырып, жылма-жыл колхоз клубтары мен кітапха-

¹ 1—5, 7, 8, 10—13-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

налары менгерушілерін даярлау жөнінде курстар өткізу тапсырылсын.

9. Қазақ ССР Мәдениет министрлігіне көркемөнерпаздар үйірмелері үшін қазақ, орыс тілдерінде және басқа тілдерде бір актілі пьесалар, халық әндері мен совет әндері жинақтарын, сондай-ақ таңдаулы клубтардың, кітапханалардың, көркемөнерпаздар коллективтерінің жұмыс тәжірибесі туралы кітапшаларды үнемі шығарып тұру тапсырылсын.

**КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР
СОВЕТІНІҢ «СЕЛО ХАЛҚЫНА МӘДЕНИ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ
ОНАН ӘРІ ЖАҚСARTУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ»
1977 ЖЫЛҒЫ 10 НОЯБРЬДЕГІ № 981 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ
АСЫРУ ТУРАЛЫ¹**

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ
МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1977 жылғы 28 декабрьдегі № 585
ҚАУЛЫСЫ

(Қазақ ССР ҚЖ, 1978 ж., № 2, 6-ст.)

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Село халқына мәдени қызмет көрсетуді онан әрі жақсарту жөніндегі шаралар туралы» 1977 жылғы 10 ноябрьдегі № 981 қаулысы қалтқысыз басшылыққа алынып, орындалатын болсын.

2. Қазақстан Компартиясының облыстық, қалалық және аудандық комитеттеріне, халық депутаттарының облыстық, қалалық және аудандық Советтерінің атқару комитеттеріне, Қазақ ССР Мәдениет министрлігіне, Қазақ ССР Министрлер Советінің Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетіне, Қазақ ССР Министрлер Советінің Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитетіне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Дайындау министрлігіне, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігіне, Қазақ ССР Ағаш және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігіне, Қазақ ССР Министрлер Советінің Орман шаруашылығы мемлекеттік комитетіне, Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігіне, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына, Кәсіподақтардың Қазақ республикалық советіне және Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетіне село халқына мәдени қызмет көрсетуді жақсарту, мәдени-ағарту мекемелерінің жүйесін кеңейту және оларды аудандар мен облыстардың территориясында ұтымды орналастыру, сондай-ақ олардың материалдық-техникалық базасын едәуір нығайту жөнінде шұғыл шаралар қабылдау міндеттелсін.

Село еңбеккерлерін оныншы бесжылдықтың тапсырмаларын ойдағыдай орындауға, мемлекеттік және еңбек тәртібін нығайтуға жұмылдыруда, халықтың мәдениетті демалуын ұйымдастыруда және озық өндірістік тәжірибені, ауыл шаруашылық ғылымының жетістіктері мен агротехникалық білімдерді насихаттауда селолық клубтардың, Мәдениет үйлерінің, кітапханалардың, киноқондырғылардың және басқа мәдениет мекемелерінің мүмкіндіктері кеңінен пайдаланылсын.

¹ 5, 6-пункттер, 9-пункттің бірінші абзацы, 10-пункт, 12-пункттің екінші, үшінші және алтыншы абзацтары, 13, 17, 18-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

21-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1977 ж. 10 ноябрьдегі № 981 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

3. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, облыстық атқару комитеттері экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларының жобаларын әзірлеген кезде «Мәдениет» саласы бойынша республикаға бөлінетін қаржылар есебінен бірінші кезекте селодағы мәдениет мекемелерінің құрылысына, селолық мәдениет комплекстерін жасауға, селолық клубтардың, көпшілік кітапханалар мен киноқондырғылардың материалдық базасын нығайтуға күрделі қаржылар бөледі көздейтін болсын.

4. Сыйымдылығы 600 орыннан аспайтын үлгі жобалар бойынша клубтар, Мәдениет үйлерін салуды, сондай-ақ селолық жерлерде орналасқан кәсіпорындар үшін басқа үй-жайларды клубтарға икемдеп беруді өндірістік қуаттар мен негізгі қорларды іске қосу жөніндегі тапсырмаларды кемітпестен, өндірістік мақсатқа арналған объектілердің құрылысына бөлінетін күрделі қаржылар есебінен жүзеге асыруға Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарына право берілсін.

7. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті экономикалық және әлеуметтік даму жоспарының жобаларын әзірлегенде селолық жерлерде колхоздардың, колхоз аралық және шаруашылық аралық бірлестіктердің қаржысы есебінен салынатын клубтардың құрылысына арналған материалдар мен жабдықтың тиісті қорларын бөледі көздейтін болсын.

8. Қазақстан Компартиясы облыстық комитеттері, облыстық атқару комитеттері, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақ ССР Тамақ өнеркәсібі министрлігі, Қазақ ССР Селолық құрылыс министрлігі, Қолхоз аралық құрылыс ұйымдарының республикалық советі, Қазақ ССР Мәдениет министрлігі, Қазақ ССР Министрлер Советінің Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті селолық жерлерде мәдени-ағарту мекемелерін салуға бөлінетін күрделі қаржыларды толық игеруге шаралар алсын және оларды жоспарда белгіленген мерзімдерде іске қосуды қамтамасыз етсін.

9. *(Екінші абзацы)* Қазақ ССР-інің экономикалық және әлеуметтік дамуының 1981—1985 жылдарға арналған жоспарының жобасын әзірлеген кезде барлық селолық аудандардың орталықтарын типті кинотеатрлармен қамтамасыз ету көзделсін.

11. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі, Қазақ ССР Министрлер Советінің Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Кәсіподақтардың Қазақ республикалық советі мен облыстық атқару комитеттері жылжымалы техникалық құралдарды — автоклубтарды, автокітапханаларды, көшпелі кино көрсеткілерді неғұрлым кеңінен дамыту мен комплексті пайдалануды көздейтін болсын, олардың жұмысын тұрақты мәдениет мекемелері жоқ шағын селолық елді мекендерге және ең алдымен шалғайдағы мал шаруашылығы учаскелеріне мәдени қызмет көрсетудің бірыңғай жоспары бойынша ұйымдастыратын болсын.

12. Қазақ ССР Министрлер Советінің Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті:

— *(төртінші абзацы)* қазақ тілінде дубляж жасалатын фильмдердің сапасын жақсартып, санын көбейтсін, олардың саны жыл сайын 90-ға, соның ішінде түрлі түсті фильмдер 10—15-ке жеткізілсін.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі автоклубтарды кең экранды кинофильмдер көрсететін киноаппаратурамен және қосымша тетіктермен жарақтандыруға шаралар алсын.

14. Селолық жерлерде телевизия хабарын көрсетуді ұлғайту, телевизияның материалдық базасын нығайту мақсатында облыстық атқару

комитеттеріне облыстардың бюджеттері бойынша кірістердің шығыстардан артып шығуынан пайда болатын қаржының есебінен, оларға көзделген мемлекеттік күрделі қаржының жалпы көлемінен тыс селоларда космостық байланыс жүйесінің телевизиялық қабылдағыш құрылғыларын, шағын қуатты ретрансляторлар мен оларға жалғастырғыш линияларды салу мен орнатуды жүзеге асыруға рұқсат етілсін.

Қазақ ССР Байланыс министрлігі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитеті село халқы республикалық екінші радиохабар программасымен қамтуды ұлғайтуға шаралар алсын.

15. Мәдени-ағарту мекемелерінің мақсатты жұмысын үйлестіру мен ұйымдастыру үшін Қазақ ССР Министрлер Советі жанынан Мәдени-ағарту жұмысы жөніндегі республикалық ведомство аралық совет (қоғамдық негізде) құрылсын.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі селолық мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысына, олардың қай ведомствоныкі екеніне қарамастан, методикалық басшылық жасауды және олардың қызметкерлерінің мамандығын үнемі көтеру ісін ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

16. Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспа, полиграфия және кітап саудасы жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Мәдениет министрлігі мен Кәсіподақтардың Қазақ республикалық советі облыстар мен аудандардың ерекшеліктерін ескере отырып, селолық жерлердегі кітапханалар мен шалғайдағы мал шаруашылығы еңбеккерлеріне қызмет көрсететін автоклубтарды әдебиетпен қамтамасыз етуді жақсартатын болсын.

19. Қазақстан Компартиясы облыстық комитеттері, облыстық атқару комитеттері, Кәсіподақтардың Қазақ республикалық советі, Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті, Қазақ ССР Мәдениет министрлігі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті барлық селолық мәдени-ағарту мекемелерін инициативалы, жоғары білікті қызметкерлермен толықтырсын, олардың тұрғын үй-тұрмыс жағдайларын жақсарту және оларды жұмысқа тұрақтандыру жөнінде үнемі қамқорлық жасап отырсын, селолық жерлерде тұратын және жұмыс істейтін мәдени-ағарту қызметкерлері мен киномеханиктерге белгіленген жеңілдіктердің кезінде және толық берілуіне тұрақты бақылауды жүзеге асырсын.

20. Қазақ ССР Министрлер Советінің Республикалық «Қазсельхозтехника» бірлестігіне Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің, Қазақ ССР Министрлер Советінің Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Кәсіподақтардың Қазақ республикалық советінің жергілікті органдары үшін арнаулы автотранспорт ретінде пайдаланылатын жүк және жеңіл автомобильдерді (олардың тораптары мен агрегаттарын, сондай-ақ автомобильдердің шассилері мен двигательдерін) «Қазсельхозтехника» бірлестігінің кәсіпорындары жөндеуін жүзеге асыратын автомобильдер маркаларының номенклатурасына сәйкес жөндеу міндеттелсін.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі село еңбеккерлеріне үзіліссіз қызмет көрсету және кинофильмдер жеткізу үшін кәсіподақ ұйымдарына жөнді автотранспорт бөлуді қамтамасыз етсін.

РЕСПУБЛИКАДАҒЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС ПАРКТЕРІНІҢ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖАЙЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖАҚСARTУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ¹

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ
МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1978 жылғы 27 сентябрьдегі № 375
ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Қазақстан Компартиясының облыстық, қалалық, аудандық комитеттері, халық депутаттарының облыстық, қалалық және аудандық советтерінің атқару комитеттері, Қазақ ССР Мәдениет министрлігі мәдениет және демалыс парктері жұмыстарында аталған кемшіліктерді жоятын болсын, олардың еңбекшілерге коммунстік тәрбие беру жөніндегі, олардың көңілді демалысын ұйымдастыру жөніндегі қызметін түбірінен жақсартуға шаралар қолдансын. Көпшілік саяси және мәдени-ағарту жұмыстарының, көрнекі үгіттің барлық құралдары арқылы Коммунистік партия мен Совет үемлекетінің ішкі және сыртқы саясатын, советтік өмір салтын, халықтар достығын, шынайы социализмнің жетістіктерін, СССР мен одақтас республикалардың КПСС XXV съезінің шешімдерін ойдағыдай жүзеге асыру жолындағы күрестегі жетістіктері терең де жарқын насихатталсын. Мәдени және демалыс парктерінің бүкіл қызметі партия, совет, кәсіподақ және комсомол органдары жұмысының, коллективтердің, аудандар мен қалалардың экономикалық және әлеуметтік дамуының перспективалық және ағымдағы жоспарларының негізінде құрылатын болуына, еңбекшілерге идеялық-саяси, еңбек және адамгершілік тәрбиесін беру жөніндегі шаралардың өзара тығыз байланысты болуының көзделуіне қол жеткізілсін.

2. Қазақстан Компартиясы облыстық комитеттері, халық депутаттары облыстық Советтерінің атқару комитеттері:

— *(бесінші абзац)* парктерді осы заманғы аттракциондармен, ойын автоматтарымен, сәуле және музыкамен көркемделген шағын формалы аттракциондармен жабдықтау жөнінде нақты шаралар қолданатын болсын, бұл үшін СССР Мемлекеттік Банкінің кредиттері кеңінен пайдаланылсын.

Республикадағы мәдениет және демалыс парктерінің аттракциондық шаруашылығын монтаждау мен реттеуді жүзеге асыру Қазақ ССР Монтаждау және арнаулы құрылыс жұмыстары министрлігіне жүктелсін;

— парктерде мәдени-тұрмыстық және спорт инвентарьларын прокатқа беру пункттерінің жүйесін ұлғайту, ірі парктердің жанынан еңбекшілердің қала сыртындағы демалыс органдарына қызмет көрсету жөніндегі шаруашылық есептегі бірлестіктер құру жолымен халыққа ақылы қызмет көрсетуді кеңейтетін болсын.

5. Мәдениет және демалыс парктерін көркейту, көгалдандыру, жарық беру және таза ұстау жөніндегі жұмыстарды халық депутаттары облыстық, қалалық және аудандық Советтері атқару комитеттеріне қа-

¹ 2-пункттің екінші, үшінші, төртінші және сегізінші абзацтары, 3, 4, 7 және 11-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

лалар мен қалалық поселкелерді көркейтуге арнап бөлінген қаржылар есебінен ұдайы жүзеге асыру міндеттелсін.

6. Жаңа парктер салуды және жұмыс істеп тұрғандарын қайта құруды жобалау, жобалардың инженерлік бөлімдерін әзірлеу үшін мамандандырылған жобалау ұйымдарын тарта отырып, Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің институттарына шоғырландырылсын.

Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитеті 1979 жылдан бастап, халық депутаттары жергілікті Советтері атқару комитеттерінің қаржылары мен лимиттері есебінен жаңа парктер салуды және жұмыс істеп тұрғандарын қайта құруды жобалауды олардың әлеуметтік міндеттерін, парктерді қоршаған ортаның көркемдік-эстетикалық қалыптасу ерекшеліктерін, парктердің қала құрылысы құрылымындағы және елді мекендерді жоспарлаудағы ролі мен орнын есепке ала отырып қамтамасыз етсін.

8. Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Физкультура және спорт жөніндегі комитет, Қазақ ССР «Білім» қоғамы басқармасы, Табиғат қорғаудың Қазақ қоғамы, Қазақ ССР ДОСААФ Орталық Комитеті, республиканың творчестволық одақтары деректі және ғылыми-көпшілік фильмдер көрсету, ашық лекциялар, еңбекшілердің өндіріс озаттарымен, соғыс және еңбек ардагерлерімен кездесулер өткізу, ғалымдардың, жазушылардың, мәдениет қайраткерлерінің сөз сөйлеп, өнер көрсетуі, спорт жарыстары мен спорттың қолданбалы-техникалық түрлерінің сайыстарын ұйымдастыру үшін, сондай-ақ үйірмелер мен клубтардың қызыққан істермен айналысуы үшін мәдениет және демалыс парктерінің мүмкіндіктерін барынша пайдаланатын болсын.

9. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті 1979 жылдан бастап Қазақ ССР Мәдениет министрлігіне оның заявкасы бойынша мәдениет және демалыс парктері үшін көркемдік-безендіру материалдарын, жабдықтар мен техникалық құралдар бөлуді көздейтін болсын.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті баспалардың жоспарына Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің заказдары бойынша парк тану жөнінде методикалық материалдар шығаруды енгізетін болсын.

10. Қазақстан Компартиясы облыстық комитеттері, облыстық атқару комитеттері, Алматы қалалық атқару комитеті, Қазақ ССР Мәдениет министрлігі мәдениет және демалыс парктері үшін кадрлар іріктеп, тәрбиелеуді жақсартатын болсын, оларды парк шаруашылығын ұйымдастыру мен жүргізу практикасына үйретуді ұйымдастырсын, сондай-ақ мәдени және демалыс парктерінің финанс-шаруашылық қызметіне бақылауды күшейтсін.

**ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН
ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «РЕСПУБЛИКАДА
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС ПАРКТЕРІНІҢ ЖАЙЫ ЖӘНЕ
ОЛАРДЫҢ ЖҰМЫСЫН ЖАҚСARTУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР
ТУРАЛЫ» 1978 ЖЫЛҒЫ 27 СЕНТЯБРЬДЕГІ № 375 ҚАУЛЫСЫН
ОРЫНДАУДЫҢ БАРЫСЫ ТУРАЛЫ**

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ
МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1984 жылғы 17 январьдағы № 23
ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Қазақстан Компартиясы облыстық комитеттері, облыстық атқару комитеттері мен еңбекшілер депутаттары Алматы қалалық атқару комитеті, Қазақ ССР Мәдениет министрлігі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1978 жылғы 27 сентябрьдегі № 375 қаулысының сөзсіз орындалуын қамтамасыз етуге қосымша шаралар қолданатын болсын, мәдениет және демалыс парктерінің қызметін айтарлықтай жақсартсын, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруде және олардың демалысын ұйымдастырарда олардың ролін арттыратын болсын. Көпшілік-саяси және мәдени-ағарту жұмыстарының, көрнекі үгіттің барлық құралдары арқылы Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің ішкі және сыртқы саясатын, советтік өмір салтын, халықтар достығын, шынайы социализмнің жетістіктерін, СССР мен одақтас республикалардың КПСС XXVI съезінің, КПСС Орталық Комитетінің ноябрь (1982 ж.) июнь және декабрь (1983 ж.) Пленумдарының, Қазақстан Компартиясы XV съезінің шешімдерін жүзеге асыру жолындағы күрестегі жетістіктері терең де жарқын насихатталсын.

2. Облыстық және халық депутаттары Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттері:

республиканың 1984—1985 жылдарға және он екінші бесжылдыққа арналған экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларын әзірлеу кезінде № 1 қосымшаға сәйкес қалаларда, аудан орталықтарында жаңадан мәдениет және демалыс парктерін ашуды көздейтін болсын;

1984—1985 жылдарда және он екінші бесжылдықта № 2 қосымшаға сәйкес парктердің материалдық-техникалық базасын одан әрі дамыту және оларды осы заманғы аттракциондармен, ойын автоматтарымен, сәуле және музыкалық көркемделген шағын формалы аттракциондармен жарақтандыру және басқа да объектілерді салу жөніндегі қажетті шараларды жүзеге асырсын, мұнда негізгі шығын облыстардың және Алматы қаласының бюджеті шегінде жұмсалуға тиіс, бұл мақсаттарға СССР Мемлекеттік банкінің кредиттері мен жергілікті құрылыс материалдары кеңінен пайдаланылсын.

Селолық жерлерде мәдениет және демалыс парктерін ашуға, сондай-ақ жұмыс істеп тұрғандарын олардың эстетикалық, архитектуралық және дендрологиялық маңызын ескере отырып көріктендіруге баса көңіл бөлетін болсын;

Мәдениет және демалыс парктерінде қолда бар құралдардың жақсы пайдалану, шаңғы базаларын, қайық станцияларын салу, аттракциондар мен ойын автоматтарын орнату, мәдениет және спорт инвентарларын прокатқа беруді кеңейту есебінен халыққа ақы төлейтін қызмет көрсетуді кеңейтетін болсын;

1984 жылдан бастап мәдениет және демалыс парктеріне, сурет-көркемдеу шеберханаларына объектілерді дер кезінде жөндеу үшін материалдарға, жабдықтарға, лак-бояу және басқа қажетті өнімдерге қорлар бөлінетін болсын;

шаруашылық қажеттері мен мәдени-көпшілік жұмыс үшін мәдени және демалыс парктерін автотранспортпен қамтамасыз ету жөніндегі мәселені қарайтын болсын.

3. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі:

мәдениет және демалыс парктеріне олардың ведомстволық бағыныштылығына қарамастан көпшілік-саяси және мәдени-ағарту жұмыстарын жан-жақты ұйымдастыруда тұрақты методикалық көмек көрсететін болсын, олардың қызметінің жақсы тәжірибесін қорытып, таратытын болсын;

Мәдениет және демалыс парктері үшін кадрлар іріктеу мен даярлауды, курстар мен мәдениет қызметкерлерінің мамандығын көтеру жөніндегі республикалық институтта кадрларды парк шаруашылығын ұйымдастыру мен жүргізу әдісіне үйретуді жақсартсын, парктердің финанс-шаруашылық қызметіне бақылауды күшейтсін;

Алматы, Қарағанды және Орал қалаларының мәдениет және демалыс парктерінің жанынан белгіленген тәртіппен шаруашылық есептегі мамандандырылған шеберханалар құратын болсын, оларға монтаждау мен реттеу функцияларын, сондай-ақ республиканың тиісті аймағының мәдени және демалыс парктерінің, олардың ведомстволық бағыныштылығына қарамастан, аттракциондық шаруашылықтарына және ойын автоматтарына күрделі жөндеу жүргізуді жүктейтін болсын.

Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Мемлекеттік жабдықтау комитеті Қазақ ССР Мәдениет министрлігіне оның заявқасы бойынша осы мақсаттар үшін жабдықтар мен инвентарьлар бөлуді көздейтін болсын.

Халық депутаттары Алматы қалалық Советінің атқару комитеті Қазақ ССР Мәдениет министрлігімен бірлесе отырып, М. Горький атындағы орталық мәдениет және демалыс паркінің территориясына орналасқан жазғы театрды, аттракциондарды және басқа мәдени-спорттық мақсаттағы павильондарды пайдалануды жақсартуға шаралар қолданатын болсын.

4. Қазақстан Компартиясы облыстық комитеттері, облыстық және халық депутаттары Алматы қалалық Советтері атқару комитеттері, Қазақ ССР Мәдениет министрлігі осы қаулының орындалу барысы жайлы жыл сайын 15 майға дейін Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советіне баяндап отыратын болсын.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 жылғы 17 январьдағы № 23 қаулысына
 № 1 ҚОСЫМША

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС ПАРҚТЕРІНІҢ ЖҮЙЕСІН
 ДАМУҒА ЖӨНІНДЕГІ 1984—1985 ЖЫЛДАРҒА ЖӘНЕ
 XII БЕСЖЫЛДЫҚҚА АРНАЛҒАН
 ТА П С Ы Р М А

	1984—1985 жылдар	XII бесжылдық
Барлығы:	8	34
соның ішінде:		
Ақтөбе облысы	—	2
Алматы облысы	—	3
Шығыс Қазақстан облысы	—	2
Гурьев облысы	—	1
Жамбыл облысы	1	3
Жезқазған облысы	—	4
Қарағанды облысы	1	2
Қызылорда облысы	—	1
Костанай облысы	—	3
Манғышлақ облысы	—	1
Павлодар облысы	1	1
Солтүстік Қазақстан облысы	—	2
Семей облысы	—	2
Талдықорған облысы	1	1
Торғай облысы	1	1
Орал облысы	1	1
Целиноград облысы	1	1
Шымкент облысы	1	1
Алматы қаласы	1	2

№ 2 ҚОСЫМША

1984—1985 ЖЫЛДАРДА ПАРК ҮЙЛЕРІН, ҒИМАРАТТАР МЕН АЛАҢДАР САЛУ ЖӨНІНДЕГІ ОБЛЫСТЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТТЕРІ МЕН АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНЕ ТАПСЫРМА

Қалалар	Би алаңдары	Жазғы эстрада	Спорт алаңдары	Сауда нүктелерінің киоскілері	Кафе-ресторандар	Механикаландырылған аттракциондар	Шағын формалары аттракциондар	Бағалар қалашығы	Оқу залдары	Кинолекторийлер	Тығар	Балалар бөлмелері	Павильондар		
													ойын автоматтары (саны)	стол үстінің ойындары	топтық үйірмелер, бірлестіктер
Ақтөбе	1	—	7	6	1	15	10	1	—	—	1	1	15	1	1
Өскемен	1	1	7	6	1	15	10	1	2	1	2	2	15	2	1
Жамбыл	1	1	7	3	—	15	10	1	1	1	1	1	15	—	1
Жезқазған	1	1	4	4	1	15	10	1	1	1	1	1	15	1	1
Қарағанды	—	1	9	6	1	15	10	1	1	2	2	2	15	2	1
Қызылорда	—	1	7	6	1	15	10	1	1	1	1	1	15	1	1
Көкшетау	—	1	4	6	—	15	10	1	1	—	1	—	15	1	4
Костанай	—	1	6	6	1	15	10	1	1	1	1	1	15	1	2
Павлодар	1	2	6	6	1	15	10	1	2	2	2	2	15	2	1
Петропавл	1	1	3	—	—	15	10	—	—	—	—	—	15	1	—
Семей	2	2	8	—	—	45	30	1	—	—	—	—	45	—	—
Талдықорған	—	1	4	4	—	15	10	1	—	1	1	1	15	1	1
Арқалық	—	1	4	4	—	10	6	—	1	1	1	1	7	1	1
Орал	—	1	7	6	1	15	10	1	1	1	1	1	15	1	1
Целиноград	—	1	7	6	1	15	10	1	1	1	1	1	15	3	1
Шымкент	—	1	10	12	1	15	10	1	—	3	2	2	15	2	2
Алматы	—	1	6	6	2	—	10	1	—	3	—	—	15	3	3

2. ТЕАТРЛЫҚ-КОНЦЕРТТІК ҚЫЗМЕТ

ҚАЗАҚ ССР ТЕАТР ҚОҒАМЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ¹

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1962 жылғы 28 марттағы № 213
ҚАУЛЫСЫ

Республиканың творчество қызметкерлерінің тілектерін қолдай отырып, Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Қазақ ССР Театр қоғамы құрылсын.

Қазақ ССР Театр қоғамына совет театр өнерін одан әрі дамыту, театрларға биік идеялы репертуар құруға жәрдемдесу, спектакльдерді дүркін-дүркін талқылап отыру және көркемөнерпаздар коллективтеріне жан-жақты көмек берілуін ұйымдастыру, сондай-ақ республика театр қызметкерлерінің көркемдік шеберлігін арттыру мақсатымен республика театрлары творчестволық күштерін біріктіру жүктеледі.

¹ 2—5-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

3. ЖИВОПИСЬ. СКУЛЬПТУРА. МУЗЫКА

ЕСКЕРТКІШТЕР МЕН МҮСІН-ЕСКЕРТКІШТЕР ТҮРҒЫЗУ ТУРАЛЫ¹

**ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ
МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТИНІҢ
1967 жылғы 24 марттағы № 185
ҚАУЛЫСЫ**

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

3. Ескерткіштердің жоғары идеялық-көркемдік дәрежесін қамтамасыз ету үшін Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары бойынша тұрғызылатын ескерткіштерді, бейіт басына қойылатын ескерткіштерді, мүсін ескерткіштерді, обелискілерді және басқа ескерткіштерді жобалауды ұйымдастыру Қазақ ССР Мәдениет министрлігіне жүктелгені дұрыс деп есептелсін.

4. Ескерткіштер тұрғызу облыстар мен Алматы қаласының бюджеттері бойынша бюджетті орындаудан және кірістерінің шығыстарынан артуынан қосымша алынған кірістер есебінен жүзеге асырылатын болып белгіленсін.

¹ 1 және 2-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

ӘДЕБИЕТ. КІТАПХАНА ІСІ

**ҚАЗАҚ ССР МӘДЕНИЕТ МИНИСТРЛІГІ ЖАНЫНАН
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ВЕДОМСТВО АРАЛЫҚ КІТАПХАНА
КОМИССИЯСЫН ҚҰРУ ТУРАЛЫ**

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТИНІҢ
1975 жылғы 19 ноябрьдегі № 566
ҚАУЛЫСЫ
(Қазақ ССР ҚЖ, 1975 ж., № 22, 95-ст.)**

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1974 жылғы 11 июньдегі № 341 қаулысын орындау үшін және республикада кітапхана ісін басқаруды үйлестіруді жақсарту мақсатында Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі жанынан Республикалық ведомство аралық кітапхана комиссиясы құрылсын.

2. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі жанындағы Республикалық ведомство аралық кітапхана комиссиясы туралы осыған қосылған Ереже мен Комиссияның қызмет құрамы бекітілсін.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі осы Комиссияның дербес құрамын бекітсін.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің
1975 жылғы 19 ноябрьдегі № 566
қаулысымен*

БЕКІТІЛГЕН

**ҚАЗАҚ ССР МӘДЕНИЕТ МИНИСТРЛІГІ ЖАНЫНДАҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ВЕДОМСТВО АРАЛЫҚ КІТАПХАНА
КОМИССИЯСЫ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

1. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі жанындағы Республикалық ведомство аралық кітапхана комиссиясы республикада кітапхана ісіне басшылық жасауды үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство аралық орган болып табылады. Комиссия кітапхана жүйесі бар министрліктермен,

ведомстволармен және қоғамдық ұйымдармен тығыз байланыста жұмыс істейді. Министрліктер, ведомстволар мен қоғамдық ұйымдар Комиссияның шешімдерін, ұсыныстары мен нұсқауларын есепке ала отырып, өз қарамағындағы кітапханаларға басшылық жасауды жүзеге асырады.

2. Республикалық ведомство аралық кітапхана комиссиясының негізгі міндеттері мыналар:

а) КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің, Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулыларын кітапхана ісі саласында ойдағыдай жүзеге асыру мақсатында, министрліктердің, ведомстволар мен қоғамдық ұйымдардың барлық типтегі кітапханаларға басшылық жасау жөніндегі қызметін үйлестіру; еңбекшілерге коммунистік тәрбие мен білім беру ісінде кітап байлықтарын пайдаланудың тиімділігін арттыру; ғылым мен техника жетістіктерін кеңінен таратуда, оларды халық шаруашылығына тезірек енгізуде, ғылыми-техникалық прогресті шапшаңдатуда кітапханалардың ролін күшейту;

б) оқырмандардың барлық категорияларын кітапхана-библиографиялық және информациялық қызмет көрсетумен толық қамту және оларға қоғамдық кітап қорларын пайдаланудың мол мүмкіндігін жасау мақсатында республикада кітапханаларды дамытудың негізгі бағыттары жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

3. Республикалық ведомство аралық кітапхана комиссиясына мыналар жүктеледі:

а) республикада кітапхана ісін перспективалы дамытудың жоспарларын қарау; министрліктердің, ведомстволар мен қоғамдық ұйымдардың кітапханаларының өз ара бірлесіп және келісіп жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ұсыныстарды әзірлеу;

б) республиканың кітапханаларының қызметіне қатысы бар заң актілерінің жобалары бойынша қорытындылар әзірлеу;

в) кітапханалардың баспалармен, кітап саудасы ұйымдарымен, ғылыми-техникалық информация, радио және телевизия органдарымен бірлесіп әрекет етуін жақсарту жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

г) республикада кітапхана аралық абонементтің бірыңғай жүйесін, қорларды депозитарлық сақтау жүйесін, сондай-ақ кітапхана-библиография процестерінде механикаландыруды енгізуге, кітапханаларды комплектеуде қосарлылықты жоюға, информация органдары мен кітапханалардың бірыңғай анықтама-информация қорлары негізінде келісіп жұмыс істеуін қамтамасыз етуге көмектесу;

д) халықтың ұлттық құрамын, еңбекшілердің сұранымы мен кітапханалардың қажетін есепке алып, жаңа әдебиетпен комплектеу, оның тираждарын анықтау, әдебиеттерді қайта басып шығару жөніндегі ұсыныстарды қоса отырып, кітапханалардың кітап қорларын құрау және пайдалану жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

е) кітапхана тану мен библиография саласында кадрлар даярлауды жақсарту, методикалық және ғылыми-зерттеу жұмысын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

4. Республикалық ведомство аралық кітапхана комиссиясының мынадай праволары бар:

а) министрліктердің, ведомстволар мен қоғамдық ұйымдардың кітапханаларының қызметін үйлестіруді жақсартуға бағытталған шешімдер қабылдауға;

б) министрліктердің, ведомстволар мен қоғамдық ұйымдардың кітапханаларынан Комиссияның компетенциясына енетін мәселелер жөнінде материалдар алуға, сондай-ақ министрліктермен, ведомстволар-

мен және қоғамдық ұйымдармен келісіп алғаннан кейін олардың қарамағындағы кітапханалардың жұмыс жайымен танысуға;

в) кітапханалары бар министрліктердің, ведомстволар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдерінің олардың қарамағындағы кітапханалардың қызметі туралы және Республикалық ведомство аралық кітапхана комиссиясының ұсыныстарын орындаудың барысы туралы хабарларын тыңдауға;

г) мүдделі министрліктермен, ведомстволармен және қоғамдық ұйымдармен бірлесе отырып немесе келісіп алғаннан кейін кітапхана-лар қызметінің аса маңызды мәселелері жөніндегі ұсыныстарды зерттеу мен әзірлеу үшін жұмыс атқаратын комиссиялар мен эксперттік топтар құруға, сондай-ақ мамандар мен ғылыми қызметкерлерді осы комиссиялар мен топтардағы жұмысқа қатыстыруға.

5. Республикалық ведомство аралық кітапхана комиссиясы өзі бекітетін жоспарлар бойынша жұмыс істейді. Комиссияның шешімдері мүдделі министрліктерге, ведомстволар мен қоғамдық ұйымдарға кітапхана ісін жетілдіру және кітапханалардың жұмысын үйлестіру жөнінде олардың тиісті шаралар алуы үшін жіберіледі.

6. Республикалық ведомство аралық кітапхана комиссиясы қажетті ретіне қарай бірақ жылына кемінде екі рет жиналады.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің
1975 жылғы 19 ноябрьдегі № 566
қаулысымен*

БЕКІТІЛГЕН

ҚАЗАҚ ССР МӘДЕНИЕТ МИНИСТРЛІГІ ЖАНЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ВЕДОМСТВО АРАЛЫҚ ҚІТАПХАНА КОМИССИЯСЫНЫҢ Қ Ұ Р А М Ы

Комиссияның председатели — Қазақ ССР Мәдениет министрі; Комиссия председателинің орынбасарлары — Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті Председателинің орынбасары; Кәсіподақтардың Қазақ республикалық советінің секретары; Қазақ ССР Ғылым академиясының вице-президенті; Комиссияның мүшелері — Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрінің орынбасары, Қазақ ССР Мәдениет министрінің орынбасары, Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрінің орынбасары, Қазақ ССР Оқу министрінің орынбасары, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары, Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті Председателинің орынбасары, Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті Председателинің орынбасары, Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің секретары, Қызыл Ту орденді Орта Азия әскери округінің Саяси басқармасы бастығының орынбасары, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының секретары, Қазақстан «Білім» қоғамы басқармасы председателинің орынбасары, Қазақ ССР Кітап Кітап әуесқойлары ерікті қоғамы председателинің бірінші орынбасары, Қазақ темір жолы бастығының орынбасары, Қазақ ССР Мәдениет министрілігінің Мәдени-ағарту мекемелері басқармаларының бастығы.

ТАРИХ ПЕН МӘДЕНИЕТ ЕСКЕРТКІШТЕРІН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ
1978 жылғы 11 августағы
ЗАҢЫ

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1978 ж., № 34)

Басқа одақтас республикалармен еркін бірігу және тең праволылық негізінде құрамына Қазақ Советтік Социалистік Республикасы кіретін СССР-де тарих пен мәдениет ескерткіштері халық дәулеті болып табылады. Совет мемлекеті мәдени мұраға көзқарастың лениндік принциптерін сақтай отырып, ескерткіштерді коммунистік құрылыс мүддесіне сай сақтау және тиімді пайдалану үшін барлық жағдай жасауда.

СССР халықтарының тарихы мен мәдениетінің ескерткіштері бұрынғы ұрпақтардың материалдық және рухани өмірін, біздің Отанымыздың көп ғасырлық тарихын, оның бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы халық бұқарасының күресін, революциялық қозғалысты, Советтік социалистік мемлекеттің қалыптасуы мен дамуын бейнелейді.

Тарих пен мәдениет ескерткіштерінде Ұлы Октябрь социалистік революциясының, Азамат және Ұлы Отан соғыстарының аса көрнекті оқиғалары, жұмысшы табының, колхозшы шаруалар мен интеллигенцияның еңбектегі ерліктері, біздің еліміздің халықтарының туысқандық достығы, совет халқының социализм мен коммунизм орнату жолындағы қаһармандық күресі бейнеленген.

СССР халықтарының тарих пен мәдениет ескерткіштері дүние жүзілік мәдени мұраның ажырамас бөлігі, дүние жүзілік цивилизацияны дамытуға біздің еліміздің халықтары қосқан зор үлесінің дәлелі болып табылады.

СССР-де тарих пен мәдениет ескерткіштері ғылымды, халыққа білім беру мен мәдениетті дамыту, жоғары советтік патриотизм сезімін қалыптастыру, еңбекшілерге идеялық-адамгершілік, интернационалдық және эстетикалық тәрбие беру мақсаттарына қызмет етеді.

Ескерткіштерді қорғау — мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың маңызды міндеті. Тарих пен мәдениет ескерткіштеріне

8 - с т а т ь я . Ескерткіштерді қорғауға арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік органдар

Қазақ ССР-інде ескерткіштерді қорғайтын арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік органдар — Қазақ ССР Мәдениет министрлігі мен оның жергілікті жерлердегі органдары, ал документтік ескерткіштер жөнінде Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасы мен оның жергілікті жерлердегі органдары болып табылады.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасының, сондай-ақ олардың жергілікті жерлердегі органдарының тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау, күтіп ұстау және пайдалану мәселелері жөніндегі нұсқаулары барлық министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар, кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер мен азаматтар үшін міндетті.

9 - с т а т ь я . Халық депутаттарының жергілікті Советтері атқару комитеттерінің тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану саласындағы компетенциясы

Халық депутаттарының облыстық, аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық, поселкелік, селолық және ауылдық Советтерінің атқару комитеттері заңмен берілген праволар шеңберінде Совет территориясындағы тарих пен мәдениет ескерткіштерін іздеп табуды, есепке алуды, қорғау мен пайдалануды қамтамасыз етеді, ескерткіштерді қорғау, пайдалану және насихаттану жөніндегі шараларды жүргізуге жұртшылықты тартады, кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің ескерткіштерді қамқорлыққа алуын ұйымдастырады, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану туралы заңдардың сақталуын қамтамасыз етеді.¹

10 - с т а т ь я . Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану саласындағы компетенциясы

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі мен оның жергілікті жерлердегі органдары өз компетенциясы шеңберінде және заңға сәйкес Қазақ ССР-інде тарих пен мәдениет ескерткіштерін мемлекеттік қорғауды, ескерткіштерді есепке алу, қорғау, жаңғырту, пайдалану және насихаттау ісіне басшылық жасауды қамтамасыз етеді, республикада бұл істің жолға қойылуын бақылауды жүзеге асырады.

11 - с т а т ь я . Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасының тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану саласындағы компетенциясы

Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасы мемлекеттік архивтердің документтік ескерткіштерді іздеп табу және жинау, мемлекеттік архивтердегі документтік ескерткіштерді есепке алу, қорғау, жаңғырту, пайдалану және насихаттау жөніндегі жұмысына басшылық етеді, сондай-ақ басқа ведомстволар мен азаматтардың өзіндік меншігіндегі документтік ескерткіштерді есепке алуды және олардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

12 - с т а т ь я . Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауды және пайдалануды мемлекеттік бақылау міндеттері

Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауды және пайдалануды мемлекеттік бақылау міндеті — барлық министрліктердің, мемлекеттік

¹ 9-статьяға 1984 ж. 13 марттағы Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 12, 162-ст.).

комитеттердің және ведомстволардың, мемлекеттік, кооперативтік, басқа қоғамдық кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің және азаматтардың ескерткіштерді қорғаудың, пайдаланудың, есепке алуын және жаңғыртудың белгіленген тәртібін, сондай-ақ ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында көзделген өзге де ережелерді сақтау жөніндегі міндеттерін орындауын қамтамасыз ету.

13-статья. **Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану ісіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдар**

Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану ісіне мемлекеттік бақылауды ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес халық депутаттарының Советтері, олардың атқарушы және жарлықшы органдары мен бұған арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

14-статья. **Тарих пен мәдениет ескерткіштеріне байланысты айналадағы табиғи орта объектілерін қорғау және пайдалану**

Тарих пен мәдениет ескерткіштеріне байланысты табиғат ескерткіштерін және айналадағы табиғи ортаның басқа да объектілерін қорғауды және пайдалануды қажет болған реттерде басқа мүдделі органдармен келісе отырып ескерткіштерді қорғау жөніндегі мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

15-статья. **Тарих пен мәдениет ескерткіштерін насихаттауға және қорғауға ғылым, мәдениет және халыққа білім беру органдары мен мекемелерінің қатысуы**

Қазақ ССР-інің ғылым, мәдениет және халыққа білім беру органдары мен мекемелері тарих пен мәдениет ескерткіштерін халық арасында насихаттап, түсіндіруге белсене қатысады, балалар мен жастарды бұл ескерткіштерді танып білуге кеңінен тартуға, азаматтарды оларды қорғауға қатыстыруға көмектеседі.

16-статья. **Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану жөніндегі шараларды жүзеге асыруға кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің қатысуы**

Мемлекеттік кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер, колхоздар мен басқа кооперативтік ұйымдар тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау, пайдалану, іздеп табу, есепке алу, жаңғырту, олар туралы білімдерді тарату жөніндегі шараларды жүзеге асыруда ескерткіштерді қорғау органдарына көмек көрсетіп отырады.

Кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер тарих пен мәдениет ескерткіштерінің сақталуын, ескерткіштер территориясының көркейтілуін қадағалау, азаматтарды бұл жұмысқа қатысуға тікелей тарту ісін қамтамасыз ету мақсатымен оларды қамқорлыққа алуы мүмкін.

17-статья. **Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану жөніндегі шараларды жүзеге асыруға қоғамдық ұйымдар мен азаматтардың қатысуы**

Кәсіптік одақтар, жастар ұйымдары, Қазақ ССР-інің Мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамы, ғылыми қоғамдар, творчестволық одақтар мен басқа да қоғамдық ұйымдар, сондай-ақ азаматтар тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау, пайдалану, іздеп табу, есепке алу, жаңғыр-

ту жөніндегі шараларды жүзеге асыруда және олар туралы білімді тарапта мемлекеттік органдарға көмек көрсетіп отырады.

Қоғамдық ұйымдар осы ұйымдардың уставтарына (ережелеріне) және ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес тарих пен мәдениет ескерткіштерінің сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған жұмысқа қатысады.

18 - с т а т ь я . Қазақ ССР-інің Мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының мақсаттары мен міндеттері

Қазақ ССР-інің Мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамы өзінің уставына және ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес халықтың қалың топтарын ескерткіштерді қорғауға белсене әрі тікелей қатыстыруға тартып отыруға жәрдемдеседі, ескерткіштерді және оларды қорғау мен пайдалану туралы заңдарды насихаттауды жүзеге асырады, ескерткіштерді қорғау жөніндегі мемлекеттік органдардың жұмысына белсене көмектеседі.

II б ө л і м

ТАРИХ ПЕН МӘДЕНИЕТ ЕСКЕРТКІШТЕРІН МЕМЛЕКЕТТІК ЕСЕПКЕ АЛУ

19 - с т а т ь я . Тарих пен мәдениет ескерткіштерін мемлекеттік есепке алуды ұйымдастыру

Тарих пен мәдениет ескерткіштері, олар кімнің меншігінде екеніне қарамастан, мемлекеттік есепке алынуға тиіс.

СССР-дің «Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану туралы» Заңына сәйкес тарих пен мәдениет ескерткіштерін мемлекеттік есепке алу СССР Министрлер Советі белгілейтін тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

20 - с т а т ь я . Тарих пен мәдениет ескерткіштерін жалпы одақтық, республикалық және жергілікті маңызы бар ескерткіштер қатарына жатқызу

СССР-дің «Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану туралы» Заңына сәйкес тарих пен мәдениет ескерткіштерін есепке алуды және қорғауды ұйымдастыру мақсатымен қозғалмайтын ескерткіштер жалпы одақтық, республикалық және жергілікті маңызы бар ескерткіштер болып бөлінеді.

Тарих пен мәдениет ескерткіштерін жалпы одақтық, республикалық және жергілікті маңызы бар ескерткіштер қатарына жатқызу ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес жүргізіледі.

21 - с т а т ь я . Республикалық және жергілікті маңызы бар тарих пен мәдениет ескерткіштерінің тізімдерін бекіту тәртібі

Республикалық маңызы бар тарих пен мәдениет ескерткіштерінің тізімдерін Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің ұсынуы бойынша Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

Жергілікті маңызы бар тарих пен мәдениет ескерткіштерінің тізімдерін Қазақ ССР Мәдениет министрлігімен келісе отырып тиісті мемлекеттік органдардың ұсынуы бойынша халық депутаттарының облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттері бекітеді.

Объектілерді республикалық және жергілікті маңызы бар тарих пен мәдениет ескерткіштерінің тізімдерінен шығарып тастауға тек қана Қазақ ССР Министрлер Советінің шешімі бойынша жол беріледі.

22 - с т а т ь я . Музейлердегі, кітапханалар мен архивтердегі тарих пен мәдениет ескерткіштерін мемлекеттік есепке алу

СССР-дің «Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану туралы» Заңына сәйкес музейлердегі, кітапханалардағы, архивтердегі, басқа да ұйымдар мен мекемелердегі тарих пен мәдениет ескерткіштерін мемлекеттік есепке алу ССР Одағының СССР музей және архив қорлары туралы заңдарымен белгіленетін тәртіп бойынша жүргізіледі.

23 - с т а т ь я . Азаматтардың өзіндік меншігіндегі тарих пен мәдениет ескерткіштерін мемлекеттік есепке алу

Азаматтардың өзіндік меншігіндегі және елеулі тарихи, ғылыми, көркемдік немесе өзге де мәдени қазына саналатын ежелгі бұйымдар, бейнелеу және сәндік-қолданбалы өнер шығармалары, құрылыстар, қолжазбалар, коллекциялар, сирек кездесетін басылымдар, басқа да бұйымдар мен документтер тарих пен мәдениет ескерткіштері деп танылады және ескерткіштерді неғұрлым толық іздеп табу әрі олардың сақталуын қамтамасыз етуге көмектесу мақсатымен мемлекеттік есепке алынуға тиіс.

Өзіндік меншігінде тарих пен мәдениет ескерткіштері бар азаматтар ескерткіштерді қорғау, пайдалану, есепке алу және жаңғырту ережелерін сақтауға міндетті.

III б ө л і м

ТАРИХ ПЕН МӘДЕНИЕТ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ САҚТАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ. ЕСКЕРТКІШТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

24 - с т а т ь я . Тарих пен мәдениет ескерткіштерін пайдалану

Тарих пен мәдениет ескерткіштері ғылымды, халыққа білім беру мен мәдениетті дамыту, патриоттық, идеялық-адамгершілік интернационалдық және эстетикалық тәрбие беру мақсаттарында пайдаланылады.

Тарих пен мәдениет ескерткіштерін шаруашылық және өзге де мақсаттарда пайдалануға, егер мұның өзі ескерткіштердің сақталуына нұқсан келтірмейтін әрі олардың тарихи көркемдік құндылығын бұзбайтын болса, жол беріледі.

25 - с т а т ь я . Ескерткіштерді пайдалануға беру тәртібі мен шарттары

СССР-дің «Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану туралы» Заңына сәйкес тарих пен мәдениет ескерткіштерін ғылыми, мәдени-ағарту, туристік және өзге де мақсаттар үшін мемлекеттік, кооперативтік, өзге қоғамдық кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің, сондай-ақ басқа да ұйымдар мен адамдардың пайдалануына беру ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында белгіленген тәртіп бойынша және шарттарды сақтай отырып жүзеге асырылады.

Тарих пен мәдениет ескерткіштері болып табылатын үйлер мен ғимараттар ескерткіштерді қорғау жөніндегі тиісті мемлекеттік органдармен келісіле отырып халық депутаттарының облыстық және Алматы

қалалық Советтері атқару комитеттерінің шешімі бойынша пайдалануға беріледі.

Тарих пен мәдениет ескерткіштерін пайдаланудың арендалық төлемнің ставкаларын Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

26 - с т а т ь я . Тарих пен мәдениет ескерткіштерін пайдаланудан түсетін қаржыларды жұмсау тәртібі

Тарих пен мәдениет ескерткіштерін пайдаланудан түсетін ақшалай қаржылар, сондай-ақ осы Заңның 47-статьясына сәйкес түсетін қаржылар ескерткіштер қарауында болатын ескерткіштерді қорғау жөніндегі мемлекеттік органдардың арнайы сметына белгіленген тәртіп бойынша аударылады, олар мұны ескерткіштерді қорғауға, жаңғыртуға, консервациялауға, жөндеуге байланысты шараларға ғана жұмсайды.

27 - с т а т ь я . Меншігінде немесе пайдалануында тарих пен мәдениет ескерткіштері бар кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің міндеттері

Меншігінде немесе пайдалануында тарих пен мәдениет ескерткіштері бар кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер олардың сақталуы үшін жауапты болады және ескерткіштерді қорғау, пайдалану, есепке алу және жаңғырту ережелерін сақтауға міндетті.

СССР-дің «Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану туралы» Заңына сәйкес тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау, пайдалану және жаңғырту ережелері СССР Министрлер Советі анықтайтын тәртіп бойынша белгіленеді.

28 - с т а т ь я . Азаматтардың тарих пен мәдениет ескерткіштерін сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттері

Тарих пен мәдениет ескерткіштерін сақтауға қамқорлық жасау — СССР азаматтарының борышы және міндеті.

Азаматтардың өзіндік меншігіндегі тарих пен мәдениет ескерткіштері еңбексіз табыс табу үшін қоғам мүддесіне нұқсан келтіретіндей етіп пайдаланылмауға тиіс.

29 - с т а т ь я . Тарих пен мәдениет ескерткіштерін алып қою

СССР-дің «Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану туралы» Заңына сәйкес өздерінің сипаты мен мақсатына қарай пайдаланылмайтын, құрыш кету немесе бүліну қатері төнген тарих пен мәдениет ескерткіштері ССР Одағының заңдарымен белгіленетін тәртіп бойынша кәсіпорындардан, ұйымдардан, мекемелерден алып қойылуы мүмкін.

Егер азамат өзіне қарасты тарих пен мәдениет ескерткішінің сақталуын қамтамасыз етпейтін болса, бұл ескерткіш Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес тиісті өтеуімен, сот тәртібі бойынша алып қойылуы мүмкін.

30 - с т а т ь я . Пайдалануға берілген жерлердегі тарих пен мәдениет ескерткіштерінің сақталуын қамтамасыз ету

Кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер және азаматтар өздеріне пайдалануға берілген жерлердегі тарих пен мәдениет ескерткіштерінің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

31 - с т а т ь я . Тарих пен мәдениет ескерткіштерін жаңғырту, консервациялау және жөндеу

Тарих пен мәдениет ескерткіштерін жаңғырту, консервациялау және жөндеу ескерткіштерді қорғау жөніндегі мемлекеттік органдардың рұқсатымен және солардың бақылауымен ғана жүзеге асырылады.

Ескерткіштерді жаңғырту, консервациялау және жөндеу ескерткіштерді пайдаланушылардың немесе олардың иелерінің қаржысы есебінен, сондай-ақ ескерткіштерді қорғау жөніндегі мемлекеттік органдардың қаржысы есебінен жүзеге асырылады.

Ескерткіштерді жаңғырту, консервациялау және жөндеу жұмыстарын ескерткіштерді қорғау жөніндегі мемлекеттік органдар тартатын мамандандырылған ғылыми-жаңғырту ұйымдары немесе басқа да ұйымдар жүргізеді.

Тарих пен мәдениет ескерткіштерін жаңғырту, консервациялау және жөндеу жобалары ескерткіштерді қорғау жөніндегі мемлекеттік органдармен келісілуге тиіс.

32 - с т а т ь я . Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау аймақтары

Тарих, археология, қала құрылысы мен архитектура, монументтік өнер ескерткіштерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатымен ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарымен белгіленетін тәртіп бойынша қорғау аймақтары, үй-жай салуды реттеу аймақтары және қорғалатын табиғат ландшафты аймақтары белгіленеді.

Қорғау аймақтарының, үй-жай салуды реттеу аймақтарының және қорғалатын табиғат ландшафты аймақтарының шекараларын Қазақ ССР Мәдениет министрлігімен және басқа да мүдделі органдармен келісе отырып, халық депутаттарының облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттері белгілейді.

Көрсетілген аймақтар шеңберінде ССР Одағының немесе Қазақ ССР-інің ескерткіштерді қорғау жөніндегі тиісті органдарының рұқсатынсыз жер қазу, құрылыс жұмыстарына және басқа жұмыстарға, сондай-ақ шаруашылық қызметіне тыйым салынады.

Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау аймақтары елді мекендердің бас жоспарларына, оларды егжей-тегжейлі жоспарлау мен салу жобаларына енгізіледі.

Егер тарих пен мәдениет ескерткіштеріне жанасып өтетін немесе оларды қорғау аймақтары арқылы өтетін жолдардағы транспорт қозғалысы ескерткіштерге қатер төндірсе, халық депутаттарының тиісті жергілікті Советі атқару комитетінің шешімі бойынша аталған транспорттың мұндай жолдардағы қозғалысы шектелуі немесе оған тыйым салынуы мүмкін.

33 - с т а т ь я . Тарихи-мәдени қорықтарды қорғау

СССР-дің «Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану туралы» Заңына сәйкес ерекше тарихи, ғылыми, көркемдік немесе өзге де мәдени қазына саналатын тарих пен мәдениет ескерткіштерінің ансамбльдері және комплекстері СССР Министрлер Советінің немесе Қазақ ССР Министрлер Советінің шешімдерімен тарихи-мәдени қорықтар деп жариялануы мүмкін, оларды қорғау бұлардың әрқайсысы туралы ерекше ереженің негізінде жүзеге асырылады.

34 - с т а т ь я . Жаңадан табылған тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау

Тарихи, ғылыми, көркемдік немесе өзге де мәдени қазына саналатын жаңадан табылған объектілер, оларды тарих пен мәдениет ескерткіштері ретінде, мемлекеттік есепке алу туралы мәселе шешілгенге дейін, СССР-дің «Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану туралы» Заңының және осы Заңның талаптарына сәйкес қорғалуға тиіс.

35 - с т а т ь я . Жаңадан табылған тарих пен мәдениет ескерткіштерін уақытша қорғау режимі

Жаңадан табылған тарих пен мәдениет ескерткіштерін уақытша қорғау режимін ескерткіштерді қорғау жөніндегі мемлекеттік органдар белгілейді.

36 - с т а т ь я . Тарих пен мәдениет ескерткіштері бар қалаларды және басқа елді мекендерді жоспарлаудың, салудың және қайта құрудың жобаларын ескерткіштерді қорғау жөніндегі органдармен келісу

Тарих, археология, қала құрылысы мен архитектура, монументтік өнер ескерткіштері бар қалаларды және басқа елді мекендерді жоспарлаудың, салудың және қайта құрудың жобалары ескерткіштерді қорғау жөніндегі тиісті органдармен келісілуге тиіс.

37 - с т а т ь я . Тарих пен мәдениет ескерткіштерін бұзуға, көшіруге, өзгертуге тыйым салу

Қозғалмайтын тарих пен мәдениет ескерткіштерін бұзуға, көшіруге, өзгертуге тыйым салынады. СССР-дің «Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану туралы» Заңына сәйкес бұл ережелерден тыс ерекшелікке тек әрбір жеке жағдайда жалпы одақтық маңызы бар ескерткіштер жөнінде — СССР Министрлер Советінің, республикалық және жергілікті маңызы бар ескерткіштер жөнінде — Қазақ ССР Министрлер Советінің айрықша рұқсатымен ғана жол берілуі мүмкін.

Мұндай рұқсат алған кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер ескерткішті бұзуды, көшіруді немесе өзертуді жүзеге асырған кезде ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарында белгіленген шарттардың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті, ал ескерткіштерді қорғау жөніндегі тиісті мемлекеттік орган ескерткіштерді ғылыми зерттеу мен белгілеп қою жөніндегі жұмыстарды жүргізуге міндетті.

Көрсетілген жұмыстарды жүзеге асыруға байланысты шығындар ескерткішті бұзуға, көшіруге немесе өзгертуге рұқсат алған кәсіпорынның, ұйымның, мекеменің есебінен төленеді.

38 - с т а т ь я . Құрылыс жұмыстарын және басқа жұмыстарды жүргізгенде тарих пен мәдениет ескерткіштерінің сақталуын қамтамасыз ету

Тарих пен мәдениет ескерткіштеріне қатер төндіруі мүмкін құрылыс, мелнораця, жол жұмыстары және басқа жұмыстар ескерткіштерді қорғау жөніндегі мемлекеттік органдардың келісімі бойынша және ескерткіштердің сақталуын қамтамасыз ететін шаралар жүзеге асырылғаннан кейін ғана атқарылады.

Көрсетілген шараларды қаржыландыру құрылыс, мелнораця, жол жұмыстарын және басқа жұмыстарды жүзеге асыратын ұйымдар есебінен жүргізіледі.

Кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер жұмысты жүргізу барысында тарихи, ғылыми, көркемдік немесе өзге де мәдени қазына саналатын археологиялық және басқа объектілер табылған жағдайда бұл туралы ескерткіштерді қорғау жөніндегі мемлекеттік органға хабарлауға және жұмыстың одан әрі жүргізілуін тоқтата тұруға міндетті.

39 - с т а т ь я . Құрылыс жұмыстарын және басқа жұмыстарды жүргізген кезде тарих пен мәдениет ескерткіштерінің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асыру

Құрылыс, мелниорация, жол жұмыстарын және басқа жұмыстарды жүргізген кезде тарих пен мәдениет ескерткіштерінің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды ескерткіштерді қорғау жөніндегі тиісті мемлекеттік органдар ұйымдастырады және үйлестіріп отырады.

Тарих пен мәдениет ескерткіштерінің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар ескерткіштерді іздеп табуды, оларды зерттеу мен белгілеп қоюды, табылған затты музейлерге немесе басқа арнайы қоймаларға беруді және ескерткіштерді қорғау жөніндегі мемлекеттік органдардың нұсқауы бойынша жүргізілетін өзге де жұмыстарды қамтиды.

40 - с т а т ь я . Тарих пен мәдениет ескерткіштері үшін хауіпті құрылыс жұмыстарын және өзге де жұмыстарды тоқтата тұру

Ескерткіштерді қорғау жөніндегі мемлекеттік органдардың құрылыс, мелниорация, жол жұмыстары және басқа жұмыстар тарих пен мәдениет ескерткіштеріне хауіп төндірген не оларды қорғау тәртібі бұзылып атқарылған жағдайда бұл жұмыстарды тоқтата тұруға правосы бар.

41 - с т а т ь я . Археология ескерткіштерін қазуды және барлауды жүргізу

Археология ескерткіштерін қазуды және барлауды жүргізу белгіленген тәртіп бойынша берілетін және тіркелетін рұқсат (ашық қағаз) болғанда ғана жол беріледі.

Археологиялық жұмыстарды жүзеге асыратын ұйымдар мен азаматтар ескерткіштердің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

Қазақ ССР-інің территориясындағы республикалық және жергілікті маңызы бар археология ескерткіштерін қазуды және барлауды жүргізу жөніндегі рұқсатты Қазақ ССР Ғылым академиясы береді және оны Қазақ ССР Мәдениет министрлігі тіркейді.

42 - с т а т ь я . Тарих пен мәдениет ескерткіштерін жинау

Ұйымдардың не азаматтардың көне документті ескерткіштерді, ежелгі живопись пен ежелгі сәндік-қолданбалы өнер шығармаларын жинауына белгіленген тәртіп бойынша берілетін және тіркелетін арнайы рұқсат болғанда ғана жол беріледі.

43 - с т а т ь я . Тарих пен мәдениет ескерткіштерін СССР-ден тыс жерлерге әкетуге тыйым салу

СССР-дің «Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану туралы» Заңына сәйкес тарих пен мәдениет ескерткіштерін СССР-ден тыс жерлерге әкетуге тыйым салынады.

ССР Одағының заңдарында белгіленген тәртіп бойынша берілетін, әрбір жекелеген жағдайда айрықша рұқсат болғанда ғана бұл ережеден тыс ерекшелікке жол беріледі.

44 - с т а т ь я . Тарих пен мәдениет ескерткіштерін СССР-ден тыс жерлерге уақытша апару тәртібі

СССР-дің «Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану туралы» Заңына сәйкес халықаралық мәдени алмасуларды дамыту мақсатымен ССР Одағының тиісті мемлекеттік органы әрбір жағдай

үшін арнайы белгілейтін тәртіп пен шартты сақтай отырып, тарих пен мәдениет ескерткіштерін СССР-ден тыс жерлерге уақытша апаруға рұқсат етіледі.

45 - с т а т ь я . СССР-ге әкелінетін тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау

СССР-дің «Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану туралы» Заңына сәйкес шет мемлекеттердің, шетелдік ұйымдар мен адамдардың меншігі болып табылатын, тиісті шарттар негізінде мәдени алмасулар мақсатымен СССР-ге уақытша әкелінген тарих пен мәдениет ескерткіштерін мемлекет қорғайды.

IV бөлім

**ТАРИХ ПЕН МӘДЕНИЕТ ЕСКЕРТКІШТЕРІН ҚОРҒАУ
ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ ЗАҢДАРДЫ БҰЗҒАНЫ
ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ**

46 - с т а т ь я . Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану туралы заңдарды бұзғаны үшін жауаптылық

Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау, пайдалану, есепке алу және жаңғырту тәртібінің орындалмауына, оларды қорғау аймақтары режимінің бұзылуына, сондай-ақ ескерткіштерді қорғау және пайдалану туралы заңдардың басқаша бұзылуына кінәлі адамдар ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің Заңдарына сәйкес қылмыстық, әкімшілік немесе өзге де жауапқа тартылады.

47 - с т а т ь я . Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қалпына келтіру және ескерткішке зиян келтірілген жағдайда шығынды өтеу

Тарих пен мәдениет ескерткіштеріне немесе оны қорғау аймағына зиян келтірген кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер мен азаматтар ескерткішті немесе оны қорғау аймағын бұрынғы қалпына келтіріп беруге, ал бұған мүмкіндік болмаған жағдайда — келтірілген шығынды ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес өтеуге міндетті. Ескерткішті немесе оны қорғау аймағын қалпына келтіру тарих пен мәдениет ескерткіштерін жаңғыртудың белгіленген тәртібін сақтай отырып жүзеге асырылады.

Осы статьяның бірінші бөлігінде көрсетілген шығынды өтеуге байланысты кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің зиян шегуіне кінәлі болған лауазымды адамдар және басқа қызметкерлер белгіленген тәртіп бойынша материалдық жауапқа тартылады.

V бөлім

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТТАР¹

48 - с т а т ь я . Халықаралық шарттар

Егер СССР-дің халықаралық шартында тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану туралы совет заңдарындағыдан өзгеше ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

¹ V-бөлімге 1984 ж. 13 марттағы Указымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., № 12, 162-ст.).

Егер Қазақ ССР-інің халықаралық шартында Қазақ ССР-інің тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану туралы заңдарында көзделгендегіден өзгеше ережелер белгіленген болса, Қазақ ССР-інің тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану туралы заңдары жөнінде де дәл осындай тәртіп қолданылады.

ҚАЗАҚ ССР-інің «ТАРИХ ПЕН МӘДЕНИЕТ ЕСКЕРТКІШТЕРІН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫН КҮШІНЕ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ¹

**ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ
1978 жылғы 11 августағы
ҚАУЛЫСЫ**

(Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1978 ж., № 34)

Қазақ ССР-інің «Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану туралы» Заңының қабылдануына байланысты Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі қаулы етеді:

1. Қазақ Советтік Социалистік Республикасының «Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану туралы» Заңы 1978 жылғы 11 августан бастап күшіне енгізілсін.

СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ «МӘДЕНИ БАЙЛЫҚТАРДЫ СССР-ДЕН ТЫС ЖЕРЛЕРГЕ ЗАҢСЫЗ ШЫҒАРУҒА ЖОЛ БЕРМЕУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1979 ЖЫЛҒЫ 12 НОЯБРЬДЕГІ № 1009 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ ²

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1979 жылғы 28 декабрьдегі № 481
ҚАУЛЫСЫ**

СССР Министрлер Советінің «Мәдени байлықтарды СССР-ден тыс жерлерге заңсыз шығаруға жол бермеу жөніндегі шаралар туралы» 1979 жылғы 12 ноябрьдегі № 1009 қаулысын³ орындау мақсатында Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі, халық депутаттары облыстық және Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттері:

а) 1980 жылдан бастап кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, жұмыс істеп тұрған шіркеулердегі немесе діни ғұрыптарды атқаратын басқа да орындардағы діни бірлестіктердің меншігіндегі немесе пайдалануындағы, сондай-ақ коллекционерлердің және басқа азаматтардың өз меншігіндегі көркемдік, тарихи және басқа мәдени байлықтарды табу және есепке алу жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырсын;

б) музейлердегі, көркем галереялардағы, сондай-ақ сақтау орындарындағы олардың қай ведомствоға бағынатынына қарамастан, көркем тарихи немесе басқа да мәдени байлықтардың сақталуына бақылауды күшейтсін;

в) музейлердегі, көркем галереялардағы және басқа сақтау орындарындағы олардың қай ведомствоға бағынатынына қарамастан, мәдени байлықтардың сақталу жағдайын жақсартуға шаралар қабылданын;

¹ 2, 3 және 4-статьялары Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

² 4-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

³ СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз.

бұл мақсаттар үшін қажет болған ретте арнайы жабдықталған үй-жайлар берілсін;

г) мәдениет басқармасының мемлекеттік органдарының қарамағындағы музейлер мен басқа да сақтау орындары жанында азаматтарға қызмет көрсету үшін олардың меншігіндегі едәуір көркемдік немесе басқа да мәдени құндылығы бар коллекциялар мен жеке теген заттарды сақтауға арнайы жабдықталған үй-жайлар құрылсын.

2. Қазақ ССР Финанс министрлігі республиканың мемлекеттік бюджетінің жобаларында Қазақ ССР Мәдениет министрлігіне көркемдік тарихи немесе басқа да мәдени байлықтарды консервациялау және реставрациялау жөніндегі бірінші кезекті жұмыстар үшін жыл сайын қажетті қаражат бөлу көздейтін болсын.

3. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі 1981 жылы Алматы қаласында тұрақты жұмыс істейтін көркем салон-көрме ұйымдастырсын, оған мыналар жүктелсін:

— музейлік қорды жасау үшін халықтан живопись, скульптура, графика, декоративтік қолданбалы өнер шығармалары мен антиквариат заттарды жинап алу;

— мәдени байлықтарды комиссиялық негізде сату;

— совет суретшілерінен көркем көрмелер өткізіп, сату үшін өнер туындыларын сатып алу.

Алматы қалалық атқару комитеті көркем салон-көрме үшін тиісті үй-жай бөлетін болсын.

ҚАЗАҚ ССР-інің МУЗЕЙ ҚОРЫ ТУРАЛЫ¹

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТИНІҢ
1965 жылғы 2 сентябрьдегі № 613
ҚАУЛЫСЫ

СССР Министрлер Советінің 1965 жылғы 2 июньдегі № 428 қаулысына² сәйкес Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Қазақ ССР министрліктеріне, мемлекеттік комитеттері мен басқа ведомстволарына ғылымның, техникалық прогрестің дамуын және коммунистік құрылыстың жетістіктерін көрсететін өнім үлгілері мен әр түрлі модельдерді көрмеге қою үшін республика музейлеріне тегін бөлу және беру міндеттелсін.

3. Қазақ ССР Мәдениет министрлігіне және Қазақ ССР Ғылым академиясына осы қаулының 1 және 2 пунктеріне сәйкес республика музейлеріне экспонат үшін берілетін заттардың мұқият іріктеп алынуын қамтамасыз ету тапсырылсын³.

4. Қазақ ССР Мәдениет министрлігіне және оның жергілікті органдары музейлерде жоқ, бірақ музей қорының құрамына қосуға жататын табиғи тарих ескерткіштерінің, материалдық және рухани мәдениет ескерткіштерін тиісті тізімге алсын және музей қорларының ғылыми каталог жинағын шығару үшін материалдарды әзірлеуге кірісетін болсын.

¹ 2-пункт Қазақ ССР Министрлер Советінің 1981 ж. 9 сентябрьдегі № 393 қаулысымен күшін жойды деп танылды (Қазақ ССР ҚЖ, 1981 ж., № 20, 53-ст.).

² 5-пункт СССР Министрлер Советінің 1983 ж. 28 марттағы № 246 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СП СССР, 1983 ж., № 10, 49-ст.).

³ СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз.

⁴ 1 және 3-пункттерге Қазақ ССР Министрлер Советінің 1983 ж. 28 апрельдегі № 182 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1983 ж., № 10, 41-ст.).

ҚАЗАҚ ССР МӘДЕНИЕТ ЕСКЕРТКІШТЕРІН ҚОРҒАУ ҚОҒАМЫНЫҢ УСТАВЫ ТУРАЛЫ¹

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТИНІҢ
1977 жылғы 15 апрельдегі № 210
ҚАУЛЫСЫ
(Қазақ ССР ҚЖ, 1977 ж., № 10, 33-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:
1. Қазақ ССР Мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының осыған
қосылған Уставы бекітілсін.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің
1977 жылғы 15 апрельдегі № 210
қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН*

ҚАЗАҚ ССР МӘДЕНИЕТ ЕСКЕРТКІШТЕРІН ҚОРҒАУ ҚОҒАМЫНЫҢ УСТАВЫ

І. Жалпы ережелер

1. Қазақ ССР Мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамы Партия мен Үкіметтің мәдениет ескерткіштерін қорғау және оларды совет халқына коммунистік тәрбие беру ісінде пайдалану жөніндегі шараларын жүзеге асыруға көмектесу мақсатын көздейтін ерікті бұқаралық қоғамдық ұйым болып табылады.

Қоғам өз қызметінде СССР мен Қазақ ССР-інің заңдарын, СССР Жоғарғы Советінің Президиумы мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының указдарын, СССР Үкіметі мен Қазақ ССР Үкіметінің қаулылары мен жарлықтарын, басқа да нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Уставты басшылыққа алады және өз жұмысын демократиялық централизм принциптері, кең инициатива мен ынталылық негізінде, өзге қоғамдық ұйымдармен және мемлекеттік органдармен тығыз байланыс жасай отырып құрады.

2. Қазақ ССР Мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының негізгі міндеттері мыналар:

а) Қазақ ССР-інің территориясындағы мәдениет ескерткіштерін: қала құрылысы мен архитектура, әдебиет және өнер ескерткіштерін, тарихи, археологиялық, документтік ескерткіштерді, сондай-ақ қазақ мәдениетінің республикадан тыс жерлердегі ескерткіштерін табу, қорғау, қалпына келтіру мен ғылыми зерттеу ісіне халықтың қалың тобын қатыстыру;

б) ескерткіштер қорғаудың мемлекеттік органдарына олардың ескерткіштер мен ескерткіш орындарды сақтау, насихаттау және реставрациялау жөніндегі жұмысына белсене жәрдемдесу;

в) мәдениет ескерткіштері жайлы білімдерді халық арасында насихаттау және осы негізде Отанға, оның тарихына сүйіспеншілікті, халықтың еңбегі мен талантын құрметтеуді тәрбиелеу.

3. Қазақ ССР Мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамы өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

¹ 2-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

- а) халықтың қалың тобын, сондай-ақ кәсіпорындарды, мекемелер мен ұйымдарды Қоғамның мүшелігіне тартуды ұйымдастырады;
- б) мәдениет ескерткіштерін табуға, зерттеу мен қорғауға қатысады, осы ескерткіштердің сақталуы мен дұрыс пайдаланылуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады;
- в) жұртшылықтың және халықтың көмегімен ескерткіштерді сақтап, көрікті түрде ұстауды қамтамасыз етуге жәрдемдесетін шаралар жүргізеді, мәдениет ескерткіштерін кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдар мен оқу орындарының қамқорлыққа алуын ұйымдастырады;
- г) мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдар мәдениет ескерткіштерін қорғау және насихаттау туралы мәселелерді қарағанда қатысады;
- д) мәдениет ескерткіштерімен байланысты ғылыми-көпшілік әдебиет, жарнама материалдар мен сувенирлерді шығару ісімен белгіленген тәртіп бойынша шұғылданады. Лекциялар, көрмелер, экскурсиялар өткізу жолымен, сондай-ақ мерзімді баспасөзді, киноны, радионы, телевизияны пайдалану арқылы мәдениет ескерткіштерін халық арасында, совет және шетел туристері арасында кеңінен насихаттауды ұйымдастырады;
- е) мектептер мен басқа да ұйымдарға мәдениет ескерткіштерін пайдалана отырып, балалар мен жастар арасында тәрбие жұмысын жүргізуде, балалар мен жастарды ескерткіштерді зерттеуге және оларды қорғауға қатысуға үйретуде жәрдемдеседі;
- ж) мәдениет ескерткіштерін көпшілікке таныстыратын әдеби-көркем туындылар, фотосуреттер, сувенирлер жасауға арналған конкурстарды белгіленген тәртіп бойынша ұйымдастырады;
- з) Қоғамның қызметімен байланысты мәселелер жөнінде Қазақ ССР-інің мемлекеттік, шаруашылық органдарымен, қоғамдық ұйымдармен, ғылыми мекемелермен байланыс жасайды және басқа одақтас республикалардың осындай қоғамдарымен және мекемелерімен жұмыс тәжірибесін алмасады;
- и) ескерткіштерді қорғау мәселелері жөнінде шетел ұйымдарымен ынтымақтаса жұмыс істеуді орнатуды белгіленген тәртіп бойынша ұйымдастырады;
- к) мәдениет ескерткіштерін қорғауға жұртшылықты тартудың озық тәжірибесін зерттеп, насихаттайды, отандық және шетелдік ғылым мен практиканың ескерткіштерді қорғау жөніндегі жетістіктерін қорытады;
- л) мәдениет ескерткіштерін зерттеу, қорғау және насихаттау мәселелері жөніндегі кеңестерді, семинарларды, конференцияларды белгіленген тәртіп бойынша шақырады;
- м) Қоғам мүшелерінің ғылыми және көркемдік жөніндегі мамандығын көтеру шараларын (курстарды, семинарларды, лекторийлерді, көрмелерді, экспедицияларды, экскурсияларды және с. с.) белгіленген тәртіп бойынша жүргізеді;
- н) Қоғамның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес шеберханаларды, магазиндерді және басқа кәсіпорындарды белгіленген тәртіп бойынша ұйымдастырады, сондай-ақ Қоғамға арналған объектілердің құрылысын жүзеге асырады;
- о) мәдениет ескерткіштерін зерттеу мен қорғау жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмысын, сондай-ақ сапарларды және экспедицияларды белгіленген тәртіп бойынша ұйымдастырады.

4. Қазақ ССР Мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамы мен оның аудандық, қалалық, облыстық советтері заңды ұйым праволарымен пайдаланады, олардың өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мәрі болады.

II. Қоғамның мүшелері, олардың праволары мен міндеттері

5. Мыналар Қазақ ССР Мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының мүшелері бола алады:

а) СССР-дің жасы 16-ға толған, Қоғамның Уставын мойындайтын және оның бастауыш ұйымдарының бірінде тұратын азаматтары;

б) мемлекеттік кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар, колхоздар, совхоздар, оқу орындары, кооперативтік және қоғамдық ұйымдар (коллективтік мүшелер).

Ескерту.

Жасы 16-ға толмаған адамдар Қоғамның бастауыш ұйымдары жанында Қазақ ССР Мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының Орталық советі бекітетін Ерже негізінде әрекет жасайтын жасөспірімдер секцияларына біріктіріледі.

6. Азаматтарды Қазақ ССР Мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының мүшелігіне бастауыш ұйым қабылдайды, ал Қоғамның коллективтік мүшелігіне Қоғамның аудандық, қалалық және облыстық советтері қабылдайды.

Қоғам мүшелігіне қабылдаудан бастартқаны жөніндегі шағымды Қоғамның жоғары тұрған советі қарайды.

7. Қазақ ССР Мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының мүшелері мынаған праволы:

а) Қоғам мүшелерінің жиналыстары мен кеңестеріне шешуші дауыс правосымен қатысуға;

б) Қоғамның съездері мен конференцияларын, сондай-ақ Қоғамның басшы және тексеру органдарын сайлауға және оларға сайлануға;

в) Қоғам ұйымдастыратын экспедицияларға, экскурсияларға, ғылыми-методикалық конференцияларға, семинарларға, көрмелерге, инспекциялар мен секцияларға қатысуға, Қоғамның басылымдарында еңбектер жариялауға, Қоғамның кітапханаларын және басқа мекемелерінің қызметтерін пайдалануға.

8. Қазақ ССР Мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамы мүшелерінің міндеттері:

а) Қоғамның Уставын орындау;

б) бастауыш ұйымның жұмысына және Қоғам ұйымдастыратын шараларға белсене қатысу;

в) тарих пен мәдениет ескерткіштерінің бүкілхалықтық негізгі ретіндегі ролі мен маңызы туралы халық арасында түсінік жұмысын жүргізу, Қоғамға жаңа мүшелер тарту;

г) СССР-дің «Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану туралы» Заңы мен Қазақ ССР-інің «Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау туралы» Заңын бұзушылықты жоюға белсене жәрдемдесу, ашылған тәртіп бұзушылықтар туралы Қоғамның басшы органдары мен ескерткіштерді қорғаудың мемлекеттік органдарына кезінде хабарлау;

д) мүшелік жарналарды жыл сайын төлеп отыру.

9. Қазақ ССР Мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының мүшелеріне белгіленген үлгідегі мүшелік билет пен омырау значоғы беріледі. Мүшелік билеттер мен значоктарды беру тәртібін Қоғамның Орталық советі белгілейді.

10. Қоғамның Орталық советі Қазақ ССР Мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының мүшелеріне мәдениет ескерткіштерін зерттеудегі, қорғау мен насихаттаудағы ерекше еңбегі үшін «Қазақ ССР Мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының құрметті мүшесі» атағын тиісті куәлігімен қосып бере алады.

11. Қазақ ССР Мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының Уставын бұзғаны үшін Қоғам мүшелеріне Қоғам мүшелігінен шығаруға дейін қоғамдық ықпал жасау шаралары қолданылуы мүмкін. Қоғам мүшелігінен шығару туралы шешімді Қоғамның бастауыш ұйымдары немесе тиісті советтері қабылдайды. Бұл шешімдерді Қоғамның жоғары тұрған органдарына шағым жасап бұздыруға болады.

Бір жыл бойына дәлелсіз себеппен мүшелік жарналарын төлемеген Қоғам мүшелері Қоғамнан шығып қалған болып саналады.

III. Қоғамның құрылымы мен басшы органдары

12. Қазақ ССР Мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының съезі қоғамның жоғары басшы органы болып табылады, ол бес жылда кемінде бір рет шақырылады.

Қоғамның съезі:

- а) Қоғамның Уставын қабылдайды және оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы мәселелерді қарайды;
- б) Қоғамның Орталық советі мен Орталық тексеру комиссиясын сайлайды, олардың мүшелерінің санын съезд белгілейді;
- в) Қоғамның Орталық советі мен Орталық тексеру комиссиясының баяндамаларын және есептерін қарап, бекітеді;
- г) Қоғамның қызметіне қатысты ғылыми баяндамалар мен хабарларды тыңдайды.

13. Қазақ ССР Мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының Орталық советі Қоғамның съездер аралығындағы кезеңдегі басқарушы органы болып табылады. Қоғамның Орталық советтерінің пленумдары жылына кемінде екі рет шақырылады.

Қоғамның Орталық советі:

- а) Қоғамның, оның советтерінің, мекемелері мен ұйымдарының барлық қызметіне Қоғамның Уставына сәйкес басшылық етеді;
- б) съездердің шешімдерін жүзеге асырады, Партия мен Үкіметтің Қоғам қызметіне қатысты қаулылары мен нұсқауларын орындауды ұйымдастырады, Қоғамның Уставының орындалуын бақылайды;
- в) Қоғамның съездерін, оның мүшелерінің кеңестерін шақырады, съездерге өкілдік нормаларын, олардың шақырылатын уақыты мен орнын белгілейді;
- г) Қоғамның Орталық советінің мүшелері ішінен Қоғамның Орталық советінің Президиумын сайлайды, Президиумының құрамында председатель, председателдің орынбасары, жауапты секретарь және мүшелер болады, оның мүшелерінің санын Қоғамның Орталық советі белгілейді;
- д) Қоғамның Орталық советінің Президиумы енгізген мәселелерді қарайды.

14. Қазақ ССР Мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының Орталық советінің Президиумы оның атқарушы органы болып табылады. Президиум Қоғамның Орталық советінің пленумдары аралығындағы кезеңде Қоғамның басқарушы органы болып табылады.

Қоғамның Орталық советінің Президиумы:

- а) өз жұмысын Қоғамның Орталық советі қабылдаған шешімдерге сәйкес жүргізеді;
- б) Қоғам жұмысының жыл сайынғы жоспарларын әзірлейді, Қоғамның сметалары мен есептерін жасайды;
- в) Қоғамның Орталық советіне бағынатын мекемелер мен ұйымдар, өткізілетін байқаулар мен конкурстар туралы, Қоғамның қызметкерлері мен активистеріне сыйлық берудің және біржолғы жәрдем көрсету-

дің құрылатын қорын пайдалану тәртібі туралы ережелерді бекітеді;
г) Қоғамның қызметіне жәрдемдесетін комиссиялар мен секциялар құрады;

д) Қоғамның шаруашылық және финанс қызметіне басшылық етеді;

е) Қоғамның атынан шарттар жасасады, міндеттемелер мен сенім-хаттар береді, СССР Мемлекеттік банкісінің тиісті мекемелерінде счеттар ашады және жабады, Қоғамның қаражаты мен мүлкіне иелік жасайды;

ж) Қоғамның жергілікті бөлімшелері үшін мөр мен штамптардың бірыңғай үлгілерін бекітеді;

з) Қоғамның қызметіне қатысты басқа да мәселелерді шешеді;
и) Қоғамның ағымдағы істеріне күнбе-күн оперативті басшылық ету үшін Қоғамның Орталық советі Президиумының бюросын құрады, оның құрамында Президиумның председателі, оның орынбасарлары мен жауапты секретары болады.

Президиумның бюросы Қоғамның Уставына, Қоғамның съездерінің, Орталық советі пленумдарының шешімдеріне сәйкес Қоғамның, оның кәсіпорындарының, мекемелерінің, сондай-ақ Қоғамның аудандық, қалалық және облыстық советтерінің өндірістік және финанстық қызметіне басшылықты жүзеге асырады және атқарылған жұмыс туралы Президиумға баяндайды.

15. Қоғамның орталық аппаратының құрылымын, қызметкерлер саны мен жалақы қорын Қазақ ССР Министрлер Советі белгілейді. Қоғамның облыстық, қалалық және аудандық советтерінің штаттық кестелерін Қоғамның Орталық советінің Президиумы Қоғам үшін белгіленген еңбек жөніндегі жоспар мен басқару аппаратын ұстауға арналған қаражаттар шегінде бекітеді.

16. Қазақ ССР Мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының Орталық тексеру комиссиясы:

а) өз құрамы ішінен комиссияның председателін, председателдің орынбасарын және секретарын сайлайды;

б) Қоғамның Орталық советі Президиумының, Қоғамның облыстық, қалалық және аудандық советтерінің, басқа да кәсіпорындары мен ұйымдарының финанс және шаруашылық қызметін, сондай-ақ Қоғамның Орталық советінің аппараты мен Қоғамның ұйымдарында істердің өту мерзімдерінің сақталуын тексеруді жүзеге асырады;

в) тексерулердің нәтижелері бойынша Қоғамның Орталық советіне ұсыныстар және Қоғамның съезіне есептер табыс етеді.

17. Облыстарда, қалаларда, аудандарда мыналар құрылады:

а) Қоғамның облыстық, қалалық, аудандық советтері;

б) кәсіпорындарда, колхоздарда, совхоздарда, оқу орындарында және басқа ұйымдар мен мекемелерде Қоғамның бастауыш ұйымдары.

18. Қазақ ССР Мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының облыстық, қалалық және аудандық советтері құрылтай конференцияларының шешімдерімен құрылады. Конференциялар Қоғамның тиісті советтерін және тексеру комиссияларын екі-үш жыл мерзімге сайлайды.

Қоғамның облыстық, қалалық және аудандық советтері:

а) бастауыш ұйымдардың жұмысына Қоғамның Уставына сәйкес басшылық етеді;

б) Қоғамға мүшелер қабылдауды жүзеге асырады және мүшелік билеттер мен омырау значоктарын береді;

в) советтердің президиумдарын сайлайды, олар өз қызметін осы Устав Қоғамның Орталық советінің Президиумы үшін белгілеген тәртіпке қарай жүзеге асырады;

г) Қоғамның жоғары тұрған советтеріне өз қызметі туралы баяндамалар, сондай-ақ жылдық және тоқсандық финанс есептерін табыс етеді.

19. Қазақ ССР Мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының бастауыш ұйымдары Қоғамның кемінде 10 мүшесі болған жерде құрылады.

Ескертулер:

а) мекемеде, ұйымда, кәсіпорында 10 мүше болса, онда председатель мен казначейді сайлайтын бастауыш ұйым құрылады;

б) өз құрамында Қоғамның 50-ден астам мүшесі бар бастауыш ұйымдар бюро сайлайды, оның мүшелерінің санын бастауыш ұйымның жиналысы белгілейді;

в) Қоғамның 100-ден астам мүшесі бар бастауыш ұйымының құрылымы Қоғамның Орталық Советінің Президиумы бекітетін нұсқауда белгіленеді;

г) Қоғамның бастауыш ұйымдарының жиналыстарында сайланған председатель, секретарь мен казначей қоғамдық негізде жұмыс істейді.

20. Қазақ ССР Мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының бастауыш ұйымдары:

а) Қоғамға мүшелер қабылдайды және Қоғам мүшелігінен шығару туралы мәселені шешеді;

б) Қоғам мүшелерінің Қазақ ССР-інің мәдениет ескерткіштерін табу, зерттеу, қорғау және насихаттау жөніндегі қызметін ұйымдастырады;

в) бастауыш ұйымдардың мүшелерін Қоғамның жоғары тұрған советтерінің тапсырмаларын орындауға қатыстырады;

г) Қоғамның ұйымдарына жаңа мүшелер тартуға белсене жәрдемдеседі;

д) мәдениет ескерткіштерін қамқорлыққа алуды ұйымдастырады және оларды сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі жұмысқа халықты қатыстырады.

21. Қоллективтік мүшелер Қоғамға мүшелікке өткен кезде Қоғамның аудандық, қалалық немесе облыстық советімен тұрақты байланыс жасау үшін өз өкілі тағайындайды.

Қоғамның коллективтік мүшесі өкілінің міндеттері:

а) Қоғам ұйымдастыратын барлық шараларды жүзеге асыруға жәрдемдесу;

б) сол коллективте Қоғамның бастауыш ұйымын құруға белсене қатысу;

в) Қоғамның коллективтік мүшесінің мүшелік жарналарды кезінде төлеп тұруына және олардың жекелеген мәдениет ескерткіштеріне қамқорлық жасау міндеттерін орындауына бақылауды жүзеге асыру.

22. Қазақ ССР Мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының барлық басшы органдары ашық дауыспен сайланады. Сайлау жиналысы ұйым мүшелерінің немесе делегаттардың кемінде жартысы қатысқанда заңды деп саналады. Дауыс беруге қатысқан мүшелердің немесе делегаттардың жартысынан көбі жақтап дауыс берген адамдар сайланған болып саналады.

IV. Қоғамның қаржылары

23. Қазақ ССР Мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының қаржылары мыналардан құралады:

а) кіру жарналары мен жыл сайынғы мүшелік жарналардан;

б) Қоғамның баспа және шаруашылық қызметінен (жол көрсеткіштер, монографиялар, альбомдар, репродукциялар, открыткалар, сувенирлер, ескерткіштерді көпшілікке таныстыратын бұйымдардың басқа да түрлерін басып шығарудан және басқа шаралардан) түсетін табыстардан;

в) ерікті жарналар мен өзге де түсімдерден.

24. Қазақ ССР Мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының мүшелері 10 тиын мөлшерінде кіру жарнасын және 30 тиын мөлшерінде жыл сайынғы мүшелік жарналар төлейді.

Қоғамның бастауыш ұйымдары жанындағы жасөспірімдер секцияларының мүшелері кіру жарнасын төлеуден босатылады және 10 тиын мөлшерінде жыл сайынғы мүшелік жарналар төлейді. Жарналар маркалармен өтеледі.

Қоғамның коллективтік мүшелері кіру жарнасы мен мүшелік жарналарды жылына 30 сомнан 500 сомға дейін, Қоғамның коллективтік мүшесі мен Қоғамның Орталық советінің немесе тиісті аудандық, қалалық, облыстық советінің Президиумы бірлесе отырып белгіленген мөлшерде төлейді.

Қоғамның мемлекеттік бюджетте тұратын коллективтік мүшелері болып табылатын мекемелер мен ұйымдар, сондай-ақ мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер мүшелік жарналар төлеуден босатылады.

25. Мүшелік жарналардың және басқа ақшалай түсімдердің сомалары Қазақ ССР Мәдениет ескерткіштерінің қорғау қоғамының тиісті советінің санына аударылады. Осы сомалардан Қоғамның бастауыш ұйымдарының, аудандық, қалалық, облыстық советтері мен Орталық советінің қорына Қазақ ССР Мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының Орталық советінің Президиумы белгілейтін мөлшерде үлестер бөлінеді.

26. Қазақ ССР Мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының қаржылары Қоғамның Уставында көзделген шараларды жүргізуге; ескерткіштерді насихаттау мен көпшілікке таныстыруға, баспа қызметін жүзеге асыруға; ескерткіштерді зерттеу, есепке алу, консервациялау, көркейту жөніндегі жұмыстарға; Қоғамның объектілерін ағымдағы және күрделі жөндеуге; шығындардың бекітілген сметасына және еңбек жөніндегі жоспарға сәйкес Қоғамның штаттық персоналын ұстауға, Қазақ ССР Мәдениет министрлігімен келісіп алғаннан кейін ұйымдар мен жеке адамдардан тарихи, ғылыми, көркемдік немесе өзге мәдени құны бар коллекциялар мен жекелеген ежелгі заттарды, бейнелеу және сәндік-қолданбалы өнер туындыларын, сирек кездесетін кітаптарды, қолжазбаларды, документтер мен басқа да заттарды бұдан былай Қоғамның көрмелерінде пайдалану немесе музейлерге, қоймаларға өтеусіз беру үшін алуға; Қоғамның қызметкерлері мен активистеріне сыйлық беру және біржолғы жәрдем көрсету қорын құрауға арнап жұмсалады. Қоғамның Орталық советінің қызметкерлеріне, сондай-ақ облыстық, қалалық және аудандық советтерінің қызметкерлеріне маңызды тапсырмаларды орындағаны үшін сыйлық беруге арнап және оларға біржолғы жәрдем көрсетуге арнап штаттық персоналдың жылдық жалақы қорының 2 процентіне дейінгі мөлшерде, ал Қоғамның активистеріне мүшелік жарналар жинаудан құралған қор есебінен жылына 50 сомға дейінгі мөлшерде қаржы жұмсауға болады.

V. Қоғамды жою тәртібі

27. Қоғам өз қызметін:

а) Қоғам съезінің шешімі бойынша;

б) Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулысы бойынша тоқтатады.

28. Қазақ ССР Мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамы жойылғаннан кейін қалған барлық мүлік Қазақ ССР Үкіметінің шешімі бойынша мемлекеттік немесе қоғамдық ұйымдарға беріледі.

РЕСПУБЛИКАНЫҢ ТАРИХ ПЕН МӘДЕНИЕТ ЕСКЕРТКІШТЕРІН ЕСЕПКЕ АЛУДЫҢ, ҚОРҒАУДЫҢ, ЖАҢҒЫРТУ МЕН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЖАЙЫ ЖӘНЕ ОНЫ ОДАН ӘРІ ЖАҚСARTU ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТИНІҢ
1980 жылғы 4 июньдегі № 235
ҚАУЛЫСЫ
(Қазақ ССР ҚЖ, 1980 ж., № 13, 39-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Халық депутаттарының облыстық, Алматы қалалық Советтерінің атқару комитеттері, Қазақ ССР Мәдениет министрлігі, Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Ғылым академиясы Қазақ ССР Мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамымен, творчестволық одақтармен және басқа қоғамдық ұйымдармен бірлесе отырып, тарих пен мәдениет ескерткіштерін есепке алудағы, қорғаудағы, жаңғырту мен пайдаланудағы орын алып отырған кемшіліктерді жоюға пәрменді шаралар қолдансын, бұл үшін:

— 1981 жылғы 1 январьға дейін әрбір облыс пен Алматы қаласы бойынша ғылыми паспорттар, есеп карточкалары және басқа документтеме негізінде тарих пен мәдениет ескерткіштерінің тізімдерін белгіленген тәртіп бойынша жасап, бекіту қамтамасыз етілсін;

— мемлекеттік қорғауға алынған ескерткіштер бойынша құрылыс салуды реттеу аймақтары, қорғау аймақтары, қорғалатын табиғат ландшафты аймақтары белгіленсін; аннотациясы бар қорғау тақталары орнатылсын, ескерткіштердің бүлініп, күйреуіне жол берілмесін. Кәсіпорындардың, ұйымдардың, мектептердің және басқа оқу орындарының көне заман ескерткіштерін қамқорлыққа алуы кеңінен өрістетілсін;

— тарих пен мәдениет ескерткіштерін одан әрі іздеп табу, есепке алу мен ғылыми паспорттау жөніндегі жұмыс жалғастырылсын. Ескерткіштердің халық арасындағы тәрбие жұмысындағы ролін арттыру мақсатында баспасөздің, радио мен телевизияның мүмкіндіктері кеңінен пайдаланылсын, көне заманның неғұрлым үздік ескерткіштеріне арналған кітаптар, альбомдар, буклеттер, открыткалар шығаруға шаралар қолданылсын;

— 1980 жылы ескерткіштер мен музей коллекцияларын қорғау мен пайдаланудың перспективалық жоспарлары әзірленіп, бекітілсін, оларда ескерткіштерді есепке алу, қорғау, консервациялау, жаңғырту, бұларды музей, көрме залдарды және басқа мәдени-ағарту мекемелері үшін пайдалану жөніндегі шаралар көзделсін;

— тарих пен мәдениет ескерткіштері бойынша ғылыми-зерттеу, консервация жұмыстарын өрістету үшін материалдық-техникалық база жасау жөнінде қажетті шаралар жүзеге асырылсын.

2. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі:

— ескерткіштердің сақталуына мемлекеттік бақылауды қамтамасыз етсін, ескерткіштерді ғылыми зерттеудің, консервациялау мен жаңғыртудың сапасын арттырсын;

— 1986 жылғы 1 январьға дейін Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитетімен, Қазақ ССР Ғылым академиясымен, Қазақ ССР Мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамымен бірлесе отырып, Қазақ ССР-інің Тарих пен мәдениет ескерткіштерінің жинағын басып шығару үшін әзірлесін.

3. 1980 жылы Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің Жезқазған және Орал арнаулы ғылыми-жаңғырту шеберханалары ұйымдастырылсын.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі облыстық атқару комитеттерімен бірлесе отырып қажетті жағдайлардың жасалуына қарай басқа облыстар мен аудандарда арнаулы ғылыми жаңғырту шеберханаларын ұйымдастыру туралы Қазақ ССР Министрлер Советіне белгіленген тәртіп бойынша ұсыныстар енгізсін.

4. Республикалық ғылыми-жаңғырту шеберханасын Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің шаруашылық есептегі «Қазреставрация» ғылыми-жаңғырту өндірістік бірлестігі етіп қайта құрып (Қазақ ССР Мәдениет министрлігіне 1980 жылға арналып белгіленген еңбек жөніндегі жоспар мен басқару аппаратын ұстауға арналған шекті қаржылар шеңберінде), Музей экспозицияларын безендіру, музейлердегі көркем қазыналарды жаңғырту және консервациялау жөніндегі шаруашылық есептегі республикалық мамандандырылған шеберхана («Қазмузейреставрация») мен «Қазкультуремстрой» жөндеу-құрылыс учаскесін оның құрамына өндірістік единица правосымен енгізу туралы Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен, Қазақ ССР Финанс министрлігімен келісілген ұсынысы қабылданын.

Консервацияланатын және жаңғыртылатын объектілердің территориялық едәуір бытыранқылығы мен Түркістан, Маңғышлақ, Орал және Жезқазған арнаулы ғылыми-жаңғырту шеберханаларының шалғайлығы ескеріліп, олар «Қазреставрация» бірлестігінің құрамына шаруашылық дербестігі сақталып енгізілсін.

Еңбекке ақы төлеу мен сыйлық берудің артықшылықтар мен жеңілдіктердің Республикалық ғылыми-жаңғырту шеберханасында қолданылып келген шарттары «Қазреставрация» ғылыми-жаңғырту өндірістік бірлестігінің қызметкерлеріне сақталсын.

5. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі бір айлық мерзімде «Қазреставрация» ғылыми-жаңғырту өндірістік бірлестігі туралы Ережені әзірлеп, Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетімен, Қазақ ССР Финанс министрлігімен және СССР Мемлекеттік банкісінің Қазақ республикалық конторымен келісіп алғаннан кейін бекітсін.

6. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Қазақ ССР Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті жоспарлардың жобаларында Қазақ ССР Мәдениет министрлігіне ғылыми-зерттеу, жобалау-ізвестіру және жаңғырту жұмыстарын жүргізуге қажетті материалдардың, жабдықтар мен транспорттың бөлінуін көздейтін болсын.

7. Қазақ ССР Мәдениет министрлігінің мамандар мен білікті жұмысшылар кадрларына қажеттерін неғұрлым толық қанағаттандыру мақсатында 1981 жылдан бастап:

— Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі оған белгіленген жоспар шеңберінде Алматы архитектура-құрылыс институтында архитектор-жаңғыртушылар даярлауды ұйымдастырсын;

— Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитеті республиканың құрылыс училищелерінде жыл сайын 60 адам тас қалаушы-қаптаушы, сылақшы-майлаушы және ағаш ұстасы-балташы даярлауды ұйымдастырсын.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі оқушылардың оқу процесін ұйымдастыруда және олардың өндірістік практикадан өтуінде құрылыс училищелеріне көмек көрсетсін.

8. Қазақ ССР Құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитеті қалалар мен басқа елді мекендердің бас жоспарларын, оларды жобалау мен құрылыс салудың жобаларын әзірлеген кезде тарих пен мәдениет ескерткіштерінің, сондай-ақ іргелес табиғи ландшафтық ортаның сақталуын көздейтін болсын.

9. Қазақ ССР Ғылым академиясы археологиялық зерттеулердің материалдары негізінде одақтық, республикалық және жергілікті маңызы бар археологиялық ескерткіштерге паспорттар мен есеп карточкаларының жасалуын қамтамасыз етсін, Отырар мен оның төңірегіндегі ескерткіштерді зерттеу мен қазуды жалғастыратын болсын.

10. Қазақ ССР Мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамына:

— «Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану туралы» СССР Заңы мен Қазақ ССР Заңын насихаттауды жандандыру;

— Қазақ ССР Мәдениет министрлігімен келісіп алғаннан кейін тарих пен мәдениет ескерткіштерін ғылыми тексеру, консервациялау мен жаңғырту жөніндегі жұмыстарды жүргізуге қаражат жұмсау ұсынылсын.

11. Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақ ССР Мәдениет министрлігі мен Қазақ ССР Мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының заказдары бойынша тарих пен мәдениет ескерткіштері жөнінде буклеттер, проспектілер, открыткалар шығаруды жүзеге асырсын.

12. Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігі тарих пен мәдениет ескерткіштерін көпшілікке танытатын сувенирлер шығарылуын ұлғайтып, сапасын жақсартсын.

13. Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті 1981—1985 жылдарда тарих пен мәдениет ескерткіштері туралы деректі фильмдер жасап, олардың кеңінен көрсетілуін ұйымдастырсын.

14. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі осы қаулының орындалу ба-рысы туралы жыл сайын 1 ньюлге Қазақ ССР Министрлер Советіне баяндайтын болсын.

§ 2. КИНЕМАТОГРАФИЯ

**ҚАЗАҚ ССР КИНЕМАТОГРАФИЯ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК
КОМИТЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ
ТУРАЛЫ ¹**

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТИНІҢ
1974 жылғы 10 июльдегі № 388
ҚАУЛЫСЫ
(Қазақ ССР ҚЖ, 1974 ж., № 15, 76-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің
1974 жылғы 10 шольдегі № 388
қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН*

**ҚАЗАҚ ССР КИНЕМАТОГРАФИЯ ЖӨНІНДЕГІ
МЕМЛЕКЕТТІК КОМИТЕТІ ТУРАЛЫ
Е Р Е Ж Е**

1. Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті одақтық-республикалық орган болып табылады және өз қызметінде Қазақ ССР Министрлер Советі мен СССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетіне бағынады.

Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті республикада кинематографияға басшылықты жүзеге асырады және оның жайы мен одан әрі дамытылуы үшін, «Қазақфильм» киностудиясында жасалған кино туындылардың идеялық-көркемдік дәрежесі үшін, халыққа кино көрсету ісінің дәрежесі үшін, кино саласындағы ғылыми-техникалық прогресс және кинофильмдерді шығару мен көрсетудің техникалық дәрежесі үшін жауап береді.

¹ 2-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

2. Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетінің басты міндеттері мыналар:

республикада кинематографияны одан әрі жан-жақты дамыту, кино туындылардың идеялық-көркемдік дәрежесін арттыру, коммунистік құрылыста, қоғамның рухани өмірінде киноның ролін күшейту жөнінде Партия мен Үкіметтің директиваларын жүзеге асыру;

совет адамдарында дүниеге маркстік-лениндік көзқарасты қалыптастыруға, оларда жоғары азаматтық жауапкершілік, патриотизм мен интернационализм сезімін, буржуазиялық идеология мен моральға, ұсақ буржуазиялық сарқыншақтарға ымырасыздық сезімінде тәрбиелеуге белсенді жәрдемдесетін көркемдігі жоғары, тақырыбы мен жанры жағынан алуан түрлі кино туындылар жасау;

ғылыми білімдер мен озық тәжірибені таратуда, сондай-ақ ғылыми-техникалық прогрестің басқа да міндеттерін шешуде ғылыми-көпшілік, оқу-үйрену және басқа кино туындылардың ролін арттыру;

«Қазақфильм» киностудиясына, кино кәсіпорындарына, киноландыру мен кинопрокат органдарына идеялық-творчестволық және өндірістік-экономикалық басшылық жасау, кинофильмдер мен басқа да кино туындыларды жасаудың экономикасын және оны ұйымдастыруды жетілдіру;

«Қазақфильм» киностудиясын, кино жүйесін, кинематографияның кәсіпорындары мен ұйымдарын перспективалы дамыту;

халыққа кино көрсетуді барынша жақсарту, кинодан түсетін табыстардың мемлекеттік қоспанын орындауды қамтамасыз ету;

кино мәселелері жөніндегі методикалық әдебиетті, сондай-ақ жарнама материалдарды басып шығару;

ғылым мен техниканың ең соны жетістіктері және озық тәжірибе негізінде республиканың кинематографиясын дамыту жөнінде практикалық шараларды жүзеге асыру, республика кинематографиясының кәсіпорындары мен ұйымдарының жұмысында техникалық-экономикалық көрсеткіштердің жоғары болуын қамтамасыз ету;

күрделі қаржыны ұтымды пайдалану және оның тиімділігін арттыру, құрылыстың өзіндік құнын арзандату және салу мерзімін қысқарту, өндірістік қуаттар мен негізгі қорларды дер кезінде іске қосу, сондай-ақ өндірістік қуаттарды қысқа мерзім ішінде игеру;

еңбек пен басқаруды ғылыми жолмен ұйымдастыруды енгізу, кинематографияның творчестволық және инженер-техник қызметкерлерін даярлау мен олардың мамандығын арттыру;

Комитет жүйесінің кәсіпорындары, ұйымдары мен мекемелері қызметкерлерінің тұрғын үй және мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсарту, олар үшін өндірісте еңбектің қауіпсіз жағдайларын жасау.

3. Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті халық депутаттарының облыстық және Алматы қалалық Советтері атқару комитеттерінің киноландыру басқармалары, «Қазақфильм» киностудиясы, кинофильмдерді прокаттау жөніндегі конторлар мен бөлімшелер, кино жүйесінің дирекциялары, кинотеатрлар, «Казкинодеталь» өндірістік бірлестігі, мамандандырылған «Казспецкиномонтаж» басқармасы және өз қарамағындағы басқа да кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетінің жүйесін құрады.

4. Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті өз қызметінде СССР мен Қазақ ССР-інің заңдарын, СССР Жоғарғы Советі Президиумы мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының указдарын, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтарын, СССР Кинематография жөніндегі мемле-

кеттік комитетінің бұйрықтары мен нұсқауларын және басқа нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады және күшінде бар заңдардың Комитет жүйесінің кәсіпорындарында, ұйымдары мен мекемелерінде дұрыс қолданылуын қамтамасыз етеді.

Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті Комитеттің компетенциясына жатқызылған мәселелер жөніндегі заңдарды қолдану практикасын қорытады, заңдарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеп, оларды Қазақ ССР Министрлер Советінің қарауына белгіленген тәртіп бойынша енгізеді.

5. Өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті:

а) идеялық және көркемдік дәрежесі жоғары сценарийлерді, кино туындыларды және фильмдер үшін музыкалық туындыларды жасау жөніндегі жұмысты ұйымдастырып, бағыттап отырады; барлық көркем, мультипликациялық, сондай-ақ толық метражды хроникалды-документті және ғылыми-көпшілік фильмдердің сценарийлерін қарайды және оларды СССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетінің бекітуіне табыс етеді;

б) қысқа метражды хроникалды-документті және ғылыми-көпшілік фильмдердің сценарийлерін бекітеді;

в) телевизиялық көркем фильмдердің сценарийлерін қарайды және оларды зақаз берушінің — СССР Орталық телевизиясының бекітуіне табыс етеді;

г) таңдаулы сценарийлерге конкурстарды белгіленген тәртіп бойынша ұйымдастырады және оларды өткізудің шарттарын белгілейді;

д) көркем, мультипликациялық, хроникалды-документті және ғылыми-көпшілік фильмдерді аяқтаудың мерзімдерін және оларды жасауға арналған шығындардың көлемін белгілей отырып, көркем, мультипликациялық, хроникалды-документті, ғылыми-көпшілік фильмдердің перспективалық және жылдық тақырыптық жоспарлары мен оларды жасау жоспарларының жобаларын әзірлеп, оларды Қазақ ССР Министрлер Советі мен СССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетінің бекітуіне белгіленген тәртіп бойынша табыс етеді, сондай-ақ фильмдердің барлық түрлерін жасаудың тоқсандық жоспарларына белгіленген тәртіп бойынша ақшалай да, заттай да тұрғыдан өзгерістер енгізеді;

е) фильмдерді өндіріске жіберуді, оларды қабылдауды, фильмдердің ақы төлеу жөніндегі топтарын анықтауды, фильмдер жасауға арналған календарлық-қою жоспарлары мен сметаларды бекітуді белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырады, оларды республикалық экранға шығару тәртібін белгілейді және фильмдерді одақтық экранға шығару үшін ұсыныстар енгізеді;

ж) фильмдерді өндіруге, тираждау мен прокаттауға арналған қаржылардың дұрыс жұмсалуына бақылауды, соның ішінде фильмдер өндірісіне арналған сметалардың дұрыс жасалуына бақылауды жүзеге асырады; өндірісі тоқтатылған фильмдер бойынша, кинопостановкалар үшін перспективасыз сценарийлер мен музыкалық туындылар бойынша, фильм көшірмелері бойынша шығындарды белгіленген тәртіппен есептен шығарады, өнімсіз шығындарды қысқарту жөнінде шаралар жүргізеді;

з) кәсіпорындарды, ұйымдар мен мекемелерді белгіленген тәртіп бойынша құрады, қайта құрады және таратады, олардың кімге бағынатынын белгілейді. Комитетке тікелей бағынатын кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер туралы уставтар мен ережелерді бекітеді;

и) жоғары және арнаулы орта білімді кинематографистер кадрла-

рын даярлау жоспарларының жобаларын әзірлейді және белгіленген тәртіп бойынша табыс етеді, басшы және инженер-техник қызметкерлердің мамандығын арттыру жөнінде жұмыс жүргізеді, Қазақ ССР Кәсіптік-техникалық білім жөніндегі мемлекеттік комитетінің училищелері арқылы кино жүйесі мен кинопрокат үшін киномеханиктер даярлайды;

к) өндіріс жоспарларын, мемлекеттік кино жүйесі мен кинопрокаты дамыту мен пайдаланудың күрделі құрылыстың, материалдық-техникалық жабдықтаудың жоспарларын, сондай-ақ Комитеттің еңбек жөніндегі жоспарларын, оның кірістері мен шығыстарының баланстарын әзірлеп, белгіленген тәртіп бойынша бекітуге табыс етеді және оларды орындау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

л) кинотеатрлар мен кино қондырғылардың қандай ведомствоға бағынатынына қарамастан, оларды ашуға және пайдалануға рұқсат берудің белгіленген тәртібінің сақталуына сондай-ақ кинотеатрлар мен кино қондырғыларды пайдаланудың барлық министрліктер, ведомстволар мен ұйымдар орындауға міндетті техникалық нормалары мен ережелерінің фильм көшірмелерін техникалық пайдалану ережелерінің орындалуына бақылауды жүзеге асырады, республиканың территориясында кинофильмдерді прокаттауды жүзеге асырады.

Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетінің бірыңғай техникалық саясатты жүргізу, кинотеатрлар мен кино қондырғыларды техникалық пайдаланудың ережелері мен нормаларын, сондай-ақ фильм көшірмелерін техникалық пайдаланудың ережелерін сақтау саласында оның компетенциясына енетін мәселелер жөніндегі нұсқауларын барлық министрліктердің, ведомстволар мен қоғамдық ұйымдардың республиканың территориясына орналасқан кинотеатрлары мен кино қондырғылары орындауға міндетті;

м) «Қазақфильм» студиясының республикалық экранға шығарылатын фильмдерінің көшірмелерін тираждауды ұйымдастырады және республикада шығару үшін жалпы экрандық фильмдердің тираждары туралы ұсынысты белгіленген тәртіп бойынша енгізеді; кино репертуарына және мемлекеттік кино жүйесінің кинотеатрлары мен кино қондырғыларында, сондай-ақ республика территориясындағы барлық министрліктердің, ведомстволар мен қоғамдық ұйымдардың кино жүйелерінде кинофильмдерді көрсетуге бақылауды жүзеге асырады; совет кино өнерін насихаттау мен көпшілікке тарату саласындағы жұмысты бағыттайды және бақылайды; информациялық-жарнама «Новый фильм»—«Жаңа фильм» кинобуллетені мен жарнама материалдарды басып шығарады; республикада совет фильмдерінің кино фестивальдарын, кино апталықтарын, кинопремьераларын өткізеді, әуесқойлық киноның дамуына жәрдемдеседі;

н) Комитет жүйесінің кәсіпорындары, мекемелері мен ұйымдары үшін материалдар мен жабдыққа арналған, республиканың барлық министрліктері мен ведомстволары үшін кино аппаратура мен кинофотопленкаға арналған заявкаларды әзірлейді және белгіленген тәртіп бойынша табыс етеді, кино аппаратура мен кинофотопленкаларға арнап бөлінген қорды оларға бөліп береді және қайта бөледі; билеттерді басып шығаруды және олармен барлық кинотеатрларды және кино қондырғыларды олардың қандай ведомствоға бағынатынына қарамастан жабдықтауды белгіленген тәртіп бойынша ұйымдастырады, сондай-ақ республиканың барлық кино жүйесінде билет шаруашылығының дұрыс жүргізілуін бақылайды;

о) республика территориясында кинематография объектілерін жобалау мен салу жөніндегі ұсыныстарды белгіленген тәртіп бойынша ен-

гізеді, осы объектілердің титулдық тізімдерін, құрылысының жобалары мен сметаларын әзірлеп, белгіленген тәртіп бойынша бекітеді; кино-театрлардың, фильм базалары мен кинематографияның басқа да объектілерінің үлгі жобаларын жасау жөнінде ұсыныстар әзірлеп, енгізеді, республика кинематографиясының өндірістік-техникалық базасын салу мен ұлғайтуға бақылауды жүзеге асырады;

п) өнертабысты, рационализацияны дамыту ісіне басшылық етеді және кинематографияда озық тәжірибені таратады;

р) Мәдениет қызметкерлері кәсіподағының Қазақ республикалық комитетімен бірлесе отырып, социалистік жарысты ұйымдастырады, социалистік жарыстың қорытындыларын шығарады, озып шыққандарға ақшалай сыйлықтары бар Қызыл Туларды береді. Жүйенің озат қызметкерлерін Комитеттің құрмет грамоталарымен, дипломдарымен белгіленген тәртіп бойынша наградтайды, сондай-ақ көтермелеудің басқа түрлерін қолданады;

с) негізгі қорларды пайдалануды жақсарту, еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің өзіндік құнын арзандатып, сапасын жақсарту жөнінде, еңбекті нормалау, техникалық жағынан негізделген уақыт нормаларын әзірлеу, қайта қарау мен сақтау, фильмдерді жасаған кезде, сондай-ақ Комитет жүйесінің кәсіпорындарында, ұйымдары мен мекемелерінде материалдық ресурстар мен мемлекеттік қаржыны үнемдеу жөнінде шаралар жүргізеді;

т) Комитетке тікелей бағынатын ұйымдарға, кәсіпорындар мен мекемелерге айналым қаржысы мен амортизациялық үлестерді белгіленген тәртіп бойынша қайта бөледі; оларды қаржылайдыруды жүзеге асырады және оларға уақытша финанстық көмек көрсетеді, сондай-ақ олардың есептері мен баланстарын қарайды;

у) кинематографияның творчестволық қызметкерлеріне тарифтік-мамандық категорияны белгіленген тәртіп бойынша береді, сондай-ақ оларды аттестациялауды белгіленген тәртіп бойынша жүргізеді;

ф) өз қарамағындағы кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде өрт қауіпсіздігін, еңбек қорғауды, қауіпсіздік техникасын, өнеркәсіп санитариясын жақсарту жөнінде шаралар жүргізеді.

6. Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетін Председатель басқарады, оны Қазақ ССР Конституциясына сәйкес Қазақ ССР Жоғарғы Советі, ал сессиялар аралығындағы кезеңде Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бекітуіне кейіннен ұсына отырып, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы тағайындайды.

Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті Председателінің орынбасарлары болады, оларды Қазақ ССР Министрлер Советі тағайындайды. Председательдің орынбасарларының міндеттерін Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетінің Председателі бөліп береді.

7. Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетінің Председателі Комитетке жүктелген тапсырмалар мен міндеттердің орындалуы үшін жеке басы жауап береді, Председательдің орынбасарларының, Комитет бөлімшелері басшыларының Комитет қызметінің жекелеген салаларына басшылық жасау үшін, сондай-ақ қарамағындағы кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің жұмысы үшін жауапкершілік дәрежесін белгілейді.

8. Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетінің Председателі қолданылып жүрген заңдар, сондай-ақ СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтары, СССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетінің бұйрықтары мен нұсқаулары негізінде және оларды орындау үшін Ко-

митеттің компетенциясы шегінде, өз қарамағындағы кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер орындауға міндетті бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады және нұсқаулар береді және олардың орындалуын тексереді. Комитеттің орталық аппараты мен оған тікелей бағынатын кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің басшы қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетінің Председателі қажет болған реттерде Қазақ ССР-інің басқа министрліктерінің және ведомстволарының басшыларымен бірге бірлескен бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады.

9. Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетінде коллегия құрылады, оның құрамында Комитеттің Председателі (коллегия председателі), Комитет Председателінің орынбасарлары, сондай-ақ Комитеттің басқа да басшы қызметкерлері мен республика кинематографиясының қайраткерлері болады. Коллегияның мүшелерін Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

10. Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетінің коллегиясы өзінің үнемі өткізіліп тұратын мәжілістерінде республикада кинематографияны одан әрі өркендетудің, кино өнерінің идеялық және көркемдік дәрежесі жоғары туындыларын жасауға жағдай болуын қамтамасыз етудің, оларды жасаудың және прокаттаудың экономикасы пен ұйымдастырылуын жақсартудың аса маңызды мәселелерін қарайды, өз қарамағындағы кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге практикалық басшылық ету, істің орындалуын тексеру, кадрларды іріктеп алу, даярлау мен пайдалану мәселелерін, аса маңызды бұйрықтар мен нұсқаулардың жобаларын талқылайды, Комитеттің басқармалары мен бөлімдерінің, Комитет жүйесіндегі кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің есептерін тыңдайды.

Коллегияның шешімдері, әдетте, Комитет Председателінің бұйрығымен жүзеге асырылады. Комитет Председателі мен коллегия арасында келіспеушіліктер туған ретте Председатель бұл келіспеушіліктер туралы Қазақ ССР Министрлер Советіне хабарлай отырып, өз шешімін іске асыра береді, ал коллегия мүшелері, өз тарапынан, Қазақ ССР Министрлер Советіне өз пікірлерін хабарлай алады.

11. Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетінің орталық аппаратының құрылымы мен қызметкерлер санын СССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісіп алғаннан кейін Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді. Комитеттің орталық аппаратының штаттық кестесін белгіленген тәртіп бойынша сондай-ақ Комитеттің басқармалары мен бөлімдері туралы ережелерді Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетінің Председателі бекітеді.

12. Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетінің Қазақ ССР-інің Мемлекеттік гербі бейнеленген, өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК, ХРОНИКАЛДЫ-ДОКУМЕНТТІК ЖӘНЕ ОҚУЛЫҚ ФИЛЬМДЕР КӨРСЕТУДІ КЕҢЕЙТУ ТУРАЛЫ¹

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТИНІҢ
1962 жылғы 21 апрельдегі № 295
ҚАУЛЫСЫ

СССР Министрлер Советінің 1962 жылғы 15 марттағы № 252 қаулысына² сәйкес Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Қазақ ССР Мәдениет министрлігіне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және дайындау министрлігіне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, еңбекшілер депутаттарының Тың өлкелік, облыстық және аудандық Советтерінің атқару комитеттеріне республиканың колхоздары мен совхоздарында ауыл шаруашылығы тақырыбындағы ғылыми-көпшілік, хроникалды-документтік және оқулық фильмдер көрсетуге арналған киносеанстар өткізіп отыруды, сол сияқты ондай фильмдерді көркем фильмдер алдында да көрсетуді қамтамасыз ету міндеттелсін.

2. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және дайындау министрлігіне, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР Мәдениет министрлігіне мыналар міндеттелсін:

б) ауыл шаруашылығы тақырыбына арналған киносеанстар көрсету алдында ауыл шаруашылығы мамандары мен ауыл шаруашылығы өндірісі озаттарының лекциялары мен әңгімелері өткізілсін. ҚПСС Орталық Комитеті март (1962 жылғы) Пленумының шешімдерін үгіттейтін кинокартиналарды кеңінен көрсетуге айрықша көңіл бөлінсін.

Колхоздар мен совхоздар ауыл шаруашылығы тақырыбындағы фильмдерді көрсететін арнаулы киносеанстардың құнын (найдалану шығынын және прокат төлемін) тиісті шарттар бойынша мәдениет органдарына төлейді, бірақ ол әр сеансқа 4 сом 50 тиыннан аспау керек. Киносеанстар жылжымалы кинолардың баратын жерлерінен басқа жерлерде көрсетілсе сеанстың құны жылжымалы киноның маршрутынан тыс жерлерге барған нақты шығынын жабатындай мөлшерде қымбаттауы мүмкін.

Колхоздар мен совхоздар оларда өткізілген киносеанстардың құнын кинофикация және кинопрокат органдарының банктер арқылы тапсырған счеттары және төлеу талаптары бойынша төлейді және ол төлемдерді колхоз, совхоздардың ризалығынсыз банктердің өздері төлеп отырады.

Ауыл шаруашылығы тақырыбындағы фильмдерді көрсететін киносеанстар өткізу жөніндегі тапсырмалар жергілікті мәдениет органдарының жұмыс жоспарына енгізіледі.

¹ 2-пункттің «б» тармағының екінші абзацы Қазақ ССР Министрлер Советінің 1982 ж. 4 ноябрьдегі № 425 қаулысымен күшін жойды деп танылды (Қазақ ССР КЖ, 1982 ж., № 22, 93-ст.).

² 2-пункттің «а» тармағы Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

² СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз.

3. Қолхоздарға ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ғылыми-көпшілік, хроникалды-документтік және оқулық фильмдерді көрсететін киностанстардың құнын ауыл шаруашылық артелінің Уставына сәйкес жасалатын мәдениет қорының қаржысы есебінен, ал совхоздарға және басқа ұйымдарға кадрлар даярлауға арналған қаржының есебінен төлеу ұсынылсын.

4. Қазақ ССР Кәсіподақтарының советіне кәсіподақтардың киноқондырғыларында ауыл шаруашылығы тақырыбындағы кинофильмдер көрсетуді кеңейту туралы мәселе қарау ұсынылсын.

**СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТИНІҢ «ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК,
КӨРІНІСТІК ХРОНИКАЛДЫ-ДОКУМЕНТТІ
ЖӘНЕ ОҚУЛЫҚ КИНОФИЛЬМДЕР КӨРСЕТУДІ
ҰЛҒАЙТУ ТУРАЛЫ»**

**1954 ЖЫЛҒЫ 16 ЯНВАРЬДАҒЫ
№ 73 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ
ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ¹**

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТИНІҢ
1954 жылғы 3 апрельдегі № 181
ҚАУЛЫСЫ

СССР Министрлер Советінің 1954 жылғы 16 январьдағы № 73 қаулысына² сәйкес Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

2. Қазақ ССР Мәдениет министрлігіне мыналар міндеттелсін:

а) қалалар мен аудан орталықтарындағы барлық кинотеатрларда көпшілікке арналған ғылыми-көпшілік хроникалды-документті кинофильмдерді арнайы іріктеліп алынған программалар бойынша кинотеатр жұмысының тәртібіне негіздей отырып, аптасына кемінде бір-екі киносеансты ақылы көрсету ұдайы қамтамасыз етілсін;

б) колхоздардағы, совхоздардағы, МТС-тердегі жылжымалы киножабдықтарда және тұрақты киноқондырғыларда көркем суретті фильмдер көрсету кезінде ғылыми-көпшілік, көріністік немесе хроникалды-документті кинофильмдерді көрсету әрбір киносеансқа негізгі программадан тыс кемінде үш бөлімнен келетіндей болсын.

3. Главкинопрокаттың Қазақ республикалық конторына мыналар міндеттелсін:

а) көркем фильмдерді Мәдениет министрлігінің, кәсіподақтардың, ведомстволар мен ұйымдардың қалалық киноқондырғыларына бөлгенде әрбір киносеансқа міндетті түрде кезекті «Новости дня», «Советтік Қазақстан» журналын немесе бір қысқа метражды (бір бөлімнен тұратын) көпшілікке арналған көпшілік, көріністік немесе хроникалды-документті кинофильмдер қосып берілетін болсын;

б) қалалар мен селолық жерлерде көпшілікке арналған көріністік ғылыми-көпшілік, көріністік және хроникалды-документті кинофильмдерді жарнамалау жақсартылсын, бұл үшін жергілікті баспасөз, радио, сондай-ақ афишалар мен плакаттар, әсіресе қазақ тілдеріндегілері пайдаланылсын;

в) барлық елді мекендерге қорда бар орыс және қазақ тіліндегі ғылыми-көпшілік, көріністік хроникалды-документті фильмдердің аннотацияланған каталогін жеткізу;

г) аудандық курстарды кинофильмдермен үздіксіз жабдықтауды қамтамасыз ету;

д) жетіжылдық және орта мектептерді, сондай-ақ Оқу министрлігінің педагогикалық училищелерін ғылыми-көпшілік, көріністік, хроникалды-документті және оқулық кинофильмдермен үнемі жабдықтап тұруды қамтамасыз ету;

е) арнайы кинотеатрларға арнап ғылыми-көпшілік, көріністік және хроникалды-документті кинофильмдердің құрама программалары жа-

¹ Мыналар күштерін жойды деп танылды: 1-пункт — Қазақ ССР Министрлер Советінің 1967 ж. 30 ноябрьдегі № 810 қаулысымен, 3-пунктің «ж» тармағы — Қазақ ССР Министрлер Советінің 1982 ж. 4 ноябрьдегі № 425 қаулысымен (Қазақ ССР КЖ, 1982 ж., № 22, 93-ст.).

² 5 және 7-пункттері Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

² СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз.

салып, бұларға жаңа кинофильмдердің бірінші кезекте берілуі қамтамасыз етілсін;

3) ғылыми-көпшілік, көріністік, хроникалды-документті және оқулық кинофильмдерді кәсіподақтардың клубтарында, мәдениет сарайларында, демалыс үйлерінде және санаторийлерде көрсетуді ұлғайту туралы мәселені Кәсіподақтардың Қазақ республикалық советінің қарауына өз ұсыныстарын енгізу.

4. Қазақ ССР Оқу министрлігіне жетіжылдық және орта мектептерде, сондай-ақ педагогикалық училищелерде ғылыми-көпшілік, көріністік, хроникалды-документті және оқулық кинофильмдерді үнемі көрсетуді өткізу жөніндегі шараларды, оларды Қазақ ССР Мәдениет министрлігімен келісе отырып, жасау міндеттелсін.

6. Саяси және ғылыми білімдерді тарату жөніндегі Қоғамға лекциялар мен баяндамалар өткізу кезінде ғылыми-көпшілік, көріністік және хроникалды-документті кинофильмдерді пайдалану міндеттелсін.

**КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН СССР МИНИСТРЛЕР
СОВЕТІНІҢ «КИНОФИЛЬМДЕРДІҢ ИДЕЯЛЫҚ-КӨРКЕМДІК
ДӘРЕЖЕСІН ОДАН ӘРІ КӨТЕРУ ЖӘНЕ КИНЕМАТОГРАФИЯНЫҢ
МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАСЫН НЫҒАЙТУ
ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» 1984 ЖЫЛҒЫ 19 АПРЕЛЬДЕГІ
№ 350 ҚАУЛЫСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ¹**

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ
МЕН ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1984 жылғы 3 июльдегі № 284
ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Кинофильмдердің идеялық-көркемдік дәрежесін одан әрі көтеру және кинематографияның материалдық-техникалық базасын нығайту жөніндегі шаралар туралы» 1984 жылғы 19 апрельдегі № 350 қаулысы басшылыққа алынып, бұлжытпай орындалатын болсын.

2. Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Кинематографистер одағы:

— КПСС XXVI съезі мен КПСС Орталық Комитетінің одан кейінгі Пленумдарының, Қазақстан Компартиясының XV съезінің шешімдерін орындау жөніндегі жұмысты жандандырсын, қызметкерлердің күш-жігерін коммунистік құрылыстың қазіргі кезеңдегі талаптарына сай, бұқараның еңбек және әлеуметтік белсенділігін арттыруға, сезімнің жоғары мәдениетін, моральдық пәктілікті, жанның жайсаңдығын бойға егуге, жеткіншек ұрпақты халқымыздың әскери және еңбек дәстүріне етене етуге жәрдемдесетін көркемдігі жоғары шығармалар жасауға жұмылдырсын;

— кинематографистер арасында идеялық-тәрбие жұмысын күшейтсін, олардың қазіргі заманғы проблемаларға, саяси ой өрісін ұлғайтуға қызығушылығын арттыруға жәрдемдессін, оларда партиялық айқын мақсаттылықты, азаматтық белсенділікті, творчестволық батылдықты,

¹ 15-пункт КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1984 ж. 19 апрельдегі № 350 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СП СССР, 1984 ж., № 16, 92-ст.).

өзіне сын көзімен қараушылықты нығайтсын, олардың совет халқының жасампаз қызметін көркемдікпен ой түйге ұмтылысын қолдап отырсын;

— кинофильмдер шығаруды перспективалық және тақырыптық жоспарлауды жақсартсын, оның қоғамның идеялық-көркемдік талап-тілегіне сәйкес келуіне күш салсын және әлеуметтік мәні зор тақырыптарға, біздің замандасымыздың оған тән жоғары идеялық-саяси және моральдық сапада нанымды көрсететін болсын. Документтік фильмдерді жоспарлаған және шығарған кезде Шәкен Айманов атындағы «Қазахфильм» киностудиясы мен «Қазахтелефильм» студиясы тақырыптарды қайталауына жол бермейтін болсын.

3. Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Кинематографистер одағы:

— творчестволық қызметкерлер мен кино өндірісін ұйымдастырушыларға шығарылатын фильмдердің жоғары идеялық-көркемдік дәрежесі және еңбектің экономикалық нәтижелері жөніндегі талапты күшейтсін;

— киностудия көркемдік советінің жұмысына республиканың әдебиет пен өнерінің белді қызметкерлерін тарта отырып, советтің ролін күшейтсін;

— жас кинематографистерде кәсіптік оқуды социалистік реализмнің идеялық және көркемдік принциптерін терең түсінумен жымдастыра-ұштастыра отырып, олармен жүргізілетін жұмыстың сапасын арттырсын;

— республикада творчестволық дарынды жастарды табу жөніндегі жұмысты жалғастыра берсін, олардың арнаулы оқу орнында және тікелей өндірісте тәжірибелі, жетекші мамандар жүзеге асыратын фильмдер қойылғанда режиссерлер мен операторлардың көмекшілері, ассистенттері ретінде қатыстыра отырып, оқып-үйренуіне жәрдемдессін;

— кинематография кадрларының, соның ішінде Шәкен Айманов атындағы «Қазахфильм» киностудиясының творчестволық қызметкерлерінің кәсіптік шеберлігін басшы қызметкерлер мен мамандардың біліктілігін көтерудің республикалық курстарында арттыру жөнінде жүйелі жұмыс жүргізілуін қамтамасыз етсін;

— сценарий жазу ісін ұйымдастыруды жетілдіру жөнінде шаралар қолдансын. Киностудияның сценарий-редакция коллегиясы сценарийлермен жұмыс істегенде аса жауапкершілік көрсетуіне, оларды жазуға көрнекті жазушылардың кеңінен қатысуына жәрдемдесуіне, әдеби-көркем журналдармен және басшылармен тығыз творчестволық байланыс жасауына күш салсын;

— республиканың жазушылар, суретшілер, композиторлар одақтары сияқты творчестволық одақтармен ынтымақтасуда жігерлілік пен табандылық көрсетсін, оларды Қазақстан кино өнерін дамытуға неғұрлым белсенді қатыстырып отырсын.

4. Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитеті және Кәсіптік одақтардың Қазақ республикалық советі кино жүйесін одан әрі дамытуға және халыққа кино көрсету ісін жақсартуға шаралар қолдансын, ірі селолық киноқондырғыларды жаңа фильмдермен қамтамасыз етуге, киноқондырғылар қызмет көрсететін көрермендер саны жөнінде де және кинофильмдер көрсетуден түсетін жалпы түсім жөнінде де белгіленген жоспарлардың сөзсіз орындалуына айрықша назар аударатын болсын; бұқаралық прокатта идеялық-көркемдік сапасы жағынан неғұрлым құнды жаңа фильмдер мен отандық фильм қорындағы фильмдерді пайдалансын; қазіргі заманғы советтік кино өнерін насихаттау-

дың дәрежесін арттырсын, кинотеатрлар мен кинокондырғылардың репертуарларына шетел кинокартиналарын енгізуге қатаңырақ қарайтын болсын.

Қазақ ССР Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитеті совет кино өнерінің таңдаулы көркемсуретті шығармаларын, ғылыми-көпшілік және документтік фильмдерді насихаттауды күшейтетін болсын.

5. Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті республика телевизия арқылы көрсету үшін Қазақ ССР Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитетінің заказы бойынша Шәкен Айманов атындағы «Қазахфильм» киностудиясында көркемсуретті телевизиялық фильмдер шығаруды практикаласын.

Қазақ ССР Финанс министрлігі бұл үшін Қазақ ССР Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитетіне қажетті қаржылар бөлуді көздейтін болсын.

6. Республика кинематографиясының материалдық-техникалық базасын нығайту мен дамыту және халыққа кино көрсету ісін жақсарту мақсатында:

а) Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті:

1986—1990 жылдарға арналған жоспарлардың жобаларында Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетіне мемлекеттік күрделі қаржы және республика бюджеті бойынша кірістердің шығыстардан асуынан құралған қаржылар есебінен мемлекеттік күрделі қаржының лимитінен тыс бөлуді көздеп отырсын;

мыналарды аяқтауға:

— Шәкен Айманов атындағы «Қазахфильм» киностудиясының инженерлік-техникалық корпусының құрылысын;

— «Қазкинодеталь» өндірістік бірлестігін қайта құру мен техникалық қайта жарактандыруды;

— Алматы қаласындағы фильм базалары мен Өскемен қаласындағы фильм базасы комплексінің құрылысын;

мыналарды салуға:

— № I қосымшаға сәйкес облыс орталықтарында фильм базалары мен фильм сақтайтын орындарды;

— Алматы облысының территориясында екі натура алаңын;

— шеберханалары бар пиротехникалық қойманы;

— кинематография жүйесіндегі жас мамандарға және басшы қызметкерлер мен мамандардың біліктілігін көтеретін республикалық курстардың тыңдаушыларына арналған 200 кісілік жатақхананы;

— Қарағанды қаласындағы киномеханиктер даярлайтын № 3 кәсіптік-техникалық училище үшін 250 кісілік жатақхананы, спорт залын және Шымкент қаласындағы № 38 кәсіптік-техникалық училище үшін 150 кісілік асхананы;

Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесе отырып, күрделі құрылыстың жылдық жоспарларын жасаған кезде мемлекеттік күрделі қаржы есебінен қалалардың жаппай тұрғын үй салынатын аудандарында кинотеатрларды жобалау мен салу туралы облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетінің ұсыныстарын қарайтын болсын;

өнім өндіру мен құрылысты қамтамасыз ету үшін Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетіне автомобиль транспортын бөлуді жыл сайын көздеп отырсын;

облыстық атқару комитеттерімен, Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетімен және СССР Мемлекеттік банкісінің Қазақ республикалық конторымен бірлесіп, мемлекеттік күрделі қаржы-

ның лимитінен тыс, СССР Мемлекеттік банкісінің қарыздары есебінен, СССР Министрлер Советінің 1981 жылғы 13 ноябрьдегі № 2262 және 1984 жылғы 19 апрельдегі № 761 жарлықтарымен белгіленген тәртіп пен шарттар бойынша № 2 қосымшаға сәйкес селолық аудан орталықтарында кинотеатрлар салуды белгіленген тәртіп бойынша жыл сайын көздеп отырсын;

б) халық депутаттары облыстық Советтерінің атқару комитеттері: 1986—1990 жылдары облыстық кинофикация басқармаларының жөндеу-өндірістік кәсіпорындарының объектілерін Қазақ ССР-інің экономикалық және әлеуметтік дамуының жылдық жоспарларында көзделетін мемлекеттік күрделі қаржының лимитінен тыс, материалдық ресурстарды жергілікті көздерден іздестіре отырып және облыстардың бюджеттері бойынша кірістердің шығыстардан асуынан құралған қаржылар есебінен салуды жүзеге асырсын;

облыстық кинофикация басқармасының жөндеу-өндірістік кәсіпорындарының жұмыс істеуі үшін қажетті металдарға, құрылыстық және басқа материалдық ресурстарға арналған қорларды оларға бөліп отырсын;

кинотеатрларды халыққа кино көрсету ісіне байланысы жоқ мақсаттарға пайдалануға, сондай-ақ оларды кинофикация органдарының қарамағынан басқа ведомстволарға беруге тыйым салсын.

7. Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті жөндеу-өндірістік кәсіпорындардың киноқондырғылардың ведомстволық бағынысына қарамастан оларға техникалық күтім жасау жөніндегі жұмысын жақсартсын.

8. Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақ ССР Министрлер Советінің «Орталықтандырылған күрделі қаржыны жоспарлау мен құрылыстардың титулдық тізімдерін бекіту тәртібі туралы» 1967 жылғы 11 сентябрьдегі № 659 қаулысының № 2 және 4 қосымшаларында көрсетілген, Қазақ ССР-інің Экономикалық және әлеуметтік дамуының мемлекеттік жоспарында тұрғын үй құрылысы мен мектеп жасына дейінгі балалар мекемелеріне (тікелей бағынысындағы кәсіпорындар, ұйымдар мен құрылыстар үшін) арналған мемлекеттік күрделі қаржының лимиттері көзделетін Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарының тізбесіне енгізілсін.

9. Кинофильмдер көрсетуден түскен қаржылардың жалпы түсімін жоспарлау функциясы Қазақ ССР Финанс министрлігінен алынып, Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне берілсін.

10. Қазақстан Компартиясының облыстық комитеттері, облыстық атқару комитеттері, Алматы қалалық атқару комитеті, Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті және Кәсіптік одақтардың Қазақ республикалық советі барлық кинотеатрларды, киноқондырғыларды және басқа да кино кәсіпорындарын инициативті әрі білікті қызметкерлермен толықтыруға шаралар қолдансын, олардың тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын жақсарту және жұмысқа тұрақтандыру жөнінде ұдайы қамқорлық жасап, селолық жерлерде тұратын және жұмыс істейтін киномеханиктерге белгіленген жеңілдіктердің уақтылы және толық берілуіне тұрақты бақылауды жүзеге асырсын.

11. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетімен, Қазақ ССР Телевизия және радиобаар жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп республиканың оқу орындарында фильмдер шығару, кино жүйесі, кинопрокат үшін жоғары және орта білікті мамандар даярлауды ұлғайту туралы мәселені қарап, белгіленген тәртіп бойынша шешетін болсын.

12. Газеттер мен журналдардың редакциялары, Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Кинематографистер одағы, Қазақстан Журналистер одағы кино сыны мен кинотану ісін одан әрі дамытуды қамтамасыз етсін, кино өнерінің творчестволық практикасына олардың ықпалын күшейтуге жәрдемдессін. Сыншылардың маркстік-лениндік іліммен қарулануының, партиялық принциптілігі мен кәсіптік шеберлігінің өсуіне күш салынсын, субъективтік және топтық сыңаржақтықтың, идеялық және көркемдік ағаттықтарға кеңшілікпен қарау көріністері батыл жеңіп отырылсын; репертуар мен фильмдер шығарудың перспективалық жоспарын неғұрлым нақты қалыптастыру үшін қоғамдық пікір мен көрермендер сұранымдарын зерттеу жетілдірілсін; кинотеатрлардың, киноқондырғылардың таңдаулы коллективтері мен киномеханиктерінің халыққа кино көрсету ісінің және кино құралдарымен бұқаралық-саяси жұмысты ұйымдастырудың озық тәжірибесі кеңінен таратылсын.

13. Қазақстан Компартиясының Алматы облыстық және қалалық комитеттері Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы мен «Қазахтелефильм» студиясының қызметіне партиялық басшылықты жақсартсын, біздің қоғамымыздың әлеуметтік және рухани дамуының маңызды жақтарын, біздің гуманистік мұраттарымызды, Советтік Қазақстанның экономикасы мен көп ұлттық мәдениеті саласындағы жетістіктерін шыншылдықпен бейнелейтін, сөйтіп көрермендер бұқарасында азаматтық белсенділікті, творчестволық батылдықты, тапсырылған іске мемлекеттік көзқарасты оятуға жәрдемдесетін шығармалар жасауда кинематографистердің жемісті жұмыс істеуіне күш салсын.

14. Қазақстан Компартиясының облыстық, қалалық, аудандық комитеттері кинофикация мен кинопрокаттың барлық буындары арасында идеялық-тәрбие жұмысының формаларын түрлендіріп, байытсын, тәртіппен ұйымшылдықты нығайтсын, әрбір адам өз учаскесінде жауапты да сапалы жұмыс істеуі үшін күресетін болсын. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау күшейтілсін, халыққа кино көрсету ісінің сапасын жақсартуға, бөлінген материалдық ресурстар мен финанс қаржыларын тиімді пайдалануға қамқорлық жасап отырсын.

16. Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті осы қаулының орындалу барысы туралы Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советіне 1985 және 1986 жылдардың ноябрінде баяндайтын болсын.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 жылғы 3 июльдегі № 284 қаулысына

№ 1 КОСЫМША

**1986—1990 ЖЫЛДАРДА ОБЛЫСТЫҚ ФИЛЬМ БАЗАЛАРЫ
МЕН ФИЛЬМ САҚТАЙТЫН ОРЫНДАР САЛУ ЖӘНЕ
ПАЙДАЛАНУҒА БЕРУ ЖӨНІНДЕ
ТАПСЫРМА**

Құрылыс объектісінің аты мен орны	Салыну жылдары
1	2
Фильм базасы, Костанай қаласы	1987—1988
Фильм базасы, Жезқазған қаласы	1988—1989
Фильм базасы, Арқалық қаласы	1988—1989

1	2
Фильм сақтайтын орын, Ақтөбе қаласы	1986—1987
Фильм сақтайтын орын, Павлодар қаласы	1986—1987
Фильм сақтайтын орын, Жамбыл қаласы	1987—1988
Фильм сақтайтын орын, Қарағанды қаласы	1987—1988
Фильм сақтайтын орын, Қызылорда қаласы	1987—1988
Фильм сақтайтын орын, Гурьев қаласы	1988—1989
Фильм сақтайтын орын, Орал қаласы	1988—1989
Фильм сақтайтын орын, Шымкент қаласы	1988—1989
Фильм сақтайтын орын, Семей қаласы	1989—1990
Фильм сақтайтын орын, Талдықорған қаласы	1989—1990

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 жылғы 3 шілдесіндегі № 284 қаулысына
№ 2 ҚОСЫМША

**1984—1990 ЖЫЛДАРЫ СЕЛОЛЫҚ АУДАН ОРТАЛЫҚТАРЫНДА
СССР МЕМЛЕКЕТТІК БАНҚІСІНІҢ ҚАРЫЗЫ ЕСЕБІНЕН
КІНОТЕАТРЛАР САЛУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРУ
ЖӨНІНДЕГІ
ТАПСЫРМА**

(орындар)—

Аудан орталықтарының аты	1981—1985 жылдары	1986—1990 жылдары
1	2	3
ҚАЗАҚ ССР-і — барлығы соның ішінде облыстар бойынша:	4280	11860
Ақтөбе		
Ақраб селосы	300	
Комсомол селосы		300
Қарғалы селосы		300
Алматы		
Шонжа селосы	300	
Нарынқол селосы		300
Шығыс Қазақстан		
Самар селосы	420	
Никитинка селосы		300
Парыгино селосы		300
Большенарым селосы		300
Гурьев		
Махамбет селосы		300
Аққыстау жұмысшы поселкесі		300
Мақат жұмысшы поселкесі		400
Жамбыл		
Луговое селосы	400	
Байқадам селосы		300
Отар жұмысшы поселкесі		400
Георгиевка селосы		300
Жезқазған		
Озерный жұмысшы поселкесі	420	
Атасу жұмысшы поселкесі	420	

1	2	3
Ақадыр жұмысшы поселкесі		420
Ақсу-Аюлы селосы		300
Ақтоғай селосы		300
Жезді жұмысшы поселкесі		300
Ұлытау селосы		200
Қарағанды		
Қарағайлы жұмысшы поселкесі	420	
Топар жұмысшы поселкесі		420
Ульянов жұмысшы поселкесі	200	
Қызылорда		
Тереңөзек жұмысшы поселкесі	300	
Жаңақазалы жұмысшы поселкесі	300	
Тасбөгет жұмысшы поселкесі		420
Көкшетау		
Уәлиханов селосы		200
Талшық жұмысшы поселкесі		300
Маңғышлақ		
Бейнеу жұмысшы поселкесі		400
Маңғышлақ жұмысшы поселкесі		400
Солтүстік Қазақстан		
Корнеевка селосы	200	
Благовещенка селосы		200
Возвышенка селосы		200
Ақсуат селосы		200
Тимирязево селосы		200
Семей		
Ақсуат селосы		300
Аягөз қаласы		400
Таскескен селосы		200
Бородулиха селосы		300
Торғай		
Қима селосы		300
Родина селосы		200
Тасты-Талды селосы		200
Орал		
Ақжайық селосы		200
Жаңақала селосы		300
Сайкын селосы		200
Целиноград		
Баршино селосы		200
Краснознаменское селосы		300
Мариновка селосы		300
Сілеті селосы		200
Шымкент		
Жетісай қаласы	600	

§ 3. ТЕЛЕВИЗИЯ ЖӘНЕ РАДИО ХАБАРЫ

**ҚАЗАҚ ССР ТЕЛЕВИЗИЯ
ЖӘНЕ РАДИО ХАБАРЫ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК
КОМИТЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ
ТУРАЛЫ¹**

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТИНІҢ
1971 жылғы 17 сентябрьдегі № 541
ҚАУЛЫСЫ
(Қазақ ССР ҚЖ, 1971 ж., № 19, 100-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Қазақ ССР Телевизия және радио хабары жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің
1971 жылғы 17 сентябрьдегі № 541
қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН*

**ҚАЗАҚ ССР ТЕЛЕВИЗИЯ ЖӘНЕ РАДИО ХАБАРЫ ЖӨНІНДЕГІ
МЕМЛЕКЕТТІК КОМИТЕТІ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

1. Қазақ ССР Телевизия және радио хабары жөніндегі мемлекеттік комитеті одақтық-республикалық орган болып табылады.

Қазақ ССР Телевизия және радио хабары жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақ ССР-індегі телевизия және радио хабарын таратуға басшылықты жүзеге асырады және телевизия программалары мен радио программаларының идеялық-саяси және көркемдік дәрежесіне телевизия мен радио хабарын таратудың жағдайына, оны одан әрі дамытуға, телевизия хабарлары мен радио хабарларын жасау үшін пайдаланылатын техникалық құралдарды дамытуға жауап береді.

2. Қазақ ССР Телевизия және радио хабары жөніндегі мемлекеттік комитетінің басты міндеттері:

¹ 2-пункт Қазақ ССР Заңдары жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

марксизм-ленинизмді, Совет Одағы Коммунистік партиясы мен Қазақстан Коммунистік партиясы съездерінің, КПСС Орталық Комитеті мен Қазақстан КП Орталық Комитеті пленумдарының қаулыларын, СССР Үкіметі мен Қазақ ССР Үкіметінің шешімдерін насихаттау;

республика еңбекшілерін коммунистік құрылыстың міндеттерін шешуге, ғылыми-техникалық прогресс жолындағы күреске және экономикалық және әлеуметтік дамудың мемлекеттік жоспарын ойдағыдай орындауға жұмылдыру, сондай-ақ өнеркәсіпте, құрылыста, ауыл шаруашылығында және халық шаруашылығының басқа да салаларында озық тәжірибені тарату;

буржуазиялық идеологияны, моральды және реакциялық насихатты әшкерелеу, совет адамдарын коммунистік идеялық пен мораль, еңбекке саналы көзқарас, қоғамдық мүддеге қамқорлықпен қарау, заңдылықты және социалистік өмір салты нормаларын сақтау рухында, советтік патриотизм мен пролетарлық интернационализм рухында тәрбиелеу;

КПСС пен Совет үкіметінің ішкі және сыртқы саясатын, халықтар достығы және әлеуметтік-экономикалық құрылысы әр түрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүру саясатын баяндау, совет халқының өмірін, оның коммунизм орнатудағы табыстарын кеңінен көрсету, социалистік системаның капиталистік системадан артықшылықтарын наш ету, империалистік мемлекеттердің реакциялық ішкі және агрессиялық сыртқы саясатын әшкерелеу;

КПСС-тің марксизм-ленинизм мен пролетарлық интернационализм принциптері негізінде халықаралық коммунистік және жұмысшы қозғалысының бірлігі жолындағы күресін баяндау, дүние жүзілік социализм системасының жетістіктерін, халықтардың бейбітшілік, демократия және социализм жолындағы күресін көпшілікке тарату, капитал елдеріндегі тап күресін, отар және тәуелді елдердің империалистік езуділікке қарсы ұлт-азаттық қозғалысын баяндау;

совет және прогресшіл шет ел әдебиеті мен өнерінің таңдаулы шығармаларын, сондай-ақ отандық және дүние жүзілік әдебиет пен өнердің классикалық шығармаларын көпшілікке тарату;

Совет Одағындағы, республикадағы және шет елдердегі оқиғалар жайлы телевизор көрушілер мен радио тыңдаушыларға жедел хабар беріп отыру;

телевизия мен радио хабарын таратуды одан әрі дамытуды қамтамасыз ету;

телевизия мен радио хабарын тарату саласында бірыңғай техникалық саясат жүргізу және ғылым мен техниканың ең соңғы жетістіктері мен озық тәжірибені енгізу, өз қарамағындағы кәсіпорындарда өндірістің техникалық-экономикалық көрсеткіштерінің жоғары болуын қамтамасыз ету;

Комитетке бөлінетін күрделі қаржыларды ұтымды пайдалану және оның тиімділігін арттыру, құрылыстың құнын арзандатып, мерзімдерің қысқарту, объектілер мен негізгі қорларды мерзімінде іске қосу;

Комитет жүйесінде еңбек пен басқаруды ғылыми ұйымдастыруды енгізу, өз қарамағындағы ұйымдарды, кәсіпорындар мен мекемелерді ысылған жетік кадрлармен қамтамасыз ету, оларды даярлауды ұйымдастыру және мамандығын арттыру, Комитет жүйесінде кадрларды саралау және кәсіптік даярлығы мол, саяси жағынан жетілген мамандарды басшы жұмысқа жоғарылату;

Комитет жүйесіндегі ұйымдардың, кәсіпорындар мен мекемелердің жұмысшылары мен қызметшілерінің тұрғын үй және мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсарту, олар үшін еңбек қауіпсіздігі жағдайларын тұғызу.

3. Қазақ ССР Телевизия және радио хабар жөніндегі мемлекеттік комитеті телевизия мен радио хабарын тарату ісіне басшылықты халық депутаттарының облыстық Советтері атқару комитеттерінің телевизия және радио хабарын тарату жөніндегі басқармалары арқылы жүзеге асырады және өзіне бағынатын ұйымдарды, кәсіпорындар мен мекемелерді тікелей басқарады.

4. Қазақ ССР Телевизия және радио хабар жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақ ССР Министрлер Советіне, СССР Телевизия және радио хабар жөніндегі мемлекеттік комитетіне бағынады.

5. Қазақ ССР Телевизия және радио хабар жөніндегі мемлекеттік комитеті өзінің қызметінде СССР мен Қазақ ССР-інің заңдарын, СССР Жоғарғы Советі Президиумы мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының указдарын, СССР Үкіметі мен Қазақ ССР Үкіметінің қаулылары мен жарлықтарын және басқа нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады және қазір қолданылып жүрген заңдардың Комитет жүйесіндегі ұйымдарда, кәсіпорындар мен мекемелерде дұрыс қолданылуын қамтамасыз етеді.

6. Қазақ ССР Телевизия және радио хабары жөніндегі мемлекеттік комитеті өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

а) Қазақ ССР-інің халқы үшін телевизия хабарлары мен радио хабарларын ұйымдастырады;

б) телефильмдер, телевизия мен радиоға арнап әдеби және музыкалық шығармалар, постановкалар мен хабарлар әзірлеу жөніндегі жұмысты қамтамасыз етеді;

в) белгіленген тәртіп бойынша телевизияға және радиоға арналған таңдаулы телевизия хабарлары мен радио хабарларының, әдеби және музыкалық шығармалардың конкурстарын ұйымдастырады, телевизия және радио фестивальдарын өткізеді;

г) басқа ведомстволармен бірлесе отырып, телевизия мен радио арқылы оқыту-білім беру хабарларын ұйымдастырады;

д) республикадағы аса маңызды оқиғаларды, саяси, мемлекет, қоғам қайраткерлерінің, өнеркәсіптегі, құрылыстағы, ауыл шаруашылығындағы және халық шаруашылығының басқа да салаларындағы озат адамдардың, ғылым мен мәдениет өкілдерінің сөйлеген сөздерін, сондай-ақ телевизия мен радионың программаларында пайдалану үшін әдеби, музыкалық және басқа шығармаларды түсіріп, жазып алуды ұйымдастырады;

е) телевизия хабарының, радио хабарының және фильм жасап шығарудың көлемі жөніндегі перспективалық және жылдық жоспарларды, сондай-ақ телефильмдер шығарудың перспективалық және жылдық тақырыптық жоспарларын жасап, СССР Телевизия және радио хабар жөніндегі мемлекеттік комитетіне бекітуге табыс етеді. Өзіне бағынатын кәсіпорындар мен ұйымдардың өндірістік-финанс жоспарларын, сондай-ақ қарамағындағы ұйымдардың құрылымы мен редакциялық және көркемдік-өндірістік персоналының, әкімшілік-басқару аппаратының санын бекітеді;

ж) Комитет жүйесінде телевизия хабарлары мен радио хабарларын жасау және телефильмдер жасап шығару үшін пайдаланылатын техникалық құралдардың дұрыс орналастырылуы мен тиімді дамытылуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ Қазақ ССР Байланыс министрлігі жүйесіндегі телевизия мен радио хабарын таратудың техникалық құралдарының орналастырылуын белгілеуге қатысады;

з) телевизия программалары мен радио программаларын беру үшін қала аралық каналдарды, кабельдік және радиорелелік линияларды,

басқа да техникалық құралдарды арендаға алуға Қазақ ССР Байланыс министрлігі жүйесіндегі ұйымдармен шарттар жасасады;

и) телевизия және радио хабарын тарату программаларын қабылдаудың сапасын бақылауды, сондай-ақ Қазақ ССР Байланыс министрлігі жүйесіндегі кәсіпорындар мен ұйымдардан арендаға алынған телевизия және радио хабарын тарататын техникалық құралдардың дұрыс пайдаланылуына бақылауды ұйымдастырады;

к) белгіленген тәртіп бойынша телевизия программалары мен радио программаларын, журналдар, арнаулы әдебиет басып шығарады, сондай-ақ телевизия, радио хабарын тарату және дыбыс жазу мәселелері жөнінде көрмелер ұйымдастырады;

л) телевизия мен радио саласында шет елдермен байланыстарды жүзеге асыру жөніндегі шаралардың орындалуын белгіленген тәртіп бойынша қамтамасыз етеді;

м) телевизия мен радио хабарын тарататын творчестволық қызметкерлердің қызмет орнына адам қойған кезде конкурс жүйесін пайдаланады;

н) белгіленген тәртіп бойынша телевизия мен радионың озат қызметкерлерін омырауына тағатын значоктармен, құрмет грамоталарымен, дипломдармен наградтайды және көтермелеудің басқа да түрлерін қолданады;

о) күрделі қаржыларды мейлінше ұтымды пайдалануды және жаңа өндірістік қуаттарды, тұрғын үй қорын, балалар мекемелері мен мәдени-тұрмыстық мақсатқа арналған объектілерді кезінде іске қосуды қамтамасыз етеді.

7. Қазақ ССР Телевизия және радио хабар жөніндегі мемлекеттік комитетін Председатель басқарады, оны Қазақ ССР Жоғарғы Советі тағайындайды. Қазақ ССР Телевизия және радио хабар жөніндегі мемлекеттік комитеті председателінің Қазақ ССР Министрлер Советі тағайындайтын орынбасарлары болады.

8. Қазақ ССР Телевизия және радио хабар жөніндегі мемлекеттік комитетінің председателі Комитетке жүктелген міндеттер мен тапсырмалардың орындалуына жеке басы жауап береді, Председательдің орынбасарларының, Комитет басқармалары, редакциялары, бөлімдері мен басқа да бөлімшелері басшыларының Комитет жүйесіндегі ұйымдардың, кәсіпорындар мен мекемелердің жұмысы үшін жауапкершілік дәрежесін белгілейді.

9. Қазақ ССР Телевизия және радио хабар жөніндегі мемлекеттік комитетінің председателі қолданылып жүрген заңдар, сондай-ақ СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтары, СССР Телевизия және радио хабар жөніндегі мемлекеттік комитетінің бұйрықтары мен нұсқаулары негізінде және оларды орындау үшін Комитеттің компетенциясы шегінде бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады, халық депутаттары облыстық Советтері атқару комитеттерінің телевизия және радио хабарын тарату жөніндегі басқармалары, Комитет жүйесіндегі ұйымдар, кәсіпорындар мен мекемелер орындауға міндетті нұсқаулар береді және олардың орындалуын тексереді.

Қазақ ССР Телевизия және радио хабар жөніндегі мемлекеттік комитетінің председателі қажет болған реттерде Қазақ ССР-інің басқа да министрліктері мен ведомстволарының басшыларымен бірге бірлескен бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады.

10. Қазақ ССР Телевизия және радио хабар жөніндегі мемлекеттік комитетінде коллегия құрылады, оның құрамында Комитет Председателі (коллегия председателі), председателдің қызмет жөніндегі орын-

басарлары, сондай-ақ Комитеттің басқа да басшы қызметкерлері болады. Коллегия мүшелерін Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

11. Қазақ ССР Телевизия және радио хабар жөніндегі мемлекеттік комитетінің коллегиясы өзінің үнемі өткізіліп тұратын мәжілістерінде программалар мазмұнының, телевизия мен радио хабарын таратуды ұйымдастырудың негізгі мәселелері мен Комитет қызметінің басқа да мәселелерін, Комитет жүйесіндегі ұйымдарға, кәсіпорындар мен мекемелерге практикалық басшылық жасау, істің орындалуын тексеру, кадрларды іріктеп алу және пайдалану мәселелерін, аса маңызды бұйрықтар мен нұсқаулардың жобаларын қарайды, халық депутаттары облыстық Советтері атқару комитетінің телевизия және радио хабар жөніндегі басқармалары бастықтарының, Комитеттің редакциялары мен бөлімдерінің, сондай-ақ Комитет жүйесіндегі ұйымдардың, кәсіпорындар мен мекемелердің баяндамаларын тыңдайды.

Коллегияның шешімдері, әдетте, Комитет Председателінің бұйрықтарымен жүзеге асырылады. Комитет Председателі мен коллегия арасында келіспеушіліктер туралы Қазақ ССР Министрлер Советіне хабарлай отырып, өз шешімін іске асыра береді, ал коллегия мүшелері, өздері тарапынан, өз пікірлерін Қазақ ССР Министрлер Советіне хабарлай алады.

12. Телевизия мен радио хабарын тарату ісін өркендетудің негізгі мәселелерін қарау үшін Қазақ ССР Телевизия және радио хабар жөніндегі мемлекеттік комитетінде ысылған жетік мамандардан, творчестволық қызметкерлерден, творчестволық одақтар мен басқа да ұйымдардың өкілдерінен редакциялық, көркемдік және техникалық советтер құрылады.

Көрсетілген советтердің құрамын және олар туралы ережелерді Комитет Председателі бекітеді.

13. Қазақ ССР Телевизия және радио хабар жөніндегі мемлекеттік комитетінің құрылымы мен Комитеттің орталық аппараты қызметкерлерінің санын СССР Телевизия және радио хабар жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісіп алып Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

Комитеттің орталық аппаратының штаттық кестесін белгіленген тәртіп бойынша, сондай-ақ Комитеттің бөлімдері мен басқармалары туралы ережелерді Қазақ ССР Телевизия және радио хабар жөніндегі мемлекеттік комитетінің председателі бекітеді.

14. Қазақ ССР Телевизия және радио хабар жөніндегі мемлекеттік комитетінің Қазақ ССР-інің Мемлекеттік гербі бейнеленген, өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

§ 4. БАСПА ІСІ

**ҚАЗАҚ ССР БАСПА,
ПОЛИГРАФИЯ ЖӘНЕ КІТАП САУДАСЫ ІСТЕРІ
ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИТЕТІ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ¹**

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТИНІҢ
1974 жылғы 25 февральдағы № 95
ҚАУЛЫСЫ
(Қазақ ССР ҚЖ, 1974 ж., № 5, 22-ст.)**

Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің
1974 жылғы 25 февральдағы № 95
қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН*

**ҚАЗАҚ ССР БАСПА, ПОЛИГРАФИЯ ЖӘНЕ КІТАП САУДАСЫ
ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИТЕТІ ТУРАЛЫ
Е Р Е Ж Е**

1. Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті одақтық-республикалық орган болып табылады және ол Қазақ ССР Министрлер Советіне, ССРСР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетіне бағынады.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті республикада баспа ісіне, полиграфия өнеркәсібі мен кітап саудасына басшылықты жүзеге асырады, сондай-ақ басылып шығатын әдебиеттің барлық түрлерінің тақырыптық бағыты мен мазмұнына бақылауды жүзеге асырады.

¹ 2-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті баспасөз туындыларының жайына және оның идеялық-саяси дәрежесін одан әрі арттыруға, полиграфия өнеркәсібі шығаратын өнімнің сапасына және республиканың оған деген қажетін неғұрлым толық қанағаттандыруға, полиграфия өндірісінің ғылыми-техникалық прогресі мен техникалық дәрежесіне және кітап саудасының жайына жауап береді.

2. Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің басты міндеттері мыналар:

әдебиеттің идеялық, теориялық және профессионалдық жоғары дәрежеде шығарылуын қамтамасыз ету және коммунистік құрылыстың міндеттерін шешуде оның пәрменділігін арттыру; республикада баспа ісін орталықтандыру мен мамандандыруды жүзеге асыру; баспалардың қандай ведомствоға бағынатынына қарамастан олардың тақырыптық жоспарларын үйлестіру; кітап шығару мен мерзімді баспасөзді дамытудың жиынтық жылдық және перспективалы жоспарларын әзірлеу; баспа ісінің экономикасы мен оны ұйымдастыруды жетілдіру; баспасөз туындыларын мемлекеттік тіркеу мен оның статистикасын жүзеге асыру;

республиканың полиграфия өнеркәсібінде бірыңғай техникалық саясат жүргізу, ғылым мен техниканың ең соны жетістіктері негізінде осы саланы дамыту жөнінде, полиграфия кәсіпорындарының қолда барларын қайта құру мен жаңаларын салу, оларды мамандандыру мен кооперативтендіру жөнінде практикалық шараларды жүзеге асыру;

кітап саудасына басшылық жасау, республика халқының әдебиетке деген сұранымын терең зерттеуді есепке ала отырып, кітаптардың тиражын дұрыс анықтау; кітапхана коллекторлары жүйесі арқылы кітапханаларды толықтыру;

Партия мен Үкіметтің баспа ісі мен полиграфия мәселелері жөніндегі шешімдерін орындауға күнбе-күн бақылау жасау;

баспа, полиграфия және кітап саудасы үшін кадрлар даярлау мен олардың мамандығын арттыру;

республика министрліктерінің, ведомстволары мен қоғамдық ұйымдарының баспаларының, полиграфия кәсіпорындары мен кітап саудасы ұйымдарының жұмысын үйлестіру;

мемлекеттік жоспардың тапсырмаларын орындау және Қазақ ССР-і баспаларының, полиграфия және кітап саудасы ұйымдарының мемлекеттік тәртіпті қатаң сақтауын қамтамасыз ету;

қоғамдық еңбекті мейлінше аз жұмсай отырып, жоғары сапалы өнім өндіруді қамтамасыз ету, өндірістің тиімділігін арттыру, негізгі қорларды, еңбек, материалдық және финанс ресурстарын пайдалануды жақсарту;

күрделі қаржыны ұтымды пайдалану және оның тиімділігін арттыру, құрылыстың құнын арзандату мен мерзімін қысқарту, өндірістік қуаттар мен негізгі қорларды кезінде іске қосу, сондай-ақ өндірістік қуаттарды қысқа мерзім ішінде игеру;

еңбек пен басқаруды ғылыми жолмен ұйымдастыруды енгізу, Комитет жүйесіндегі баспаларды, полиграфия кәсіпорындары мен кітап саудасы ұйымдарын жетік кадрлармен қамтамасыз ету, қызметкерлердің білімі мен тәжірибесін мейлінше жақсы пайдалану үшін жағдай жасау, өздерін жақсы жағынан көрсеткен жас мамандарды басшы жұмысқа жоғарылату;

Комитет жүйесіндегі жұмысшылар мен қызметшілердің тұрғын үй және мәдени-тұрмыс жағдайын жақсарту, өндірісте еңбектің хауіпсіз жағдайын жасау.

3. Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті баспа ісіне, полиграфия мен кітап саудасына басшылықты, әдетте, халық депутаттарының облыстық Советтері атқару комитеттерінің баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі басқармалары арқылы жүзеге асырады және өзіне тікелей бағынатын кәсіпорындарды, мекемелер мен ұйымдарды басқарады.

4. Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті, халық депутаттарының облыстық Советтері атқару комитеттерінің баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі басқармалары, оларға және тікелей Комитетке бағынатын кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің жүйесін құрады.

5. Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті өз қызметінде СССР мен Қазақ ССР-інің заңдарын, СССР Жоғарғы Советі Президиумы мен Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының указдарын, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтарын, СССР Мемлекеттік баспа комитетінің бұйрықтары мен нұсқауларын және басқа нормативтік актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады және күшінде бар заңдардың Комитет жүйесіндегі ұйымдарда, кәсіпорындар мен мекемелерде дұрыс қолданылуын қамтамасыз етеді.

6. Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

а) Комитеттің баспаларын және Қазақ ССР-інің одақтық, республикалық және республикалық министрліктері мен ведомстволарын бөліп көрсете отырып, республика бойынша тұтас алғанда (партия органдарының газет және газет-журнал баспаларын қоспағанда) кітаптар, журналдар, газеттер, бейнелеу басылымдары мен басқа да баспа өнімін шығару жөнінде Қазақ ССР-інің экономикалық және әлеуметтік дамуының мемлекеттік жоспарына енгізілген көрсеткіштер бойынша жылдық және перспективалы жоспарлардың жобаларын әзірлейді;

Комитетке тікелей бағынатын баспалардың әдебиет шығару жөніндегі жылдық және перспективалы тақырыптық жоспарларын қарайды және оларды СССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісіп алғаннан кейін бекітеді; баспалардың қандай ведомствоға бағынатынына қарамастан, олар шығаратын әдебиеттің жылдық және перспективалы тақырыптық жоспарларын қарайды және тиісті ұйымдарымен бірлесе отырып, СССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісіп алғаннан кейін оларды бекітеді; Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумы бекітетін әдебиет басып шығару жоспарларының жобаларын үйлестіру мақсатында қарайды; Комитетке тікелей бағынатын баспалардың жиынтық тақырыптық жоспарларын бекітеді; республика министрліктерінің, ведомстволары мен қоғамдық ұйымдарының баспаларының жиынтық тақырыптық жоспарларын (ғылым-техникалық информация жоспарларын қоспағанда) белгіленген тәртіп бойынша бекітеді;

Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарының баспа қызметін жүргізу правосы берілген ұйымдары шығаратын әдебиеттің жиынтық жылдық және перспективалы жоспарларын бекітуге келісім береді. Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары бойынша көрсетілген әдебиетті шығарудың шекті көлемін белгілейді;

Комитетке тікелей бағынатын баспалар, полиграфия кәсіпорында-

ры мен басқа да кәсіпорындар бойынша өндірістік-финанс жоспарларын бекітеді, баспалардың қызмет профиліне анықтаулар енгізеді; баспа қызметін жүргізу правосы берілген ведомстволық ұйымдар шығаратын әдебиеттің тақырыптық бағыты мен мазмұнына бақылауды жүзеге асырады;

мерзімдік емес басылымдардың идеялық-теориялық, ғылыми және көркемдік дәрежесінің жоғары болуын, көркемдеп жасалуының, полиграфиялық орындалуының жоғары сапалылығын және олардың кезінде шығарылуын, сондай-ақ Комитет жүйесінде шығарылатын журналдар мен басқа да мерзімдік басылымдардың көркемдеп жасалуының, полиграфиялық орындалуының, техникалық және көркемдік редакциялануының жоғары сапалылығы мен дер кезінде шығарылуын қамтамасыз етеді;

республикада шығарылатын барлық баспасөз басылымдарының бақылау даналарын алып отырады;

шығарылған мерзімдік емес әдебиетке талдау жүргізеді және сол бойынша тақырыптық шолулар жасайды; редакциялық баспа процесін жетілдіруді қамтамасыз етеді;

республика министрліктерінің, ведомстволары мен басқа да ұйымдарының баспаларын, редакциялық-баспа бөлімдерін құру, қайта құру және тарату туралы, республикаға бағынатын мекемелер мен ұйымдарға (ғылыми-техникалық информация органдарын қоспағанда) баспа правосын беру туралы келісіп алуға табыс етілген ұсыныстарды қарайды;

сыйлықтарды белгіленген тәртіп бойынша төлей отырып, таңдаулы баспасөз туындыларына конкурстар өткізеді;

республикада әдебиет көрмелері мен кітап жәрменкелерін ұйымдастырады, СССР-де шет елдердің кітап көрмелеріне әзірлену мен оларды өткізуге жалпы одақтық жоспар шегінде қатысады;

жарнама-информация бюллетеньдерін шығарады;

б) Комитеттің полиграфия өнеркәсібі кәсіпорындарын өркендетудің жылдық және перспективалы жоспарларының жобаларын Қазақ ССР экономикалық және әлеуметтік дамуының мемлекеттік жоспарына енгізілген көрсеткіштер бойынша әзірлейді;

ғылым мен техниканың ең соны жетістіктері негізінде полиграфия өнеркәсібін (партия органдарының газет және газет-журнал баспаларын қоспағанда) өркендету жөніндегі, өндірістік қуаттарды арттыру мен оларды пайдалану, полиграфия өндірісін мамандандыруды және кооперативтендіруді жүзеге асыру жөніндегі шараларды әзірлейді және жүзеге асырады;

Комитетке тікелей бағынатын полиграфия кәсіпорындарының өндірістік қуаттарын бөледі және Қазақ ССР-і министрліктерінің, ведомстволары мен басқа ұйымдарының (ғылыми-техникалық информация органдары мен партия органдарының полиграфия базаларын қоспағанда) полиграфия қуаттарына жұмыс беруді және оларды пайдалануды үйлестіреді;

в) Қазақ ССР-і министрліктерінің, ведомстволары мен ұйымдарының полиграфия кәсіпорындарын ашуға белгіленген тәртіп бойынша келісім береді; республика министрліктерінің, ведомстволары мен қоғамдық ұйымдарының полиграфия кәсіпорындарының, ротапринт базаларының (учаскелерінің) қуаттарын пайдалануға бақылауды жүзеге асырады;

г) мерзімді емес басылымдарды насихаттау мен жарнамалауды, сондай-ақ олар туралы информацияны ұйымдастырады; республикада мерзімді емес басылымдарды таратуға басшылық жасайды; республи-

қада кітап саудасы жүйесін дамытудың жылдық және перспективалы жоспарларын әзірлейді және кітаптарды таратуда кітап саудасының прогрестік формалары мен қоғамдық бастамаларды дамыту жөніндегі, сатып алушыларға қызмет көрсету мәдениетін көтеру жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

республиканың кітап саудасы ұйымдарында кітап қорларының аталма есебін алуды белгіленген тәртіп бойынша жүргізеді; Комитет жүйесіндегі бөлшек және көтерме кітап саудасы жүйесінің қорларын тексереді; республикаға бағынатын кітап саудасы кәсіпорындары бойынша ескірген басылымдарды қажетті реттерде арзандатады және есептен шығарады; кітапхана коллекторлары мен кітап магазиндерінің жүйесі арқылы кітапханаларды әдебиетпен жоспарлы түрде жабықтауды қамтамасыз етеді; кітап лотереяларын өткізудің шарттары мен тәртібін әзірлейді;

д) шикізат пен материалдарды үнемдеу жөніндегі шараларды әзірлейді және жүзеге асырады;

е) Комитетке тікелей бағынатын кәсіпорындар мен объектілердің қолда барларын ұлғайтуды, қайта құруды және жаңаларын салуды жүзеге асырады; күрделі қаржыны тиімді пайдалануды, салада жаңа құрылысты ұтымды орналастыруды қамтамасыз етеді; Қазақ ССР-і министрліктерінің, ведомстволарының полиграфия кәсіпорындарын жобалау мен салу (қайта құру) туралы келісіп алуға табыс етілген ұсыныстарды қарайды;

ж) полиграфия жабдығына деген қажеттілікті зерттейді және қорытады, республика көлемінде полиграфия жабдығы мен оның запас бөлшектерінің, полиграфия материалдары мен жарақтарының, әріп теретін мебель мен кітап саудасы жабдығының материалдық баланстарын әзірлейді, бұл өнімді тұтынушылардың қандай ведомствоға бағынатынына қарамастан оларға бөліп береді, тұтынушыларға баспа үшін қағазды және түптеу картонның бөлу жоспарларының жобаларын әзірлеуге қатысады; Комитет жүйесі бойынша баспа үшін қағазға және түптеу картонның деген қажеттіліктің есебін және осы қағаз бей картонның қорларын бөлу жоспарларының жобаларын әзірлейді;

з) басуға арналған барлық әдеби, драмалық және музыкалық туындылар үшін авторлық қаламақының ставкаларын әзірлейді және бекітуге белгіленген тәртіп бойынша енгізеді;

и) Комитет жүйесіндегі ұйымдардың, кәсіпорындар мен мекемелердің бағаларды дұрыс қолдануына бақылауды жүзеге асырады;

к) полиграфия өнеркәсібіне, баспа ісі мен кітап саудасына арналған жоғары өнімді жаңа машиналарды, жабдықты, автоматтандыру жүйелерін, технологиялық процестер мен жаңа материалдарды өндіріске енгізу жөніндегі шараларды әзірлейді және белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырады;

полиграфия өндірісінің бұйымдарына, қағаздан жасалатын түрлі товарларға арналған техникалық шарттарды әзірлейді және белгіленген тәртіп бойынша бекітеді;

л) Комитетке тікелей бағынатын баспаларды, полиграфия кәсіпорындарын, кітап саудасы ұйымдарын және басқа ұйымдарды материалдық-техникалық жағынан жабдықтауды белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырады; Комитет жүйесінің кәсіпорындары өндіретін өнімді олардың өткізуімен байланысты шараларды әзірлейді және жүзеге асырады;

м) Комитет жүйесіндегі ұйымдарда, кәсіпорындар мен мекемелерде бастапқы есеп жүргізуді ұйымдастырады, олар үшін бастапқы есептің формаларын бекітеді; статистикалық және бухгалтерлік есепті бел-

гіленген тәртіп бойынша алып отырады, есеп жұмыстарын орталықтандыру жөніндегі, есеп жүргізудің прогрестік әдістерін енгізу жөніндегі шараларды жүргізеді. Комитеттің өндірістік және финанс-шаруашылық қызметінің барлық түрлері бойынша кезенді және жылдық жиынтық есеп пен баланстарды жасайды;

н) Комитетке жүктелген функцияларды орындау үшін оған қажетті мәліметтерді республиканың министрліктерінен, ведомстволары мен қоғамдық ұйымдарынан алып отырады;

о) республиканың баспа қызметін жүргізу правосы бар ұйымдарының, полиграфия кәсіпорындарының, кітап саудасы ұйымдарының бірыңғай мемлекеттік есеп жүргізуін жүзеге асырады; республикада баспасөз туындыларының мемлекеттік статистикасы мен бірыңғай библиографиялық тіркелуін жүргізеді;

п) Комитет жүйесіндегі баспаларда, полиграфия кәсіпорындары мен кітап саудасы ұйымдарында, сондай-ақ басқа да кәсіпорындар мен ұйымдарда жұмыс істеп жүрген озаттарды омырауға тағатын значоктармен, құрмет грамоталарымен, дипломдармен наградаға белгіленген тәртіп бойынша ұсынады және көтермелеудің өзге де түрлерін қолданады.

7. Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті республикадағы баспа ісіне полиграфия өнеркәсібі мен кітап саудасына басшылық жасау жөніндегі барлық мәселелерді өзіне берілген праволар шегінде шешеді;

негізгі материалдарды, шикізатты, отынды жұмсаудың, еңбек шығындары мен жұмыстың техникалық-экономикалық көрсеткіштерінің нормативтерін (СССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті белгілейтін нормативтерден басқаларын) белгіленген тәртіп бойынша әзірлейді және бекітеді; шикізат пен материалдарды үнемдеу жөніндегі шараларды әзірлейді және жүзеге асырады; баспа үшін қағаздың, түптеу картонның, полиграфия және кітап саудасы жабдығы мен полиграфия материалдарының ассортименті, сапасы мен мөлшері жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді; баспа үшін қағаздың және түптеу картонының ресурстары, олардың ассортименті мен сапа көрсеткіштері жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді; кітап саудасы жабдығы мен полиграфия материалдарын өндіру жоспарларының жобалары жөнінде қорытынды береді; импорттық полиграфия жабдығын сатып алу туралы Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарының ұсыныстары жөнінде қорытынды береді;

баспа ісі, полиграфия мен кітап саудасы саласындағы отандық және шет елдік озық өндірістік және ғылыми-техникалық тәжірибе мәселелері жөніндегі техникалық-экономикалық информацияны жүзеге асырады;

баспа ісі, полиграфия мен кітап саудасы саласында шет елдермен байланыс жасауды жүзеге асыру жөніндегі шаралардың орындалуын белгіленген тәртіп бойынша қамтамасыз етеді;

Қазақ ССР-інің баспалары берген заказдардың шет елдерде және шет елдер заказдарының Қазақ ССР-інде полиграфиялық орындалуы туралы, Қазақ ССР-інің территориясындағы бейнелеу өнері туындыларының, тарих пен мәдениет ескерткіштерінің фотосурет материалдарын (негативтері мен позитивтерін) басып шығару және қайта басып шығару үшін шет елдерге берудің мақсатқа сәйкестігі туралы ұсыныстарды белгіленген тәртіп бойынша енгізеді.

8. Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетін Председатель басқарады, оны Қазақ ССР Конституциясына сәйкес Қазақ ССР Жоғарғы Советі тағайындайды.

Комитет Председателінің орынбасарлары болады, оларды Қазақ ССР Министрлер Советі тағайындайды. Председательдің орынбасарларының міндеттерін Комитеттің Председателі бөліп береді.

9. Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің Председателі колданылып жүрген заңдар, сондай-ақ СССР Министрлер Советінің, Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтары, СССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің бұйрықтары мен нұсқаулары негізінде және оларды орындау үшін белгіленген компетенция шегінде бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады және Комитет жүйесіндегі ұйымдар, кәсіпорындар мен мекемелер орындауға міндетті нұсқаулар береді және олардың орындалуын тексереді;

Комитеттің Председателі қажет болған реттерде Қазақ ССР министрліктерінің, ведомстволарының басшыларымен бірге бірлескен бұйрықтар мен нұсқауларды шығарады.

10. Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінде коллегия құрылады, оның құрамында Комитеттің Председателі (коллегияның председателі) мен Комитет Председателінің қызмет жөніндегі орынбасарлары, сондай-ақ Комитеттің басқа да басшы қызметкерлері мен мүдделі ұйымдардың өкілдері болады. Коллегияның мүшелерін Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

11. Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің Председателі Комитетке жүктелген тапсырмалар мен міндеттердің орындалуы үшін жеке басы жауап береді, Председательдің орынбасарларының, редакциялық-баспа коллегиясының бас редакторының, бас басқармалардың, басқармалардың бастықтары мен Комитеттің басқа да құрылымдық бөлімшелері басшыларының Комитет қызметінің жекелеген салаларын басқару үшін, сондай-ақ Комитет жүйесіндегі ұйымдардың, кәсіпорындар мен мекемелердің жұмысы үшін жауапкершілік дәрежесін белгілейді.

12. Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің коллегиясы өзінің үнемі өткізіліп тұратын мәжілістерінде баспасөздің идеялық және көркемдік дәрежесі жоғары туындыларын жасауға, баспа ісіне, полиграфия мен кітап саудасына басшылықты, істің орындалуын тексеруді, кадрларды іріктеп алу мен пайдалануды одан әрі жақсартуға байланысты негізгі мәселелерді, аса маңызды бұйрықтар мен нұсқаулардың жобаларын қарайды, халық депутаттарының облыстық Советтері атқару комитеттерінің баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі басқармаларының, сондай-ақ Комитет жүйесіндегі ұйымдардың, кәсіпорындар мен мекемелердің есептерін тыңдайды.

Коллегияның шешімдері, әдетте, Комитет Председателінің бұйрықтарымен жүзеге асырылады.

Председатель мен коллегия арасында келіспеушіліктер туған ретте Председатель бұл келіспеушіліктер туралы Қазақ ССР Министрлер Советіне баяндай отырып, өз шешімін іске асыра береді, ал коллегия мүшелері, өз тарапынан, Қазақ ССР Министрлер Советіне өз пікірлерін хабарлай алады.

13. Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті жанында кеңесші орган правосында редакциялық-баспа, ғылыми-техникалық және көркемдік советтері болады. Советтердің құрамдары мен олар туралы ережелерді Комитеттің Председателі бекітеді.

14. Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті өзіне белгіленген еңбек жөніндегі жоспар

мен басқару аппаратын ұстауға арнап бөлінген қаржылар шегінде Комитет жүйесіндегі ұйымдарды, кәсіпорындар мен мекемелерді белгіленген тәртіп бойынша құрады, қайта құрады және жояды.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті өзіне тікелей бағынатын кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің уставтарын (ережелерін) бекітеді.

15. Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің орталық аппаратының құрылымы мен қызметкерлер саңын СССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісіп алғаннан кейін Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің орталық аппараты мен құрылымдық бөлімшелерінің штаттық кестесін белгіленген тәртіп бойынша, сондай-ақ Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің Председателі бекітеді.

16. Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің Қазақ ССР-інің Мемлекеттік гербі бейнеленген, өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТИНІҢ БАСПАСӨЗ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИТЕТІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ¹

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТИНІҢ
1964 жылғы 11 апрельдегі № 241
ҚАУЛЫСЫ

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетін ұйымдастыру мәселелері» 1963 жылғы 4 ноябрьдегі № 876 қаулысына сәйкес:

2. Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті өзіне тікелей бағынатын кәсіпорындар мен ұйымдардан түсетін пайдадан бөлінетін қаржы есебінен ұсталатын болсын деп белгіленсін.

4. Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті комитеттің 7 мүшесінен құрылып, бұған председатель және оның 3 орынбасары кіретін болып белгіленсін.

Комитет председателінің полиграфия, күрделі құрылыс, басылатын қағаз сорттарын бөлу және полиграфия жабдықтары мәселелерін басқаратын орынбасары Қазақ ССР Жоспарлау комитетінің мүшесі болып табылады.

6. Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетіне берілетін кәсіпорындар мен ұйымдарда қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің, жеңілдіктер мен артықшылықтар берудің қазіргі шарттары сақталатын болсын, ал осы кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметкерлеріне балалар мекемелерімен және медициналық қызметпен пайдалану жөнінде бұрын пайдаланып келген праволары қалдырылатын болсын.

¹ 1-пунктің бірінші абзацы Қазақ ССР Министрлер Советінің 1967 ж. 12 августығы № 971-р жарлығымен күшін жойды деп танылды.

1-пунктің екінші абзацы, 3, 5, 7 және 8-пункттер Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

БАСПА ҚЫЗМЕТІН ЖАҚСARTУ ЖӘНЕ КІТАП САУДАСЫНДАҒЫ КЕМШІЛІКТЕРДІ ЖОЮ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ¹

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТИНІҢ
1964 жылғы 22 сентябрьдегі № 659
ҚАУЛЫСЫ

Баспа қызметін одан әрі жақсарту, мағынасы аз басылымдардың шығуына жол бермеу, кітап саудасындағы айтарлықтай кемшіліктерді жою мақсатымен және СССР Министрлер Советінің «Баспа қызметін жақсарту және кітап саудасындағы кемшіліктерді жою жөніндегі шаралар туралы» 1964 жылғы 2 июльдегі № 604 қаулысына сәйкес Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспасөз жөніндегі Мемлекеттік комитетіне Партияның халыққа коммунистік тәрбие беру және оны ғылыми біліммен қаруландыру, еңбекшілердің өмірге ғылыми көзқарасын қалыптастыру және мәдени-техникалық дәрежесін көтеру жөніндегі міндеттеріне сәйкес республикада баспа қызметін жақсарту міндеттелсін. Осы мақсаттарда:

а) Партияның еңбекшілер арасындағы идеологиялық жұмысының міндеттеріне мейлінше толық сай келетін және халық сүйіп оқитын кітаптар шығаруды қамтамасыз ету жөнінде шаралар әзірленіп, жүзеге асырылсын, мұнда Коммунистік партия саясатының коммунизмнің материалдық-техникалық базасын ойдағыдай жасауға, коммунистік қоғамдық қатынастарды қалыптастыруға, совет халқының коммунистік саналылығының өсуіне мүмкіндік жасайтын өміршең күшін ашып көрсететін әдебиеттер шығаруға айрықша көңіл бөлінсін; халық шаруашылығының салалары бойынша актуальды кітаптарды, отандық және дүниежүзілік әдебиет классиктерінің шығармаларын, советтік және осы заманғы шетелдік жазушылардың таңдаулы кітаптарын, барлық үлгідегі оқу орындары үшін оқулықтар, ғылым, ғылыми-көпшілік және анықтамалық әдебиеттер шығару қамтамасыз етілсін;

б) 1965 жылға арналған баспалардың тақырыптық жоспарларын қайта қарай отырып, олардан мағынасы аз және бірін-бірі қайталайтын басылымдар шығарылып тасталсын, ал осыған байланысты босаған қағаздар халықтың сұранымына ие болған актуальды кітаптар мен журналдарды шығару үшін пайдаланылсын; шығыны көп және қымбат тұратын басылымдарды орынсыз шығаруға жол бермей әрбір баспаның рентабельділігі қамтамасыз етілсін;

в) шығарылатын әдебиетке халықтың сұранымын зерттеу жөніндегі жұмыс жақсартылсын және кітаптардың тиражы еңбекшілердің баспалық басылымдарға нақты қажеттілігін еске ала отырып анықталсын.

2. Кейбір лауазым адамдарының авторларға жағыну үшін кітапты басып шығару және тиражын белгілеу мәселелері бойынша сұраным мен оларды тарату мүмкіншілігін есепке алмай баспалар мен кітап саудасы ұйымдарына қысым жасауы теріс практика ретінде әшкереленсін.

Кітаптардың тираждары Партияның қазіргі кезеңдегі идеология-

¹ 9-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

4-пункт СССР Министрлер Советінің 1964 ж. 2 июльдегі № 604 қаулысының нормаларын қайталайтын болғандықтан келтірілмеді (СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз).

лық жұмысының міндеттері негізінде кітап магазиндері мен кітап саудасы орындарының заказдары ескеріле отырып анықталады деп белгіленсін. Бұл жұмысты неғұрлым ойдағыдай жүргізу үшін әдебиетке заказдарды қоғамдық ұйымдарды, білім салалары бойынша мамандарды, сондай-ақ кітап магазиндері жанындағы әдебиеттерді таратуға жәрдемдесу жөніндегі совет мүшелері мен «Кітап достары» советі мүшелерін тарта отырып, магазин қызметкерлері жасауға тиісті деп танылсын.

3. Ақтуальдығы кем және тар ведомстволық басылымдардың жарық көруіне жол бермеу мақсатымен кітаптар мен кітапшалар (ғылыми-техникалық информация басылымдарынан басқасы) тек кітап баспалары арқылы ғана шығарылатын болып белгіленсін. Осыған байланысты баспалар белгіленген тәртіп бойынша кітап шығару правосы берілген министрліктерден, мемлекеттік комитеттерден, ғылыми мекемелерден, оқу орындарынан және басқа ұйымдардан заказ басылымдар ретінде шығару үшін кітаптар мен кітапшалардың қолжазбаларын алуға міндеттелсін; барлық шығындар, соның ішінде қағаз бен түптеу материалдарын сатып алуға жұмсалатын шығындар заказ берушінің есебінен өтелетін болсын.

5. Өлкелік атқару комитеттеріне, облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетіне, Қазақ ССР Байланыс министрлігіне, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына бір айдың ішінде совхоздар мен колхоздардың орталық усадьбаларында, қалалардың шетінде және жұмысшы поселкелерінде, кәсіпорындар мен мекемелерде магазиндер мен киоскілер ашуды көздей отырып, кітап саудасы жүйелерін дамыту және кітап саудасы ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту жөніндегі, сондай-ақ көркем, саяси, ғылыми, өндірістік-техникалық және басқа әдебиетті сататын арнаулы магазиндерді ұйымдастыру жөніндегі шараларды жасау міндеттелсін.

Жұрт көп жүретін жерлерде, соның ішінде көшелерде, парктерде, кинотеатрларда, мәдениет үйлерінде, т. б. кітап сату ісі ұйымдастырылсын. Кітап саудасының магазиннен тыс формалары кеңінен енгізілсін, бұл үшін қоғамдық ұйымдар, мектептер, кітапханалар, клубтар және қоғамдық негізде жұмыс істейтін кітап таратушылар қатыстырылатын болсын.

Еңбекшілер депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері жаңа тұрғын үй аудандарын жобалаған кезде арнаулы кітап магазиндерін салуды және жабдықтауды көздейтін болсын.

6. Қазақ ССР министрліктері мен ведомстволарының басшылары республиканың кәсіпорындарында, ұйымдарында, мекемелері мен оқу орындарында қоғамдық негізде жұмыс істейтін кітап магазиндері мен киоскілеріне арнап жабдықталған үйлер берілуін қамтамасыз етуге міндеттелсін.

7. Қолхоздардың басқармаларына тұтыну кооперацияларының ұйымдарына магазиндер мен киоскілерге арнап тиісті үйлер беру ұсынылсын.

8. Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы 1966—1970 жылдарға халық шаруашылығы жоспарын жасаған кезде қалалар мен селолық жерлерде кітап саудасы жүйесін дамыту жөнінде шаралар көздерсін.

10. Кітап магазиндерін мамандандыру кітап саудасын жақсартудың пәрменді құралдарының бірі екенін ескере келіп, Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетіне мыналарды орындау тапсырылсын:

а) Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы мен Қазақ ССР Жоғары және орта арнаулы білім министрлігімен бірлесе отырып екі айлық мерзім ішінде Қазақ ССР Министрлер Советіне мамандандырылған кітап магазиндерінде жұмыс істеу үшін жоғары және орта маман кітап саудасы қызметкерлерін дайындау мен қайта дайындауды жақсарту туралы ұсыныс енгізісін;

б) барлық облыс және өлке орталықтарында басқа қалаларда тұратын сатып алушыларды, әсіресе шалғай аудандарда және селолық жерде тұратындарды қамту үшін, сондай-ақ кітаптың бар қорын өткізу және тиражы аз басылымдарды неғұрлым жедел тарату үшін «Книга-почтой» магазиндері ашылсын; қазіргі бар магазиндердің жұмысын жақсарту жөнінде қажетті шаралар қолданылсын;

в) Қазақ ССР Сауда министрлігімен бірлесіп радио және фото жабдықтарын, музыкалық аспаптар, спорт товарларын сататын магазиндерде және басқа магазиндерде арнаулы әдебиет сату ұйымдастырылсын.

11. Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағы мен оның жергілікті жерлердегі органдарына селодағы кітап саудасына басшылықты жақсартуға, саяси, ауыл шаруашылық және басқа әдебиетті сатуды мықты арттыруды қамтамасыз ету міндеттелсін.

12. Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағына барлық кітап баздарында, қоймалары мен магазиндерінде бүкіл әдебиетті жылына кемінде бір рет бас-басына есепке алу тапсырылсын. Кітап саудасы ұйымдары баспалармен бірлесіп кітаптардың, кітапшалар мен бейнелеу өнімдерінің өткізілуіне ұдайы бақылау жасап отыратын болсын.

13. Жарық көрген және шығарылайын деп жатқан кітаптар жөнінде халықты хабардар етуді ұлғайту мақсатында:

а) Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетіне жарнама-информация қызметінің құрылымын қазіргі штат шеңберінде қайта қарау, жарнама-информация материалдарын шығаруды ұлғайту, баспалардың өздері шығаратын әдебиетті насихаттау жөніндегі жұмысын жолға қою тапсырылсын;

б) газеттердің, журналдардың, радио мен телевизияның редакциялық коллегияларына жаңадан шығатын кітаптарды насихаттауға көбірек назар аудару ұсынылсын, бұл үшін журналистер, баспа, кітап сауда ұйымдары қызметкерлері, творчестволық одақтар өкілдері қатарынан қоғамдық негізде жұмыс істейтін библиография және әдебиетті насихаттау редакциялары құрылсын, сондай-ақ кітаптар туралы жарнама материалдар басылған қосымша беттері бар газеттер мен басқа да басылымдар ұдайы шығарылып тұратын болсын.

Газеттердегі, журналдардағы, радио мен телевизия хабарларындағы кітаптар туралы жарнама-информация материалы өзіндік құны бойынша төленуге тиіс;

в) Қазақ ССР Министрлер Советінің Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетіне Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетінің ұсынуы бойынша «Советтік Қазақстан» журналдарына шыққан кітаптар туралы материалдар қосу, ал ғылыми-көпшілік фильмдерде тиісті тақырыптағы кітаптар туралы информация беру міндеттелсін.

14. Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетіне жыл сайын кітап лотереяларын өткізу рұқсат етілсін, ұтысқа ақша төленбей, тек кітаппен өтелетін болсын.

Қазақ ССР Министрлер Советінің Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетіне Қазақ ССР Финанс министрлігімен бірлесе отырып екі

айлық мерзім ішінде СССР Министрлер Советінің Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісу үшін жыл сайынғы кітап лотореясын өткізу шарттары мен тәртібін дайындап Қазақ ССР Министрлер Советіне ұсыну тапсырылсын.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАСПАЛАРДЫҢ АТТАРЫН ӨЗГЕРТУ, ОЛАРДЫҢ ПРОФИЛІН ЖӘНЕ ОЛАР ШЫҒАРАТЫН ӘДЕБИЕТТЕРДІҢ СИПАТЫН БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТИНІҢ
1964 жылғы 12 июньдегі № 423
ҚАУЛЫСЫ**

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің республикалық баспалардың аттарын өзгерту, олардың профилін және олар шығаратын әдебиеттердің сипатын белгілеу туралы ұсынысы қосымшаға сәйкес қабылданды.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің
1964 жылғы 12 июньдегі № 423 қау-
лысына
КОСЫМША*

ҚАЗАҚ ССР БАСПА, ПОЛИГРАФИЯ ЖӘНЕ КІТАП САУДАСЫ ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАСПАЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ, ОЛАРДЫҢ ПРОФИЛІ ЖӘНЕ ОЛАР ШЫҒАРАТЫН ӘДЕБИЕТТЕРДІҢ СИПАТЫ

I. Қазақ мемлекет баспасы бұдан былай «Қазақстан» баспасы деп аталатын болсын.

«Қазақстан» баспасы марксизм-ленинизм классиктерінің кітаптарын, жинақтарын, шығармаларының жинақтарын, КПСС пен халықаралық коммунистік қозғалыстың аса көрнекті қайраткерлерінің шығармаларын басып шығарады, КПСС пен Совет мемлекетінің, Қазақстан Компартиясы мен Қазақ ССР-інің тарихы жөніндегі документтер мен материалдар жинақтарын, маркстік-лениндік теорияны оқып-үйренушілерге көмек үшін оқулықтар мен оқу құралдарын, философия, саяси экономия, қоғамтану, ғылыми атеизм, коммунистік қоғамдық қатынастарды қалыптастыру жөнінде, қазіргі жағдайдағы партия және совет құрылысының тәжірибесі және республиканың партия, кәсіподақ, комсомол және пионер ұйымдарының жұмыс тәжірибесі туралы кітаптар мен кітапшалар, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру жөнінде бұқаралық-саяси әдебиет шығарады, нақты экономика мен жоспарлау, халық шаруашылығын басқаруды ұйымдастыру, совет заңы жөніндегі, мемлекет пен право, халықаралық қатынастар жөніндегі әдебиетті шығарады; ауыр өнеркәсіп салалары бойынша (қара және түсті металлургия, химия, көмір, мұнай, машина жасау және энергетика), құрылыс және құрылыс индустриясы, транспорт, сауда, халық тұтынатын товарлар өндіру, коммуналдық шаруашылық, техникалық прогресс, өндіріс озаттары мен жаңашылдары туралы кітаптар мен кітапшалар шығарады; мәдениет, медицина, физкультура мен спорт, туризм мәселелері бойынша әдебиет, ғылыми-көп-

шілік, анықтамалық және библиографиялық әдебиет, календарьлар, жол көрсеткіштер, кітап шежірелері мен жинақтар, полиграфия және баспа ісі жөніндегі кітаптар, бейнелеу өнері шығармалары мен плакаттар шығарады.

2. Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы бұдан былай «Жазушы» баспасы деп аталатын болсын.

«Жазушы» баспасы қазақ әдебиеті классиктерінің шығармаларын және Қазақстанның қазіргі жазушылары мен ақындарының шығармаларын басып шығарады. Орыс әдебиетінің және СССР халықтары әдебиетінің, халықтық демократия елдерінің және шет елдердің қазіргі прогресшіл жазушыларының таңдаулы шығармаларын қазақ тіліне аударып шығарады. Әдебиеттану және сын, музыка мен өнер жөніндегі шығармаларды басып шығарады.

3. Қазақ мемлекеттік оқу-педагогика баспасы бұдан былай «Мектеп» баспасы деп аталатын болсын.

«Мектеп» баспасы бастауыш, орта және жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар, оқу құралдарын, оқу-методикалық және оқу-педагогикалық әдебиеттер шығарады, мектеп сөздіктерін, көрнекі құралдар, кәсіптік-техникалық білім беретін оқу орындарына арналған кітаптар, музыка, оқу-педагогикалық әдебиеттер, мектеп оқушыларына арналған ғылыми-көпшілік әдебиет, ата-аналарға арналған және кластан тыс, мектептен тыс оқуға арналған кітаптар шығарады.

4. Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылық әдебиет баспасы бұдан былай «Қайнар» баспасы деп аталатын болсын.

«Қайнар» баспасы ауыл шаруашылығының барлық салалары, ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру мен дайындау жөніндегі әдебиетті шығарады; ауыл шаруашылығы мәселелері бойынша оқу-методикалық әдебиеттер, плакаттар мен көрнекі құралдар, сондай-ақ ауыл село еңбеккерлерінің мамандықтарына қарай анықтамалықтар мен көрсеткіштер шығарады.

5. Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы бұдан былай «Ғылым» баспасы деп аталатын болсын (баспа қосарлас бағыныста — Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумына және Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетіне бағынады).

«Ғылым» баспасы ғылыми және ғылыми-көпшілік әдебиетті; монографиялар, ғылыми-зерттеу институттарының еңбектерін, документтер мен материалдар жинақтарын, Қазақстанның көрнекті ғалымдарының шығармалар жинақтарын, техникалық, жаратылыстану және қоғамдық ғылымдар бойынша сөздіктер мен анықтамалықтар, әдебиеттің библиографиялық көрсеткіштерін, сондай-ақ Академияның ғылыми журналдарын шығарады.

§ 5. ШЕТЕЛ ТУРИЗМІ

ҚАЗАҚ ССР ШЕТЕЛДІК ТУРИЗМ ЖӨНІНДЕГІ БАС БАСҚАРМАСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ¹

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТИНІҢ
1984 жылғы 21 июньдегі № 263
ҚАУЛЫСЫ
(Қазақ ССР ҚЖ, 1984 ж., № 13, 50-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Қазақ ССР Шетелдік туризм жөніндегі бас басқармасы туралы осыған қосылған ереже бекітілсін.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің
1984 жылғы 21 июньдегі № 263
қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН*

ҚАЗАҚ ССР ШЕТЕЛДІК ТУРИЗМ ЖӨНІНДЕГІ БАС БАСҚАРМАСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Қазақ ССР Шетелдік туризм жөніндегі бас басқармасы одақтық-республикалық мемлекеттік басқару органы болып табылады.

Қазақ ССР Шетелдік туризм жөніндегі бас басқармасы өз қызметінде Қазақ ССР Министрлер Советі мен СССР Шетелдік туризм жөніндегі мемлекеттік комитетіне бағынады.

Қазақ ССР Шетелдік туризм жөніндегі бас басқармасы Қазақ ССР-інде шетелдік туризмнің, Қазақ ССР-інен шетелге советтік туризмнің жайы мен оны дамытуға жауап береді және өзіне тапсырылған басқару сферасында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізілуін қамтамасыз етеді.

2. Қазақ ССР Шетелдік туризм жөніндегі бас басқармасының басты міндеттері мыналар:

¹ 2-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

— совет халқының шетелдер халықтарымен байланысын ұлғайту, Совет Одағының халықаралық беделін одан әрі нығайту, СССР мен Қазақ ССР-інің мемлекеттік шаруашылық және мәдени құрылыс саласындағы жетістіктерін насихаттау, сондай-ақ совет азаматтарына түрлі елдердің өмірімен, тарихи ескерткіштерімен, өнер туындыларымен және басқа көрікті жерлерімен, шетелдегі мәдениет, ғылым және техника жетістіктерімен танысуға мүмкіндік беру мақсатында Қазақ ССР-іне шетелдік туризмнің және Қазақ ССР-інен шетелге советтік туризмнің барлық түрлерін дамытуды қамтамасыз ету;

— Қазақ ССР-інің туристік потенциалын барынша пайдалану;

— шетелдік туризмнің материалдық-техникалық базасын кеңейту жөніндегі тапсырмаларды және мемлекеттік жоспардың басқа да тапсырмаларын орындау, мемлекеттік тәртіптің қатаң сақталуын қамтамасыз ету;

— республика территориясында шетел туристерін қабылдаумен және оларға қызмет көрсетумен, Қазақ ССР-інен шетелге совет туристерінің сапарын ұйымдастырумен байланысты Қазақ ССР-і министрліктерінің, ведомстволары мен қоғамдық ұйымдардың қызметін үйлестіру;

— туризмнің саяси және экономикалық тиімділігін арттыру жөнінде шаралар әзірлеп, жүзеге асыру;

— еңбекті және басқаруды ғылыми ұйымдастыруды енгізу, СССР Шетелдік туризм жөніндегі мемлекеттік комитетінің республика территориясында орналасқан кәсіпорындарын, мекемелері мен ұйымдарын білікті кадрлармен қамтамасыз ету, қызметкерлердің білімі мен тәжірибесін жақсы пайдалану үшін жағдайлар жасау, өзін жақсы жағынан көрсеткен жас мамандарды басшы жұмысқа жоғарылату;

— СССР Шетелдік туризм жөніндегі мемлекеттік комитетінің республика территориясында орналасқан кәсіпорындары, мекемелері мен ұйымдары жұмысшыларының, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілерінің тұрғын үй және мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсартып, оларға қажетті еңбек жағдайларын жасау.

3. Қазақ ССР Шетелдік туризм жөніндегі бас басқармасы СССР Шетелдік туризм жөніндегі мемлекеттік комитеті бірыңғай жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады және өзіне жүктелген міндеттерді орындауды тікелей, сондай-ақ республика территориясында орналасқан Интурист ұйымдары арқылы жүзеге асырады.

4. Қазақ ССР Шетелдік туризм жөніндегі бас басқармасы өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

а) Қазақ ССР-інде шетелдік туризмді және республикадан шетелге советтік туризмді дамытудың негізгі бағыттарының жобаларын белгіленген тәртіп бойынша әзірлеп, бекітуге табыс етеді;

б) Қазақ ССР-інің территориясында шетелдік туризмнің жаңа аудандары мен маршруттарын ашу туралы, сондай-ақ шетелдік туризмнің материалдық-техникалық базасын ұлғайтып, жетілдіру туралы ұсыныстарды белгіленген тәртіп бойынша әзірлеп, СССР Шетелдік туризм жөніндегі мемлекеттік комитетіне табыс етеді;

в) шетел туристерімен информация-экскурсия жұмысы жүргізілуін ұйымдастырады; информация-экскурсия жұмысы жөніндегі методикалық құралдар мен анықтамалықтарды белгіленген тәртіп бойынша әзірлейді және басып шығарады; жарнамалық проспектілер, буклеттер, плакаттар мен басқа да басылымдар шығарады; халықаралық жәрмеңкелер мен көрмелерге қатысады; белгіленген тәртіп бойынша курстар ұйымдастырады; шетелдік туризм саласында насихат, информация-экскурсия және жарнама жұмысын жүргізетін Қазақ ССР-і министрліктерінің, ведомстволарының және ұйымдардың қызметін үйлестіреді;

г) Интурист қонақ үйлерін, мотельдерін, кемпингтері мен басқа да объектілерін салуға және қайта құруға арналған жобалау-смета документтемесі мен титулды тізімдері белгіленген тәртіп бойынша әзірленіп, бекітілуін қамтамасыз етеді;

д) шетел туристеріне қызмет көрсету үшін қонақ үйлер, мотельдер, кемпингтер және басқа объектілер салуға арналған шарттарды белгіленген тәртіп бойынша жасайды, осы жұмыстарды, тікелей шетелдік фирмалар орындайтыннан басқаларын, СССР Шетелдік туризм жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақ ССР Шетелдік туризм жөніндегі бас басқармасына бөлетін лимиттер шеңберінде қаржылайдыруды жүзеге асырады; мердігер ұйымдардың аталған объектілерді салу жоспарларын орындауын бақылайды;

е) республика территориясында өткізілетін халықаралық шараларға (съездерге, конгрестерге, симпозиумдарға, көрмелерге, мәдени, спорт және басқа шараларға) тиісті министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп туристік негізде қызмет көрсетуді ұйымдастыруға қатысады;

ж) қонақ үйлердің, мотельдердің, кемпингтердің, ресторандардың және шетелдік туризмнің материалдық-техникалық базасының басқа да объектілерінің техникалық жайын жақсарту жөніндегі шараларды әзірлеп, Қазақ ССР Министрлер Советі мен СССР Шетелдік туризм жөніндегі мемлекеттік комитетінің қарауына ұсынады;

з) туризм саласында халықаралық байланыстардың белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылуына жәрдемдеседі;

и) республикада туристерге берілетін қызметтерді кеңейту, оларға қызмет көрсету сапасын арттыру жөніндегі шараларды жүргізуге қатысады; шетел туристерінің сұранымына не болған сувенирлер мен сыйлық бұйымдар өндіруді ұлғайту және олардың кең көлемді саудасын ұйымдастыру жөніндегі ұсыныстарды белгіленген тәртіп бойынша әзірлеп, енгізеді;

к) СССР Шетелдік туризм жөніндегі мемлекеттік комитеті жүйесінің Қазақ ССР-і территориясында орналасқан кәсіпорындары мен ұйымдары қызметкерлерінің лауазымын атқару жөніндегі ұсыныстарды белгіленген тәртіп бойынша және СССР Шетелдік туризм жөніндегі мемлекеттік комитеті бекіткен номенклатураға орай табыс етеді;

л) білікті басшы, инженер-техник қызметкерлерді, жұмысшылар мен қызметшілерді іріктеу, тәрбиелеу мен даярлау, оларды дұрыс пайдалану, еңбек және өндірістік тәртіпті нығайту жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

м) Қазақ ССР Шетелдік туризм жөніндегі бас басқармасының орталық аппараты қызметкерлерінің қызмет окладтарын, қызмет окладтары схемаларын сақтай отырып, орташа қызмет окладтары бойынша есептелген жалақы қоры шеңберінде белгілейді және өзгертеді;

н) кәсіподақтың республикалық комитетімен бірлесе отырып:

коллективтік шарттардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады; социалистік жарысты және еңбекке коммунистік көзқарас жолындағы қозғалысты дамыту жөнінде жұмыс жүргізеді, еңбектің озық әдістері мен озық тәжірибені зерттеуді, қорыту мен таратуды ұйымдастырады;

таңдаулы еңбек коллективтері мен жекелеген қызметкерлерді құрмет грамоталарымен, грамоталармен және дипломдармен белгіленген тәртіп бойынша наградтайды және көтермелеудің басқа да түрлерін қолданады;

о) азаматтардың ұсыныстары, арыздары мен шағымдары уақтылы және мұқият қаралуын ұйымдастырады, оларда қойылған мәселелердің дұрыс шешілуіне күш салады, тексеру кезінде беті ашылған кемшіліктерді жоюға шаралар қолданады.

5. Қазақ ССР Шетелдік туризм жөніндегі бас басқармасына өзінің алдында тұрған міндеттерді шешу және оған жүктелген функцияларды орындау үшін мынадай право беріледі:

а) Партия мен Үкіметтің ССРСР-дегі шетелдік туризм және шетелге советтік туризм мәселелері жөніндегі шешімдерін Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволарының орындауын бақылауға;

б) кәсіпорындар мен ұйымдардың ведомстволық иелігіне қарамастан олардың шетел туристерін ССРСР-де қабылдау және оларға қызмет көрсету ережелерін сақтауын тексеруге, тексеру кезінде беті ашылған кемшіліктерді жою жөнінде орындалуы міндетті нұсқаулар беруге, ал қажет болған реттерде жол берілген тәртіп бұзушылықтарға кінәлы басшылар мен басқа да лауазымды адамдарды жауапқа тарту туралы ұсыныстар енгізіп отыруға;

в) Қазақ ССР-інде шетел туристеріне қызмет көрсетуді жақсарту және совет туристерінің республикадан шетелге баруын ұйымдастыру мәселелерін әзірлеу ісіне мамандарды министрліктер, ведомстволар, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар мен жоғары оқу орындары басшыларының келісуі бойынша қатыстыруға;

г) Қазақ ССР-інің министрліктерінен, ведомстволарынан, кәсіпорындардан, мекемелер мен ұйымдардан Қазақ ССР Шетелдік туризм жөніндегі бас басқармасының компетенциясына жататын мәселелер жөнінде қажетті материалдар алуға.

6. Қазақ ССР Шетелдік туризм жөніндегі бас басқармасы өз қызметінде ССРСР-дің заңдарын, ССРСР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, Қазақ ССР-інің заңдарын, Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, ССРСР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтарын, ССРСР Шетелдік туризм жөніндегі мемлекеттік комитетінің бұйрықтарын, нұсқаулары мен тапсырмаларын, осы Ережені және басқа нормативтік актілерді басшылыққа алады, сондай-ақ қолданылып жүрген заңдардың дұрыс қолданылуын қамтамасыз етеді.

Қазақ ССР Шетелдік туризм жөніндегі бас басқармасы өз компетенциясына енетін мәселелер жөніндегі заңдардың қолданылу практикасын қорытады, оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеп, Қазақ ССР Министрлер Советі мен ССРСР Шетелдік туризм жөніндегі мемлекеттік комитетінің қарауына енгізеді.

7. Қазақ ССР Шетелдік туризм жөніндегі бас басқармасын Бастық басқарады, оны Қазақ ССР Министрлер Советі тағайындайды.

Қазақ ССР Шетелдік туризм жөніндегі бас басқармасы Бастығының орынбасарларын Қазақ ССР Министрлер Советі тағайындайды.

Қазақ ССР Шетелдік туризм жөніндегі бас басқармасының Бастығы Бас басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауап береді, бастықтың орынбасарлары мен Бас басқарма орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелері басшыларының Қазақ ССР Шетелдік туризм жөніндегі бас басқармасы қызметінің жекелеген учаскелеріне басшылық үшін жауапкершілік дәрежесін бегілейді.

8. Қазақ ССР Шетелдік туризм жөніндегі бас басқармасы өз компетенциясы шеңберінде бұйрықтар мен нұсқаулар шығарып, тапсырмалар береді және олардың орындалуын тексереді.

Қазақ ССР Шетелдік туризм жөніндегі бас басқармасы қажет болған реттерде Қазақ ССР-інің басқа министрліктерімен және ведомстволарымен бірлесіп немесе олардың келісуі бойынша бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады.

9. Қазақ ССР-і министрліктерінің, ведомстволарының қызметін үйлестіру, Қазақ ССР-інде шетелдік туризмді және Қазақ ССР-інің шетелге советтік туризмді дамытудың негізгі бағыттары жөніндегі ұсыныстарды қарау үшін Қазақ ССР Шетелдік туризм жөніндегі бас басқармасы жанынан Қазақ ССР-і министрліктерінің, ведомстволарының және ұйымдардың өкілдерінен ведомствоаралық совет құрылады, олардың тізбесін Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

Советтің өз компетенциясына жататын мәселелер жөніндегі шешімдері Қазақ ССР-інің министрліктері, ведомстволары үшін міндетті болып табылады.

Ведомствоаралық совет туралы ережені Қазақ ССР Шетелдік туризм жөніндегі бас басқармасының Бастығы бекітеді.

10. Қазақ ССР Шетелдік туризм жөніндегі бас басқармасы орталық аппаратының құрылымы мен қызметкерлер санын Қазақ ССР Министрлер Советі СССР Шетелдік туризм жөніндегі мемлекеттік комитетінің келісуі бойынша бекітеді.

Қазақ ССР Шетелдік туризм жөніндегі бас басқармасы орталық аппаратының штат кестесін, сондай-ақ оның құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді Қазақ ССР Шетелдік туризм жөніндегі бас басқармасының Бастығы белгіленген тәртіп бойынша бекітеді.

11. Қазақ ССР Шетелдік туризм жөніндегі бас басқармасының Қазақ ССР Мемлекеттік гербі бейнеленген, өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

§ 6. АРХИВ ІСІ

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ БАС АРХИВ
БАСҚАРМАСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ССР-інің
ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК АРХИВТЕРІНІҢ ЖҮЙЕСІН
БЕКІТУ ТУРАЛЫ¹**

**ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1980 жылғы 15 августағы № 326
ҚАУЛЫСЫ
(Қазақ ССР ҚЖ, 1980 ж., № 18, 48-ст.)**

СССР Министрлер Советінің «СССР-дің Мемлекеттік архив қоры туралы Ережені және СССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасы туралы Ережені бекіту туралы» 1980 жылғы 4 апрельдегі № 274 қаулысына² сәйкес Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасы туралы осыған қосылған Ереже және Қазақ ССР-інің орталық мемлекеттік архивтерінің жүйесі бекітілсін.

Облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетіне Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасымен келісіп алғаннан кейін мемлекеттік архивтер мен олардың филиалдарының жүйесін бекіту міндеттелсін.

2. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасы, халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері Қазақ ССР-інің мемлекеттік және ведомстволық архивтерінде сақталатын СССР-дің Мемлекеттік архив қоры документтерінің сақталуын бақылауды жақсартуға шаралар қолдаисын және бұл документтерді сақтау мен пайдалану үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ететін болсын.

Осы мақсаттарда:

Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасы:

¹ 5, 7, 8-пункттер және қаулыға қосымша Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

² СССР Заңдары жинағының 3-томын қараңыз.

— ведомстволық архивтерді жүргізу мен іс жүргізу, тиісті қызметкерлердің біліктілігін арттыруда министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге, ведомстволарға, мекемелерге, ұйымдар мен кәсіпорындарға көмек көрсету жөніндегі жұмысқа ұйымдық-методикалық басшылықты күшейтсін;

— мемлекеттік және ведомстволық архивтердегі документтерді есепке алудың, өңдеу мен сақтаудың жайын тиянақты бақылауды, сондай-ақ Қазақ ССР-інің мемлекеттік және ведомстволық архивтерінде сақталатын СССР-дің Мемлекеттік архив қорының документтерін мемлекеттік есепке алуды қамтамасыз етсін;

— Қазақ ССР Мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамымен, творчестволық одақтармен және басқа қоғамдық ұйымдармен бірлесіп, бұқаралық информация органдарын қатыстыра отырып документтік ескерткіштердің насихатталуын, олардың идеологиялық, саяси-тәрбие жұмысында пайдаланылуын кеңейтсін.

Халық депутаттарының облыстық, қалалық және аудандық Советтерінің атқару комитеттері мемлекеттік архивтер мен олардың филиалдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға, оларды документтерді ұзақ мерзім сақтауға жарамды үйлермен қамтамасыз етуге қосымша шаралар қолдансын.

3. Қазақ ССР-інің министрліктеріне, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволарына мыналар міндеттелсін:

— ведомстволық архивтердің жұмысын жетілдіруге, оларды арнаулы үйлермен, жабдықтармен қамтамасыз етуге, білікті кадрлармен нығайтуға, сондай-ақ Іс жүргізудің бірыңғай мемлекеттік жүйесі мен ұйымдық-жарлық документтемесінің бірегей жүйесін енгізу негізінде іс жүргізуді жақсартуға шаралар қолдансын;

— Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасымен келісіп алғаннан кейін архив документтерінің сақталуын қамтамасыз етуге және оларды мемлекеттік сақтауға өткізуге дайындаудың белгіленген тәртібінің сақталуына ішкі ведомстволық бақылауды күшейтуді еске ала отырып орталық ведомстволық архивтер және министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың документтерінің ғылыми және практикалық құндылығын анықтау жөніндегі орталық сарапшы комиссиялар туралы ережелерді 1981 жылғы 1 июльге дейінгі мерзімде бекітсін;

— қарамағындағы ғылыми-зерттеу, жобалау-іздістіру және конструкторлық-технологиялық ұйымдардың қызметінде пайда болатын ғылыми-техникалық документтемені мемлекеттік сақтауға өткізу үшін іріктеп алу және дайындау жөніндегі жұмысты ұйымдастырсын, мемлекеттік сақтауға белгіленген тәртіп бойынша өткізуге жататын ғылыми-техникалық документтеме проблемаларының (тақырыптарының) тізбесін 1983 жылға таман жасасын, ал олардың құндылығын сараптау мен сипаттау ісін 1985 жылға таман аяқтасын.

4. Қазақ ССР Кинематография жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Телевизия және радиохабар жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Информация агенттігі кинофотофонодокументтерді белгіленген мерзімдерде мемлекеттік сақтауға өткізу үшін әзірлеу жұмысын күшейтсін.

6. Былай деп белгіленсін:

— облыстардың мемлекеттік архивтері мен олардың филиалдары, Алматы қаласының Орталық мемлекеттік архиві туралы ережелерді облыстық және Алматы қалалық атқару комитеттері Қазақ ССР Мини-

стрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасының келісуі бойынша бекітеді.¹

— жеке құрамы бойынша шаруашылық есептегі архивтер туралы ережелерді облыстық атқару комитеттерінің архив бөлімдері Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасымен келісіп алғаннан кейін бекітеді.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің
1980 жылғы 15 августығы № 326
қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН*

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ БАС АРХИВ БАСҚАРМАСЫ ТУРАЛЫ Е Р Е Ж Е

1. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасы (Қазақ ССР-інің Бас архиві) мемлекеттік басқарудың одақтық-республикалық органы болып табылады.

Қазақ ССР-інің Бас архиві Қазақ ССР Министрлер Советіне және СССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасына бағынады.

Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасы Қазақ ССР-інің мемлекеттік және ведомстволық архивтерінде сақталатын СССР-дің Мемлекеттік архив қорына нелік жасайды, республикадағы архив ісінің жайына, оны одан әрі өрістетіп, жетілдіруге және бұл салада ғылыми-техникалық прогрестің енгізілуіне жауап береді.

«Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақ ССР Заңына сәйкес Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасы республикадағы документтік ескерткіштерді қорғауға уәкілдік берілген арнаулы мемлекеттік орган болып табылады.

2. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасының басты міндеттері мыналар:

— СССР-дің Мемлекеттік архив қоры документтерінің сақталуын қамтамасыз ету, мемлекеттік архивтер мен олардың филиалдарының толықтырылуын және оларда сақталатын документтердің СССР-дің Мемлекеттік архив қоры туралы Ережеге сәйкес пайдаланылуын ұйымдастыру;

— тарих пен мәдениеттің документтік ескерткіштерін қорғау мен пайдалану саласында мемлекеттік басқару;

— архивтану, документтану, археография саласында ғылыми және методикалық жұмысты ұйымдастырып, үйлестіру; ғылыми зерттеулердің нәтижелері мен ғылыми-техникалық жетістіктерді Қазақ ССР-і архив мекемелерінің жұмыс практикасына енгізу;

— ведомстволық архивтердің қызметіне және министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың, мекемелердің, ұйымдар мен кәсіпорындардың іс жүргізуінде документтердің ұйымдастырылуына ұйымдық-методикалық басшылық ету;

архив ісі саласындағы жұмыстың отандық және шетелдік озық тәжірибесін тарату, Қазақ ССР-інде архив ісін одан әрі өрістетіп, жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

3. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқарма-

¹ 6-пунктің екінші абзацына Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 ж. 7 июньдегі № 243 қаулысымен өзгерістер енгізілген (Қазақ ССР ҚЖ, 1984 ж. № 12, 47-ст.).

сы архив ісіне тікелей немесе облыстық атқару комитеттері мен Алматы қалалық атқару комитетінің архив бөлімдері арқылы басшылық етеді, Қазақ ССР-інің орталық мемлекеттік архивтерін және қарамағындағы республикалық бағыныстағы басқа да мекемелерді басқарады.

Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасы, жергілікті архив органдары және олардың қарамағындағы мемлекеттік архивтер СССР-дің мемлекеттік архив қызметінің құрамдас бөлігі болып табылады және СССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасының бірыңғай жүйесіне кіреді.

4. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасы өз қызметінде СССР мен Қазақ ССР заңдарын, СССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының, Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтарын, басқа да нормативті актілерді, СССР-дің Мемлекеттік архив қоры туралы Ережені, СССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасының бұйрықтары мен нұсқауларын, осы Ережені басшылыққа алады және қолданылып жүрген заңдардың Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасы жүйесінің мекемелері мен ұйымдарында дұрыс қолданылуын қамтамасыз етеді.

5. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасы өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

— Қазақ ССР-інің мемлекеттік және ведомстволық архивтерінде сақталатын СССР-дің Мемлекеттік архив қоры документтерінің жинақталуы мен сақталуын ұйымдастырады, документтерді мемлекеттік архивтер мен олардың филиалдарына, сондай-ақ музейлер мен кітапханаларға өткізу тәртібін белгілейді; қоғамдық ұйымдар мен азаматтардың меншігіндегі тарих пен мәдениеттің документтік ескерткіштерімен СССР-дің Мемлекеттік архив қорын толықтырудың белгіленген тәртібінің сақталуын қамтамасыз етеді; министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге, ведомстволар мен ғылыми мекемелерге шетелден түскен документтерді белгіленген тәртіп бойынша анықтап, мемлекеттік архивтерге іріктеп алады;

— Қазақ ССР-інің мемлекеттік және ведомстволық архивтерінде сақталатын СССР-дің Мемлекеттік архив қоры документтерінің, қоғамдық ұйымдар мен азаматтардың меншігіндегі тарих пен мәдениеттің документтік ескерткіштерінің мемлекеттік есебін жүргізеді және олар жайында СССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасына мәліметтер табыс етеді; аталған документтердің сақталуы мен пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

— Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасы мен оның қарамағындағы мекемелер қызметінің мәселелері бойынша өз компетенциясы шеңберінде нормативті документтер әзірлейді және мемлекеттік архивтердің жүйесі мен олардың құрылымын жетілдіру жөніндегі жұмысты ұйымдастырып, жүргізеді;

— документтерді сақтаудың, жаңғыртудың, консервациялаудың, пайдаланудың және қорғаудың неғұрлым ұтымды жүйелері мен әдістерін архивтердің жұмыс практикасына енгізуді ұйымдастырады; мемлекеттік архивтер мен олардың филиалдарының өздеріне керекті жабдықтарға қажетін анықтайды;

— ведомстволық архивтердің жұмысына және министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың, мекемелердің, ұйымдар мен кәсіпорындардың іс жүргізуінде документтерді ұйымдастыруына ұйымдық-методикалық басшылықты жүзеге асырады; Қазақ ССР-інің

министрліктерімен, мемлекеттік комитеттерімен және ведомстволарымен бірлесе отырып ведомстволық архивтердің жұмысын жетілдіру жөніндегі шараларды, сондай-ақ осындай архивтердің іс жүргізуі мен қызметінің жайына қоғамдық байқау жүргізеді; документтердің сақталуын, тәртіпке келтірілуін және пайдаланылуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды орындауда, сондай-ақ документтер көшірмелерінің сақтық қорын жасауда ведомстволық архивтерге шарттық негіздерде көмек көрсетілуін ұйымдастырады;

— СССР-дің Мемлекеттік архив қорының документтері бойынша ғылыми-анықтама аппаратының жүйесін құрып, өрістетуді, информация іздестірудің механикаландырылған және автоматтандырылған жүйелерін енгізуді қамтамасыз етеді;

— СССР-дің Мемлекеттік архив қорының документтерін, Қазақ ССР-інің мемлекеттік архивтері мен олардың филиалдарында сақталатын СССР-дің Мемлекеттік архив қоры документтерінің құрамы мен мазмұны туралы анықтама-информациялық әдебиетті белгіленген тәртіп бойынша жариялайды; Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасының қарауына жатқызылған мәселелер бойынша бюллетеньдер, ғылыми-көпшілік әдебиет, оқу және ғылыми-методикалық көмекші құралдар шығарады; республиканың архив мекемелерінің архив документтерін жариялау жөніндегі қызметіне басшылықты жүзеге асырады;

— саяси, халық шаруашылық, ғылыми және әлеуметтік-мәдени мақсаттарда пайдалану үшін СССР-дің Мемлекеттік архив қорының актуальды тақырып жөніндегі документтері туралы информация берілуін ұйымдастырады; ретроспектік документті информацияға деген қоғамдық қажеттілікті және документтердің пайдаланылу тиімділігін зерттеу жөніндегі жұмысты үйлестіреді;

— Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасының жүйесіндегі мекемелердің ғылыми-зерттеу және методикалық жұмысына басшылық етеді, архивтану, документтану және археография саласында басқа ғылыми-зерттеу мекемелері орындайтын жұмысты ұйымдастырады; ғылыми зерттеулердің нәтижелерін архив ісінің практикасына енгізу жөніндегі шараларды әзірлейді; аталған мәселелер бойынша ғылыми-техникалық информация берілуін жүзеге асырады;

— Қазақ ССР-інің министрліктерімен, мемлекеттік комитеттерімен және ведомстволарымен бірлесе отырып іс жүргізудің бірыңғай мемлекеттік жүйесі мен ұйымдық-жарлық документтемесінің бірегей жүйесін енгізуді ұйымдастырады; олардың қолданылуына ғылыми-методикалық басшылықты жүзеге асырады;

— ведомстволық архивтердің жұмысын және министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың, мекемелердің, ұйымдар мен кәсіпорындардың іс жүргізуде документтерді ұйымдастыруын тексереді;

— архив ісі және іс жүргізуде документтерді ұйымдастыру мәселелері бойынша барлық министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар, мекемелер мен кәсіпорындар орындауға міндетті нұсқаулар әзірлеп, бекітеді;

— Қазақ ССР-інің архив мекемелері, сондай-ақ СССР-дің және шетелдердің архивтері жұмысының озық тәжірибесін зерттеп, таратады, архив ісі және іс жүргізуде документтерді ұйымдастыру мәселелері жөніндегі ғылыми, ғылыми-практикалық конференцияларды, кеңестерді, семинарларды белгіленген тәртіп бойынша шақырады, көрмелерді ұйымдастырып, өткізеді;

— Қазақ ССР-інің архив мекемелері мен ведомстволық архивтер қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

— мекемелердің, ұйымдар мен азаматтардың республика территориясында документтік ескерткіштерді жинауына белгіленген тәртіп бойынша арнаулы рұқсат береді;

— документтерді республикалық және жергілікті маңызы бар архив қорларының құрамына жатқызу туралы мәселелерді шешеді және республикалық маңызы бар қорларды республиканың орталық мемлекеттік архивтерінде шоғырландыру жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

— республикада архив ісін өрістету мәселелері бойынша перспективалық және ағымдағы жоспарларды әзірлейді, сол жоспарлардың орындалуын қамтамасыз етеді;

— Қазақ ССР-інің архив мекемелерінде еңбек пен басқаруды ғылыми жолмен ұйымдастыру мәселелерін әзірлейді;

— өз компетенциясы шеңберінде күрделі құрылыс мәселелерін шешеді;

— Қазақ ССР-інің Бас архиві орталық аппаратының кадрларын және қарамағындағы мекемелердің қызметкерлерін іріктеп алу мен орналастыруды жүзеге асырады;

— Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасының орталық аппараты мен қарамағындағы мекемелерді ұстауға арналған шығындардың есептерін қоса отырып финанс жоспарлары мен жиынтық сметалардың жобаларын белгіленген тәртіп бойынша әзірлейді; қарамағындағы мекемелерді қаржыландыруды және материалдық-техникалық жабдықтауды қамтамасыз етеді; статистикалық және бухгалтерлік есеп беру мен есеп жүргізуді ұйымдастырып, бақылайды; қолданылып жүрген заңдарға сәйкес бақылау-тексеру жұмысын ұйымдастырады;

— азаматтардың ұсыныстарында, шағымдары мен арыздарында қойылған мәселелердің дұрыс шешілуіне күш сала отырып олардың дер кезінде және мұқият қаралуын ұйымдастырады; қарамағындағы архив мекемелерінің қызметіндегі кемшіліктерді жоюға шаралар қолданады.

6. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасының алдында тұрған міндеттерді шешіп, өзіне жүктелген тапсырмаларды орындау үшін оған мынадай право беріледі:

— министрліктерден, мемлекеттік комитеттерден, ведомстволардан, мекемелерден, ұйымдар мен кәсіпорындардан ведомстволық архивтердің жұмысы және іс жүргізуде документтерді ұйымдастыру туралы қажетті материалдар алуға;

— ведомстволық архивтердің жұмысы және іс жүргізуде документтерді ұйымдастыру мәселелері жөнінде министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың, мекемелердің, ұйымдар мен кәсіпорындардың өкілдерін тыңдауға;

— ведомстволық архивтердің жұмысында және іс жүргізуде документтерді ұйымдастыруда ашылған кемшіліктерді жою жөнінде министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар, мекемелер, ұйымдар мен кәсіпорындар орындауға міндетті нұсқаулар беруге;

— архив ісі және іс жүргізуде документтерді ұйымдастыру мәселелерін қарау үшін тұрақты және уақытша ведомствоаралық комиссиялар мен советтер құруға.

Архив ісі және ісі жүргізуде документтерді ұйымдастыру мәселелері жөнінде Қазақ ССР-інің министрліктері мен ведомстволары әзірлей-

тін оқу программалары Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасымен келісіп алғаннан кейін бекітіледі.

Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасының лауазымды адамдары өз міндеттерін орындау үшін министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың, мекемелердің, ұйымдар мен кәсіпорындардың архивтері мен іс жүргізу қызметтеріне белгіленген тәртіп бойынша барып тұруға праволы;

— архив ісі және іс жүргізу саласында жұмыстарды жақсы орындауға конкурстар өткізуге; қолданылып жүрген заңдарға сәйкес конкурс шарттарын бекітуге.

7. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасын Бастық басқарады.

Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасының Бастығы мен оның орынбасарын Қазақ ССР Министрлер Советі тағайындайды. Олардың арасында міндеттерді бөлуді Қазақ ССР-і Бас архивінің Бастығы жүргізеді.

Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасының Бастығы:

— Қазақ ССР-інің Бас архивіне жүктелген міндеттер мен тапсырмалардың орындалуына дербес жауап береді, Бастықтың орынбасарының, бөлімдер мен басқа да құрылымдық бөлімшелер бастықтарының Қазақ ССР-інің Бас архиві қызметінің жекелеген салаларына, сондай-ақ қарамағындағы архив мекемелері мен ұйымдарының жұмысына басшылық етуге жауапкершілік дәрежесін белгілейді;

— СССР мен Қазақ ССР заңдары, СССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының, Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдері, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтары, СССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасының бұйрықтары мен нұсқаулары негізінде және соларды орындау үшін өз компетенциясы шеңберінде бұйрықтар мен нұсқаулар шығарады, қарамағындағы архив мекемелері мен ұйымдар орындауға міндетті нұсқаулар береді және олардың орындалуын тексереді;

— қажетті реттерде Қазақ ССР-і министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволарының басшыларымен бірлесе отырып бірлескен бұйрықтар, қаулылар мен нұсқаулар шығарады;

— республиканың орталық мемлекеттік архивтері мен Қазақ ССР-інің Бас архиві қарамағындағы мекемелер мен ұйымдар туралы ережелерді бекітеді;

— Қазақ ССР-інің Бас архиві қарамағындағы мекемелер мен ұйымдарды белгіленген тәртіп бойынша құрады, қайта құрады және таратады;

— республиканың орталық мемлекеттік архивтерінің, облыстық атқару комитеттерінің, Алматы қалалық атқару комитетінің архив бөлімдерінің, облыстардың мемлекеттік архивтері мен олардың филиалдарының, Алматы қалалық мемлекеттік архивінің, Қазақ ССР-інің Бас архиві қарамағындағы басқа да мекемелер мен ұйымдардың құрылымы мен штаттарын еңбек пен жалақы қоры жөнінде белгіленген жоспардың шеңберінде, лауазымдық окладтар схемаларын сақтай отырып бекітеді, сондай-ақ Қазақ ССР-інің Бас архивіне белгіленген дербес үстемелердің арнаулы қоры шеңберінде, лауазымдық окладтарға қарамастан, дербес окладтар тағайындайды;

— Қазақ ССР-інің Бас архиві аппаратының және қарамағындағы мекемелер мен ұйымдардың қызметкерлерін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жұмысқа тағайындап, жұмыстан босатады;

— Қазақ ССР-інің Бас архиві атынан сенім хаттар береді, банкілерде счеттар ашады, Бас архивтің мүлкі мен қаржыларына қолданылып жүрген заңдарға сәйкес билік етеді.

8. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасында Қазақ ССР-і Бас архивінің Бастығы (председатель) мен оның лауазым бойынша орынбасары, сондай-ақ басшы қызметкерлер құрамында коллегия құрылады. Коллегия құрамына мүдделі ұйымдардың өкілдері енгізілуі мүмкін.

Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасы коллегиясының мүшелерін Қазақ ССР Министрлер Советі бекітеді.

Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасының коллегиясы өзінің ұдайы өткізіліп тұратын мәжілістерінде Қазақ ССР-інде архив ісін өрістетудің, мемлекеттік және ведомстволық архивтерді ұйымдастыру мен олардың қызметінің аса маңызды мәселелерін қарайды; істің орындалуын тексеру, кадрларды іріктеп алу мен тәрбиелеу мәселелерін, аса маңызды бұйрықтардың, нұсқаулар мен тапсырмалардың жобаларын талқылайды; Бас архив басқармасының компетенциясына кіретін мәселелер жөнінде республиканың архив мекемелері басшыларының баяндамаларын, Қазақ ССР-інің Бас архив құрылымдық бөлімшелерінің есептерін, сондай-ақ Қазақ ССР-інің министрліктері, мемлекеттік комитеттері, ведомстволары, мекемелері, ұйымдары мен кәсіпорындары басшы қызметкерлерінің хабарламаларын тыңдайды.

Коллегияның шешімдері, әдетте, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасы Бастығының бұйрықтарымен жүзеге асырылады. Бастық пен коллегия арасында келіспеушіліктер туған ретте Бастық пайда болған келіспеушіліктер туралы Қазақ ССР Министрлер Советіне баяндай отырып, өз шешімін жүзеге асыра береді, ал коллегия мүшелері, өз кезегінде, өз пікірін Қазақ ССР Министрлер Советіне хабарлай алады.

9. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасы жанында мыналар жұмыс істейді:

Қазақ ССР-індегі архив ісінің ғылыми-методикалық мәселелерін қарауға арналған ғылыми совет;

СССР-дің Мемлекеттік архив қорының құрамын анықтауға, документтердің құндылығын сарапқа салуға және мемлекеттік сақтауға іріктеп алуға байланысты мәселелерді өз компетенциясы шеңберінде қарауға арналған орталық сарапшы-тексеруші комиссия;

документтерді мемлекет меншігіне алу жөніндегі ведомствоаралық ғылыми-методикалық совет;

облыстардың архив мекемелерінің методикалық ұсыныстар мен архив жұмысының практикалық мәселелерін қарауға арналған аймақтық ғылыми-методикалық советтері.

Аталған советтер, комиссия туралы ережелерді және олардың құрамын Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасының Бастығы бекітеді.

10. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасы орталық аппаратының құрылымы мен қызметкерлерінің санын Қазақ ССР Министрлер Советі СССР-дің Бас архивімен келісіп алғаннан кейін бекітеді.

Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасы орталық аппаратының штаттық кестесін белгіленген тәртіп бойынша және құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді Қазақ ССР-і Бас архивінің Бастығы бекітеді.

11. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқар-

масының Қазақ ССР Мемлекеттік гербі бейнеленген, өз аты қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің
1980 жылғы 15 августы № 326
қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН*

ҚАЗАҚ ССР-інің ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК АРХИВТЕРІНІҢ ЖҮЙЕСІ

Қазақ ССР-інің Орталық мемлекеттік архиві
Қазақ ССР-інің Ғылыми-техникалық документтемесі орталық мемлекеттік архиві
Қазақ ССР-інің Кинофотодокументтер мен дыбыс жазбалары орталық мемлекеттік архиві.

ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ (АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ) СОВЕТІ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ АРХИВ БӨЛІМІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ¹

ҚАЗАҚ ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІНІҢ
1984 жылғы 7 июньдегі № 243
ҚАУЛЫСЫ
(Қазақ ССР ҚЖ, 1984 ж., № 12, 47-ст.)

Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советі атқару комитетінің архив бөлімі туралы осыған қосылған ереже бекітілсін.

*Қазақ ССР Министрлер Советінің
1984 жылғы 7 июньдегі № 243
қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН*

ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ (АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ) СОВЕТІ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ АРХИВ БӨЛІМІ ТУРАЛЫ Е Р Е Ж Е

1. Халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советі атқару комитетінің архив бөлімін² ССР Одағы мен Қазақ ССР-інің заңдарына сәйкес халық депутаттарының облыстық (Алматы қалалық) Советі құрады және өз қызметінде ол Совет пен оның атқару комитетіне де, Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасына да бағынады.

Архив бөлімі облыс (Алматы қаласы) территориясында архив ісіне салалық және салааралық басшылықты жүзеге асырады, мемлекеттік және ведомстволық архивтерде сақталатын СССР-дің Мемлекеттік архив қорының документтеріне иелік етеді, архив ісінің жайына, оны одан әрі дамытып, жетілдіруге жауап береді.

«Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау мен пайдалану туралы» Қазақ ССР Заңына сәйкес архив бөлімі өз компетенциясы шеңберінде облыстағы (Алматы қаласындағы) тарих пен мәдениеттің доку-

¹ 2-пункт Қазақ ССР Заңдарының жинағына енгізуге жататын нормалары болмағандықтан келтірілмеді.

² Бұдан былай текст бойынша «архив бөлімі».

менттік ескерткіштерін қорғауға уәкілдік берілген арнаулы мемлекеттік орган болып табылады.

2. Архив бөлімінің негізгі міндеттері мыналар:

облыстың (Алматы қаласының) мемлекеттік архивіндегі және оның филиалдарындағы СССР-дің Мемлекеттік архив қоры документтерінің сақталуын қамтамасыз ету, облыстың (Алматы қаласының) мемлекеттік архиві мен оның филиалдарының толықтырылуын және оларда сақталатын документтердің пайдаланылуын СССР-дің Мемлекеттік архив қоры туралы ережеге сәйкес ұйымдастыру;

облыстағы (Алматы қаласындағы) тарих пен мәдениеттің документтік ескерткіштерін қорғау мен пайдалану саласында мемлекеттік басқару;

архивтану, документтану, археография мәселелері жөніндегі ғылыми және методикалық жұмысты ұйымдастырып, үйлестіру; ғылыми зерттеулердің нәтижелері мен ғылыми-техникалық жетістіктерді облыстың (Алматы қаласының) мемлекеттік архиві мен оның филиалдарының жұмыс практикасына енгізу;

облыс (Алматы қаласы) территориясында орналасқан кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың ведомстволық архивтерінің қызметіне және олардың іс жүргізуде документтерді ұйымдастыруына ұйымдық-методикалық басшылық ету;

архив ісі саласындағы жұмыстың отандық және шетелдік озық тәжірибесін тарату, архив ісін одан әрі дамытып, жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

3. Архив бөлімі Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасының құрамдас бөлігі болып табылады және облыстың (Алматы қаласының) өз қарамағындағы мемлекеттік архивімен және оның филиалдарымен қоса СССР-дің мемлекеттік архив қызметінің жүйесіне енеді.

4. Архив бөлімі өз қызметінде СССР-дің заңдарын, СССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, Қазақ ССР-інің заңдарын, Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтарын, халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің шешімдерін, оның атқару комитетінің шешімдері мен жарлықтарын, СССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасы мен Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасының бұйрықтарын, ережелерін, нұсқауларын және басқа тапсырмаларын, осы Ережені, сондай-ақ басқа да нормативтік актілерді басшылыққа алады.

5. Архив бөлімі өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

облыстың (Алматы қаласының) мемлекеттік және ведомстволық архивтерінде СССР-дің Мемлекеттік архив қорының документтері жинақталуы мен сақталуын ұйымдастырады, документтерді мемлекеттік архив пен оның филиалдарына, сондай-ақ музейлер мен кітапханаларға берудің белгіленген тәртібінің сақталуын және СССР-дің Мемлекеттік архив қорын қоғамдық ұйымдар мен азаматтардың иелігіндегі тарих пен мәдениеттің документтік ескерткіштерімен толықтыруды қамтамасыз етеді;

облыстың (Алматы қаласының) мемлекеттік және ведомстволық архивтерінде сақталатын СССР-дің Мемлекеттік архив қоры документтерінің, қоғамдық ұйымдар мен азаматтардың меншігіндегі тарих пен мәдениеттің документтік ескерткіштерінің мемлекеттік есебін жүргізеді, олар туралы СССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасы мен Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас

архив басқармасына белгіленген тәртіп бойынша мәліметтер табыс етеді; аталған документтердің сақталуы мен пайдаланылуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

облыстың (Алматы қаласының) мемлекеттік архиві мен оның филиалдары қызметінің мәселелері бойынша нормативтік документтерді енгізеді, оларды қолдану мен енгізу жөнінде өз компетенциясы шеңберінде нұсқаулық және методикалық құралдар әзірлейді, облыстың (Алматы қаласының) архив мекемелерінің жүйесі мен құрылымын жетілдіру туралы ұсыныстарды халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің атқару комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасына енгізеді;

документтерді сақтаудың, жаңғыртудың, консервациялаудың, көшірмесін алудың, пайдалану мен қорғаудың негүрлым ұтымды жүйелері мен әдістері мемлекеттік архивтердің жұмыс практикасына енгізілуін ұйымдастырады, облыстың (Алматы қаласының) мемлекеттік архиві мен оның филиалдарының қажетті жабдықтар мен материалдарға деген қажетін анықтайды;

облыстың (Алматы қаласының) мемлекеттік архиві мен оның филиалдарының, сондай-ақ шаруашылық есептегі архивтердің қызметкерлер құрамы жөніндегі қызметіне басшылық етеді, оларға қажетті ұйымдық-методикалық көмек көрсетеді;

облыс (Алматы қаласы) территориясында орналасқан кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың ведомстволық архивтерінің жұмысына және іс жүргізуде документтерді ұйымдастыруына ұйымдық-методикалық басшылықты жүзеге асырады; халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советі атқару комитетінің басқа басқармаларымен, бөлімдерімен, кәсіпорындармен, мекемелермен, ұйымдармен бірлесе отырып ведомстволық архивтердің жұмысын жетілдіру жөніндегі шараларды жүргізіп, мұндай архивтердің іс жүргізуі мен қызметінің жайына қоғамдық байқаулар өткізеді, ведомстволық архивтерге документтердің сақталуын, тәртіпке келтірілуі мен пайдаланылуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты орындауда, сондай-ақ документтер көшірмелерінің сақтық қорын жасауда шарттық негіздерде көмек көрсетеді;

документтерді облыс (Алматы қаласы) шеңберіндегі бір архив қоймасынан екіншісіне беру туралы, сондай-ақ облыстың (Алматы қаласының) мемлекеттік архиві документтерін СССР мен Қазақ ССР-інің басқа мемлекеттік архивтеріне беру туралы мәселені белгіленген тәртіп бойынша шешеді;

архив қорларына ғылыми-анықтама аппараты жүйесінің дамуын қамтамасыз етеді; облыс (Алматы қаласы) мемлекеттік архиві мен оның филиалдарының документтері бойынша информация іздестірудің автоматтандырылған жүйелерін енгізуге шаралар қолданады;

СССР-дің Мемлекеттік архив қорының документтерін, облыстың (Алматы қаласының) мемлекеттік архиві мен оның филиалдарында сақталатын документтердің құрамы мен мазмұны туралы анықтама-информациялық әдебиетті белгіленген тәртіп бойынша жариялайды; архив бөлімінің қарауына жатқызылған мәселелер жөнінде ғылыми-практикалық, оқу және басқа құралдарды басып шығарады; қарамағындағы архив мекемелерінің документтерді жариялау жөніндегі қызметін ұйымдастырып, үйлестіреді;

облыстың (Алматы қаласының) мемлекеттік архиві мен оның филиалдарының актуалды тақырып жөніндегі документтерін саяси, халық шаруашылық, ғылыми және әлеуметтік-мәдени мақсаттарда пайдалану үшін олар туралы информация ұйымдастырады; ретроспек-

менттік ескерткіштерін қорғауға уәкілдік берілген арнаулы мемлекеттік орган болып табылады.

2. Архив бөлімінің негізгі міндеттері мыналар:

облыстың (Алматы қаласының) мемлекеттік архивіндегі және оның филиалдарындағы СССР-дің Мемлекеттік архив қоры документтерінің сақталуын қамтамасыз ету, облыстың (Алматы қаласының) мемлекеттік архиві мен оның филиалдарының толықтырылуын және оларда сақталатын документтердің пайдаланылуын СССР-дің Мемлекеттік архив қоры туралы ережеге сәйкес ұйымдастыру;

облыстағы (Алматы қаласындағы) тарих пен мәдениеттің документтік ескерткіштерін қорғау мен пайдалану саласында мемлекеттік басқару;

архивтану, документтану, археография мәселелері жөніндегі ғылыми және методикалық жұмысты ұйымдастырып, үйлестіру; ғылым зерттеулердің нәтижелері мен ғылыми-техникалық жетістіктерді облыстың (Алматы қаласының) мемлекеттік архиві мен оның филиалдарының жұмыс практикасына енгізу;

облыс (Алматы қаласы) территориясында орналасқан кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың ведомстволық архивтерінің қызметіне және олардың іс жүргізуде документтерді ұйымдастыруына ұйымдық-методикалық басшылық ету;

архив ісі саласындағы жұмыстың отандық және шетелдік озық тәжірибесін тарату, архив ісін одан әрі дамытып, жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

3. Архив бөлімі Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасының құрамдас бөлігі болып табылады және облыстың (Алматы қаласының) өз қарамағындағы мемлекеттік архивімен және оның филиалдарымен қоса СССР-дің мемлекеттік архив қызметінің жүйесіне енеді.

4. Архив бөлімі өз қызметінде СССР-дің заңдарын, СССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, Қазақ ССР-інің заңдарын, Қазақ ССР Жоғарғы Советі мен оның Президиумының өзге де шешімдерін, СССР Министрлер Советі мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтарын, халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің шешімдерін, оның атқару комитетінің шешімдері мен жарлықтарын, СССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасы мен Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасының бұйрықтарын, ережелерін, нұсқауларын және басқа тапсырмаларын, осы Ережені, сондай-ақ басқа да нормативтік актілерді басшылыққа алады.

5. Архив бөлімі өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

облыстың (Алматы қаласының) мемлекеттік және ведомстволық архивтерінде СССР-дің Мемлекеттік архив қорының документтері жинақталуы мен сақталуын ұйымдастырады, документтерді мемлекеттік архив пен оның филиалдарына, сондай-ақ музейлер мен кітапханаларға берудің белгіленген тәртібінің сақталуын және СССР-дің Мемлекеттік архив қорын қоғамдық ұйымдар мен азаматтардың иелігіндегі тарих пен мәдениеттің документтік ескерткіштерімен толықтыруды қамтамасыз етеді;

облыстың (Алматы қаласының) мемлекеттік және ведомстволық архивтерінде сақталатын СССР-дің Мемлекеттік архив қоры документтерінің, қоғамдық ұйымдар мен азаматтардың меншігіндегі тарих пен мәдениеттің документтік ескерткіштерінің мемлекеттік есебін жүргізеді, олар туралы СССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасы мен Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас

архив басқармасына белгіленген тәртіп бойынша мәліметтер табыс етеді; аталған документтердің сақталуы мен пайдаланылуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

облыстың (Алматы қаласының) мемлекеттік архиві мен оның филиалдары қызметінің мәселелері бойынша нормативтік документтерді енгізеді, оларды қолдану мен енгізу жөнінде өз компетенциясы шеңберінде нұсқаулық және методикалық құралдар әзірлейді, облыстың (Алматы қаласының) архив мекемелерінің жүйесі мен құрылымын жетілдіру туралы ұсыныстарды халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советінің атқару комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасына енгізеді;

документтерді сақтаудың, жаңғыртудың, консервациялаудың, көшірмесін алудың, пайдалану мен қорғаудың неғұрлым ұтымды жүйелері мен әдістері мемлекеттік архивтердің жұмыс практикасына енгізілуін ұйымдастырады, облыстың (Алматы қаласының) мемлекеттік архиві мен оның филиалдарының қажетті жабдықтар мен материалдарға деген қажетін анықтайды;

облыстың (Алматы қаласының) мемлекеттік архиві мен оның филиалдарының, сондай-ақ шаруашылық есептегі архивтердің қызметкерлер құрамы жөніндегі қызметіне басшылық етеді, оларға қажетті ұйымдық-методикалық көмек көрсетеді;

облыс (Алматы қаласы) территориясында орналасқан кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың ведомстволық архивтерінің жұмысына және іс жүргізуде документтерді ұйымдастыруына ұйымдық-методикалық басшылықты жүзеге асырады; халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советі атқару комитетінің басқа басқармаларымен, бөлімдерімен, кәсіпорындармен, мекемелермен, ұйымдармен бірлесе отырып ведомстволық архивтердің жұмысын жетілдіру жөніндегі шараларды жүргізіп, мұндай архивтердің іс жүргізуі мен қызметінің жайына қоғамдық байқаулар өткізеді, ведомстволық архивтерге документтердің сақталуын, тәртіпке келтірілуі мен пайдаланылуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты орындауда, сондай-ақ документтер көшірмелерінің сақтық қорын жасауда шарттық негіздерде көмек көрсетеді;

документтерді облыс (Алматы қаласы) шеңберіндегі бір архив қоймасынан екіншісіне беру туралы, сондай-ақ облыстың (Алматы қаласының) мемлекеттік архиві документтерін СССР мен Қазақ ССР-інің басқа мемлекеттік архивтеріне беру туралы мәселені белгіленген тәртіп бойынша шешеді;

архив қорларына ғылыми-анықтама аппараты жүйесінің дамуын қамтамасыз етеді; облыс (Алматы қаласы) мемлекеттік архиві мен оның филиалдарының документтері бойынша информация іздестірудің автоматтандырылған жүйелерін енгізуге шаралар қолданады;

СССР-дің Мемлекеттік архив қорының документтерін, облыстың (Алматы қаласының) мемлекеттік архиві мен оның филиалдарында сақталатын документтердің құрамы мен мазмұны туралы анықтама-информациялық әдебиетті белгіленген тәртіп бойынша жариялайды; архив бөлімінің қарауына жатқызылған мәселелер жөнінде ғылыми-практикалық, оқу және басқа құралдарды басып шығарады; қарамағындағы архив мекемелерінің документтерді жариялау жөніндегі қызметін ұйымдастырып, үйлестіреді;

облыстың (Алматы қаласының) мемлекеттік архиві мен оның филиалдарының актуалды тақырып жөніндегі документтерін саяси, халық шаруашылық, ғылыми және әлеуметтік-мәдени мақсаттарда пайдалану үшін олар туралы информация ұйымдастырады; ретроспек-

тивті документтік информацияға деген қоғамдық қажетті және документтерді пайдаланудың тиімділігін зерттеу жөніндегі жұмысқа қатысады;

тарих пен мәдениеттің документтік ескерткіштерін насихаттауды жүзеге асырады;

облыс (Алматы қаласы) архив мекемелерінің ғылыми-зерттеу және методикалық жұмысына басшылық етеді, Қазақ ССР-інің жергілікті архив органдары аймақтық ғылыми-методикалық советтерінің жұмысына қатысады, архивтану, документтану және археография мәселелері жөніндегі ғылыми зерттеулердің нәтижелерін архив ісінің практикасына енгізу шараларын әзірлейді; осы мәселелер бойынша ғылыми-техникалық информацияны жүзеге асырады;

өз компетенциясы шеңберінде архив ісі мен іс жүргізуде документтерді ұйымдастыру мәселелері бойынша методикалық құралдар әзірлеп, бекітеді;

документтердің ғылыми және практикалық құндылығына экспертиза жасауды, оларды мемлекеттік сақтауға іріктеп алуды ұйымдастырады;

халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советі атқару комитетінің басқа басқармаларымен және бөлімдерімен, кәсіпорындармен, мекемелермен, ұйымдармен бірлесе отырып, Іс жүргізудің бірыңғай мемлекеттік жүйесі мен ұйымдық-жарлық документтемесінің бірегей жүйесін енгізуді ұйымдастырады; оларды қолдануға ғылыми-методикалық басшылықты жүзеге асырады;

облыс (Алматы қаласы) территориясында орналасқан кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың ведомстволық архивтерінің жұмысын және іс жүргізуінде документтерді ұйымдастыруын тексереді; архив ісін жақсарту мен іс жүргізуде документтерді ұйымдастыру мәселелері бойынша олар орындауға міндетті нұсқаулар мен ұсыныстар әзірлеп, жібереді;

облыс (Алматы қаласы) кәсіпорындарының, мекемелері мен ұйымдарының СССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасы мен Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасының архив ісі және іс жүргізуде документтерді ұйымдастыру мәселелері жөніндегі ережелері мен нұсқауларын сақтауын бақылайды;

облыстың (Алматы қаласының) архив мекемелері, сондай-ақ ведомстволық архивтер жұмысының озық тәжірибесін зерттеп, таратады, белгіленген тәртіп бойынша ғылыми-практикалық кеңестер, семинарлар шақырып, архив ісі мен іс жүргізуде документтерді ұйымдастыру жөнінде көрмелер ұйымдастырады және оларды өткізеді;

облыс (Алматы қаласы) архив мекемелерінің басқа ведомстволар мен қоғамдардың ғылыми және методикалық советтері мен комиссияларының, олар өзара мүдделі мәселелер бойынша шақыратын ғылыми-техникалық конференциялар мен кеңестердің жұмысына қатысуын ұйымдастырады;

облыстың (Алматы қаласының) мемлекеттік архиві мен оның филиалдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды ұйымдастырады, кәсіпорындармен, мекемелермен және ұйымдармен бірлесіп іс жүргізуде және ведомстволық архивтерде документтермен жұмыс істеу мәселелері жөнінде олардың қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды жүзеге асырады;

Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Бас архив басқармасы беретін рұқсат бойынша облыс (Алматы қаласы) территориясында

жүргізілетін тарих пен мәдениеттің документтік ескерткіштерін жинау ісін бақылауды жүзеге асырады;

облыстың (Алматы қаласының) архив бөлімінде, мемлекеттік архивінде және оның филиалдарында еңбекті ғылыми ұйымдастыру, тәртіпті нығайту, хауіпсіздік техникасы мен еңбек қорғау ережелерін сақтау жөніндегі шараларды жүргізеді;

облыста (Алматы қаласында) архив ісін дамыту мәселелері бойынша перспективалық және ағымдағы жоспарлар әзірлеп, белгіленген тәртіпке орай бекітуге тапсырады және олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

қарамағындағы мекемелердің финанс жоспарларының жобалары мен шығыс сметаларын жасайды, тиісті жоспарлау, финанс және жабдықтау органдары арқылы оларды қаржыландыру мен материалдық-техникалық жабдықтауды ұйымдастырады; белгіленген тәртіп бойынша статистикалық және бухгалтерлік есеп пен есеп беруді жүргізеді;

облыс (Алматы қаласы) архив бөлімінің, мемлекеттік архивінің және оның филиалдарының кадрларын іріктеу мен орналастыру жөнінде жұмыс жүргізіп, олардың тұрғын үй және мәдени-тұрмыстық жағдайларын жақсартуға шаралар қолданады;

облыстың (Алматы қаласының) кәсіпорындарына, мекемелері мен ұйымдарына ведомстволық архивтердің кадрларын іріктеуде, орналастыруда және оқытуда көмек көрсетеді;

облыстың (Алматы қаласының) архив мекемелері қызметкерлерінің социалистік жарысын кәсіподақ органдарымен бірлесіп ұйымдастырады, жарыс қорытындыларын шығарып, озаттарын көтермелейді; азаматтардың ұсыныстары, арыздары мен шағымдары уақтылы және дұрыс қаралуын ұйымдастырып, солар жөнінде қажетті шаралар қолданады; бөлімнің компетенциясына жататын мәселелер бойынша азаматтарды қабылдайды; қарамағындағы мекемелерде азаматтардың хаттарымен және арыздарымен жұмыстың жайын бақылайды;

халық депутаттары облыстық (Алматы қалалық) Советі атқару комитетінің, жергілікті Советтер атқару комитеттерінің қарауына облыс (Алматы қаласы) архивтеріндегі СССР-дің Мемлекеттік архив қоры документтерінің сақталуын қамтамасыз ету, архив ісін дамытудың және кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың іс жүргізуінде документтер ұйымдастыруды жақсартудың басқа мәселелері бойынша ұсыныстар енгізеді.

6. Архив бөлімінің алдында тұрған міндеттерді шешу және өзіне жүктелген тапсырмаларды орындау үшін оған мынадай право беріледі:

облыс (Алматы қаласы) территориясында орналасқан кәсіпорындардан, мекемелер мен ұйымдардан ведомстволық архивтердің жұмысы және іс жүргізуде документтерді ұйымдастыру туралы қажетті материалдар алуға;

кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың өкілдерін ведомстволық архивтердің жұмысы және іс жүргізуде документтерді ұйымдастыру мәселелері бойынша тыңдап отыруға;

ведомстволық архивтердің жұмысында және іс жүргізуде документтерді ұйымдастыруда беті ашылған кемшіліктерді жою жөнінде кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар орындауға міндетті нұсқаулар беруге;

облыс (Алматы қаласы) территориясында архив ісі мен іс жүргізуде документтерді ұйымдастыру мәселелерін қарау үшін тұрақты және уақытша ведомствоаралық комиссиялар мен советтер құруға.

Архив бөлімі лауазымды адамдарының өз міндеттерін орындау

үшін кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың архивтері мен іс жүргізу қызметтеріне, сондай-ақ басқа құрылымдық бөлімшелеріне (өз компетенциясы шеңберінде), белгіленген тәртіп бойынша барып-қайтып тұруға правосы бар.

7. Архив бөлімі өз қызметін дара басшылық пен коллегиялықты ұштастыру негізінде жүзеге асырады.

